

Алмас Есенберлин

Ғашықтар

Махаббат — адамның ұлы
қуаты, ұлы сенімі.

Ілияс Есенберлин Ғашықтар

1

Бала кезімде жұрт менің әжемді «Қара кемпір» деп атайтынына таң қалатын да, намыстанатын да едім. Маған әлемде осына бір шүйкедей, бет-аузы шандыр-шандыр қарт анадан ажарлы, одан сымбатты жан жоқтай көрінетін. Оның «құлыным!» — деп күс-күс қолымен басымнан сипағаны мен үшін зор қуаныш, үлкен бақыт еді.

Әкем соғыста, шешем аурудан дүние салды. Кішкентай қарындасым Базаргүл екеуміз сол бір шүйкедей қара кемпірдің қолында қалдық. Бейшара, біз ер жеткенше жарғақ құлағы жастыққа тимей, жазылып жастық, иіліп төсек болды бізге. Қанаттыға қақтырған жоқ, тұмсықтыға шоқыттырған жоқ. Қатарымыздан қалдырмай, маған орта мектеп бітіртіп, Ленинградтағы Репин институтына түстім. Қарындасым Базаргүл жеті жылдықты тауысып, сурет өнер техникумына кірді. Бойыңа біткен дарынға не жетсін, шіркін ауыл мектебінде оқысақ та, ойлаған мақсатымызға кеттікау әйтеуір. Ағалы-қарындас студент болып шыға келдік.

Өттең дүние не керек, қайғы дегеннің не екенін сол жылы мен тұңғыш рет түсіндім. Ленинградқа келгеннен кейін, бір ай өтпей, сонау шалғайдағы Көкшетаудан: «Әжең, Қара кемпір қайтыс болды» — деген сұсты хабар алдым. Аяулы әжеме оқып адам болғаннан кейін қандай да бір жақсылық көрсету — қаршадайымнан ойлаған асыл арманым болатын. Бұл жөнінде талай-талай тәтті қиялға шомылғам. Енді «бейшара, сол қызық күнді көре алмай кетті-ау» деп, жылай-жылай, екі көзім білеудей болып ісіп кетті. «Тырна ашуын қарғадан алады» дегендей жүрегімді өртеп бара жатқан жан қасіретін екі көздің жасынан алдым. Сабағымды тастап, ауылға жүріп кетейін десем қыс болып қалды, оның үстіне хаттың жіберілгенінің өзіне де талай күндер өтіпті. Қолымнан бар келгені сол жылы Алматыға оқуға барған қарындасым Базаргүлге тоқтау айтып хат жаздым. Бұ да құр далбаса ғой, әйтпесе қайғыны хатпен баса аларсың ба, ондай қайғының орны тола ма, әлбетте, толмаса керек.

Содан кейін көрген қайғым — Базаргүл қайғысы. Жоқ, жоқ оған ештеңе де болған жоқ, зыр қағып ойнақ салып жүр. Өзі де айтан қалғандай сұлу, әдемі, өте сүйкімді болып ержетті. Төңірегіне жігіттер шыбынша үймелейді-ақ. Бірақ дегенмен ретімен айтайын.

Мен Репин институтын бітіріп мүсінші мамандығын алып, жақында салынып біткен жаңа өндіріс — Мыстау қаласына қызметке келдім. Осы қалаға Алматыдағы сурет салушылар техникумін бітіріп Базаргүл де келді. Көктен тілегеніміз жерден табылғандай. Екеуміз де мәдениет сарайында қызмет істейміз. Мен жұмысшы жастарға мүсін ою өнерін үйретемін. Базаргүл халық театрының суретшісі. Екеумізге қаланың ортасынан жаңа салынған бес қабат үйден екі бөлмелі жеке пәтер берді. Екеумізде бір-бірден екі бөлме, бөлек

тұрамыз. Бірақ бірімізге біріміз бас-көзбіз. Әсіресе ағалығымды пайдаланып ақыл айтатын менмін. Ақылыңды тыңдар адам болса, әрине, ақыл айтқан жақсы ғой. Өсиетімді тыңдайтын адам табылғанға мен әбден сөзуар болып кеткен тақылеттімін, менің ақылымнан әбден мезі болған қарындасым, бір күні ұяла-қызара отырып, келесі аптада Әбілқас екеуінің үйлену тойы болатынын айтты. Төбемнен жай түссе мұндай саспаспын! Мұны Әбілқастан күткенмен Базаргүлден күткен жоқ едім. Ол маған әлі де болса жас баладай көрінетін. Білсем Әбілқасты үйімнің маңайына жолатам ба? Білмей қалдым ғой. Бәріне де өзім айыптымын.

Мыстауда менен басқа мүсінші жоқ. Сондықтан алда-жалда қайтыс болған адамның үй іші оның бейнесін ескерткіш етіп алып қалғысы келсе, өлген жанды сойып тексеретін патанатомия ассисенті Әбілқас арқылы мені шақыртады. Мен келіп гипспен өлген адамның маскасын аламын. Артынан барып оны мүсінге айналдырамын. Әбілқаспен мен осы өнерім арқылы таныспын. Онымен кейде патанатомиялық бөлмеде, кейде мүрдеханада (моргте) кездесіп қаламын. Осындай бір кездесуден кейін мен оны үйіме ертіп келдім. Ойымда ештеңе жоқ, қарындасыммен таныстырдым. Сөйтсем... Ие, ол соңғы кезде оны-мұныны сылтауратып біздікіне келгіштеп жүруші еді, сейтсем текке жүрмеген екен!

Сөйтіп белгілеген күні Базаргүл мен Әбілқастың үйлену тойы болды. Бізге жаны ашыр адам мұндай көп болар ма, кішкентай екі бөлмеміз бен ас үйіміз қонақтарға лық толды. Бәрі де жарастықты, сыпайы киініп келген, бәрі де қуанышты. Ал Әбілқастың қуанышында шек жоқ. Жерден жеті қоян тапқандай, екі езуі екі құлағына жетеді. Байқаймын, ел салтын ұстап күйеу бала сияқты байсалды да болғысы келеді, бірақ көңілді кернеген қуаныш онысына ерік берер емес, жымың-жымың етеді. Базаргүл де, ұялады, төмен қарайды, қуанышын жасырған болады, әйтсе де, бойын ізгі сезім билей алғанда, қалай ғана төмен қарап томсара берсін, кенет жарқ еткен көз қарасынан, жалт еткен шаттықтың ұшқынын аңғарып-ақ қаласың.

Осыншама жұрттың ішінде қуанышқа берілмеген, көңілі жүдеу, жан тек менмін. Бұл жалғыз қарындасымның қызығы ғой, қуанайыншы деп өзімді өзім қанша қинасам да көңілім бір сергімей-ақ қойды.

Енді той жайына келейік. Жоғарыда үй толы қонақтар болды дедім. Бұның бәрі Әбілқас пен Базаргүлдің таныстары, достары. Мен танитын бір жан жоқ, мен үшін бәрі де бөтен. Және бәрінің де ойы қазақтың «досыңның асын жауыңдай же» деген ескі қағидасын орындау секілді. Алдарындағы ас қойылған табақтар мен сұңғақ мойын шампан шөлмектерінің босап қалғанына қарағанда жиналған жұрттың досы екеніне күмән жоқ. Біріне бірі соғыстырылған рюмкалар, сыңғырлаған күлкі, үй іші у-ду. Біреу аш кеңірдегімнен қысып ұстап алғандай, тек менің ғана тамағымнан бір түйір нәр өтетін емес. Ас ішіп әуре болмаған соң, бар ермегім осынау бейтаныс жұрттың аңысын аңлау, соларды байқау. Бұл байланысты таба білу мен секілді мүсінші суретшілерге қажет-ақ. Адам бейнесінен оның ішкі дүние сазын ұға алмасаң, жасаған мүсінің ешкімге әсер етпейтін құр тас бейне болып шығады. Сондықтан мен жан-жағымдағы адамдарды түбегейлі ұғу үшін ажар-әлпеттеріне үңіле қараймын.

Адам беті, оның құбылысы — оқи білген жанға алуан-алуан сыр ашатын

тамаша бір қиял-ғажайыл кітап! Кісінің көзінен қиялға шомып отырғанын, қайғы-мұңға берілгенін, ернінен — қуанғанын, ренжігенін айыруға болады. Қарсы алдымда отырған жандардың қайсысы қандай жағдайда екенін менің де білгім келеді. Өз зердемеде қалған әдеби кейіпкерлерге қарап қандай адам екенін ұғуға тырысам. Бәрінің де беттеріне үңіле түсем. Үңілген сайын қуанам яки қобалжи түсем. Міне, менің қарсы алдымда үлкен сопақ бетті, маймылға ұқсаған біреу отыр.

Бетімді бұл кісіден жалт бұрып, жанындағы қызға қараймын. Қараңғы үйден кенет жарық көшеге шыққандай боламын, жарық сәуле көзімді шағылыстырғандай абыржып сәл үн-түнсіз мүлгіп қаламын. Бұл аққұба, сымбатты жұп-жұмыр қаз мойын, бота көз — сұлу жан. Жасы жиырма бестер шамасында. Киінген киімдері де келісімді; еркек көзіне тез шалынатын мүшелерін қынап, торсита, анықтай көрсетіп тұр. Бұл Базаргүлдің танысы. Сән ательесінде киімнің жаңа үлгілерін киіп жұртқа көрсетуші болып істейді. Мұндай сұлу қызға жарасқан киім өзге әйелге жараса ма, жоқ па онысын өздері білсін, әйтеуір аты Ұлбосын (өз атын жаңа үлгімен Оля яки Ольга деп қалай өзгертпей жүргеніне таң қаласың). Бұрын бір рет есік көрген адам деген сыбысты құлағым шалып қалғаны бар, бірақ оған мән берген емеспін, өйткені бұл дүниеде Ұлбосын бар ма, жоқ па ол жағын еш уақытта ойыма да келген емес. Ал қазір... ажарынан көзімді алғым келмейді. Мені сонша тартып бара жатқан қандай күш, қандай құдірет? Енді ғана аңғардым. Бұның да күлімсіреген бейнесі, күлімсіреген түрі Джиокондадан аусайшы. Атақты Леонардо да Винчи мадоннасының құпия сырлықүлімсіреуін ернінің бір шетінің сәл көтерілумен ғана беріп тұрған жоқ па, Ұлбосын да іштегі құпия жылы, тәтті ойын сәл жоғары көтерілген ернінің бір шетімен көрсетіп отыр. Ұлбосынға қарай бергім келеді. Қараған сайын жан жадыратар сымбатты қасиеттер табамын. Әлден уақытта барып, Ұлбосынның көзінің қиығы аударыла берген жаққа қарамағанда осындай таңдануда бүкіл кешімді өткізер ме едім, әлде қайтер едім. Қарауын қарасам да, бойым тағы тітіреп кетті. Төр жақта осы қаланың белгілі адамы, былтыр ғана Алматыдағы кафедрасын тастап келген пананатомия профессоры — Шерубай отыр. Бұл Әбілқастың әрі ұстазы, әрі бастығы. Тойға да сондықтан шақырылған. Жасы елулер шамасында, бетінде қан-сөл жоқ, қатпар-қатпар, ұзын бойлы, арық кісі. Үлкен басы, ойлы көзі, ақыл адамын аңғартқандай. Әйтсе де менің көңілімді аударған оның ашаң жүзі шыр жұқпаған арықтығы... Ауру емес, елуге келгенше тарамыстай қатып қалуына не себеп болған?...»

Мен ой ырғағына жетіп үлгіргенше, рюмкалар көтеріп ұстазының жанына Әбілқас келді. Әрине, мен оның тойы болып жатқанда қалыңдығының жанында отырмай шошаңдай қалғанын ұнатпадым. Үйлендіріп отырған Шерубай емес, Әбілқастың бұнысы жағымпаздық деген шешімге келдім. Енді күйеу баламның бетіне қарай бастадым. Бұл жас хирург, институтты былтыр ғана бітірген. Жиырма бестер шамасында. Тар маңдай, сығыр көздеу... Әлі есімде, институтта жүргенде Наполеонның өзін әлденеше рет алдаған министрі Фушенің мүсінін салғаным бар. Оның да маңдайы дәл Әбілқастікіндей үш-ақ елі болатын. Бұ да сондай опасыз қу болып жүрмесе нетсін... Бірақ қу адамдар ақылды болады деседі ғой. Мүмкін Әбілқас та ақылды шығар. Бірақ маған оның қалқиған үлкен

құлағы ұнамайды. Римнің көне замандағы пәлсапашысы Плиний үлкен құлақты адам ақымақ болады дейді екен. Әбілқас ақымақ болса Базаргүл сыпаттас уылжыған дарынды жасты қолына қондыра алар ма еді? Әй, сірә, қарт Плиний қателескен секілді-ау өзі, Әбілқас ақылды адам болуы керек. Жалғыз қарындасымның жүрегіне жол тапқан адамның ақылды болғанын тілеймін.

Менің ойымды кенет күйеу баламның рюмкасын жоғары көтеріп:

— Шерубай-аға, енді біз тосымызды асқан оқымысты, аяулы Айс Бейсенова үшін көтерейік, — деген даусы бөлді.

Енді мен Әбілқасты «құсың-ау» деген болжамыма бас идім, өйткені, Айсұлу Бейсенова — Шерубай екеуі қызмет істеп жүрген қалалық поликлиниканың бастығы еді.

Бірақ Шерубай оның көңілін су сепкендей басты.

— Жоқ, мен рюмкамды осы кештің салтанаты — жаз түнінің жарық жұлдызы — Ұлбосын үшін ішемін, — деді.

Бәсе, мен Шерубайдың арықтығынан босқа сезіктенбеген екенмін, ол қатікез жан екенін осы жерде бір көрсетіп тастады. Айсұлу Бейсенова қызара түсіп: «жұртқа күлкі еттің ғой!» — дегендей Әбілқасқа оқты көзін бір қалады да (оған сол керек орынсыз жарамсақтанатын сабаз ғой) отыра кетті. Дәл осы сәтте Шерубайға жаутаңдай қарап, қолындағы рюмкасын ұсына, жұртқа үстіндегі жаңа үлгімен тігілген алтынға малғандай сары көйлегін көрсеткісі келгендей Ұлбосын орнынан созалаңдап тұра берді.

— Сіздің құрметіңізге! — деді ол дауысы фарфор шыныдай сыңғырлап, Шерубайға қарап, рюмкасын көтере түсіп,

Бірақ дәл осы сәтте дәліздегі телефон шылдырлап Шерубайды шақырды. Ол сөйлесіп келді де, киіне бастады.

— Кезекші дәрігер шақырып жатыр, — деді ол Айсұлуға қарап, — бір қатты жараланған әйелді алып келіпті, жедел жәрдем керек екен.

Шерубай жұртқа басын сәл изеп қоштасты да, шығып кетті. Үй-іші маған кеңіп қалғандай көрінді. Енді орныма қайтадан отырдым. Жан-жағыма тағы да қарай бастадым.

Адам баласын сырт бейнесіне, физиологиялық, биологиялық айырмашылықтарына қарай бір неше түрге бөледі. Осы отырғандардың ішінде солардың қандайын болса да табуға болады. Ұзын тұра — астенниктерді де, төртпақ - гиппортонниктер де, момын пішінді семіздер де, қатқан қабақты жүдеулер де кездеседі... Бірақ менің көзім әлсін-әлсін Ұлбосынға ауа береді. Оның өңінен Дагиоконданың күлімсірегеніндей сырлы құпия белгісі әлі өңікен жоқ. Шерубай шығып бара жатқанда, өзгере ме деп едім, онда да өзгермеді, тек басын изеп қоштасты да, қала берді. Оның бетіне қанша үңілсем де, ол маған көз қырын да салар емес. Тек бір-ақ рет қарағандай болды, онда да «Қандай жігітсің?» — дегендей сынай күлімсіреді де бұрылып кетті.

Қанша уақыт өткенін білмеймін: айтылмаған құттықтау, ішілмеген шарап қалмаған секілді. Мен өз ойыммен өзім әуре болып отырғанда жұрт та тарай бастады.

Біраздан кейін үйде: мен, Ұлбосын, Базаргүл, Әбілқас және солардың бір-екі қыз-жігіт жолдастары қалдық. Әдепкідей емес, бәрі де шаршаған тәрізді,

біреуінде де үн жоқ. Неге екені белгісіз, бар болғандары маған қарай береді. Бірдеме айтқылары келетін сияқты, бірақ айтуға бата алмай тұрғандай. Нағыз «жұм» ойнап отырған адамдар секілді. Олардың бұндай қылықтарын қызық көрген менде үн гасоқ. «Үндемесендер, үндемеңдер, көрейік, қайсымыз жеңер екенбіз».

Аз-кем уақыттан кейін барып, Әбілқастың жақыны, басы қазандай шикіл сары бір жолдасы қозғалып, қойып:

— Ия... ия, — деді.

Мен де:

— Ия? — дедім.

— Сөйтіп, енді, — деді ол маған қарап, — әйел бала бөтен жұртқа жаратылған деген осы... Сіз қарсы болмасаңыз, Әбілқас пен Базаргүл енді өз үйлеріне барсын. Біз шығарып салайық...

Жүрегім шым ете қалды. Бір анадан, бір әкеден туған жалғыз бауырымды, көпе-көрнеу біреу менен бөліп алып кетпек! Бұл енді біздің мәңгі айырылуымыз. Бұрын Базаргүлге ең жақын адам мен болсам, енді оған ең жақын адам мынау отырған қасқа маңдай Әбілқас болмақ! Әділеттік деген қайда? «Бірге тумақ болса да, бірге жүрмек жоқ» деген мәтел шын болғанын ма сонда?

Сәрі менде қызғаншақтық, бауырмалдық сезім күштірек болса керек, көзімнен ыстық жастың ыршып кеткенін өзім де аңғармаппын. Менің көз жасымды көріп Базаргүл де еңіреп қоя берді.

— Көке, сен жылайтын болсаң, мен кетпей-ақ қояйын...

«Кетпессің! Аржағың Әбілқасты жақсы көріп тұрғанын мен білмеймін бе?»

Базаргүл өзіме тартқан сұңғақ бойлы, аққұба, әдемі болатын (азырақ мақтанғанымды кешірерсіздер) тек менен гөрі нәзіктеу, биязы мінезділеу еді. Бетіне қарап едім, жаңа ғана су шайған гүлдей бір түрлі өңі сынып, жүдеп қапты. Аяп кеттім.

— Өздерің біліңдер... шығарып саламыз десеңдер, шығарып салыңдар, дедім қазанбас жігітке, сөйттім де жылап жібергенімді көздері шалмасын деп үйден ыта жөнелдім! Далаға шығысымен өзімді өзім билей алсамшы! Мұндай көңілшек, осал жан екенімді бұрын білсемші! Қараңғы көшелерді орағыта айналып еңіреп келем, еңіреп келем. Көз жасым мұндай көп болар ма, құрғар емес.

«Базаргүл болса өзінің бақыты үшін кетіп барады, ал сонда маған не жорық деймін, бірге туғанмен, бірге өмір сүрмек жоқ, бұным ұят емес пе, томардай болып, жас балаша егілгеніме жол болсын?» Өзіме өзім осылайша ақыл берген сайын, еңірей түсем. Бұл менің әжем өлгеннен кейінгі екінші рет қайғырғаным. Қара кемпір дүние салғанда, Базаргүлім бар деп өзіме өзім тоқтау айтқан едім, енді одан айрылып соқа басым қалғанымда нені көңіліме медеу етем? Базаргүлдің күйеуге шыққаны маған қара санымнан ет кесіп алғаннан ауыр тиіп келе жатыр. Ғажап-ай, оны Әбілқасқа күйеуге бермей, біржолата жоғалтқан жандаймын. Оларды күні ертең-ақ көретінім тіпті қаперіме де кіріп шығар емес...

Бос көшелерді шарлап ұзақ жүрдім білем, әбден қалжырайын дедім. Енді екі иығым салбырап, үйіме қарай беттедім. Сәлден кейін қараңғы көшелерден шығып, жарық көшеге түстім. Мен түскен көше Коммунистік проспекті екен. Бұл

Мыстау қаласының ең салтанатты көшесі, самаладай жапжарық, кең, екі жағын бірдей төрт-бес қабат сәнді зәулім үйлер көмкерген. Алыстан будақтаған мыс заводының түтіні шудаланып көрінеді, заводқа тіркесе салынған ұзын эстакадалы темір жолдың үстінен кішкентай вагонеткелерден төгілген мыс қоқысы түгі жалын тәрізді қып-қызыл болып төмен қарай аға түседі. Тыныш жарық, таза ауалы көше көңілімді сергітейін деді. Оның үстіне көз жасыммен бірге көңіл кірі де кеткендей. Алғашқыдай емес, жан-жағыма қарай бастадым. Қыбырлаған жан жоқ, әлі автобустар жүрмеген, көше бойлап өсіп қалған жасыл жапырақты ақ қайыңдар ұйқылы-ояу мүлгіп тұр...

Үлкен көшеден үйге баратын бұрышқа қарай бұрыла берем дегенде, дәл қарсы алдымнан Ұлбосын кездейсоқ шыға келді. Тоқтай қалдым. Сірә, Базаргүлді Әбілқастың үйіне апарып сап қайтқан беті болуы керек, аяғын - кербез басып, төмен қарап, қалың ойда келе жатыр екен. Мені көріп о да бөгелді.

— Қайда қашып кеттіңіз? — деді ол күлімсірей сөйлеп, — көрдіңіз бе қараңғы түнде жалғыз қайтуға тура келді...

Өзгелеріңіз қайда? — Әбілқастың үйінде қалды. — Сіз неге қалмадыңыз? Түнде жүру қорқынышты ғой...

— Несі қорқынышты? Қыз ұрлайтын ержігіттер қазір жоқтың қасы, — деп Ұлбосын әзілдей күлді, — жаныңыз ашыса ұзатып салыңыз...

Қуанып кеттім, бірақ сыр бермегенсіп: — Алыста тұрасыз ба? — дедім.

— Көңілі алыс адамға алыс, — деді қыз тағы да әзілдей күліп, — ал, көңілі жақын адамға....

— Алыста жақын ғой? — деп мен де күлдім. Ұлбосынға қалай еріп кеткенімді өзім де білмей қалдым.

«Айлы түн, ашық аспан. Сыр шертіп, самсаған жұлдыз жымыңдасқан», көңілім әбден жадырап кеткен. Жанымда ырғала басқан сұлу қыз. Әлсін-әлі ұрлана көз тастап, сыңғырлап күліп, бірдемелер айтып келеді. Мас жандай делсалмын, дауысы жүрегімді қытықтап, сөзінің көбін ұқпағандаймын. Тек: «Сіз даңғайыр ақын жанды, суретші адам екенсіз, осы күні жұрт қарындасының күйеуге шыққанына жыламақ түгіл...» деген секілді жаныма жылы тиер сөз ғана үзіліп барып санама жетеді. Құмартқан көңіл тіпті басқа жақта. Анда-санда денесіне, не қолына қолым тиіп кетсе, көңілдегі арман бұрынғысынан да ұлғайып, ұшқындай түскендей. Бойымды бір ыстық жалын билеп, жүрегім легіре соғады, қара жерді қаз басып келе жатқандай емеспін, бір бақыт бұлтының құшағында қалқып кеткендей сезінемін. Қанша қыдырғанымыз есімде жоқ, қаланың шетіндегі үш қабаг үйдің жанына келіп тоқтағанда ғана, Ұлбосынның пәтеріне жетіп қалғанымызды бір-ақ білдім.

— Көп рахмет әкеп салғаныңызға, — деді Ұлбосын ұзын саусақты қолын беріп, сөйтті де тағы да қалжыңдай күлімсіреді, — жалғыз қайтуға қорықпайсыз ба?

Өзінен бөлінгім келмей тұрғанын жасыра алмай, кібіртіктей міңгірледім..

— Қорыққанмен амал бар ма... Қыз әзілдей қақтықты. — Мені шығарып салам деп үйіңізден тым алыс кетіп қалдыңыз ғой... — Алыс деп аулыңа бармайсың ба...

— Тым шаршап тұрғандайсыз, — деп қыз сәл езу тартты. — Жалғыз

қайтқыңыз келмесе, менің үйіме қона салыңыз...

— Үйдегі кісілерге сөкет көрініп жүрмесе...

— Қорықпай-ақ қойыңыз, жалғыз тұрамын, — деген қыз енді сыбырлай күлді, — және сіз жататын жеке орын да табылады.

Мен жауап берудің орнына Ұлбосынды қолтықтай, қараңғы дәлізге қарай асыға басып жүре бердім...

2

Ұлбосынға деген сезімімді әлі өзім де байыздаған жоқпын. Тек бір ғажайып қуатты күш билеп әкетіп барады. Оқта-текте өз халымды өзім түсінгім келеді.

Сіздер он тоғызыншы ғасырдың аяқ шенінде өмір сүрген француз мүсіншісі Огюст Роденнің Эрмитаждағы «Мәңгі көктем» деген сүйісіп тұрған қыз бен жігіттің мәрмардан жасалған мүсінін көрген боларсыздар. Онда шебер, қыз бен жігіттің ішкі сезімін, жүрек толқынының әр құбылысын тасқа тіл біткізгендей қандай нәзік бере алған. Сүйісіп тұрған екі жастың денелері сондай жеңіл, жұмсақ, тас емес, нағыз тірі жандардың тұлғасындай боп көрінеді, егер қолыңды тигізіп кермесең, ауа мен сәуледен істелген бе дер едің! Не болмаса, айбарлы бірінші Петрге өлмес ескерткіш етіп «Мыс салтаттыны» қалдырған Фальконенің «Қыс» деген мүсінін көріңіздерші. Қыс түніне әйел бейнесі арқылы аллегориялық теңеу беріп, адамның қыс деген түсінігінде ғажайып бір сұлу сезім тудырмай ма!

Осының бәрін паш еткен тас мүсін — тас бейне! — Сол тас бейнені тірі жандай сөйлетіп тұрған адам! Дарын! Сондай адамның бірі мен емеспін бе? Менде дарын жоқ деп кім айта алады. Бірақ қолыма түскен тасты мен неге сөйлете алмаймын? Әлде менің дарынымның шеберлігімді масайратар кезі туған жоқ па?

Мен осы Мыстауға келгелі көркем өнерге деген құшағымды жаюдамын. Жан-жағыма үңіле қараймын. Көңілімді толқытар, дарыныма қанат бітірер көз іздеймін. Сол көзді тапқандай да боламын. Ол мынау төңірегімдегі адамдар, ғажайып қызық өмір, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман. Мынау өсіп келе жатқан жаңа қала, анау түтіні будақтаған мыс алыбы. Ал енді соларды суретке, не тас мүсінге айналдырсам, күнде керіп жүрген әдеттегі қарапайым бірдемелер болады да шыға келеді. Өз жұмысымнан не шабыт лебізін, не қайғы, не қуаныш сарынын таба алмаймын. Бұл неліктен? Әлде менің дарыным жетпей ме, әлде айнала қоршаған дүние көңіліме қонбай ма? Жоқ, олай емес. Мен өмірге де, заманыма да ризамын. Ал сонда шың көркем өнер туындысын шығара алмауымның себебі неде? Бағана жанымда келе жатқан Ұлбосынға қараған сайын осы себептің кілтін енді тапқан секілдімін. Ол кілт дүниеде, жан-жағымдағы өмірден алуан-алуан адамдардан алатын әсерім тәрізді. Күнде міне жүздеген адам көрем. Бәріне де доспын, бәрін де ұнатам, бірақ бәрі де маған бір түстес, бір келкі, қалыптасқан көз қарасыма қоныстаған ізгі адамдар. Ал Ұлбосын олардан өзгеше, мұның аяқ басысы да өзгелерден басқаша, тән бұрысы да өзгеше. Мен кейіндеу қалып, Ұлбосынға білдірмей, оның сыртынан да қарағам. Ол маған буалдыр түнде жүзіп бара жатқан аққу тәрізді көрінген. Не, не, мен сол

сәтте оған ақындық теңеу тапқанмын. Ол теңеуім — аққу құс. Мен енді Ұлбосынды өзімнің замандастарымды, бәрін де бір ғажайып сұлу аққұстар деп ойлағам. Сол ойыма өзім қуанғам.

Біз екінші қабаттағы үйге кірдік.

Әдемі бір бөлмелі үй екен. Асханасы, ваннасы бөлек! Бөлмесін жаңа үлгімен жайната жинап қойыпты. Қыз қолымен безендірілген үйдің жайы белгілі ғой, қағылған суреттерге де, стол үстіне қойылған гүлге де мін таға алмайсың. Чехословакияда жасалған бір бөлмелік әдемі мебель электр сәулесі түсіп жалт-жұлт етеді. Қыздың өзі жататын тахтасына таяу, терезе алдына диван-кровать қойылған.

Үйге кіргеннен кейін, біз ас бөлмеге барып шай іштік. Сұлу қыздың қолынан ішкен шай қандай тәтті, қара су берсе де маған шәрбаттан кем көрінер емес. Әлсін-әлсін жұтына беремін. Қызға, әлде, шайға қызығып отырғанымды өзім де білмеймін.

Шай ішіп болғаннан кейін ұйықтайтын бөлмеге қайта кірдік.

— Сіз ана диван-кроватьқа жатыңыз, — деді Ұлбосын, сөйтті де, өзі шкафтан орамалын алып, жуынуға шығып кетті.

Тез шешіндім де, салулы тұрған төсекке барып жаттым, бас жағымда тұрған альбомды алып қарай бастадым. Бұл алпыс екінші жылы шыққан Эрмитаждағы XV-XIV ғасырлар суреттерінің альбомы екен. Орта кезін ашып қалып едім. Рембрандтың «Данаясына» тап болдым. Оның салған портреттерін көрген сайын мені де бір ғаламат сезім билеп кететін. Ал бұл жолы альбомды жаба қойдым. Өйткені менің дәл қазіргі жағдайымда «Данаяны» — төсекте жатқан жалаңаш әйелді көру, мен үшін тым қауіпті де азап та еді. Дәл осы сәтте үйге Ұлбосын кірді.

— Мен шешініп алғанша, сіз азырақ теріс қарап жата тұрыңызшы, — деді ол наздана еркелей, сөйтті де шамды сөндірді.

Маған теріс қарау оңай болып па? Амал жоқ, бурылдым. Бірақ сол бұрылған сәтте-ақ жүрегім алас ұрып, ойнақши жөнелді. Аяқ жағымда айқара ашылған үлкен терезенің шынысынан ай сәулесі құйыла түскен үй іші самаладай көрініп тұр. Әсіресе Ұлбосын айдай айқын. Ол міне енді Жаюлы төсегінің үстіне отырды. Жұп-жұмыр аппақ санын жалаңаштап, жоғары қарай белдікше тартылған бірдемесін ағытып, бір шұлығын шешті. Теріс қарап жатқан мені мазақ етіп, жас балаша мәз болып, ту сыртымнан тілін шығарды да, екінші шұлығын шешуге кірісті. Іш көйлегі дәл еңкейсо жеріне дейін сырылып, жұп-жұмыр ақ балтыры мен толық сандарын, әдейі мен қызықсын дегендей, молынан ашты...

Суретші яки мүсіншіге жалаңаш әйел денесін көру таңсық емес. Институтта жүргенде де мұндай жағдайды бастан өткізуге тура келген. Өнерде шындықты бейнелеу үшін сабақ кезінде әдейі шақырылған жас әйел мен сымбатты қыздың жалаңаш денесінің мүсінін мен де сан рет гипстен құйғам. Бірақ қалай екенін қайдам, сол натурщицаларымның дене көркінен қандай сұлу болса да, бірде бір эстетикалық ләззат алып көрген емеспіні, Ал қөркем өнерде рухани рахат, не эстетикалық қызық тудырмаған керііс суреткерге шабыт бере алмайды. Ол шабытсыз шың көркем туынды келмейді дүниеге. Көркем өнерге дарын, еңбек жеткіліксіз. Оған шабыт керек. Сондықтан да болса керек, мен қандай жоғары баға алсам да, гистен құйған мүсіндерімнің бір де бірі өзімді қанағаттандырып

көрген емес. Менің жалаңаш қызым Огюст Роденнің мрамордан жасалған «Ақын мен Музасындағы» Музаны бейнелейтін, жүрекке асқақтаған ақындық сезім тудыратын, ғажайып сұлу әйелдің жалаңаш денесін былай қойғанда, Арнстид Майольдың «Түрегеліп тұрған әйелінің» жалаңаш мүсінінен де қарапайым болып көрінетін. Үлкен мүсіншілер тапқан сызық, поэтикалық сезім туғызатын болмыс, көзді тартып, көңілге қуаныш беретін сұлулық менде болмайтын. Сол сұлулықты таба алмағаным, сол сұлулықтан өзімді де елең еткізетін, басқаны да қуантатын туынды жасай алмағаным іштей ыза болатынмын. Сабақ үшін арналып шақырылған қыз-келіншектердің мүсінін ойдағыдай сала алмағанымды дарынымның шамалылығынан-ау деп күмәндансам да, тегінде, суретке түскелі келген әйелдердің дене құрлысы көңілімді оятпайды, эстетикалық сезім бере алмады деп сылтау табатынмын. Егерде шеберлерге кездескен ерекше әйелдер маған да кездессе, мен де өнерімді көрсетер едім деп өзімді өзім жұбататынмын. Ал қазір сол күткен сәт келген секілді. Көркемөнерде ойлаған арманыңа жете алмау — көркемөнерді қорлау. Енді мен сол арманыма жететін тәріздімін. ойлаған бейнемді көріп, сол бейнені мүсінге айналдыруға мүмкіндік алатыным көзім жеткендей. Күні бойы билеген жігіттік сезім ығысып, рухани сезімге, эстетикалық қуанышқа, творчестволық арманға жол ұсынды.

Ұлбосын енді түрегеліп барып шкафтан түнде киетін көйлегін алып келді. Үстіндегі тойға деп киген капрон іш көйлегін саспай шешіп, жанына қойды да, омырау жапқышын босатып, тағы да маған қарады. Фендардың «Жалаңаш әйел» деген суретін көргендеріңіз бар ма? Сәл қырындау отырған жалаңаш Ұлбосын сол суреттен аумайды! Сол бір толық сан, сол бір жұмыр нық. Француз суретшісі шеберлікпен бере білген көзінде де аңсатан, сабырсыздана күткен махаббат оты...

Менде әлі де үн жоқ, демімді шығармай, үн-түнсіз жатырмын. Ойымдағы арманымды, творчестволық арманымды табу үшін әлі де, бірдеме кем секілді. Не жетпейді? Өзім де түсінбеймін. Жоқ, тек адамның қиялы ғана көркем сурет тудыруға тиісті емес, кейде адамның қиялын көркем суреттің өзі тудыруы керек. Сонда ғана қиял іске асар арманға айналады. Ұлбосынның осы сұлу бейнесінде әлі де болса қиял туғызатын бір көрініс, әлі табылмаған бір сұлу қимыл жетпейтін тәрізді. Сондықтан төзуге тура келеді. Ұлбосын жалт етіп маған тағы көз тастады, ажарынан әлгінде аңсаған махаббат толқыны ғайып болып, бір қуақы құбылыс пайда болды. Ол «тес» — үндеме дегендей қолын ерніне апарып, маған бір сыр айтқысы келгендей, күлімдей қарады. Дәл осы сәтте оның жүзінде Этьен Фальконенің «Амур» мүсініндегідей бір күнәсіз құбылыс пайда болды. Ұлбосынды жиырмадан асып бара жатқан қыз емес, жүрегін әлі еш күйе шалмаған бір пәк нәресте дер едің. Ол өзінің осынау бір ғажайып, бейкүнә отырысымен, мөлдір таза көз қарасымен жүрегіме шоқ түсірді! Енді шыдап жата алмадым, орнымнан қарғып тұрдым.

— Ұлбосын, айналайын, осы қалпыңнан қозғалмай бес минут отыршы... — дедім асыға, — өтінем...

Ол ойымды бірден сезгендей:

— Жақсы, — деп күлімсіреді.

Мен Ұлбосының бас жағында тұрған торшерді жақтым. Үй-іші сәл қызғылт

тартып сәулелене қалды. Асыға барып төс қалтамнан сурет қаламымды алдым да, Ұлбосынға қырындай, жанымда жатқан альбомды ашып алғашқы бетіне оның суретін сала бастадым. Қыз қыбыр етпестен сол қолын ерніне апарған күйде күлімсіреген қалпында отыр. Тырп етер емес. Маған осы сәтте дүние дүние емес, бір ғажайып сұлу ертегі тәрізді көрінді, бойымды билеген қуаныш Ұлбосынның көркіне қараған сайын қанаттана түскендей. Қанша мезгіл өткенін білмеймін, әйтеуір сурет ойымдағыдай болып біткенде «уф» деп демімді бір-ақ алдым. Барлық жан сезімін ақыл ойымның қауыша тебіреніп араласқаным сонша тау бұзып, тас көтергеіндей, маңдайымнан қара тер бұршақтап қоя бергенін енді білдім.

— Енді киінуге бола ма? — деді қыз маған күлімсірей қарап. Көзіне Көзім түсіп кетіп еді, көзі тостағанға құйылған судай мөлдірей қалыпты.

— Жоқ, өзім киіндірейін...

Жанына қалай барғанымды да білмеймін. Адам өмірінде мұндай сәттер болады ғой. Тек құшағымдағы Ұлбосынның «О, Жантас, жаным Жантас!» деп күбірлегенін ғана әзер естимін, күйіп бара жатырмын ба, жаны бара жатырмын ба, түсінбеймін...

Құлан иектеніп таң атып келеді. Ұлбосын екеуміз қатар жатырмыз. Шалғай сапарда жаяу жүріп шаршаған адамдаймыз. Бірақ көңіл бір арманға жеткендей. Ұйықтайтын түріміз жоқ. Мен бір мезет қолымды созып, пиджагімнің қалтасынан шылымымды алдым. Тартайын деп басымды көтергенде бағанағы аяқ жағымдағы ашық терезе шынысынан диван-кроватьта өзім жатқан жерді көрдім. Ұлбосын мен теріс қарап жатсам да оның өзін шыныдан көретінімді білетінін жаңа түсіндім. Бірақ мен оған ренжіген жоқпын. Қыздың осы бір табиғи тілектен туған пәк құлығын да кешірдім. Өйткені бұл менің ең алғашқы көрген қызығым еді. Мұндай қызық үшін нені болса да кешіруге болады. Қазір менен бай, менен кең адам табыла қояр ма екен. Бүкіл әлем, осы жатқан үйім, бәрі, бәрі де маған жұмақтан кем емес. Ал жанымда жатқан Ұлбосын сол жұмақтан түскен қор қызы іспеттес. Дәл осы мезетте маған одан артық жан жоқ мәнжелдес. Мен оның жаратылысын: күлген күлкісін, сөйлеген сөзін, асқан сұлу, кербез қимылдарын да жақсы көремін! Тіпті Ұлбосын деген аты да жанымға жақын.

— Жантас, — деді Ұлбосын темекі тартып болып, қайтадан жанына жатқанымда, жұмсақ, сүйріктей саусақтарымен бетімнен сипап, құшағыма кіре түсіп. — Сен мені жеккөріп қалған жоқсың ба?

— Неге?

— Кайдан білейін, көйлегін өзі шешті деп жаман ойлап қалып жүрмесең...

— Көйлегіңді қайтадан мен кигіздім ғой...

— Мен киім деп таластым ба? — Ұлбосын сылқ-сылқ күлді сөйтті де баяу күрсінді. — Жігіт түймесін таба алмай сипалап жатқанда, «Мен өзім...» дейтін қыздардың қатарына қоспасаң болғаны... Өзімнен кіші Базаргүл... ня, өзің де түсінесің ғой, мен де тірі жанмын, шыдай алмадым, жастық жалын баурап кетті, — ол енді ыстық демімен бетімді күйдіре сыбырлады. — Ал сен маған бір көргеннен ұнадың...

— Оны мен тойда байқамадым ғой. — Шерубай отырған соң әдейі аңғартпадым.

Түсінбедім... — Ия, түсіну оңай емес...

Ұлбосын мені құшақтай жатып, сырын айтты. Адам баласының өткен өмірі бір түс емес, қуанышты да, қорқынышты да, қайғылы шақтары да болады. Түс кейде қайта оралады, ал өмір қайта соқпайды. Оның қуанышы да, қайғысы да өткен күннің ауқымымен бірге кетеді. Соны қуаныш, жаңа қайғы, — жаңа өмірге із салады. Ұлбосынның өткен өмірі де түс тәрізді - ауыр да, қуанышты да болған екен. Енді жаңа өмір бастамақ.

— Сонда жаңа өмірді қалай бастамақсың? — дедім сырын айтып болғаннан кейін.

— Өзім де білмеймін... — Енді кім біледі?..

Қойған сауалым жеңіл тимеген тәрізді. Өйткені оның шағын өмірінің шырғалаңда өткенін түсініп жатырмын. Ұлбосын лауазымы жоғары адамның жалғыз қызы болады. орта мектепті бітіріп, бұдан жеті жыл бұрын медицина институтына түседі. Бірінші курста оқып жүргенде, әзір ақыл тоқтатпаған, жел өкпелеу сұлу қыз, жасы қырықтан асқан хирургиялық шеберлігімен жұрт аузына іліне бастаған профессор Шерубаймен көңіл қосады. Сайып келгенде Шерубай алмақ болады, қыз у-шусыз қатынаста жүруді жөн көреді. Сөйтіп ырың-жырың болып жүргендерінде Ұлбосын екіқабат болып қалады. Әке-шешеден, бірге оқып жүрген құрбы-құрдастарынан ұялған Ұлбосын, бір күні түнде, ешкімге де айтпастан Қарағанды - да жұмыс істеп жүрген нағашы апасына тартып отырады. Онда барған соң жасырын жолмен ішіндегі баласын алдырып тастайды. Бұрын ерке өскен Шолжың қыз, басына таяқ тигеннен кейін оқыс өзгереді. Оқуынан қалдырған, өзін қор еткен Шерубайға енді жуығысы келмейді. Өз бетінше өз еңбегімен өмір сүргісі келген ол ақырында осы Мыстау қаласына келеді. Алдымен телефоншы болып жұмыс істеп, кейінгі екі жылда сән ательесіне кіреді. Шерубай әлденеше рет хат жазады, көңілі суыған Ұлбосын оған жауап бермейді. Сөйтіп жүргенде, бұрынғы әйелі өлген Шерубай былтыр Ұлбосын жұмыс істеп жүрген Мыстауға ауысады. «Уәдемді берік ұстап әдейі сен деп келдім, енді қосылайық» дейді. Ұлбосын бірден жауап бере қоймайды. Мыстаудағы тәуірмін деген жігіттердің көздеріне түсіп жүрген ажарлы қыз енді Шерубайды елемеген болады. Бірақ «кет әрі» демей, келешегін ойлайды. Осындай шытырманда жүргенде қапелімде мен тап болып Ұлбосын осынау тәтті түнге бел буады.

Әлгінде қойған сұрағыма ол қысыла жауап қайтарды. Қысылғандығы сонша, тіпті дауысы дірілдеп шықты.

— Менің шешімім енді сенің жауабыңа байланысты. — Қандай жауабыма?! Ұлбосын үн-түнсіз ұзақ жатты да, әлден уақытта барып:

— Мен саған ұнамадым ба? — деп дауысы бұрынғысынан да қобалжи шығып.

Бұрын көңіл ашып, сырласпаған, әлде қалай кездейсоқ ұшырасқан адамына алғашқы түні-ақ бар өмірбаянын, жүрек құпиясын Ұлбосын бірден ақтара бастағаннан-ақ «бұнысы несі?» деп таң қалып жатқанмын. Бір сәт Ұлбосынның бұл қылығын оның ашық, ақжарқын, адамға сенгіш мінезінен шығар деп те ойлағанмын. Әлде... шын сырын айтып мені өзінен үркітпек пе, «бүгінгі түсіміз әлде қалай толқып кеткен жастық әсерінен туған түн, менің жолым сенен бөлек» дегенді міне жат еткісі келе ме деп те шүбәланғанмын. Жоқ,

бұның екеуі де болмай шықты. Ұлбосын бар сырын айтса, бар күнәсін алдыма жайып салғанда, ойы анағұрлым тұңғыықта жатыр екен. «Жақсылығым да, осалдығым да осы, ендігісін өзің шеш» деп жәй ғана құшағын емес, бар жүрек сырын алдыма жайып салған екен. «Сонда, бұл не, махаббат па, әлде мен түсінбейтін басқа бір жұмбақ сезім бе? Махаббат дейік, ал сонда ол осылай оп-оңай, бір көргеннен пайда бола қалғаны ма? Пайда болса несі бар. Еңлік пен Кебектің де махаббаты бір түннің ішінде тумай ма? Туады делік, олай болған күнде сенің өз жүрегің қалай соғады? Сен де бірден Ұлбосын тоқтаған шешімді тілейсің бе?» Қапелімде қойылған сұраққа жауап қайтара қою маған да жеңіл тиген жоқ. Енді мен қысылдым. Қысылғандығым сонша, не дерімді білмей үн-түнсіз жата бердім. Жағдайымды ұққан Ұлбосын:

— Мені дұрыс түсінбедің ғой, — деді мені бауырына тартып құшақтай түсіп, — бірден жауап бере алмағаныңнан қысылып қалғаныңды түсіндім... Қысылмай-ақ қой, мен өз күнімді өзім көре алатын адаммын. Тек, қуанышымды бірден үзбесең болады.

...Қалжырап барып, қатты ұйықтап кеткен екем, көзімді ашсам, күн! түске таяп қалыпты. Ұйқым да қанған тәрізді. Жанымда Ұлбосын жатыр, денесі кеудесіне дейін ашық. Аршылған ақ балық тәрізді. Ұйқысы қандай әдемі еді! Қою қара шашы ақ жастыққа төгіліп, сүйкімді ерні, оймақтай ауызы сәл ашылып ақырын тыныстайды. Кенет қызығып кеттім, бассалы, қысып сүйгім келді. Дегенмен «ұйықтасыншы» деген тілек басым болып оятпадым.

Жайлап тұрдым да, киініп, аяғымды үшінен басып, үйден шығып кеттім.

Бір көше мұғдары өткеннен кейін барып, түндегі салған суретім есіме түсіп кетіп, кейін бұрылдым. Дәл осы кезде Ұлбосынның үйіне кіріп бара жатқан Шерубайды көрдім. Мен онымен дәл қазір ұшырасқым келген жоқ. «Жарайды, суретті кейін алармын» деп кете бардым.

Адам баласы қызық қой, әлде мен солаймын ба, өз қайғымнан гөрі, өзгенің қайғысын көбірек ойлаймын, біреудің жылағанын, не оның ренжігенін көрсем, со күні менің де берекем кетеді. Қолымнан келер жәрдемім болмаса да, әлгі адамның қайғылы халы ойымнан шықпай қояды. Әлгінде Ұлбосынның үйіне беттеген Шерубай ту сыртынан маған дәл осы бір түннің ішінде жасып, жүдей қалғандай көрінді.. Аяғын сылбыр басып, кешегіден гөрі бүкірейе түскендей. Соншама бұған не болды екен? Әрине, Ұлбосын екеуміздің түндегі қылығымызды білген болса, мен мұндай сұрақ бермеген болар едім. Егер Шерубай Ұлбосынды шын жақсы көретін болса, біздің түндегі қылығымыз дәл ол көңілденетін қылық емес. Бірақ ол қайдан біледі?..

Сонда менің бүгін түнгі өз қылығым жөн бе! Егер Шерубай Ұлбосынды шын жақсы көрер болса, қалай болғаны? Мен кездеспесем Ұлбосын екеуінің арасы қалай шешілер еді? Жаңадан құрылғалы тұрған ұяны бұзған жоқпын ба? Ұлбосын ақылға, зердеге салып, түндегі екеуміздің сөзімізден кейін, Шерубаймен ортақ тілді тапқан шығар? Олай болған күнде мен Ұлбосынның маңайынан жүрмеймін. «Қуанышымды бірден үзбе» деген өтінішін орындамаймын. Шерубайға жасаған осы қиянатым жетеді, екінші қиянатқа бара алмаймын!

Осындай тоқтамға келсем де, Ұлбосынды көргенше шыдай алар емеспін. «Шынымен-ақ ғашық болып қалғаным ба? Солай секілді. Махаббат деген

осындай шыдамсыз болады деуші еді ғой, маған да жеткен екен сол бір абзал күш. Жетсін, мен оған өкінбеймін. Ұлбосындай сүйген жарым болса, менен бақытты адам бар ма? Ойлашы, рас мен бақыттымын ба?! Ендеше түнде Ұлбосын құшағында жатқанда осы сөздерді неге айтпадым? Ал қазір, көзіңнен таса болып еді, шын ғашықтай өліп барасың... Сенің мұның тек өткінші қызу емес пе?»

Мені қандай күш билеп бара жатқанын білмеймін, әйтеуір Ұлбосынды көруге құмармын. Тағы да оны құшақтағым келеді, шыдамсыз жүректің мауқын басқым келеді. Сайып келгенде, ұмыт қалған альбомдағы суретті сылтау етіп, күн бата Ұлбосынның үйіне қайта бардым.

Ол мені күтіп отыр екен. Құшағын жая қарсы алды. Жаңбыр артынан құлпырған гүлдей, тіпті әдеміленіп кетіпті. Жайраң-жайраң етеді.

— Келетініңді біліп едім, — деді ол менің екі қолымнан бірдей ұстап, жас балаша қуанып.

— Қайдан білдің?

— Келгің келмейтін де уақытың болады. Ал қазір... — ол сылқ-сылқ күлді, — мұндай сезім маған аян... Шерубаймен алғашқы кездескен айым да...

Ұлбосынның бетіне қарадым. Ол менің үнсіз сұрағымды бірден түсінді.

— Шерубай екеуіміздің арамызда ат құйрығы біржолата кесілді. Ол түндегі оқиғаның бәріне де қанық.

— Өзің айттың ба? Ұлбосын тағы сылқ-сылқ күлді.

— Өзіңе сырымды айтқан соң, жұрттың бәріне де солай екен деп ойлайсың ба? Жоқ. Жантасжан, әйел сыры құлыптаулы сандық, көрінгенге ашыла бермейді. Кілті табылғанда ғана ашылады.

— Қалайша? — Қатты ұйықтап қалған екем, ұзақ дызылдаған есік қоңырауынан әзер ояндым. Басымды көтерсем, сен жоқсың. Барып есік ашсам, Шерубай екен. Үйге кірді. Ең алдымен көзге түскені төсегімнің жанында жатқан сенің папиростарыңның қалдықтары болды. Менің шылым тартпайтынымды біледі...

— Иә, сосын?.. Ұлбосын Шерубайдан бір өшін алғандай иждиһаттана күлімсіреді.

— «Бұл кімдікі?» деді. Мен сенің атыңды айттым. Бор-боз боп кетті. «Бұнда ол қайдан келіп жүр?» деді. «Түнде шығарып салып келген, азырақ отырып қайтып кеткен» дедім. Одан артық бірдеме деуге аядым жазығы жақсы көргені ме, орынсыз өкпелемесін дедім. Ол сенерін де, сенбесін де, білмей бөлмені кезіп жүре бастады. Кенет терезе алдында жатқан ашық альбомды көріп тоқтап қалды. Менің суретімді тамаша етіп салған екенсің!.. — Ұлбосын тағы да қуана күлді, — оңаша болған соң, тіпті ұялу дегенді ұмытып кетіпсің...

Біреу үстіме суық су төгіп жібергендей, бойым мұздап кетті.

— Көркем өнер ғой... — дедім міңгірлеп, не дерімді білмей, мен сол сурет үшін келіп едім.

Ұлбосын есіктің қаға берісіндегі қағаз салатын корзинканы көрсетті.

— Әне жатыр салғаның. Шерубай үн-түнсіз суретке қарап аз-кем тұрды. «Азырақ отырып кеткен-ақ екен!» деді де салғаныңды быт-шыт етіп жыртты да, үйден ата жөнелді. Содан қайтып оралған жоқ.

Көптен күткен арманым орындалып, ойдағыдай етіп салған этюдімнің мұндай күйге ұшырағанына ішім удай ашып кетсе де, тағы да не дерімді білмей:

— Япырмай, ұят болған екен... — деп міңгірледім.

— Кімнен? Шерубайдан ба? Көңілін қалай суытудың әдісін таба алмай жүр едім, сәті түсе қалды, — деді Ұлбосын қабағын сәл шытып, — мейлі, өкінбеймін!

Қыздың профессордан әбден суығанына көзім жетті. Көңілім арнасына түсейін деді. Екеуіміз енді қатар отырдық. Ұлбосынның қолын ұстап, сәл қыстым.

— Суреттің жазығы жоқ еді ғой, бекер жыртқыздың... мен оны қайтадан ондай етіп сала аламын ба...

Ұлбосын кенет жүдей қалды.

— Екінші рет мен де сенің алдыңда сондай боп отыра алмаймын ғой.

— Неге?

— Білмейсің бе? — Ұлбосын қызарып, төмен қарады, — өткен түнгі қылығымнан өзім де жерге кірердей болып отырмын. Шын махаббат ұялтпай қоймайды екен...

Мен Ұлбосын өзімді адал ниетімен жақсы көретініне сене бастадым. Енді оны құшағыма өзім тартып, діріл қаққан ыстық ернінен ұзақ сүйдім.

3

Қалаша шарықтап өсіп келе жатқанымен, мұнда әзірге менен басқа мүсін жасаушы жоқ. Сондықтан, маған өз өнеріме байланысты басқа да бұратана жұмыстар істеуге тура келеді. Соның бірі өлген адамның гипстан маскасын алу, кейін мүсін жасау. Мұны көбіне қайтыс болған адамның ағайын-туғандары жасатады. Кейде жергілікті үкімет тарапынан да тапсырылып жатады. Мен бұл жұмысты өлік үйіне барып орындаймын, ал тығыз жағдайда аурухананың операция бөлімінде, тіпті, кейде моргке де баруға тура келеді. Әрине бұндай жұмыс оңайға түспейді. Бірақ амал не, «басқа түскен басбақшыл» дегендей жұрттың тілегін орындау керек, біртіндеп көндіге бастадым.

Моргке бару сирек кездеседі, бірақ, болып тұрады. Көбінесе масканы аурухананың операция істейтін бөлмесінде аламын. Бұл маған ыңғайлы, өліктің туған-туысқанының, бала-шағасының жылағанын естімейсің, жұмыс істеп жатқанда олардың қайғысынан аулақ боласың...

Маска алу бәлендей қиын жұмыс емес. Жоқ тістеріңіздің орнына протез салдырып көргендеріңіз бар ма, дәл солай етіп өлік бетін гипспен қаптайсың, қырық-отыз минут өткеннен кейін әбден қатты-ау деген кезде қайтып аласың... Бұның бәрі сенің шеберлігіңді ғана тілейді...

Мен масканы патанатом хирургінен кейін аламын. Сондықтан оның міндетінен де аздап хабардармын.

Патанатом хирургінің міндеті — өлікті сою, оның неден, қандай аурудан қайтыс болғанын анықтау.

Бұл қаланың ең үлкен хирургі де, патанатомы да Шерубай. Ол осы екі мамандықты бірдей алып жүреді. Өлім пышағына ілігіп көрген жоқпын (Ұлбосынның оқиғасынан кейін, әрине іліуге де құштар емес екенімді, сіздер

айтпай-ақ түсінесіздер ғой деймін), ал жұрттың айтуына қарағанда,

Шерубай үлкен маман, тамаша хирург, талай өліктің неден өлгенін ашқан — патанатом. Сырт естуім: Шерубай Совет Одағында осы патанатом мамандығын жөнге қойған, үлкен дәрігер марқұм академик Абрикосовтың шәкірті, жәй шәкірті ғана емес, ұстазының ісіне үлес қосқан ғалым.

Ал мен болсам, осындай адамның бақшасына тас лақтырдым. Өзіне қиянат жасадым. Расында осым да адамдық па? Әділеттік деген қайда? Адамгершілік деген осы ма?

Адамдық демес едім, маған көп жағдайды Ұлбосынның өзі түсіндірді. Содан соң барып Шерубайға деген жүрегімнің қынжылуы азаяйын деді. Соңғы кезде Ұлбосын екеуміздің арамыз бұрынғыдай емес, суына бастаған. Оны ең алдымен өзін жалаңаш суретке салып алуға рұқсат еткенінен сезіндім. Әйел шын ардақтайтын, жақсы көретін адамынан ұялғыш келеді, оның көзінше өзінің ар-ұятын, не болмаса мінез-құлығының кемістігін керсететін қылықтарын жайып салудан именеді. Тегінде әйелдер ғана бүйтпейді, адам атаулының бәрі сондай. Қазақ «Еліме қадырым жоқ бетімді көреді, қатыныма қадірім жоқ етімді көреді» деп бекер айтпаған. Ұлбосынның өзін суретке салуға рұқсат еткенінен-ақ, маған деген қасиетті сезімнің орнына басқа сезім пайда бола бастағанын түсіндім. Оның көз қарасы да, сөйлеген сөзі де, бұрынғыдай кіршіксіз таза, пәк көңілдің соғуынан емес, маған: «Сен еркексің... Мен саған енді тек еркек деп қана қараймын,» — дегенді аңғартқандай көріне бастады. Бұны ол іс жүзінде айқындап жүрді. Сірә, албырт жастық әсері болу керек, мен оның мұнысына қарсы болған жоқпын, өкпелемедім де. Мүмкін бұған да қанағат етіп жүре берер едім, ал бірақ Ұлбосын кейінгі кезде маған «сенің қызығың бітті» дегендей салқын қарай бастады. Тіпті, кейде, уәделескен уақытта жолығуды ұмытып кетуді шығарды. Ғажап! Өзім де түсінбеймін, оның бұл қылықтарына бәлендей мән беріп, өкпелеу деген менде тағы болмады. Сірә, бұның бәрі, біз бір бірімізді шын жақсы көрмегендіктен болу керек деген пікірге де келдім.

Міне осындай жағдайда жүргенімізде бір күні Ұлбосынның үйінде екеуміз тағы кездестік. Бұл жолы ол мені ұзақ күткендей көрінді, келген шаруамызға бірден көшпей қатарласа отыры, жылы шырай көрсетістік, тіпті қолымызды қысысып, ишарат та білдірістік. Мен шын сағынып қалған секілдімін, бұрынғыдай үйге асығудың орнына, әлі де болса, Ұлбосынның жанында отыра бергім келеді. Ол менің осы жағдайымды сезді ме, уқаланып қалған көйлегінің етегін сәл тартты да, маған мұңая қарады.

— Бұл — біздің ақырғы кездесуіміз, — деді ол шашын жөндеп, — сондықтан да сенің дегеніңе көне бердім...

Мен шошып кеттім.,

— «Ақырғы кездесуіміз» қалай? Не боп қалды? Ұлбосын мұңая күлімсіреді.

— Сен білмейсің бе?..

— Нені?..

— Сенің ыңғайыңа көп көне бермеуім керек еді... Біз алғашқы жолыққаннан бері үш айдай уақыт өткен. Қуанарымды да, ренжуімді де білмей: — Расымен... — деп келе жатыр едім, Ұлбосын сөзімді беліп жіберді.

— Жоқ, жоқ, мен екіқабат емеспін, — деді ол, сөйтті де маған тағы мұңая

қарады. — Мен мәңгі-бақи екіқабат болмаймын...

— Here?

Ғажап! Ұлбосынның бүгінгі көз қарасы — өзгеше көз қарас, өз қызығыма беріліп бағанадан бері аңғармаппын, көзінде соңғы кезде пайда болған мұң ғана емес, бүгін зор қайғы бар екен. Ол менің сұрағыма асықпай жауап берді:

— Мен аурумын, Жантас...

— Қандай ауру?

— Әйел ауруы... Тездетіп үлкен хирургке көрінуім керек.

— Шерубайға неге көрінбейсің?

Бұл сөздің аузымнан қалай шыққанын білмей қалдым. Жақсы хирург деп жұрт мақтаған соң, шын көңіліммен айтқан едім.

Ол мысқылдай езу тартты.

— Менің ауруыма себеп болған сол ғой...

— Қалайша?..

Ұлбосынның көзіне кенет кек ұшқыны пайда болды. Ол енді түрегеліп, терезе алдына барды.

— Менің ауруыма да себеп болған, менің жас өмірімді де қор еткен сол! — деді ол енді дірілдей сөйлеп, есінде бар ма, алғашқы түні мен саган содан екі қабат болып қалған соң жұрттан, әке-шешемнен ұялып безіп Қарағандыға келдім деп айтып едім ғой.

— Ие...

— Сол ұяттың салдарынан ешкім білмесін деп, ішімдегі нәрестені бір балгер әйелге алдырттым. Менің сорыма, ол балгердің өзі де жөнді ештеңе білмейтін болып шықты, өлім аузынан әзер қалдым. Ақырында дәрігерге көріндім, бірақ енді нәресте көрмейтін болдым...

Ұлбосын менің жаныма қайтадан отырды, салалы саусақтарымен шашымды сипады.

— Мен сені шын сүйгем. Осындай көркім мен кулығым барда сені өзі ме үйлендіргім келсе, әрине, қолымнан да келер еді. Бірақ сенің де, өзімнің де келешегімді ойладым. Бала таппайтын бедеу әйел кімге керек?.. Баласыз өмірдің, сен түгіл бір аяғым керде тұрған маған да қызығы жоқ.

Мен Ұлбосынды аяп кеттім. — Қалқам-ау, жұрт баласыз да өмір сүреді ғой... Ұлбосын менің бетіме ренжн қарады.

— Жұрт бірінің көзіне бірі шөп салып та, бір күн қосылып бір күн ажырасып та, итшілеп өмір сүреді. Бірақ ондай өмірдің қажеті не? Ерлізайыпты болып өмір сүрер болсаң адал, қуанышты өмір сүр. Ал нәрестесіз өмірде қызық бола ма? Өзім бала таппайтын болған соң, өзгеден гөрі балажан шығармын, сөйтсе де айтарым: табиғи ауру емес, өзіңе өзің тілеп алған ауруға бола басқаны бақытсыз етуден өтер қиянат та, күнә да жоқ.

«Япыр-ай, ә. Бұл қалай? Жоқ, Ұлбосын мен ойлағандай әйел емес екен, қандай адамға болса да жар болатын шын ақ көңіл, ақыл-ойлы жан екен». Қайғысынан жаным жабықты. Енді бірдеме десе аяғына бас ұруға бармын. Бірақ Ұлбосын кенет сөзді басқа жаққа бұрып кетті.

— Осының бәріне кім айыпты? — оның дауысы енді қатулана шықты.

— Жарайды, өзім дейін. Бірақ мен жас болдым ғой, он сегіз жасар қыз не

біледі? «Сүйемін, сенсің менің періштем» деген сөздің өзінен-ақ бойым балқып, жүрегім өртенді ғой. Ал қырықтан асып, ақылы кемелденген Шерубай не көрген? Менің екіқабат болып қалатынымды білмеді ме? Біле тұра, біреудің жас өмірін өзінің нәпсісіне қалай құрбан ете алды? Осы да махаббат болып па? Шын сүйсе, жақсы көрсе мені неге аямады? Менің ар-ұятымды, келешегімді неге есіне ұстамады? Жоқ, мен оны осы күні иттің етіндей жек көрем! Оған емделгенше өлгенім жақсы!..

Ұлбосынды жаңа түсінгендеймін. Енді менің де жүрегіме Шерубайға деген кек пайда болды. Дәл осы сәтте ол маған кездесер болса, бетіне түкіріп, үйден желкелеп қуып шығарғандаймын.

Шыдай алмадым, оны құшағыма тартып, жасқа толған көзінен, ыстық ернін, бетінен құшырлана сүйдім.

— Ал енді осы аз күн бірге көрген қуанышымызға риза бол, деді Ұлбосын ақырғы рет бетін бетіме таяп, мен үш-төрт күнде Алматыға жүрем, әке-шешем әлі сонда, үлкен профессор хирургтерге көрінем...

— Қайтып келесің бе? Әлде мен барайын ба?.. Ұлбосын қапелімде мені құшақтай алып: — Бұл сөзіңді өле-өлгенше ұмытпаспын, рахмет, — деді.

Бірақ менің сұрағыма жауап бермеді.

Үш күннен кейін ол Алматыға жүріп кетті. Шығарып салдым. Етімнен біреу ет кесіп әкеткендей боп үйге әзер жеттім. Ол күні жұмысты қойдым. Кешке қарай үйге келген Әбілқас пен Базаргүлге де түнеріп, қыр бермедім. Олар менің ыңғайымды байқап бетіме бірер рет қарады да, кетіп қалды. Мүмкін өкпелеп те кеткен шығар. Мейлі. Олардың өкпесіне қарайтын жағдайым бар ма? Өз өкпем өзіме жетіп жатыр емес пе? Түні бойы көз ілгенім жоқ. Келіп қалған күздің суығындай, бүкіл ішім мұздай болып, құлазып шықтым.

Таңертең мені ауруханаға шақырыл кісі келді. Мен ол жақта болмағалы екі айдан асып кеткен.

Келсем Шерубай өз жұмысын бітіріп, кетіп қалыпты. Қайтыс болған орыстың қызғылт шашты бір сұлу жас әйелі екен. Кісі күтетін бөлмеде отырған бір ұзын бойлы ұшқыш жігіт менің кім екенімді естіп, орнынан ұшып түрегеліп, қасыма келді. Көзінде үлкен қайғының ізі бар.

— Қымбатты жолдас, қанша сұрасаң да төлейін, тек маскасын өзіндей етіп жасаңыз, — деді жеңімнен ұстап.

— Кімі боласыз?... — Бала жастан бірге оқыған досы едім...

— Егер нағыз маска керек болса, өліктің денесін үйіңізге апаруға тура келеді. Жерлегенше әлі бір күн уақытыңыз бар, — дедім. Жігіт бірден жауап бере алмай, күмілжіді.

— Мен бұл жерлік емес едім. Ал үйінде... маскүнем ері...

Шіркін, адам баласының тағдыры қандай сан қырлы, сан сырлы! Сырт көз жібергенде — ап-айқынсың. Үңіле қарасаң - шешуің қиын жұмбақсың? Мына сорлы әйелдің некелі күйеуі үйінде арағын ішіп, табытын дайындап, қара жерге қашан көлемін деп құлшынып отыр! Ал, шын сүйген досы, ескерткішке ең болмаса бейнесі қалсын деп ауруханада қанжылап тұр. Тірісінде осы сұлу әйелдің басында дәл осындай қайғылы хал бар деп ойлаған жан болды ма екен?

Амал жоқ, әйелдің мүсінін ауруханада алуға тура келді. Мен жұмысымды

аяқтап енді қайтайын деп тұрғанымда бір дәрігер қарындас келіп:

— Сізге бас хирург «келіп кетсін» деді.

Шерубайдың кабинеті екінші қабатта болатын. Келсем ол жалғыз емес, қасында Әбілқас бар екен. Күйеу балам кешегі жөндеп сөйлеспегенім есінде секілді, әлдеқандай бола қалыпты, маған мардымси қарайды. Кеше ден бері өзім де теріме әзер сиып жүргендіктен, бойымды ашу қысып, жағынан тартып жібергім келді. Бірақ дәл осы сәтте Шерубай орнынан түрегелді.

— Сізге Әбілқас Дәрібасович алғыс айтады.

Мен Әбілқастың бетіне адырая қарадым. Және қарындасын әйелдікке алдым деп озаманда, бұ заман ағасына рахмет айтқанды бірінші рет естіп тұрмын.

— Алғыс айтумен қатар, — деп Шерубай сөзін сабақтай түсті, — Әбілқас Дәрібасович біздің ауруханаға адамның буынының қалай шығатынын көрсететін гипстен бір неше модель істеп беруіңізді өтінеді.

«Мыналар не былшылдап тұр, — деймін ішімнен ештеңеге түсінбей, — қайдағы буын, қайдағы модель, буын шықса онда менің не шаруам бар? Әбілқастың не шаруасы бар? Бар болғаны ассистент қана емес пе еді, бүкіл аурухананың қамын ойлайтын құдірет оған қайдан біте қалды?»

— Сіз бірдемені ұқпай тұрсыз ғой деймін, — деді кекете сөйлеген Шерубай,

— Әбілқас Дәрібасович кешеден бері осы қалалық аурухананың бастығы. Айсұлу Бейсенова жұмысты атқара алмаған соң Дәрібасовичты қоюға мәжбүр болдық. Ал жаңа бастық жұмысты жаңаша ұйымдастырмақшы...

«Бәсе, босқа қоқырая қалмаған екенсің ғой. Кеше неге келгеніңді енді білдім, сенің сорыңа сонда көңілімніп, жүдеу болғаны-ай! «Әй, дегенмен де қу екенсің!» Маңдайы тар адам қу болады» деп Бурдон тектен-текке айтпаған екен! Қу болмасаң: «Асқан оқымысты» дей отырып, Айсұлу Бейсенованың орнына қонжия қояр ма едің».

Бастық болғанымды құттықтайтын шығар деп қолын қалтасынан алып, ыңғайланып келе жатқан Әбілқасқа, мен іштегі ашуымды жеңе алмай, едірейе қарадым. Ол абыржып кейін шегінді.

— Шыққан тобық жайында модельдер керек болса, Шаумян артелімен сөйлесіңіздер, — дедім тұтыға үн қатып, жалпы алғанда, бұдан былай қарай сіздерді көргім келмейді. Осыны естеріңізге алыңыздар.

«О, тоба, Әбілқастың не жазығы бар? Бар жазығы бастық болғаны ма?» «Таз ашуын тырнаумен алады» дегендей, Шерубайға арналған тісімді оған да салып жатырмын. Әбіржіген Әбілқас:

— Өзіңіз біліңіз. Өзіңіз біліңіз, — деді, сөз таба алмай, жалынышты үнмен.

Ағат кеткенімді өзім де сезіп тұрмын. Бірақ айтылған сөз атылған оқ, оны қалай кейін қайтарарсың. Есікке қарай беттедім.

— Қош болыңыздар.

— Сәл кідіріңізші, — деді Шерубай, сөйтті де Әбілқасқа қарады, — біздің азырақ сөйлесетін сөзіміз бар еді...

Шерубай екеуіміз ғана қалдық. Шерубайдың бетіне енді ғана дұрыстап көз тастадым. Мен көрмеген үш ай ішінде ол тіпті өзгеріп кеткен секілді. Екі ұрты суалып, беті бұрынғысынан да қатпарлана түскен. Көзі де көптен бері ұйқы

көрмеген адамдай, талмаусырап, кіртііп қалған. Бұрын құла төбелденіп ағара бастаған шашы енді тіпті көк бурыл тартқан. Кездеспеген үш ай оған оңайға түспеген секілді. Өңі құр ғана жүдеу емес, аса қайғылы. Іштегі зардаптың сыртқа теуіп тұрғанын, боп-боз болып кеткенін бет-әлпетінен де білуге болатын.

Оңаша қалғаннан кейін, түрегеліп барып, есікті қаттырақ жауып келді. Сірә, ашық сөйлеспек ойы болса керек. Не айтар екен? Шерубай басын көтеріп, бетіме қарады.

— Жантас, екеуміз бұрын сырлас болған жандар емеспіз, — деді ол солғын үнмен, сондықтан менің сөзім саған ерсі боп көрінуі де кәдік...

— Сырлас болмасақ та таныспыз ғой, айта беріңіз. Ол бетіме таңдана қарады да қойды.

— Осы медицинаны төңіректегеніме ширек ғасырдай болып қалды. Содан бері талай-талай операция жасадым. Жүздеген адамды өлімнен құтқардым, өмір бердім. Өмір бердім деген сөз бақыт бердім деген сөз емес пе?

— Ол ауыр күрсінді.

— Ал тағдыр маған әділетсіздік жасады, мен бақытсыз жанмын...

— Бақытты болуды үйрену керек шығар.

— Оны үйренуге болмайды.

— Жоқ, болады. Біздің заманымызда ешкім де бақытсыз болып тұмайды. Жұртты да, өзімізді де бақытсыз ететін өзіміз.

— Кенет көз алдымда Ұлбосынның мұңлы жүзі елестей кетті.

— Егер Ұлбосын уылжыған он сегіз жасында біреуге кездеспесе, егер ол неме шынайы жанды адам болса, жас қызға қалай бақытты болуды үйретсе, бүгін Ұлбосынның бақытты болуы да ықтимал еді.

— Сөзіңе қарағанда Ұлбосынды бақытты болуға үйреткен секілдісің ғой, шамасы, тойларың да болатын шығар?..

Ие, болады!

— Қашан?

— Бүгін! Қазір!

Шерубайға деген ыза бойымды билеп алған. Не айтып тұрғанымды өзім де білмеймін. Аздан кейін Шерубайдың бетіне қарап едім, шошып кеттім. Алдымда алдамшы, қызқұмар, қатыкез жан емес, бүкірейген шал отыр. Қос иінін өзі көтере алмас бір ауыр жүк басып, басын төмен салбыратып, мықшия қалыпты. Тіпті жылап отырған адам тәрізді.

— Бақытты болуды үйренуге болмайды дейсіз.

— Неге екенін білмеймін, самай тамырым солқ-солқ етеді.

— Неге болмайды? Жұртты да, өзімізді де бақытты ету — бұл біздің қазіргі күні алатын шебіміз емес пе? Тіпті бақытты болуды үйрете алмаған күнде бақытсыздықтан қалай жалтарудың жолын көрсетуге болмай ма? Мұның үшін адам тек өз қызығы ғана ойламауы керек, өзгенің де өмірін, болашағын, тағдырын өз бақытымен тең көруі жөн. Бақытсыздықты жеңіп шығуға жол сілтеу де бақыт жолындағы күрес. Ал сіз не істедіңіз? — Байқаймын жүрегім қайтадан тулай бастады. — Көз алдыңызда Ұлбосын... — ойымды қалай келте қайырғанымды өзім де білмей қалдым! — Тойларың қашан болады дейсіз? Қайдағы той? Ұлбосын ауру...

Шерубай басын көтеріп алды:

— Қандай ауру?..

— Сіздің балаңызды алдырам деп мәңгілік ауруға шалдыққан.

Оны маған осы уақытқа дейін неге айтпаған? Өзіңіз неге сұрамадыңыз?

Шерубай жауап бермеді. Ол енді орнынан созалаңдай түрегелді. Ерсілі-қарсылы жүре бастады. Байқаймын, көзінде өмір оты пайда болды. Шамасы, Ұлбосынның өзімен қосылмағаны сол ауруынан екен деген шешімге келген секілді. Ауруы болған соң Ұлбосын екеуміздің арамызда да пәлендей бүлінерлік ештеңе бола қойған жоқ шығар деген үмітке келді ме, әйтеуір аяғын ширақ басады. Сорлы, кенет қасыма келіп тоқтай қалды.

— Ауру болғанмен өлген жоқ қой, одан құтқаруға болады. Қолымнан келгенін...

Мен оның сөзін бөліп жібердім.

— Әуре болмай-ақ қойыңыз. Ол емделуге әке-шешесіне жүріп кетті.

— Қашан?!

— Кеше. Екі иығы қайтадан төмен түсіп кетті.

Ұлбосынның өзімен тым болмаса қоштаспай кеткеніне Шерубай енді түсінгендей. Ол аздан кейін басын көтеріп, маған қарады. Көзінде жас бар, өкініш жасы болса керек, сірә.

— Қашан жүресің? — деді ол дауысын көтермей.

— Қайда?! Алматыға ма?

— Жоқ, Ташкентке! Оның әке-шешесі былтыр Ташкентке ауысқан. Ұлбосынның өзі солай деген.

Ұлбосынның қайда барарын менен жасырғанын, оның маған енді жоқ екенін түсіндім. Шерубай екеуміздің қайғы ұпайымыз түгелденгендей.

— Жоқ, мен еш жаққа да бармаймын, — дедім. Қайда барарын айтпаған Ұлбосынға өкпелегендігімнен бе, әлде одан күдер үзуім керек деген әзір тек жүрек түбінде жатқан көмескі шешімнің дүмпуі ме, бұл сөздің аузымнан қалай шыққанын өзім де аңғармай қалдым.

Шерубай маған түйіле қарады. «Сөз жоқ, оны осындай бақытсыз күйге ұшыратқан мен» деп тұр. Расында солай емес пе?

Шерубайдың бұл көзқарасынан, оның мені жек көретінін айтпай-ақ түсіндім. Өзін мұндай күйге ұшыратқан адамды ол аяр ма? Құдай тек оның операция столына алармасын де!..

Мен үйден шыға бердім.

Ұлбосынның тағдыры жанымды жегідей жеп маза бермеді. Оны аяп бір күйіндім, бір ызаландым. Қолымнан бұдан басқа не келер? Жоқ, келетіні көп. Егер дарыным жетсе мен оны мәңгі өлмес ете аламын. Менің қолымда еш дәрігердің қолына түспейтін қуат бар. Дәрігер оның жанын ғана сақтайды. Ал мен бүкіл адам баласына, болашақ ұрпаққа оның есімін, бейнесін, жүрек күйінішін, қуанышын сақтай аламын. Бұл оның маған деген махаббатының, Шерубайдан көрген зәбірінің төлеуі болмай ма?

Сол емханадан келген күні-ақ мен оның тас мүсінін жасамақ болдым. Осыдан бір ай бұрын салып алған суретіме қарап ұзақ отырдым. Бастан кешкен тәтті минуттер бірінен соң бірі тізбектеліп көз алдымнан көшкен бұлттай елестеп өтіп жатты. Осынау сымбатты, күлімдеген мұңды бота көз, сол алғашқы күнгі кездескенімдей қайтадан ойымды орап, бойымды биледі.

Мен Ұлбосын мүсінін ең алдымен Лорендо Бартолинидың «Бүйі шаққан Нимфа» бейнесінде жасағым келді.

Дегенмен әрі ойлап, бері ойлап, көңіліме қонған бұл композициядан бас тарттым. Оған себеп, Ұлбосын өмірінің трагедиясы маған Нимфаның бүйі шаққан зардабынан ауыр көрінді. Сондықтан оған басқа шешім бөтен композиция керек секілденді. Екіншіден әзірге біздің көркем өнердегі ойымызды беру бостандығы жеткілікті: қалай жүрсең де еркің бар, бірақ адамгершілік, идеялық шектен шықпау керек. «Ұятай, Ұлбосынды тырдай жалаңаш салып қойыпты» дейтін үлкендердің сөзін былай қойғанда, жас өспірім замандастарымның өзі не демек? Социалистік реализм антикалық заманның шешімінен басқа, адамның тағдырын, бейнесін көрсетуде жаңа әдіс, жаңа сөз таба алмаған ба? Адамды жалаңаш көрсету сұлулықты қайғы, қуанышты бейнелейтін жалғыз ғана жол болып па? — демей ме екен.

Осындай түйінге келіп жаңа композиция, жаңа шешім іздей бастадым. Бірақ, қанша ойласам да өзім көрген нәркес көрініс, жүрегімді алғашқы рет шын толқытқан сонау табиғи сурет өзіне тарта берді.

Оңтүстікте қыс тез өтеді. Әне-міне дегенше март та туып қалды. Мырыштауда күн жылынып, алашабыр қар бір-екі-ақ күнде кетіп, көктем есе бастады. Ал мен болсам Мәдениет сарайындағы міндетті жұмысымнан басқа мезгілімнің бәрін осы Ұлбосынның мүсінін жасаумен ғана өткіздім. Қазандай көгілдір мәрмәр тасты қашай-қашай бөріктей ғана қалды. Ұлбосынның тас төсекте шынтақтай жатқан тұлғасы ойылып та бітті. Енді жұмыстың ең ауыр сатысы қалды. Адам ажарына құбылыс, денеге көркемдік беру керек. Ішкі жан сезімі мен сыртқы бейненің үндестігін, сұлулығын, бірін бірі толықтырып тұрған қасиетін келтіру керек. Бұның бәрі көз, бет құбылыстары, дене ишараты арқылы айтылу керек. Бұл билейтін сатысы. Бүгінгі жұмыс күндегідей нәтижелі болды. Таңертеңнен үйден шықпай тас мүсінді айналдырдым. Көптен бері ойдағыдай шықпай жүрген Ұлбосынның маңдай кейпін айнытпай түсірдім. Қабағын түйгенде пайда болатын маңдайындағы білінер-білінбес қос сызық соншалық дұрыс түсті, қапелімдегі шеберлігіме өзім де риза болып қалдым. Бұл жұмысты бітіріп, Ұлбосынның енді қарлығаштың қанатындай қастарын жасауға кірісе бастағанымда біреу есік қақты.

— Кіріңіз, — дедім мүсіннен басымды көтеріп,

Үйге Шерубай кіріп келді. Көрмегеніме көп болған, бұрынғысынан да қажып, жүдей түсіпті. Бірақ сыр бергісі келмеген адамдай сәндене киінуге тырысыпты. Үстінде жұқа сұрғылт лавсан костюм, қолында сұрғылт қалпақ, көгілдір болонияны қарына іле салған. Нағыз бір үйленейін деп жүрген жас жігіт тәрізді. Тек реңі ғана солғын. Менің үйімде бұрын-соңды болып көрген емес еді. Сондықтан оның бұл келісіне таңқалдым. Соны сезген Шерубай амандасып болғаннан кейін, жүдей езу тартты.

— Неге келді деп таңданып тұрсың ба, Жантас?

— Өзіңіз қалай ойлайсыз?

— Түнде аспандата ұшқан қаздардың қаңқылдағанын естідім. Жаздың келгенін бүгін ғана білдім, — деді Шерубай сөзіме жауап бермей, — дүниенің бір сәтті кездері болмаса, мен тіпті өмір сүре алмас едім. Үнемі кісі сою, өлім, кілең асқынып кеткен ауру — өзгені емдемек түгіл, кейде, өзіңді өзің асып өлтіргің келеді...

Шерубай аса бір қайғылы жағдайда секілді, бірақ әзір мен ештеңе түсінген жоқпын, тағы не дер екен деп, жұмған аузымды ашпадым.

Ол қалтасынан сигаретасын алды да, маған қарады. — Тартуға болады, — дедім мен. Шерубай шылымын бір-екі рет сорды да, ойлана сөйлеп кетті.

— Кеше сырқаты асқынып кеткен бір аяулы адамды операция үстінде өлтіріп ала жаздадым. Талай жасап жүрген операция ғой. Бірақ... маған не болды деймін? Соңғы кезде қолым дірілдеп, операция үстінде ойым бетен жаққа бөлінетінді шығарды... Сірә, шаршаған секілдімін. Әлде қайғы жеңейін деді ме... Өз басыңды арашалай алмай жүріп, өзгені қалай емдейсің...

Шерубай шылымының түтінің қолымен ақырын жайқап стол үстіндегі Шыныға түсірді де, тағы маған қарады.

— Мұндай жағдайда операция жасауға болмайды... Операция столына жатқан адамның өмірі шыны тәрізді, абайламасаң сындырып аласың... әрі ойлап, бері ойлап кешеден бері операция жасаудан бір жолата бастарттым. Бұдан былай тек патанатом жұмысыменен ғана шұғылданам, — кенет езу тартып, күлімсіреді, — ұзақ жылғы еңбегімнің осылай біткен қуанышына, бүгін өзіме өзім демалыс бердім...

Маған Шерубайдың ұзататын қыздай киінгені енді түсінікті болды. Бірақ операция жасаудан мүлдем бастартқанына шын қуанышты ма? Ол мамандық өзінің сүйіп қалаған ісі емес пе еді? Ендеше қалаған мамандығынан айырылу адамға қуаныш бере ала ма? Жақсы көрген ісінен айырылу оңай ма? Егер өз басыма сондай күн туса не істер едім? Маған да сүйген ісіңнен айырылу тірідей өлік болумен бір секілді.

— Басқа барар жер болмаған соң, азырақ әңгімелесіп көңіл көтерейін деп сенікіне келдім...

«Тапқан екенсің әңгімемен көңіліңді көтеретін адамды»!

— Операция жасау қолыңыздан келмейтін болса, оған қапаланудың қажеті жоқ қой деймін, — дедім мен тікелей. — «Орны толмас адам жоқ», операцияны басқалар жасар, жастар өсіп келеді ғой. — Менің бұл сөзім Шерубайға ұнаған жоқ, көріп отырмын. Бірақ онда менің не шаруам бар? Ойымды сабақтай бердім, — шаршаған болсаңыз, енді дұрыстап демалыңыз. Кітап оқыңыз, музыка тыңдаңыз, театрға барыңыз, Халыңыз келгенше өткенді ұмытуға тырысыңыз. Өткенді еске түсіру жұрттың бәріне бірдей қуанышты іс емес. Өмір бойы адам баласына жақсылық істеген адам ғана өткен күнін ойласа қуана алады. Сіз не істедіңіз? Ауру жанға операция жасағаныңызды айтасыз ба? Бұл дәрігерлік міндетіңіз. Сол үшін сіз еңбекақы аласыз, профессор болдыңыз. Сізді үкімет, партия сол үшін оқытты. Өзге ден гөрі операцияны жақсы істейтін шығарсыз, өзгеден гөрі ауру адамды өлімнен көбірек алып қалуыңыз ықтимал. Міндет

қылғаныңыз сол ма? Табиғаттың берген дарынын саудаға салмаңыз! Ал мамандық еңбегіңізге қоса кең пейіл дарқан жанды адам деген атты жоғары ұстаған кісі болсаңыз, мұндай жүдеу күйге соқпаған болар едіңіз.

Не айтып, не қойғанымды өзім де білмеймін. Тек Шерубайға деген ыза жоқ жерден бомбы болып жарылып жатқан тәрізді. Әрине, айтып жатқан сөзімнің көбі дұрыс емес екенін де білемін. Бірақ оның бәрін ақылға салатын қазір мен де мүмкіндік жоқ.

Мен Шерубай бұлқан-талқан болып ашулана ма, немесе есікті тарс жауып кетіп қала ма деп едім, ол оның бірін де істеген жоқ.

— Дәл сен айтқан айыпты мен өзіме де тақтым, — деді ол ойлана, — операция жасап жұртты өлімнен алып қалдым деп міндетсізін ештеңе де жоқ... Егер суретші сурет салғанына, ақын өлең жазғанына бәлденер болса, әрине, ол да дұрыс емес. Мәселе әркімнің сол өз мамандығына, ұстаған жолына қалай қарады, міне сонда. Мен өз міндетіме адал қарадым. Қолымнан келгенше барымды аямадым. Сондықтан менің арым таза...

Мен оның сөзін бөліп жібердім.

— Арыңыз үнемі таза болды ма? Дәрігерлігіңізді былай қоя тұрыңыз, адамгершілік арыңыз үнемі таза бола алды ма?

— Адамгершілік дегеніңіз халқыңа адал қызмет істеу емес пе? Бұл жағынан маған кінә таға алмайсыз. Ал Ұлбосынға келсек...

— Сірә, оған да айыпты емеспін демексіз ғой? Бәріне айыпты махаббат демексіз ғой!

— Махаббат еш уақытта да айыпты болған емес, Опасыз болсақ, біз өзіміз айыптымыз.

— Бұны білгеніңізге рахмет!..

— Бірақ адам тек өзінің жамандығынан ғана қателесе ме? Бөтен де себептер бар емес пе?

— Қандай себеп болса да адам тағдырынан қымбат емес. Басқа адамның тағдырымен ойнауға еш себеп керек емес. Әсіресе Ұлбосын секілді албырт жастың...

— Мен оның тағдырымен ойнаған жоқпын, — деп Шерубай қинала сөйледі, — шын жүректен жақсы көргенім де рас. Ол кезде тек Ұлбосын ғана болды арманым. «Құдай қырына алса, адам қырқында да таз болады» өзімді өзім ұстай алмадым.

— Онда алдымен үйлену керек еді!..

— Үйленбейін дедім бе, әйелім соның алдында ғана ұл тапқан. Бұрын баламыз болмайтын...

— Біріншіден бұл себеп емес, екіншіден, енді сол әйеліңізді балаңызбен тастап кеткен болсаңыз екі есе күнәкәрсіз!

Шерубай басын төмен түсіріп жіберді.

— Жоқ, әйелім мен балам бұдан төрт жыл бұрын автомобиль апатынан қайтыс болған.

Мен Шерубайдың бетіне үңіле қарадым, Алдымда беті әжім-әжім бүкшиген шал отыр. Елуде ғана деп мұны кім айтар. Аяп кеттім. «Япырмау, оның жағдайын бұрын неге сұрамадым? Осынау адамның басынан аз қайғы өтпегені анық қой...

Бұның жағдайын біле тұра Ұлбосын неге өкпелейді? Өкпелемегенде қайтсін, оның жас өмірі осы отырған мүсәпір адамның кінәсінен бұзылған жоқ па?» ойым бұлқан-талқан, нағыз бір тасыған судың толқыны әкетіп бара жатқан секілдімін, қай жағаға қарай жүзудің, қай мұздың жиегінен ұстаудың ретін білмей сасудамын.

Шерубай орнынан түрегеліп ерсілі-қарсылы жүре бастады.

— Ұлбосыннан хабарың бар ма? — деді ол өте жүдеу сөйлеп,

— Жоқ!

— Еш хабар ала алмаған соң сен бірдеме біле ме деп келіп едім...

— Бұл жағынан менің де сізден артып кеткен ештеңем жоқ.

— Ия, солай секілді.

Кенет ол маған жалына қарады.

— Сен Ұлбосынның мүсінін салып жатқан көрінесің ғой. Көруге бола ма?

Оңбаған Әбілқас жеткізген екен! Кеше Базаргүл екеуі үйге келген еді. жасап жатқан мүсінімді көріп «Бұл кімнің бейнесі?» деген. «Жалғанда қыз аз ба?» деп жалтара жауап бергем. Өйткені Ұлбосын екеуміздің арамыздағы жағдайды білсе, тек Шерубай ғана білетін шығар деген сенімде болатынмын. Біз Ұлбосын екеуміз анда-санда оның үйінде кездескеніміз болмаса, еш уақытта да театрға, не көшеге бірге шыққан емеспіз, өсек ете қоятындай көршілері де жоқ. Бізді қайтсін. Әркім өз шаруасында. Ал Шерубай да біле қалған күнде, жұртқа ештеңе демесе керек еді. Сүйінші ала ма? Сондықтан Ұлбосын екеуміздің арамыздағы сүйіспеншіліктен Әбілқас пен Базаргүлдің хабары жоқ деп ойлайтынмын. Ұлбосын туралы ешкімге тіс жармағанымды өзім білемін. Ал Ұлбосынның да сыр сақтайтынына шү бәланбаймын. Сейтсем... Әбілқас қу бәрін де білетін секілді. Әйтпесе әлі әбден бейнеленбеген мүсінді Ұлбосынның мүсіні дер ме? Және оны шерубайға айтқан тек сол. Әйтпесе мұны одан басқа жан көрген жоқ.

Әбілқасты алдағанмен, Шерубайды алдауға болмайды. Реті жоқ. Енді ол кіріп келе жатқанда мүсіннің үстіне жаба салған шүберекті сырып тастадым. Шерубай орнынан түрегеліп мүсіннің жанына келіп, үн-түнсіз қатты да қалды. Тастағы кімнің тұлғасы екенін бірден танығанын көзінен көріп тұрмын. Әлден уақытта ол мүсіннің жанына бір дізерлей отырды. Алдында тұрған тек тас бейне емес екенін білгісі келгендей ол енді Ұлбосынның басына қолын апарды. Мүмкін тас болса да сүйген адамының жұпар иісін есіне түсіріп, сұлу денесін тағы да бір аймалағысы келіп кетті ме, мүсіннің шашынан сипап, қолын мойнына төмен қарай сырғытып, мықын тұсына әкеп тоқтатты. Тас дене осы жерге дейін ғана ойылған болатын. Әрі қарай Ұлбосын денесінің жалпы тұрқы ғана болмаса, әлі анықталып бейнеленбеген еді.

Шерубай созылыңқырай түрегелді.

— Белінен төменгі денені тәптештеп көрсетпексің бе? — Әрине...

— Осы қалпында қалдыруға болмас па екен? Үстіндегі көрпесінің жартысы ашылып, жартысы жабылып жатқандай болып көрінсе шындықтан оғаш кетпейсің...

Көзінде де, үнінде де бір жалынышты сезім бар. Шіркін, жүрек! Жақсы көрген адамын тым жалаңаштап жібергенін ұнатпай тұрғаны анық. Өмір бойы жалаң адам денесімен шұғылданып келе жатса да, қазір оған Ұлбосынның құр

денесін ғана емес, оның ар-ұятын да жалаңаштағандай көрінем. Мүмкін бұл жасы ұлғая бастаған адамның ілтипат сақтағанды ұнатқандығы ма? Солай секілді, көбіне жасқа қызық ой, кәріге бұзық ой болып көрінетіні бар емес пе...

Шерубайдың ойы маған да ұнады. Өзім білетін сұлу тұлғаны жұртқа әшкерелеп көрсеткенде не табам?

Маған жексұрын көрінгенімен мұның білімдар, тіпті, ақылды адам болуы да кәдік-ау өзі. «Сүйген қызыңды жалаңаштауға арың қалай шыдайды», — деген орыс әдебиетінің арыстаны — Л. Н. Толстойдың пікірін мұның білмесіне кім кепіл. Айтқан сөзін қалт еткізгім келмеді.

— Жақсы, есте болсын.... — дедім.

— Қанша аласың? — деді ол кенет маған кілт бұрыла қарап, — мүсінді жасап болған соң маған сат.

Біреу жағымнан тартып жібергендей болды. «Оңбаған! Мен күні-түні ұйқы көрмей тас қашап жүргенімді ақша үшін деп ойлаған екенсің ғой!» — дедім ішімнен. Шерубайға деген көңлімнің сәл жібiген бұрынғы ашуым жеңіп, қайтадан көтеріле бастады. Сөйтсе де өзімді өзім ұстап, қасақана:

— Жүз мың сом! — дедім.

— Ескі ақшамен бе?

— Жоқ, жаңа ақшамен.

— Ондай ақша маған қайдан келсін, — деді ол жүдей сөйлеп, — Өмір бойы ақша жинап көрген емеспін, тек соңғы жылдары ғана жұмсайтын мұқтажым болмаған соң жинақ кассасына салған бір он шақты мың сом ақшам бар. Соны тегіс ал.

— Бір тиын кемге бермеймін, — дедім мен қасара сөйлеп, — Ұлбосынның бейнесін тым арзан бағалайды екенсің!

Шерубайдың екі иіні төмен түсіп кетті. «Шоқ,шоқ, пәлем саған сол керек!»

— Жоқ болса қайдан табам?

— Онда менің шаруам қанша! Әрине менің бұлай сөйлеуім дұрыс емес. Оны өзім де білем. Шерубайдың бетіне қарап едім, ол тым жүдей қалған екен. Аяп кеттім. Ашуымды шайып-жуғым да келді, сөйтсе де сыр бермегенсіп:

— Әнеугіден бері күні-түні көк мәрмәрді текке қашады дейсіз бе? — дедім. — Міне көр алқаныма сүйел де пайда болды!

Менің соңғы айтқан сөздерім, жүз мыңнан мүсінді кемге бермейтініме көзін жеткізді білем, — Шерубай енді тіпті күдеу баяу күрсінді.

— Ақшаның мұндай қажетке зәру боларын білгенде, баяғыдан бері жинай берер едім ғой...

— Сіздей адамның ақшаның құнын білмейді дегенге сену қиын. Егер сізге Ұлбосын мүсіні қымбат болса, табыңыз төлеуін.

Менің мұным қай сөз? Табалау ма, әлде кекету ме? Соншама шұқшиятындай бұл қай бір жетісіп жүрген адам?

Шерубай маған жауап қайырған жоқ. Ұлбосынның мүсінін қия алмай көзін бір аударды да, шляпасын алып, үн-түнсіз үйден шығып кетті.

Терезеден көріп тұрмын, арғы көшеге өтіп барады. Сәл бүкірейе түсіп, аяғын ілби басады.

Кенет Шерубайды қуып жеткім келді. Бірақ орнымнан тырп етпедім. Өзімді

өзім қалай ұстап қалғанымды білмеймін.

Шерубай кеткеннен кейін біраз толқып, көңілімді әзер бастым-ау. Әріберіден кейін мүсінді оюға қайтадан кірістім. Адам деген қызық жаратылған ғой. Қолда барда алтынның қадірі жоқ, қолыңнан шығып кетсе, мойныға бұршақ салып, қайта оралуын тілейсің. Кеше Ұлбосын көз алдымда жүргенде, мән бермей қалтамда жатқан ақшадай көрдім, одан айырылып қалады екем-ау деген қауып, өңім түгіл түсіме де кірген емес. Қадырын білмедім. Маған өзімшіл зор сенім қайдан пайда болды? Өнерім қанасынан асып төгіліп жатқан өнерпаз емеспін ғой мен. Қазандай бір тасты айналдырғаным бес айдан асып кетті. Расында, бұл мүсіншіге көп уақыт па? Аполлон мен Венераның мүсінін көне грек шебері жиырма жыл ойды деген аңыз бар. Көркемөнер қанша да болса шыдамдықты, табандылықты тілейді. Сол табандылық менен табылар ма екен?

Бірді айтып бірге кетем, әлгінде Ұлбосын көз алдымда жүргенде қадірін білмеуші едім дедім ғой. Ал көзімнен таса болып еді, оны күннен күнге сағына бастаған секілдімін... Расында солай ма? Онда оған неге кетпе демедім? Алғашқы рет құшағын ашып, бар сырын ақтарып келгенде неге «үйленемін» демедім?.. Сол күні мені қызықтырған өнер шабытына қанат бітірер сұлу тұлға болмап па еді? Қазірде қиялымды қанаттандырып бес ай тас қашаттырып қойған сол бір мінсіз тұлға емес пе? Бұл не, махаббат па, әлде сол бір сұлу әйелге қызығып, жас көңілдің еліктеуі ме? Ой түбінде жатқан бір сезім өзімнің соңғы топшылауымды қабылдайтын секілді. Сондықтан Ұлбосынның асыл бейнесін тас мүсінге айналдырғым келетіндей. Сондықтан да мен кішкентай болат балғамды көк қашаудың үстіне салып, күндіз-түні көгілдір мәрмәрді ұрғылайтындаймын...

Шынын айтқанда бұл менің бірінші рет «ғашық» болуым емес. Жиырма беске келгенше еш қыздың бетіне қарамадым дегенге кім сенеді? Әрине қарадым да, қыздармен бірге кинотеатрларға барып, би алаңдарында биде биледім.

Жастық дегеннің өзі де би емес пе, бойыңа біткен қуат қызуын қайда сыйғызарыңды білмей, жанталасасың, бір орында отыра алмайсың, шыр айналасың, мұның өзін би емес деп кім айтты.

Бірақ махаббат мәселесінде жолым болып көрген емес. Маған ұнаған қыздардың жігіттері болып шығады, яки қызға қашан ұнаймын деп кинотеатрға шақырғыштап жүргенімде, оларды менен көрі пысықтау біреулер қағып кетеді.

Менің жүрегімнің түбінде ұйықтап жатқан жастық сезімімді алғашқы оятқан Аяужан атты бір жас періште еді. Қазір әңгімем ол туралы емес. Басқа қыз жайында. Аяужанға да кезек келер...

Ленинградта оқып жүргенде маған бір қыздың өте ұнағаны әлі есімде, өзі қазақ болса да сарғылт алтын шашты, аспан түстес көгілдір көзді болатын. Аты Үміт еді. Ол біздің шеберханамызға натурщица болып келді. Ересек жігіттерді көріп жерге кірердей болып ұялады. Алғашқы күні шешіліп сөйлемеді. Студент болғанмен біз де адамбыз ғой, құлақ еститінін естиді, көз көретінін көреді, қымсынбасқа, ұялмасқа амалы бар ма, Ертеңіне қайта келді. Сірә, қаражатқа зәру болуы керек, жалаң бейнесін салуға көнді. Бірақ өзгелер емес, тек мына бала салсын деп мені нұсқады. Мені неге таңдағанын өзім де білмеймін. Мен

өзгелерден көрі жастау болатынымын және оған басқалардай сұқтана қарамадым, ол кезде менің де ежеттігім шамалы. Заты осы қасиеттерім жеңген болу керек, әйтеуір мені өзі қалады. Әдепкіде екеумізге де қиын болды. Бірімізден біріміз ұялып, әбден зықымыз шықты. Жалаңаш қыз тұлғасын бірінші рет көруім, бір жағынан таңсық, екінші жағынан маған да ерсі... Осы бірінші көрген денемнің әсері болуы керек, бұ дүниеде ең сұлу көріністің бірі жалаңаш әйел денесі деген ұғым менде содан қалған секілді. Расында да Үміттің денесі сондай сұлу еді! Жұп жұмыр, қағаздай аппақ. Қос анары бұзылмаған алмұрт тәрізді, үштері сүтсүйір болып бір жатпайды. Төрт-бес сеанстан кейін бірімізге біріміз үйрене бастадық. Ол маған енді бұрынғыдай ұялуды қойып, күлімдей қарайтын болды. Ал мен болсам... өзім де білмеймін, қандай күйге ұшырағанымды, Көз алдынан Үміт бір кетпейді. Сабақта отырсам да, үйге келсем де, трамвайда кетіп бара жатсам да көз алдымда тек қана бір Үміт. Оның күлімсірегені, басын қалай бұрғаны, маған қалай қарағаны, бәрі-бәрі есімде. Мазамның кеткендігі соншалық, шырт ұйқыда жатсам да Үміт есіме түсіп кетсе, қайғы деген кірпікшешен жүздеген инесін жүрегіме түйреп алғандай селк етіп оянам да, сосын таңатқанша көз ілмеймін. Маза көрмей дөңбекшімін, де шығамын.

Суретке түскен әр сеанстан кейін мен оны, әдетім бойынша, автобус аялдамасына дейін апарып саламын (танысқанымызға екі-үш күн өткеннен кейін оның әке-шешесі жоқ, өзі автоматим техникумында оқитынын білгем). Үміт сеансыға келетін күн маған мереке тәрізді. Ол түні қыры сынбасын деп жалғыз шалбарымды су бүркіп матрасымның астына салып жатамын. Ақ көйлегімнің жағасын жыртылуға таянғанша аппақ етіп жуамын. Ал аяқтағы қара бәтеңкемнің былғарысын жылтыратамын деп шұғамен үйкелей-үйкелей үлбіретіп алдым. Бірақ оған «сені жақсы көремін» деп аузымды ашуға батылым жетпейді. Үміт келген сайынғы дағдым үнемі осы. Ода тіл қатпайды. Мен де жұмған аузымды ашпаймын, суретін саламын, автобусқа апарып, келуін күтем...

Осындай жағдайда үш айдай жүрдік. Оқу жоспары бойынша Үміттің суретке түсіп болатын күні де жетті. Бүгін ойымдағы арманымды ашпасам (не ашуым керек екендігін де әлі анық білмеймін), Үміт енді маған Жоқ, ол ертеңнен бастап келмейді.

Екеуміз қатарласа жүріп келеміз. Менде әлі үн жоқ. Тек көңілімде мұң, айтайын дегенім тілім үшінде: «Үміт қашан кездесеміз, сен маған өте ұнайсың» демекпін. Автобус аялдамасына да таяу қалдық. Не болса, о болсын, нағыз бір биік жардан суға секіргелі тұрғандай бойым діріл қағып, көзімді жұмып, аузымды аша бергенімде, Үміт менен бұрын;

— Сізге көп рахмет, менің үйлену тойыма мүмкіншілік жасадыңыз. Студенттерде ақшаның көп болмайтыны өзіңізге де мәлім ғой, — деді ол қызара ұялып, — және Володя екеуміздің атымыздан өтінемін жексенбі күні біздің үйлену кешімізге келіңіз.

Төбемнен біреу ұрып жібергендей болды. Менің үш айдан бері бар тапқаным Үміт тойына тек ақша жинап алуға жәрдемдескен екенмін. Үйге қалай қайтарымды білмей тұрып қалдым.

Бұдан кейінгі мені кәдімгідей толқытқан — Ұлбосын. Бұның да жайы маған белгілі болды. Одан хабар-ошар болмаған соң «аурумын дегені менен құтылғысы

келген екен? Бәсе, қайда барарын менен текке жасырмаған екен» деген қорытындыға келдім.

Әйтседе оның мүсінін жасай бердім. Талай түнді ұйықтамай өткіздім, әйтеуір апрельдің аяқ кезінде жасап та бітірдім! Мүсін көңілдегідей боп шықты. Ұлбосыннан алған қуанышым: қиялыма қанат берген, бірге өткізген тәтті түндер текке кетпепті, дарынымды шалықтатып, өнеріме өнер қостырды. Көптен бері арман етіп жүрген көркемөнердің бір ғанибет туындысын жасауыма себеп болған махаббатыма да, Ұлбосынға мың да бір рахмет. Ал ол шын ауру болса ауруынан айықсын, ауру болмаса, бақытты өмірге жетсін!

5

Ақыл, ой адамның творчестволық қиналуы — негізінде оның сұлулыққа ұмтылуынан, бірақ сол сұлулықты қалай берудің дұрыс шешімін таба алмауынан туады. Мақсат бір алыстан бұлаңдаған қызыл түлкі тәрізді, ал қуып жетіп көр. Ол сан қызыл түлкіге қолын созған сайын, көңілін күдік, ойын тұман басады, бір шешімнен екінші шешімге көшеді. Тастап кетейін десе алдындағы қызыл түлкі — арман көңілін тартып қоймайды. Тастамайын десе дәл тапқан жол жоқ, алды бұлдыр сағым, құр елес. Міне осындай жағдай ой адамының жанын жегідей жеген творчестволық қиналуына себеп.

Ұлбосын мүсінін салуда менде ондай қиналу болған жоқ. Бұл неліктен? Бұл мүсін менің ақыл-ойымның ұшар көгі, қонар көлі болмағандықтан ба? Әлде Ұлбосынға деген менің сезімім шын ғашықтарға тән сенім еместігікен бе? Не дегенмен де ойымды толқытып, бойымды билеп әкетіп бара жатқан асау күш жоқ, бірақ мүсін ойлағанымдай шебер шығуда...

Ғашықтық! Өз басымнан қазақтың ескі ертегі, дастандарында кездесетін осы бір ғажайып сезім әлі шын өтпегендіктен бе, Шерубайдың Ұлбосын жайындағы қайғысына тақа сене де қоймадым.

Біздің заманымызда ондай ғашықтық болуы мүмкін бе? Басы ауырағанның құдайда несі бар дегендей, мүмкін өзім Шерубайдай азап жүгін арқалап көрмегендіктен, өзгенің қасіретін түсінбейтін шығармын? Ия, солай секілді. Оған көп кешікпей көзім жетті. Бір күні мен Шерубаймен тағы кездесіп қалдым. Мен қайтыс болған бір жас жігіттің маскасын алып, үйге қайтып бара жатыр едім, кезекті операциясынан кейін бақшада дем алып ерсілі-қарсылы жүрген Шерубайға тап келдім... Түрін көріп шошып кеттім, екі көзі шүңірейіп, екі ұрты суалып, құр сүлдесі ғана қалыпты.

— Сізге не болған? — дедім амандасып біткеннен кейін, таңданғанымды жасырмай, — аурусыз ба?

— Аурумын...

— Қай жеріңіз ауырады? Шерубай жүрек тұсын меңзеді.

— Миокардитсіз бе? Әлде инфарксыз ба? — дедім өзім шала білетін жүрек ауруының аттарын есіме әзер түсіріп.

Шерубай мысқылдай езу тартты.

— Өзіңнің жүрегің ауырмаған соң қайдан білейін деп едің. — Ол енді маған

тесіле қарады, — баяғы бір жазылмайтын жүрек ауруы да... Аты Ұлбосын...

— Ол расымен-ақ жазылмайтын ауру болғаны ма?

— Сен әлде сенбейсің бе?

— Біздің заманымызда... Атом заманында ондай ғашықтық болуы мүмкін бе?

Тым өткен замандар ертегісіне ұқсайды.

— Сен біздің заманымызда шын ғашықтар болмайды деп ойлайсың ба?

— Бірін бірі жақсы көру, сүйе болады ғой. Ал бірі үшін бірі жан берерлік ғашықтық... — мен сөз таба алмай сәл кідірдім де, өзімнің сенбестік ойыма қайта оралдым, — тым ертегіге ұқсайтын жәйт.

— Бекер олай дейсің! — деді Шерубай қабағын түйіп — сенің бұл сөзің адал жанды ғашықтарға жапқан жала. Мен ондай адамдарды көп көрдім. Егер естігің келсе өзім куә болған екі ғашық жанның ғажайып уақиғасын айтып берейін...

— Қозы Көрпеш пен Баян сұлу секілді бірі үшін бірі жан қиғандар жайында ма?

— Жоқ, өлім үшін емес, өмір үшін алысқан ғашықтар жайында...

Шерубайдың іштегі шерін сыртқа шығарғысы келіп тұрғанын сезіп, үйде бәлендей істейтін шаруам болмаған соң, дәрігердің әңгімесін тыңдағым келіп:

— Айтыңыз, тыңдауға мен дайынмын, — дедім. Біз бақшаның кісі көп журмейтін бір тыныш бұрышына барып орындыққа қатарласа отырдық.

— Мен медицина институтын бітіріп Қызылорда қаласына алғашқы тәжірибе жұмысына келген жылым еді, — деді Шерубай бірден сөзге кірісіп, — үкімет берген үйде маған көрші ерлі-зайыпты қазақтың екі жасы тұрды. Ерінің аты Асығат еді, әйелінің аты Қаракөз... Қаракөз десе қара көз еді-ау! Жаңа атып келе жатқан таңдай бозғылт жүзді, тұнып жатқан қара судай үлкен ойлы қара көздері әлі есімде... Адам да жыл құсы тәрізді ғой. Көктемде келген аққу қаз ұзап ұшқан сайын, өзінің жаз бойғы рахаттана жүзген көлін ұмытпай ма... Адам да сол секілді. Басыңнан өткен күнің алыстаған сайын кездескен адамдарыңды да ұмытасың... — Шерубай ақынрын күрсінді, — бірақ Қаракөзді мен осы уақытқа дейін ұмытар емеспін...

— Сірә о да сіздің жүрегіңізге жара салған ғой?..

Өзім осы сөзді айтарымды айтсам да, жерге кірердей болып ұялып қалдым. Оған себеп маған Шерубайдың «сен не айтып отырсың?» дегендей таңдана қарағаны болды. Оның бұл көз қарасында бір үлкен мұң, аяушылық бар еді. Өзімнің тайыз ойлы мүсәпір жан айтар сөзді айтқанымды түсініп қызара түстім. Менің мұндай жағдайымды аңғарған Шерубай қайталап сөз қозғаған жоқ, әңгімесін соза түсті.

— Бұл екі жас бірін-бірі өте жақсы көретін еді. Үйленгендеріне үш жыл толыпты. Араларында екі жасар жалғыз ұлы бар. Аты Берік болатын. Ері Мәскеудегі жол салу институтын, әйелі мұғалімдік екі жылдық жоғары дәрежелі мектепті бітірген екен. Бірін бірі сыйлағандығы, жақсы көргендігі соншалық, тіпті тыс көзге де айқын еді... — Шерубай сонау бір өткен күнді көз алдына елестеткен ұзақ уақыт үндемей қалды.

— Ия, сосын?

— Сосын дейсің бе? Сосын не болатын еді. Дүниеде қуаныштан қысқа не бар, жарық күн батып, түн келді. Өмір деген ақ айдында рахаттанып жүзген қос

аққуды тағдыр атты жауыз аңшы ақ айдыннан айырды... Қаракөз бір күні біздің ауруханаға келді... Бармағында пайда болған қал секілді кішкентай жарасын көрсетті. Бұл ол кезде жазылмас ауыру алапестің ең алғашқы белгісі еді... Амал жоқ, біз оны өзгеге жұқтырмас үшін, сол кездегі резервация Барса келмес аралына жүргізбек болдық...

Денем тітіркеніп, бойымды бір бастырық секілді қозғалтпас зіл басқандай болып кетті.

— Ерінен, баласынан айырып па?

— Ия, өйтпеске болмайтын еді. Өзге жұртты аман алып қалу үшін бұл жалғыз жол...

— Япырмай, ә... Қандай трагедия! Жаны сүйген ері мен баласынан айырылған сорлы әйел кеселінен бұрын қайғыдан өлді ғой...

— Ия, Қаракөздің сондай халге ұшырайтынын білген Асығат, біз ойламаған шешімге бел буды... Міне шын ғашық деп соны айт...

— Қандай шешімге? Тезірек айтыңызшы!

Менің шыдамсыздығымды пайдаланып, жанымды күйдіре түскісі келгендей Шерубай тағы да ұзақ уақыт үндемей отырып алды.

Менің ойымды «Асығат қандай шешімге келді?» деген сұрақ әкетіп барады. Жас басынан мөлдір суға үңілген жасыл емен тәрізді, сүйген жарының таза сезімімен науаттанған жас Асығат махаббатын жоқтатпас қандай жол тапты екен? Әлде жол таба алмай, алтын таңда у-шу боп оянған қалың ормандай тамаша дүниеден екеуі бірдей мәңгі күдер үзбек болды ма екен? Қиянат өмірге бұ да дұрыс шешім. Бұдан бөтен Асығатқа не қалды?

— Күн өтер, өмір өтер, өтер адам... — деді кенет Шерубай қайтадан сөзін жалғап, — адам өлсе, басына тірісінде көлеңкесі арман болған қалың ағаш орнайды... Ал артында егер жұртқа істеген жақсылығы болса сонысы қалады... Ал жақсылық істеуге үлгірмеген адамның ұрым-бұтағы мұрагер болады. Асығат жалғыз ұлы Берікті Созақ маңайында тұратын кәрі әкешешесіне апарып салды...

— Өзі не істеді? Расынан-ақ Қаракөзді өзімен бірге...

— Жоқ, ол өзін де, Қаракөзді де өлімге қимады, ол өмір үшін күреспек болды...

— Сонда не істеді?!

— Асығат Қаракөзбен бірге Барсакелмеске кетпек болды.

— Алапестер колониясына ма?..

— Иә. Біз қанша айтсақ та көнбеді. Қаракөзсіз маған өмірдің керегі Мұндай жағдайда не істеу керек? Жарынан айыру адамгершілікке жатпас еді, дәрігерлік комиссия амалсыз көнді...

— Рас... бұл шын махаббат, — дедім мен демімді әзер алып, маңдайымнан шыққан терді алақаныммен сүртіп.

— Жоқ, бұл махаббаттан да жоғары күш... Мұнда махаббатты ардақтау ғана емес, мұнда адамгершілік, сүйген үшін жан қию, ажалдан бас тартпау ерлігі бәрі қосылған... Міне бұл шын ғашықтық! — Ғашықтық азабынан өлім арқылы құтылу емес, бұл сол ғашықтықты бір күн болса да соза түсу. Ұзақ жыл азапты өмірде тартқан ауыр зардабы, қасіреті арқылы сүйген жарына өзінің қандай дос, қандай адам екенін айқындап беру. Бұл «сүйдім, сен үшін өлем» деген бос уәде

қызыл сөз емес, шын сүйген жүректің қайтпас анты. Міне, шын ғашықтар осындай болады. Бұл өткен күннің емес, біздің заманның ғашықтары.

— Ия, сосын?

— Қандай сосынды сұрайсың?

— Аяғы немен бітті? Асығат Қаракөзбен бірге кетті ме?

— Ия, бірге кетті.

— Одан кейін қандай хабар алдыңыз? Асығат уәдесіне тұра алды ма?

Шерубай жауап қайырған жоқ. Ол тағы да сонау қайта тірілмес мамонт секілді, мәңгі өшкен өткен күн елестеріне көз жібере тына қалды. Әрине, Асығат пен Қаракөз уақиғасы оның жүрегіне кетпес сурет боп жазылған. Сол суретке үңілген жанарында бір ғажайып аяныш бар. Сол аяныш осынау көз байланып етіп бара жатқан өміріне де қанат жайған. Қазіргі отырған келбетінен сол өткен күндері де, бүгінгі күні тәрізді, өкінішті, аянышты екені көрініп тұр.

— Кейде өзіме өзім адамзат баласы жаралғаннан бері өмір сүріп келе жатқандай көрінемін. Жер де, аспан да сондай кәрі тәрізденіп кетеді, тіпті көк бетінде жымыңдаған жұлдыздар қалай болса солай қадай салған әбден әрі кеткен тозған теңгелер секілденеді. Аспанның көгілдір түсінің тозғандығы сонша, нағыз бір ескі қаңылтыр дерсің! Мұндай кездерімде көк майсалы қара жердің өзі де кедей үйдің қырық жамау көрпесіне ұқсай қалады. Көрпе деген аты, жылуы жоқ, құр шоқпыт... Менде ақырғы кезде осындай минуттар көп болады. Бұны неліктен деп ойлайсың?

— Шаршаған боларсыз...

— Неден?

— Жұмыстан, көп ойлаудан...

— Жұмыстан адам шаршай ма екен? Ал ойламасаң жынды болып кетерсің. Бізді адам етіп жүргеннің өзі сол ой емес пе... Жоқ, Жантас шырағым, мен өзімнің күшсіздігімнен шаршадым.

Ол сәл үндемей қалды да қайтадан сөйлеп кетті.

— Менің қолымнан күніне екі-үш қатты кеселді адам өтеді. Кейбіреуін ажалдан алып қаламын. Ал кейбіреуін... Ия, оны құтқара алмай қалған күні, жарты жасым өткендей қартаямын, қайғырамын, өкінемін...

Мен Шерубайды жаңа ғана түсіне бастаған секілдімін. Жалпы адам баласы үшін осыншама опық жеген осынау бір жүдеу жанға өзге жұрт қандай жақсылық істеді? Өзім қандай алғыс айттым? Ия, бірақ сен сонда жалпы адам баласының қамын ойлап қамыққан осы кісінің Ұлбосынға істеген қиянатын қалай кешірмексің? Демек, жалпыға істеген жақсылығы, бір адамға ғана істеген жамандығын жоя алмағаны ма? Өйткен күнде, бүкіл өмірі халқына, ел-жұртына еңбек етумен өткен кемеңгерлердің жеке қателіктері үшін бар жақсылығын жоққа шығаруға бола ма? Сүрінбейтін тұяқ жоқ, қателеспейтін адам бар ма? Бұл тұрғыдан қарағанда Шерубайдың да күнәсін кешу қажет-ау. Бірақ сонда күл-талқан болған Ұлбосынның жас өмірін кімнің мойнына артасың?

Менің ойымды Шерубайдың өзі бөліп жіберді.

— Асығат пен Қаракөзге еш жәрдем бере алмағаным осы күнге дейін өкінем, — деді ол ақырын күрсініп, — бұ да біздің әлсіздігімізді көрсетеді... Осындай көз алдында сөнген аяулы жандарды көре тұра адам қалай

қасымасын...

— Олар сіздің көз алдыңызда қаза болды ма?
— Жоқ. Асығат пен Қаракөздің жазылмас аурудан ұзақ қиналып, ажал тапқандарын біраз уақыт екеуіне деген дәрігер айтқан...

— Асығат та сол кеселден қаза болды ма екен?

— Ия. Өзі тіленіп барған соң...

— Дегенмен Асығат өкініште кеткен шығар.

— Дегенмен Асығат өкініште кеткен шығар.

— Бар мәселенің өзі осында ғой. Маған дәрігер айтты, Асығат өзінің сол кеселге шалдыққанына өкіну түгіл, «сен үшін осындай болдым ғой» деп азапты ұзақ жыл өмірлері ішінде Қаракөзге бір рет қабақ шытып көрмепті. Ақырғы күндеріне дейін бір-біріне қатты сөз айтпай өтіпті. Дәрігердің айтуы бойынша Қаракөз қайтыс болған кезде Асығат әжептеуір тың екен, бірақ жар ажалы оны да ұзаққа апармапты, Әңгімемнің алдында айттым ғой, екеуі айдын көлдегі аққу тәрізді еді деп. Сыңарынан айрылған аққу қайғыдан өледі дейді ғой қазақ. Асығат та аракезінен айрылғаннан кейін қайғылы жалғыздыққа шыдай алмаған тәрізді.

Көзіме жастың келіп қалғанын жаңа ғана аңғардым, қос аққу тәрізді екі ғашықтың осы бір уақиғасы жанымды бұлан-талқан етіп толқытып жіберді.

— Міне шын ғашық деп осыларды айт, — дедім бөтен сөз таба алмай.

— Бәріміз де солардай бола білуіміз керек, — деді Шерубай бағанағыдай емес ширақты сөйлеп, — махаббаттың құны қуанышында емес, қайғысында. Қуанышына кім де болса мәз бола алады, ал қайғысын көтере алса, сонда ғана ол махаббатты шын бағалай білгені.

— Асығаттың баласы қайда? Одан хабарыңыз бар ма? — дедім екі сорлы жастың екіде баласы қалды деген Шерубайдың сөзі есіме түсіп,

Дәрігер бетін бұрып:

— Берікті айтасың ба? — деді баяу сөйлеп, — ол қазір медицина институтында оқып жүр... Бір болайын деп тұрған жігіт.

— Әке-шешесінің әлгіндей жағдайда қайтыс болғанын біледі ме?

— Білмей... Асығат пен Қаракөздің бар армандары жалғыз ұлдарын бір көріп өлу болыпты... Бірақ оған мүмкіндіктері болмапты. Демек, хат жазысып тұрған көрінеді.

Шерубай ақырын күрсінді. Оның бұл күрсінуінде өзінің де арманы бар, бірақ өзі айтпаған сырды мен қозғағым келмеді. Ол менің осы ойымды сезді ме, бетіме тағы қарады:

— Бала деген бауыр еттен жаралған деп қазақ білмей айтқан ба, бишаралар өле-өлгенше Беріктің суретін көздерінен бір де бір таса етпепті...

Өзім көрмесем де ауыр тағдырлары жанымға жара салған қыршын жастардың қайғысынан жүрегім удай ашып кетті.

— Махаббат деген міне осы, — деді Шерубай тағы да менің ойымды бөліп, — сен махаббаттан құмарлық, еркек пен әйелдік сезімді алып тасташы, егер сонда бірін-бірі жақсы көрген екі адам — бірісіз бірі өмір сүре алмайтын екі аққу құсқа ұқсаса, міне сонда ғана олар шын ғашықтар. Бірі ажал тапса, екіншісіне қалған дүниенің керегі жоқ. Адам құмарлықтан күшті, бірісіз бірі өмір сүре алмайтындай

сезімге ие болса, сонда ғана ол шын махаббатқа да ие. Еркек, әйелдік құмарлық сезімі араларында өшкен күнде де, жақсы көру сезімі өшпейтін күйге жетсе, міне сонда ғана махаббат рухани күшке айналады. Сонда ғана нағыз ғашықтық пайда болады. Адам осы сатыға шыққанда ғана бірісіз бірі өмір сүре алмайды. Бірі қаза тапса, екіншісінің қалған өмірі: басы бар да, аяғы жоқ, бітпей қалған кітап секілді болады. Асығат пен Қаракөз шын ғашықтар еді, олар өз кітаптарын тегіс жазып кетті. Егер махаббат тек құмарлық сезім дүниесіне құрылған болса, олар мұндай аңызға айналмас еді. Міне, Жан ас, менің Ұлбосынға арналған сезімім де сондай. Мүмкін сен менің оған деген көңілімді жас сұлуға құмартқан кәрі құртаңның көңілі деп ойлайтын шығарсың. Олай ойласаң қателесесің. Менің оған деген махаббатым құмарлық, ләззат деген ұғымдардан жоғары.

— Маған сіздің Ұлбосынға деген сезіміңіз түсініксіз: Екі аққудың бірісіз бірі өмір сүре алмауында себеп бар, өйткені, бірін бірі жақсы көреді. Ал Ұлбосын болса, сіз жайында ондай жан күйінішінен алыс емес пе? Соны біле тұра...

Мен ағат сөйлегенімді соңынан аңғардым. Байқамай Шерубайдың атарасының аузын ашып алдым, ол сұп-сұр болып тұнжырап кетті.

— Мен саған біздің заманымызда да ғашықтықтың бар екенін айтып отырған жоқпын ба? — деді ол маған ашулана көз тастап.

Мен де берілгім келмеді.

— Өлгеннің артынан өлмек жоқ дейді ғой қазақ. Егер Ұлбосын алда-жалда дүние салса, сіз оның артынан өлмейсіз ғой... Маған сіздің соншалық азаптануыңыз жұмбақ...

— Осы сен Ұлбосын жайында бір жаман хабар естіп келіп тұрған жоқсың ба? — деді даусы дірілдеп: — не болса да тез айтшы!

Шерубайдың кенет өзгерген түсін көріп, домбыраның үзілген шегіндей аянышты тына қалған даусын естіп, енді өзім састым.

— Жоқ, ештеңе де естігем жоқ... — дедім дереу бөтен сөз аузыма түспей.

— Бәсе.

Шерубай маған енді қайырылып қараған да жоқ, кілт бұрылып жүре берді... Еңкейе түсіп, аяғын сылбыр басып кетіп барады. Жақынын көмген адам қабырдан дәл осылай қайтады. Дәл сол адамдай Шерубайдың да иығын қасірет, көңілін азап басқан. Оның махаббатына түсінбесем де, қайғысына түсінгендеймін.

Көп кешікпей мен үйге қайттым. Сол күнгі Шерубаймен кездесуден менің тапқаным Асығат пен Қаракөздің жыры болды. Бұл жыр мені таң қалдырды. Осы екі жастың арқасында мен де шын махаббатың не екенін анық түсінгендей болдым. Ия, шын ғашықтар осы Асығат пен Қаракөздей болуы керек! Асығаттың ерлігі, адамдығы менің есімде мәңгі қалды. Кейінірек басыма түскен ауыртпалық күндерде оның ісі өзім шығатын биік құздың ұшар басы тәрізденеді де тұрады.

6

Өмір жоқ жерде көркемөнер де жоқ. Ұлбосын мүсінінің өмірден туғаны хақ. Ол менің эстетикалық көзқарасымның, рухани тілегімнің жемісі. Соған қуанамын,

жас балаша қол шапалақтап секіргім келеді, алақайлап жүгіргім келеді. Әрине мен мұның бірін де істемеймін. Қазір мен бір әлем дүниесіне біткен дыбысты ішіме сақтаған күйсандық тәріздімін, жырласын десең пернесін қозғай біл...

Жиырма беске келген жігітке жас балаша көше бойлап жүгіру қиын. Бірақ қуанышым ішіме симай барады, ең болмаса, мүсінді біреуге көрсетіп мақтануым керек, аздап өзімшіл көңілдің мауқын басуым керек. Қолыңмен істеген еңбегің жаныңды риза етсе, оған аздап мақтанғанның айып-шамы бола ма? Бұл атақ-құмарлыққа жатпайды, бұл өзгеден артықпын деген кей адамның жалған қасиетін де емес бұл өз еңбегіне өзі риза бол ған көңілдің тасуы, рахаттанбаса, одан ләззат алмасаң онда ол еңбекті жасау не керек?

Сайып келгенде, Ұлбосынның мүсінін жасап болғаннан кейін далаға шықтым. Көктем құлпыра түсіп, барша әлемді құшағына алып, жас нәрестесін бауырына қысқан анадай, мейірбанды жүзі құлпырып тұр. Жас ағаштар, жасыл жапырағын жайқалта жайып, жер мен көкті жаңа көктемнің жас иісі мас еткендей, ескі дүниені жаңартқандай. Миллиардтаған жыл маңқиып тұрған жер бетіндегі қатпар-қатпар құз шоқылар да бір сілкініп, нұрлана қалғандай. Кәрі дүние нағыз бір қарт адамның жас иіс құшып масаттанғанындай, кенет жасарып кетіп, шаттық әуеніне бөленгендей.

Жаратылыстың осы жас мезгілін — жайқалған бір жасыл көктемін жаным сүйеді.

Осы көктемдей құлпырған өмірдің де көктеміне жаным семіреді. Маған өмір де жас, бүкіл әлем де жас, сонау қала үстіне төне түскен күңгірт қаңылтыр түстес ойлы-қырлы, күнгей жақты ала созылған Мыстау да жас!

Мыстау! Сендер біздің бұл қаламен таныс емессіздер ғой? Ал мен өз ертегімді айтамын деп, сендерді бұл қаламен жөндеп таныстыруды да ұмытып кетіппін, ғафу етіңіздер....

Көшпелі қазақ мал бағып күн көрсе де, атын қоя білген. Алтын емел, Шойынды көл, Қорғасын тас, Жезқазған, Кентау, мысқоңыр... Инженер болып, астында не жатқанын білмесе де, түсіне қарай, топырағының кейбір қасиетін еске ала жер аттарын болжап қойған. Әдейі біліп қойғандай сол жерлердің бәрінде де атына байланысты кен табылып отыр. Бұл халықтың данышпандығы емей немене?

Қазақ жеріне ат қоя білген деп әлгінде айттым ғой, бұл жерді де Мыстау деп дұрыс қойған. Бұл арада мырыш та, қорғасын да, қалайы да бар. Келешекте соларды қорытатын завод та салынбақ. Ал әзірше мыс заводы ғана бар. Бірақ қала жер атымен аталады. Бұл қала салынып біткен бес жылдың ішінде көркейіп, өсті. Алғашқы жылы отырғызған талдар, көлеңке беретін ағашқа айналды, сол жылы туған сәбилер беске толып енді көшені бастарына көтеріп, у-шу боп шапқылап ойнауда. Сол жылы институтқа түскен жасөспірімдер, енді биыл оқуды бітіріп келіп, инженер, дәрігер, мұғалім болып қызмет істеп жүр. Соның бірі менмін, бірі Базаргүл.

Завод салынбастан бұрын бұл жерде біздің қолхоз болатын. Әне анау завод көрінген шоқыда бұрын біздің кішкентай мектебіміз тұратын. Әне жерде басқарма кеңсесі, ана тұста сүт фермасы... Қазір олардың бірі де жоқ, кілең асфальт төселген кең кешелі, зәулім биік үйлер. Кино, театр, мәдениет сарайы,

мектептер, монша. Сән-салтанат. Автобус, қаптаған машиналар. Таң атқаннан күн батқанша гуілдеген қала, ағылған адам, біреу жұмыстан келе жатса, біреу жұмысқа бара жатыр. Қайнаған еңбек қазаны.

Біздің колхоз бұл арадан сол завод салына бастаған жылы «Айна бұлақ» деген жерге көшіп кеткен. Қаладан он шақырымдай, жерде. Анда-санда барып тұрамыз. Ауылдың үлкен адамдарының бәрі сонда, заводқа бірде бірі қалған жоқ. Мұнда сол «Мыстау» колхозының жастары ғана бармыз. Неге екені белгісіз, бізді ауылдан гөрі қала көбірек тартады. «Мичурин» боп өзгерген сол «Мыстау» колхозына институт бітіріп келіп, агроном, мал дәрігері болып қызмет істеп жүрген бірен-саран жігіт болмаса көбіміз осындамыз.

Міне қазір осы «Мыстаудың» кең көшесімен келе жатырмын. Күн батуға таяу. Көктем желі баяу еседі. Қоңыр салқын. Тек менің ішімде ғана қызыл шоқ, көзімде күн сәулесі жан-жағыма шаттана қараймын. Көшеде қыдырып жүргендер көп. Бәрі де сәнді киінген. Жұрттың бәрі де маған бүгін аса көрікті, аса сұлу көрінеді. Әрине, мұным қате, бүгін де күндегі көріп жүрген жұртым бұл. Тек өз көңілім көтеріңкі болған соң, өзгеше шаттық көзімен ғана көріп келемін. Және қайда бара жатқанымды да білмеймін. Аздан кейін ғана байқадым, бетім мәдениет сарайы екен. Мәдениет сарайына апаратын гүл алаңына енді бұрыла берем дегенімде кенет:

— Көке! — деген дауыс құлағыма шалына кетті. Базаргүлдің дауысын миллион дауыстың ішінен танымын, жалт бұрылдым. Расында сол екен. Киғаш көшеден маған қарай асыға басып жүріп келеді Күлімдеп келеді. Баяғы қыз бала күніндегісіндей маған еркелей қарайды. Әбілқасқа әйел болғанмен маған қарындас қой, ішім жылып кетті. Осындай ақкөңіл, әп әдемі сүйкімді қарындасымды Әбілқасқа қиып беріп жүрген мен де оңбаймын ғой. (Ол аурухананың бастығы түгіл, тіпті маған десе денсаулық сақтау министрі болып кетсе де айтарым осы). Жанында өзінен де әдемі басқа бір қыз бар. Қыз емес, жерге түскен періште ме дерсің. Сұңғақ бойлы, құмырсқа бел, ботакөз, қараторы бір сұлу... Құлаштай етіп өріп тастаған қос бурымы қынай беліне жетіп, бұлаң-бұлаң етеді. Үстінде ақ жібек көйлек, аяғында биік өкше ақ туфли Аяғын сәндене басып, маған қарай бұ да күлімдеп келеді. Бұларды көріп мен де тоқтай қалдым. Базаргүл екеуі жаныма таяу келіп, қыз сызыла сәлем берді.

— Сәлеметсіз бе, Жантас аға?

— Сәлеметсіз бе...

Қыздың бетіне таңырқай қарадым, Қуанған даусымның қалай шыққанын өзім де білмей қалдым.

— Ойбай-ау, Аяужансың ба?!

Аяужан! Аяужан деген есімі қандай аяулы! Өзгені білмеймін — өзіме дәл солай! Сіздер мені «Қыз көрсе құлай түсетін біреу екен!» деп жүрмеңіздер. Адам жүрегі алуан-алуан соғады. Әр соққанда әр түрлі сезім туады. Әр сезімнің өзінің әні, өзінің жыры бар.

Мен аудандық орта мектеп бітірер қарсаңда, Аяужан мен Базаргүл екеуі мен секілді интернатта жатып, жетінші класта оқып жүрді. Екеуі түйдей құрдас. Аяужан да біз секілді жетім. Тек туған әкесі мен өгей шешесі бар: менің түсінігім бойынша, Аяужанға олардың барынан жоғы жақсы еді. Уылжып тұрған осы бір

балдырған әдемі жас қызды, Базаргүліммен бірге жүрген соң мен қарындасымнан әсте кем көрмейтінмін. Мен орта мектепті бітіргелі жүрген кезімнің өзінде де көркемөнермен шұғылданатынмын. Аудандық кейбір кеңсенің мереке қарсаңында ұрандарын жазып, үйлерін

шекейлейтінмін. Мейрам емес кездерде кейбір жеңіл-желпі (қабырға газеттерінің суреттерін салып беру, құрмет тақталарын көркемдеп беру секілді) құмыстарын істеп беретінмін. Сөйтіп тапқан ақшама Базаргүліме бірдеме алсам, Аяужанды да ұмытпайтынмын. Екеуіне бірдей жұмсайтынмың. Ауыл баласы қалжақ келеді, менің мұнымды құрбыларым бөтенге жорып, Аяужанды «қалыңдығың» деп күлкіге айналдыратын. Неге екенін білмеймін, бұған ашуланған болсам да, іштей жақсы көріп қалатынмын. Бұндай сөзді Аяужан да еститін. Бірақ оның да бұдан опық жеп, оғаш қарағанын көрген емеспін. Қайта балалардың мазақ еткен мұндай сөздерінен кейін мені көрсе өзінен өзі ұялып, екі беті шиесі болып қызарып, сызылатын да қалатын... Маған қарындасым да жасқана қараған қара көзінің жанарымен, он беске жаңа шықса да жастық сезімінен хабар келе бастағанын — сездіргендей болатын.

Әдетте, еркек баланың жастық сезімі кешірек оянады. Көңілімде Аяужанға деген дүмбілездеу бір ой болғанмен көбінесе ол туралы ойламайтынмын. Тек ағалық қарым-қатынаспен жүре беретінмін. Тек бұл жағдайды бір-ақ рет бұзуға тура келді. Оған да себеп болған Аяужанның өзі. Сол мектепті бітіретін көктем еді. Түн ортасы таяп, енді жатайын деп отырғанымда бір бала келіп «сені Аяужан шақырып тұр» деді. Әуелгіде қалжың екен деп баланы бір төмпештеп алып, төсегіме жантая беріп едім, біреу тықылдатып терезе қақты. Қарасам, Аяужан екен. Түс жоқ, өң жоқ, көзі бақырайып кеткен. «Бір сұмдық болған екен! — деп үйден жүгіре шықтым.

— Не болды? — дедім Аяужанның жанына жетер-жетпестен.

Қыз тісі-тісіне тимей, қалш-қалш етеді. Көктемнің салқын кешіне қарамай, көйлекшең шығыпты, шамасы қыздар жатаханасынан қашып шыққан түрі бар.

— Әкем өгей шешеммен келіп тұр. Мені қазір алып кетпек... — Қайда? Неге?

Айттырып қойған адамы бар еді. Солар сұрап жатыр дейді.

— Сонда сені күйеуге бермек пе? — Ие... Бірақ он алтыға дейін үйде отырасың дейді... Сосын,

— Сен оқып жүрген жоқсың ба?

— Жетіліп болдың, бұдан әрі оқысаң бұзылып кетесің дейді.

— Мұнда неге келдің? Әлде барғың келмей ме. Қыз жылап жіберді.

— Әрине, барғым келмейді!

— Онда жүр, қазір милицияға барайық. Еріксіз күйеуге беретін заң жоқ!

Мұны осы күнгі жас балаға дейін біледі, неге айтып тұрғаным өзіме де жұмбақ.

— Мені айттырған адам сол милиция бастығының інісі. Әкем олармен келісіп келіп отыр.

— Әкең неткен қара жүрек еді.

— Бұны істеп отырған тоқалы. Ол жас. Әкем оның айтқанынан шықпайды.

Енді не істейміз?

— Райкомға барайық.

— Ода қазір адам жоқ дейді. Әке-шешем мені әкеткелі келіп еді, мен киініп келейін деп үйге кірдім де, терезеден қашып кеттім. Базаргүл оларды сөзге айналдырып қалды.

Біздің жақта мұндай жағдайлар әлі кездесіп тұрады. Мұндайға кейде аудан, қызметкерлерінің де шатысатыны болады. Сондықтан мұндай ескі ғұрыппен күресу оңайға түспейді. Қазіргі Аяужанның жағдайы да сондай қиын жағдайдың бірі. Не істеу керек екенін ойлап болғанынша, қыздар жатақханасы жағынан дабырлаған дауыс шықты.

— Ол қыз осылай қарай кетті, — деген әйел дауысы естілді. — Қап, қолыма түсерсің, қаншық!

— Жантас аға, бұл солар, — деді Аяужан үрейі ұшып, — жандарында жігіттері де бар... Енді не істейміз?!

Ойланатын уақыт жоқ, түнде қай кеңседе адам отырмақ? Аяужанды бір, алып кетсе, біткені, екінші рет көре алмайсың.

— Жүр, тығылайық! — дедім, бар болғаны.

Аяужанды, қолынан алып зытып бердім. Олар бізді көрмей қалды.

Түні бойы мектеп сыртындағы, сирек шилі сайда тығылып жаттық. Үйге қайтайық десек қорқамыз, әлгілер аңдып тұрғандай көреміз. Қайтпайық десек тоңып барамыз. Көктем түні әлі салқын. Әсіресе жалаң көйлекпен шыққан. Аяужан әбден, жаурады. Менің үстімде пиджагім, бар еді, бүрісіп отырған, қызды, аяған соң шешіп бердім. Менің пиджагімді алып жатып:

— Өзің тоңасың ғой, — деді ол.

Мұндайда жігіт адам сыр бере ме:

— Тоңбаймын, — дедім.

Бірақ көп кешікпей дірілдей бастадым. Мұны сезген Аяужан, әлден уақытта:

— Жантас аға, пиджакті екеуміз бірге жамылайық, — деді бір жеңін шешіп, жағасынан ұстап, пиджактың бір жақ өңірін маған ұсынып.

Тоңғандығым, сонша, пиджактің ішіне кіре бердім, ыңғайлы болсын, деп Аяужанның белінен алдым. Денесі, ып-ыстық екен. Сосын, оны қалай құшақтағанымды, өзіме тартқанымды, бетінен сүйгенімді өзім де аңлағымай қалдым...

Таң атқанша осылай, бірімізді біріміз денемізбен жылытып, құшақтасып бірге отырдық.

Таң ата әрине, аудандық партия комитетіне бардық... Аяужанның әкесінің де, милиция бастығының да жазасын бергіздік. Тек әйтеуір, оларды соттаған жоқ.

Сол жаз мен Ленинградқа оқуға кеттім де, Базаргүл мен Аяужан, интернатта қалды. Оқудың қызығымен, алыста жүріп Аяужан бейнесі көмескі тартқан. Тек сонау бір бейкүнә нәрестемен сүйіскенім кей-кейде есіме түсетін. Тіпті Аяужанның дірілдеген ернінің дәмі де тілімнің ұшында тұрғандай болатын. Тек сол дәмді Ұлбосынмен кездескеннен кейін ғана ұмытқанмын. Бірақ қалай екенін қайдам, сондағы Аяужанмен сүйіскенім, есіме түссе, күні бүгінге дейін бала шағым оралып алдыма келеді.

Сол Аяужан қазір қасымда тұр. Хор қызындай сұлу болып бой жетіпті. Бұл мен Ленинградқа кетерде балалардың көзінше қоштасуға, жаныма келуге ұялған Аяужан емес, ысылған, кәдімгідей бой жеткен Аяужан.

«Ойбай-ау, Аяужансың ба?!» дегеніме Базаргүл екеуі бірдей күлді.

— Қайдан жүрсің?! Аяужан маған мөлдірей қарады. — Осында жұмысқа келдім.

— Қайда істейсің?!

Ол қаланың жаңа салынып жатқан бес қабат мектеп үйінің үстіндегі қызыл жалау байлаған ұзын-тұра кранды көрсетті..

— Аанада. Кран жүргізушы болып істеймін.

Мен осынау бір қыпша бел, ұзын нәзік саусақты, сұлу қыздың темір торлы алып краізды жүргізем дегеніне сенерімді де, сенбесімді де білмей, бетіне таңдана қарай бердім. Аяужан ойымды түсінгендей:

— Он жылдықты бітіргеннен кейін оқи алмай қалдым, — деді «оқи алмай қалғанына» ұялғандай төмен қарап, — содан кейін жастар жолдамасымен Теміртауға бардым. Краншы, мамандығың алдым. Екі жылдай істедім. Қазір өскен өлкеме келдім. Және сырттан оқып жүрмін.

— Қайда?

— Томскийдің технологиялық институтында...

«Өзің не істеп жүрсің? — деп Аяужан менен сұраған жоқ. Сірә, Базаргүлден бар жайға қанық секілді. Тек беті ме әлсін-әлсін жаудырап қарай береді. Сонысы батады жаныма. Неге екенін білмеймін, қобалжи бастадым. Тек Базаргүл Ұлбосын екеуміздің арамызда болған жәйді айтпаған болса жарар еді!

— Көке, біз сіздікіне бара жатыр едік, — деді Базаргүл.

Мен қуанып кеттім.

— Онда неге бұл арада тұрмыз? Жүріңдер.

Үшеуміз қатар жүріп келе жатырмыз. Жарасымды секілдіміз. Өткен кеткен адамдар соңымыздан бір сұқтана қарамай қоймайды. Көбінесе Аяужанға қарайды. Оған қарамай өту қиын, өйткені осы кеште ол тым ажарлы еді.

Біздің үйге беттегеннен-ақ менің тілімнің үшінде Аяужанға арналған бір сұрақ тұр. Соны қалай жеткізудің ретін таба алмай келе жатырмын. «Аяужан, жалғызсың ба, ерге шыққан жоқсың ба?» Аяужанның күйеуге шыққан-шықпағанының маған қанша керегі бар? Білмеймін.

Көп кешікпей үйге де жеттік. Енді Ұлбосынның мүсінін еріксіз көрсетуге тура келді. Үйге кірісімен Базаргүлге қарап:

— Бүгін бітірдім әйтеуір, — дедім мүсінді көрсетіп, не айтасың дегендей, — өзім де шаршадым...

Базаргүл мен Аяужан екеуі мүсінге бірдей үңілді. Жүздерінен көріп тұрмын: «Ұлбосын екеуіне де ұнады. Шерубайдың ақылын алып, мүсіннің мықынынан төменгі жағын толқынды көрпе жамылып жатқандай еткенім қандай жақсы болған. Әйтпесе... қанша мәдениет шыңына жеттім дегенмен, қазір құлағымның ұшына дейін бір қызаратын еді». Әйтсе де ағасының кеудесіне дейін ашық әйелдің бейнесін салғаны Базаргүлге ұнамаған секілді.

— Көке, құттықтаймын, — деді ол салқын үнмен.

— Ұлбосын өзінең аумамай шыққан екен! — деді де ас үйге қарай беттеді, — түү, ұмытып кетіппін ғой, шай қояйын....

«Көркемөнер техникумында оқыған Базаргүл былай дейді, ал шолақ етек көйлек киюді ерсі көретін жұрт не демейді мынаны көріп. Осы мен дұрыс

жасадым ба? Аяужан неге үндемейді. Бұған да ұнамай қалған секілді ғой, тым тесіле қарайды».

Аяужан мүсінді шынында ұзақ қарады. Тіпті қолымен де сипап көрді. Әлден уақытта назарын маған аударып:

— Өте шебер ойылған мүсін екен, шын жүректен құттықтаймын, — деді ол қолын сәл созып, сосын езу тартып, күлімсіреді, — өзі де сұлу келіншек екен, осы Мыстауда тұра ма?

«Базаргүл Ұлбосын туралы ештеңе деген екен. Көп рахмет. Өзі анығын білмейтін сырды қозғамағаны қандай дұрыс болған».

— Бір кезде осы қалада болған... Қазір қайда кеткенін білмедім...

— Ә... ә!..

Қыз ажарына бір көмескі қуаныш сәуле пайда болды да, сөне қалды. Адам деген қызық қой, Аяужан сұрамаса да, Ұлбосынның қайда екенін білмейтінімді өзімнен-өзім неге айттым? Түсінсем бұйырмасын.

— Салған басқа да мүсіндеріңіз бар ма, көрсетіңізші... — Жоқ, осы бар болғаны...

— О, бұл бір қымбат келіншек болды ғой, — Аяужан қалжыңдай күлді, — екі жыл өміріңізді тек соның мүсінін салуға ғана сарып етсеңіз... онда...

— Қайдағы екі жыл? — Институтты бітіргеніңізге екі жыл болып қалған жоқ па?

Аяужан жағдайымды тегіс білетін тәрізді. Бірақ бұл жолы ағаттау айтты, мен институт бітіргелі жыл жарым. Бірақ ол творчество адамына аз уақыт па?

— Көркемөнер — үй салу, не мыс қорыту емес. Ол жоспарға көнбейді, шабыт керек оған, — дедім әдеттегі қалыптасқан сылтау жауапты беріп.

— Ғажап екен! — деді Аяужан зілсіз күліп. — Жантас аға, шабытыңызды шақырған тек мына келіншектің сұлулығы ғана ма?

«Бұл не, мені тергеуі ме, әлде өкпе-назы ма? Және Жантас аға дейді... Сөз төркініне қарағанда Ұлбосын екеуміздің арамыздағы әңгімені естіген тәрізді ғой. Әй бәсе, Базаргүл қалай үндемей қалды деп едім-ау. Бір әйел білген сырды ең құрығанда үш адамның бірі біледі, — деп Саади айтқан емес пе. Не күйеуі, не сүйген жігіті, не сырласы дегені ғой. Базаргүл де әйел ғой, осы үшеуінің біріне айтпай қайдан шыдасын!»

Сөз тапқанға қолқа жоқ.

— Әйелден емес, сұлулықтан шабыт алуға болады, — дедім. Дәл осы мезетте Базаргүл шайға шақырды. Біз асүйге бардық. Шай ішуге отыра бергенде:

— Қашан келдің? — деп сұрадым Аяужаннан.

— Бірінде...

— Кімнің үйіне түстің? Базаргүлдікіне ме?..

— Жоқ, — деген Аяужан бетіме қарады, — жалғыз адамға әрқашан орын табылады ғой, әзірге жатақханадамын. Алда-жалда ерге шыққанда болмаса, әзірге со да жетеді...

Мен дүдәмалданған сұрағыма жоқ жерден жауап алғаныма қуанып кетіп, «уф» деп демімді қалай қаттырақ алғанымды өзім де байқамай қалдым.

Менің ойымды сезді ме, Базаргүл мен Аяужан біріне-бірі қарап күлімсіреді де қойды.

Біз оны-мұны айтып, шай ішіп отырғанда Әбілқас келді: талайдан көрген жоқ едім, семіріңкіреп қалыпты. Жүрген жүрісінде де, стол басында да өзін өзі ұстауында бір байсалдылық пайда болыпты. Дәреже адамға ақыл бермесе де, ақылды болып көрінетін әдет береді деген шын секілді, Әбілқасты бұл қалпында ешкім де оны ақылсыз дей алмас. Оның паңдана қалғанын іштей жек көріп, шамалы ашуландырғым келді.

— «Асқан оқымысты» Айсұлу Бейсенова қазір қайда? — дедім бұрынғы емхананың бастығы Әбілқастың өзінің Базаргүлмен қосылу тойында осылай деп тост кетергені ойыма орала кетіп.

— Оны асқан оқымысты деп кім айтты? — деді Әбілқас өзінің сөзін ұмытып қалып, — медицинаға оның алты аласы, бес бересісі жоқ, жай акушерлік білімі бар бір әйел ғой, қойған соң істеп жүрген болатын. Қазір біздің асханамызды басқарып жүр...

Базаргүл қызарып кетті де, «не айтып отырсың?» дегендей күйеуінің бетіне қарады. Тегінде Әбілқастың тойда айтқан өз сөзі есіне түсті ме, әйтеуір үндей алмай төмен қарады.

Бұдан кейін сөз сарыны басқа әңгімеге ауысты. Оны-мұны айтып түн ортасына дейін отырып қалыппыз. Қонақтардың қайтатын мезгілі де болды. Олар орындарынан түрегелді. Базаргүл мен Әбілқастың көзінше Аяужанды шығарып салуды ерсі көрдім.

Әйткенмен әлі де болса әңгімені доғарғым келмейді. Дәл бүгінге дейін тыным кермеген көңілімді. Аяужан басатын тәрізді, бұлқан-талқан болып жүрген жаным дәру құятын секілді.

Осындай халімді Аяужан түсінді ме, әлде менімен сөйлескісі келмеді ме, қоштасарда ұсынған қолымды алып тұрыл:

— Жантас аға, бізге өнеріңізді көрсеттіңіз, оныңызға көп рахмет,— деді. — егер қиынсынбасаңыз сіз де біздің өнерімізді көріңіз, мен істеп жүрген кранға келіңіз...

— Қашан?!

— Қалаған уақытыңызда. Мен үнемі таңертеңгі кезекте істеймін.

— Өзім де краның жұмысты қалай істейтінін бір көруге құмар едім, сөзсіз барамын, — дедім Аяужанға күлімсірей қарап.

7

Келесі сенбі күні Аяужанның жұмыс істеп жүрген жеріне келдім. Бұл — үлкен алаң екен. Бір жағында бетон мен шыныдан салған бес қабат мектеп, бірнеше залы бар, бір кезекте мың бала оқуға болады. Он мыңға жуық жұмысшысы бар қалаға мұндай мектеп өте керек. Бұл мектептің қарсысына жаңадан алты қабат үй салынып жатыр. Аяужанның краны осы үй мен моншаның ортасынан жүргізілген жалпақ қос шойын табанды темір жол үстінде баяу сырғиды. Кран қандай биік, жоғары қарасаң басыңдағы тақияң түскендей. Аула толған кірпіш, бетоннан құйылған қабырғалар, үй төбесіне төсейтін бетон тақталар. Мен келген сәтте гудок даусы естілді.

— Шабаш! Үзіліс! — деген дауыстар шықты. Жұмысшылар тамақтанатын үзіліс кезі екен. Жан-жағымнан жұмысшылар асханаға қарай ағыла бастады. Басында шляпасы, үстінде қыры қылыштың жүзіндей қара костюмі бар, (әдейі сәнденіп киінгенмін) маған кейбіреулері мысқылдай қарап өтеді. Бір семізшелеу келген сары қыз (шалбарынан бөксе жағы тым бұлтиып көрінеді) менің жаныма келіп тұра қалып, жоғары қарап айқай салды.

— Аяужан, асханаға бармайсың ба?

Қызыл орамал тартқан кран жүргізуші терезеден басын шығарып, төмен қарады. Ұядағы аққудың көгілдірігі секілді қызды көрді. Қызбен бірге мені көрді. Бірден таныды ғой деймін, маған қолын бұлғап амандасты да, жанымда тұрған қызға:

— Өзің бара бер, Алтынай, — деді дауыстап, — көрмейсің бе, маған қонақ келіп тұрғанын?!

Алтынай маған бұрыла қарап, сынай көз тастады да, жүгіре жөнелді.

Қайтадан кранға қарап едім, Аяужан төмен түсіп келеді екен. Іп-лезде жерге де түсіп үлгірді. Басында қызыл орамал, ұзын шашын өріп желкесіне түйіп алған. Үстінде денесімен дене болып жабысқан тоқыма қара көк спорт костюмы. Мүсіншінің бір жаман әдеті адамның ең алдымен дене құрылысына сынай қарайды. Сол әдетіме басып Аяужанның бойына сұқтана қарадым. Мүлтігі жоқ, сазға біткен жас қайыңдай, нәзік, тіп-тік бар мүшесі жарасымды. Қандай мүсін құйсаң да жарайды. Суретшілер жарнамаға үнемі осындай қыздарды салады. Табиғат бұдан сұлулықты алмаған. Менің сұқтана қарағанымнан ұялды ма, Аяужан қолын беріп амандасып болғаннан кейін:

— Жақсы келдіңіз, қазір түскі үзіліс, кранды дұрыстап көруге болады, — деді жайраңдай күлімсіреп, — жүріңіз, басына шығайық...

Аяужан алда, мен соңында, кранға көтерілетін баспалдақпен жоғары өрлеп келеміз. Мұндай биік болар ма, жеткізер емес. Аяужан ағашқа өрмелеген ақбиындай кідіреді емес, ал мен... аттының жанында есекке мініп тетектеген күпілі адам секілдімін тіпті ілесе алар емеспін, ықшың-мықшың етіп, әр басқышына көтерілген сайын, бір қамал алғандаймын. Әбден терледім. Орта шеніне жеткен кезде төмен қарай көз тастап едім, басым айналып, құлап кете жаздадым. Бір жақсысы баспалдақ қоршаулы екен. «Аузы күйіген үріп ішеді» дегендей енді төмен қарауды қойдым. Екі көзім алдымдағы Аяужанның арқасында. «Уһ!» өлдім-талдым дегенде кранның үстіне шықтық-ау! Мен терімді сүртіп, демімді алар-алмастан Аяужан:

— Енді төмен қараңызшы, — деді.

Мен төменде жатқан қалаға қарадым. Қандай ғажап көрініс! Жан-жағымның барлығы құрылыс. Алыстан сағымданып Көкбұйрат белестер көрінеді. Сол жағымда қатпар-қатпар Мырыштауы. Одан сәл төменде завод о жер, бұ жерден, дәл өзім тұрғандай сарайған крандар көрінеді. Бірі биік, бірі аласа. Айқыш-ұйқыш созылған асфальтты жолдардың үстінен тынбай ағып жатқан машиналар легі. Олар біз тұрған биіктен қарағанда кішкентай қоңыздар тәрізді... Тек адам баласының сезімінде ғана туатын қиялғажайып көрініс! Таңданып тұрғанымды байқаған Аяужан:

— Мен осы ғажайып әлемді күнде көремін, — деді екі көзі кенет сәулелене

түсіп, — кейде маған бұдан асқан сұлулық жоқ секілді болып көрінеді. Тіпті махаббат, бөтен өмір бар екенін де ұмытып кетемін...

— Махаббат өмірдің идеалы емес пе, оны ұмытуға бола ма?

— Ал мынау ше? — Аяужан жан-жағын қолымен жайқай керсетті, — адам баласының идеалы осы әлемдей кең, әдемі болуы керек, сонда ғана әр қайсымыздың да жеке басымыздағы қуанышымыз, махаббатымыз бұрынғысынан да сұлулана, сымбаттана түседі...

«О-о! Аяужанның аяқ алысы алыста жатыр. Абайлап сөйле! Бұл саған сүйдім -күйдім дегеніңе оп-оңай сендім» дей қояр жан емес, байқа жігітім!»

— Бірақ, адам арманы тек осы биіктерде, графиктерде ғана емес қой? Аяужан маған ойлана қарады.

— Мен Герман Титовтың күнделігін оқыдым, — деді ол маған емес, өзіне-өзі жауап бергендей, сәл теріс бұрыла сөйлеп, — сол күнделіктің маған бір жері өте ұнады... Ол: «...Жақында біз он бір мың метрге жоғары «ермеледік». Бұ да биіктік пе? Аз!» дейді. Ал сол Герман Титов қазір екі жүз жиырма мың метрге көтерілді. Бәрібір оны да қазір аз дейтін болу керек!

Менің де тұзаққа оп-оңай түскім келіп тұрған жоқ. Сұрағымды қайтадан бердім:

— Сонда осы керсеткіштер адамның идеалы болмақ па?

— Сіз бұл көрсеткіштердің мағынасына түсініңіз,— деді Аяужан маған күлімсірей қарап, — бұл метрлер халыққа керек. Еңбек, — менің ойымша, адамзаттың жаратылғаннан бері ойлап тапқан ең жоғары абзал идеалдарының бірі.

— Жарайды, халыққа еңбек ету адамға шын идеал делік. Бірақ адамның бақытты болуына сол жете ме? Әркімнің өз басының да қызығы бар.

— Демек, қандай қызық?

— Махаббатты алайық...

— Бақытты болу үшін бір ғана махаббат жеткіліксіз. — Ол енді маған тағы күлімсірей қарады. — Түсіндіңіз бе, Жантас ағай? Бақыт деген көп нәрседен құралады ғой. Махаббат деп құр ғана өрге шығып, бала сүю аз. Жоқ, маған бақытты болу үшін көп нәрсе керек, өте көп нәрсе керек!

— Мысалы?

— Өмірдің, махаббатың қызығын саналы түрде көруге ең алдымен ақыл-ойың, сезімің қашан да болса жоғары болуға тиісті. Адам рухани биіктікте болуы керек. Ал ол биіктікке жету біздің заманымызда мынандай болат крансыз, анандай алып пешсіз мүмкін емес.

Мен Аяужан көрсеткен мыс қорытатын алып Заводқа қараймын. Ол қазір қыздың сөзін дәлелдегісі келгендей, бүкіл әлемді басына көтере ақ буын бұрқырата «мен бәріңе де қожамын» дегендей гудок берді. Әлдекімнің теменгі жақтан «Вира!» деп айқайлағаны естілді.

— Үзіліс бітті, — деді Аяужан, — енді жұмыс басталады. — Ол тағы күлімсіреді. — Сізге төмен түсуге тура келеді....

— Өзім де сезіп тұрмын.

— Мен сағат төртсіз босаймын...

Өзімнің де күткенім осы сөз емес пе, жұлып алғандай:

— Жақсы, жақсы, мен теменде күтемін... — дедім.

Куанышым қойныма симай, жерге қалай түскенімді де білмеймін. «Қашан керісеміз?» деудің қыбын таба алмай қиналып тұрғанымда, Аяужаның езі көмектесіп жіберді, менің қорғанышым қыздар дедім ғой! Кездесуіміз өзінен өзі шешілді!

Сағат тертке дейін әлі екі сағат бар. Не істеуім керек? Қайда барсам екен? Жоқ, еш жаққа да бармаймын Тек Көшені аралаймын да жүремін. Жападан жалғыз ба? Кім айтады мені жалғыз деп? Қиялым — серігім емес пе?! Дүниеде көңілді шарықтатып, ақыл-ойыңа қанат берер болса, қиялдан тәтті не бар? Ал қазір менен қиялы тәтті дүниеде жан болуға тиісті емес! Өйткені мен шын ғашық болған адаммын! Мен оны жаныммен сүйемін. Ол да мені сүйеді. О да маған ғашық. Оны қайдан білесің? Жоқ, жоқ, мен мұны анық білемін. Шынайы махаббатты адам қашан да болса білуге тиісті. Сол үшін табиғат адамға жүрек, сезім, түйсік берген жоқ па!..

«Қандай қыз! Қандай ғажап! — деймін өзіме өзім. — Аяужанды қалай мақтауды білмей» Сейтсем тағы да өзіме өзім қарсы келемін. Жоқ, жоқ, деймін, сезім, түйсік адамға туғанында бітетін көзі, мұрны, ауыз емес, ізденсен кездеседі, қыз сұлу, ажарлы, жұмсақ мінезді, ақылды болу керек. Аяужана мен іздеген қасиеттің бәрі бар. Оны қайдан білесің?

Білмегенде ше? Жақсы мен жаманды айыра алмайтын мен бір соқыр дейсіздер ме, бәрін де білемін!

Бала жастан жаныма біткен жаман әдет — бірдемені ұнатсам соған құлай түсемін. Бу жолы да со әдетім ұстаған жоқ па? Жоқ, бар жан-тәніммен сеземін бұл жолы шын ғашық секілдім!. Сонда Аяужанның қай қасиеті — жүрегімді елжіретіп, әкетіп бара жатқан сулулығы, ақылдығы, адал ойлылығы, тіпті қазақтың басқа қызы әзірге әдеттенбеген кран жүргізуші мамандығы ма? Білмеймін, мүмкін осының бәрі де бар шығар. Біреуді неге сүйдің деп сұрау, меніңше, дұрыс емес. Оған жауап беру қиын. Тек сүйгенің жайында жыр жазуға болады. Жыр. Өйткені жыр деген отты сезім ғой.

Тәтті қиялға шомып екі сағаттың қалай зымырап кеткенін білмей де қалдым. Жүгіре басып кранға келсем, Аяужан жұмысың әлгінде ғана бітіріп, мені күтіп тұр екен. Өзге жұмысшылар кетіп те үлгеріпті. Тек анадай жерде қалтиып бағанағы сары қыз Алтынай тұр. Сірә, мен келмесе, Аяужанмен бірге қайтпақ-ау деймін, мені көре сала, тартып отырды.

Біз кешке киноға бармақ болып уәделестік. Бүгін «Ән қанатында» жүреді екен. Аяужан да көрмеген екен. Фильмнің аты жақсы, заты қандай? «Ән қанаты» бізге қанат бере ала ма? Кинотеатрдың кассасынан билет ала кетейік деп бұрыла бергенімізде, япырау, қапелімде Ұлбосын кездесе кетті. Егер аспаннан түсті десе дәл осылай таң қалмас едім! Әуелгіде Ұлбосын секілді біреу ме деп те ойладым. Жоқ, өзі, сол бұрынғы қалпында, қасқабағы қиылып күлімсіреп тұр. Тек өңі сәл солғындау ма, қалай... Мен не дерімді білмей тұрып қалдым. Тегінде әйел атаулы сезімтал келеді ғой. Аяужан мені қолтықтап келе жатқан, кездескен мүсіндегі бейнелің иесі екенін бірден танып, неге екені белгісіз, қолын тартып алды.

— Амансың ба, Жантас? — деді Ұлбосын ақжарқын пішінмен қарап, не сөзінде, не жүзінде бөтен қызбен келе жатқанымға ренжігендік, яки өкпелей

қалғандық нышаны жоқ. Тек сынағандай, Аяужанның бетіне көз қиығын бір аударды да қойды, — неге сонша таңырқай қарайсың? Мен о дүниеден емес, бар болғаны Ташкенттен келдім... — Ол өзінің әдеттегі қылығына басып сылқ-сылқ күлді.

— Таңданып тұрғаным рас. Тіпті хабар-ошарсыз кеттің ғой, неге хат жазбадың?

— Хат жазғанда бірдеме өзгеретін бе еді? — деді ол тағы да көз қиығын Аяужанға аударып. Тағы да оның көз қарасында бірде бір қызғаныштық, не жеккөре қалғандық белгі көрінбеді. — Менің хат жазбағанымнан зиян шекпеген тәріздісің ғой.

Аяужан сөз төркіні өзіне ауғанын сезіп, баяу басып алға қарай жүре берді. Ұлбосын оның сыртынан тағы бір қарап, маған бұрылды:

— Қандай әдемі қыз... Бұрын мұнда жоқ еді ғой, кім болып істейді?

— Кран жүргізуші...

— О-о! Аты кім?

— Аяужан.

— Аты қандай әдемі еді! Сымбатты екен. Бір жақтан келген ғой?

— Теміртаудан келіпті.

— Бәсе! Өзім де солай ойлап едім.

— Нені солай ойлап едің?

— Бір жақтан келген ғой деп Егер бұрын мұндай қыз Мыстауда болғанда, сен... — Ұлбосын «Маған қарайтын ба едің?» — дегендей тағы сылқсылқ күлді. — Неге таныстырмадың?

— Таныстыратын жағдай болды ма... Мүлде келдің бе?

Ұлбосын маған ойлана қарады. Тап осы жолы орынсыз айтылған сұрағыма өкпелей ме деп ойлап едім, ол өйткен жоқ, сәл қайғылы үнмен:

— Жоқ, жақында мүлдем кетемін... — деді, — бір кезде ең жақсы күндерімді өткізген жерім болған соң, ыстық көрініп, тағы да бір көрейін деп келдім... және мұнда бітпей қалған шаруам бар еді, соны да бітіргенді жөн көрдім. — Кенет ол маған күлімсірей көз тастады, — Жантас, менің мүсінімді салып болдың ба?

— Болдым. Көргің келе ме?

— Жоқ. Егер ренжімесек, сенен бір өтініш етсем, орындайсың ба?

— Орындайын...

Ұлбосын қинала сөйледі.

— Бәрібір мен енді екеуіңе де жоқпын ғой... Сен болсаң.. Ол ұзап бара жатқан Аяужанға тағы қарады. — Және мені сен Шерубайдай жақсы көрген емессің, менің мүсінім саған тек біздің тәтті сәттерімізді ғана есіңе салады ғой, одан бөтен саған қандай қажеті бар?.. Егер еңбегіңді қисаң, сен оны Шерубайға бер. Ол мені шын жақсы көрген еді, өзіме қолы жетпей қалса да, тас бейнеме не болсын. Білем, менің мүсінім оған қымбат та, қадірлі де... Келген шаруамның бастысы осы еді...

Ұлбосынның үнінен бір түрлі суық леп сезілгендей. Адам бірдемеден мәңгі үміт үзер болса ғана осылай, шешіле сөйлейді ғой, сонда Ұлбосын неден үміт үзіп тұр? Менен бе? Оны бұрыннан-ақ білем. Сонда неден? Неден екенін өзім де түсінбеймін, бірақ жүрегім Ұлбосынның менен де қымбат бірдемені қиғанын

сеземін. Көзіндегі мынау солғын түс те, мұңды жалын да соны айтып тұр.

— Бекер олай дейсің, Ұлбосын... Мүсін маған да қымбат... Бірақ сен қиылсаң, амал не, Шерубайға берейін...

— Көп рахмет, — деді Ұлбосын жадырай күліп, бірақ кезіндегі мұң сөнбеді, — бір тілегімді орындайтыныңды өзім де біліп едім. Ол қолын созды. — Ал қош... Бақытты бол.

— Өзіңнің де бақытты болуыңды тілеймін: Ұлбосын мұңая күлді.

— Бақыт менен енді қашып құтыла алмайды... Ұлбосынның ауруы есіме енді ғана түсті.

— Денсаулығың қалай әйтеуір...

— Жақсы. Ауру маған енді ештеңе істей алмайды.

— Ол тағы мұңая күлді. — Қуса да жете алмайды... Ал қош... Турма, қалыңдығың күтіп қалды ғой! — Ұлбосын бұрылып жүре берді де, кілт кейін қарады, көзіндегі мөлдіреген жасын мен енді анық көрдім. — Бақытты болуыңды шын жүрегіммен тілеймін...

Соңынан қарап сәл тұрып қалдым. «Қандай берік жан! Адам болсаң осындай бол, ең болмаса қабақ шытып ренжігенін байқатпады ғой! Мүмкін ол менен айрылғанына қуанышты да болар...»

Мен оқшау барып тұрған Аяужанның қасына келдім. Екеуміз қайтадан қатар аяңдадық. Үн-түнсізбіз. Есімнен Ұлбосынның қайғыға толы көзқарасы кетер емес. Соны сезгендей Аяужан да тіл қатпайды, төмен қарап, әлденені ойлап, баяу басып келеді. Әлден уақытта барып:

— Қандай әдемі келіншек еді! — деді ол басын көтеріп, — мүсінін салуға тұратын көрікті екен...

— Рас, сұлу жаратылған жан... Енді Мыстаудан мүлдем кетпек.

— Қайда?

«Бәсе қайда кетпек? Мен неге сұрамадым? Сұрағанда оның қайда баратыны неге керек?.. Жіңішкерген жіптің біржола үзілгені жақсы емес пе? Оны қайтадан жалғаймын деп әуре болудың кімге керегі бар?»

— Білмеймін. Қайда баратынын сұрағам жоқ.

Байқап қалдым, Аяужанның көңілі сәл серпілгендей болды. Ол енді маған күлмсірей қарады.

— Қашан жүреді?

— Оны да сұрағам жоқ...

Аяужанның көңілі енді серги түсті. Басы жұмыр пенде ғой, ойында сәл күмәні болған секілді. Менің Ұлбосынның қайда баратынын, қашан жүретінін сұрамағанымды біліп, енді оны маған тақа қымбат емес екеніне көзі жеткендей. Бірте-бірте мен де серги түстім. Аспандағы жұлдыздан қасындағы құндыз артық дегендей өткен күннің сұлу шақтары кейін сырғып ойымды қазіргі жағдай билей бастады. Сөйткенше болған жоқ кинотеатрға да жетіп қалдық. Кешкі уақытқа билет алып, екі сағаттан кейін осы театрдың алдында кездеспек болып, екеуміз екі айрылдық. Аяужан киініп келмек боп, автобусқа мініп, жатақханасына кетті. Мен азырақ дем алуға үйге қайттым.

«Ән қанаты» бізге ұнады. Фильмнен біз көрмеген сонау бір өткен күннің, қайта оралмас жалынды тынысын аңғардық...

Кино біткеннен кейін де біз ұзақ қыдырдық...

Бір-бірін түсініскен көңілдер, қобыздың қос пернесі емес пе, бірін қозғасаң, екіншісі қосыла түседі, екеуі бірігіп, адам баласының көңілін шалқытар, жүректерін қуанышқа толтырар әдемі ән туғызады. Біздің де көңіліміз дәл осы қобыздың қылдарындай, бір ән, бір қуанышты ғана жырлайды. Біздің сөйлесуіміздің қажеті жоқ. Онсыз да бәрі түсінікті. Бәрі шешілген тәрізді. Бір-біріміздің белімізден құшақтап, айлы түнде, жұпар аңқыған жас гүл-бақшаны аралап келе жатырмыз. Ыстық еріндеріміз де қуана ынтығып, әлсін-әлсін сүйісеміз.

— Есіңде ме? — деймін мен, — біздің алғашқы сүйіскен күніміз?

— Есімде... Бірақ онда біз бала едік қой.

— Бала болсақ та, сондағы ыстық ерініңнің дәмі әлі тілімнің үшінде...

— Рас па?! Онда оған қосымша болсын... Аяужан мойнымнан құшақтап енді өзі сүйді.

— Қашан қосыламыз?

— Өзің қалай ойлайсың?

— Бүгін! Қазір!..

Аяужан күлімсіреді.

— Азырақ шыдасақ қайтеді?.. Мен осы күнге дейін ешкіммен жүріп көрген жоқпын. Сен сүйген күннен бастап, өзімді өзім саған деген аманат көрдім... Бір кездесетініме сенген едім. Сол күнге де жеттім. Енді тілегенің болсын...

Өткен ғасырдағы орыстың декадентка ақыны Зинаида Гиппиус «Өзің сүйген адамды емес, өзіңді сүйген адамды бағала», — дейді екен. Аяужанның барлық тірлік-әрекеті, барлық қылығы соған мезгейді. Бірақ ол мені сүйсе, мен де оны сүйем ғой. Демек екеуміз де бір-бірімізді бағалап, қадірлесек керек. Қыздың сүйген жарымен кездесетін уақыт белгілеп, оны асыға күтіп жүргенінің өзі осыған сәйкес бір қызық дәурен екен. Бұған менің көзім бүгінгі төрт сағаттың ішінде әбден кетті.

— Әрине, сен асықпасаң...

— Мен асығам.

— Неге?

— Сен қолым жетпейтін арманымсың. Арманына жетуге асықпай ма?

— Жаныңда тұрған жоқпын ба?

— Ол аз. Аз, сәулем...

Мен оны қатты қысып, құшырлана сүйдім. Түн ортасы ауғалы қашан! Қала бақшасында жан жоқ. Екі-үш-тәулік ішінде дүр етіп өсе қалған ағаш араларындағы көк шөп ғашық жандарға жайылған төсек іспеттес, кел үстімізге аунап, мауықтарыңды басыңдар дегендей, аяғымызға оралады. Екеуміз де махаббаттан мас болған адамдай, барша денеміз балқып, аяқтарымызды әзер басамыз.

Жоқ, Аяужан Ұлбосын емес, мен оның сұлулығына, әсем тұлғасына ғана құмар емеспін, менің оған деген махаббатымда өзім әлі түсіне алмаған бір терең сезім бар.

Біз он күннен кейін қайта кездестік. Мен құшақтап сүймек болып едім, ол менің қолымды кейін итерді.

Мен:

— Жарайды, тойымызды күтейік... — дедім.

— Көп рахмет...

Аз-кем жер жүргеннен кейін:

— Тойымыз қашан болады? — деймін қайтадан. Аяужан мені құшақтай күледі.

— Өзің қашан тілейсің?..

Біз бұл жолы да таң атқанша жүрдік. Таң сарғайып атып келе жатқан да мен Аяужанды жатақханасына апарып салдым. Тек айырылысар алдыда ғана тойымызды бірінші май мейрамының қарсаңында жасамақ болып уәделестік.

Бірінші майға әлі он күн бар! Қуанышты, меңнатты он күні бар! Өткен әр сағатың қаншалық қуанышты болса, күткен әр сағатың соншалық азап! Мұндайын білгенде, Аяужанды ең болмаса бес күнін қысқартуға көндіретін едім. Енді амал жоқ, қалай асықсам да, бірінші майға дейін шыдауға тиістімін.

Таяп қалған той күніне қам жасадық. Аяужан екеуіміздің қосылатынын білген Әбілқас пен Базаргүл де қуанысып қалды. Олар да той жабдығына сыбана араласты. Бойдақ жігіттің үйінде не болсын (азын аулақ ыдыс-аяқты Базаргүл алып кеткен. Әркімнің өз аузы жақын деген ғой) Керек десе аяқ-табаққа дейін сатып алуға тура келді.

Аяужан екеуіміз бір күні менің бөлmemді жинастырып жүр едік, біреу есік қақты.

— Кіріңіз, — дедім.

Шерубай екен. Есіктен аяғын сылбырлау басып, әрең кірді. Өң жоқ, түс жоқ, бір қапа басқан қайғылы адам секілді. Шошып кеттім.

— Амансыз ба, Шереке?..

Ол басын изеді.

— Өздері де...

Көзінің қырын Аяужанға бір аударды да қойды. Ләм деген жоқ. Аяужан сәл қымсынып, ас үйге шығып кетті.

— Жай жүрсіз бе?..

— Жай... — Шерубай ауыр күрсінді. — Кеше түнде Ұлбосын дүние салды.

— Не дейді...

Сенерімді де, сенбесімді де білмедім, жүрегім шәншіп, көзім қарауытып кетті.

— Не дейсіз?! Рас па?

— Рас... Люминальдың бірнеше дозасын бірден ішіп, мәңгі оянбай ұйықтап кетіпті...

— Қалайша?.. Жақында ғана көріп едім ғой, бұл арадан көшемін деген...

— Бұл қаладан емес, бұ дүниеден көшем дегені ғой...

Сол күнгі Ұлбосын сөзінің астарын енді түсіндім. Бәсе, жүрегім түрінен бір сұмдықты сезіп еді, тегін болмай шықты ғой. Адам дүниеден үміт үзуге бел буса, өзге жұрттың күнәсін де, істеген қиянатын да, жақсылығында ұмытады, дейтін еді жұрт. Ұлбосын да сол күні Аяужан екеуімізге, кінәратсіз тым зілсіз қарап еді, онысы да тегін емес екен ғой. Қайтсін, бишара, біздің қызығымыз түгіл, өз қызығын шәйіт еткелі тұрғанда, қайтсін өзгеге өкпелеп...

Мен екі иығымнан кенет басқан батпандай ауырлықты көтере алмай:

— Япырай, сұмдық екен... Әлі жап-жас еді ғой, өмірді қиюға қалайн дәті барды... — дедім, не айтарымды білмей.

— Қиналып өлуге қорыққан секілді... Маған қанша қиын болса да, амал жоқ, бүгін денесін союға мәжбүр болдым... Жыныс мүшесі рак екен. — Ол ауыр күрсінді. — Тым асқынып кетіпті...

Бишара тірі қалмайтынын біліпті... Енді қиналып өлгенше, осылай өлейін деп бел буыпты... Екеумізге арнап хат жазып кетіпті.

— О хаты қайда? Кәне беріңізші...

— Үйде, кейін оқырсың... Ол стол үстінде тұрған Ұлбосын мүсінінің басынан сипады.

— Міне, өмір деген осы, бүгін барсың, ертең жоқсың. — Бұл мүсінді сіз алыңыз. Ұлбосынның өзі сізге бер деген еді.

Шерубайдың көзі кенет бір көмескілеу сәулемен, қуана жарқ ете қалды.

— Рас па?.. Көп рахмет...

Мен дәл осы минутта оның Ұлбосынды шын жүректен сүйетініне көзім әбден жетті. Шерубайды аяп кеттім, бірақ көңілін жұбатар ештеңе дей алмадым. Өз көңілімді де жұбатар біреу керек секілді...

— Бүрсікүні жерлейміз, — деді. Егер қолың тисе жерлеуіне кел...

— Қолың тисе дегеніңіз не?.. Ұлбосынның қабырына бармағанда, қайда барамын... Сөзсіз келемін.

Шерубай Ұлбосынның мүсінін ақ қағазға тәптештеп орап алды да, үйден шығып кетті.

Мен не істерімді білмей, дал боп тұрып қалдым. Үйден Ұлбосынның мүсінімен бірге менің де өмірімнің бір үлкен қуанышы кеткендей, жаныма батқан ауыртпалықтан көзіме келген жасты алақаныммен сүртіп, терезеге бұрылып кеттім. Өйткені дәл осы кезде үйге Аяужан кіріп келе жатыр еді.

Күн де кеп жұлдыздың бірі, айырмасы: өзге жұлдыздар алыстан жарқыран құр жымындаса, күн бар әлемге өмір береді. Адам баласы да осы қалың жұлдыздар тәрізді. Бұлардың арасында да басқаға өмір беретін, жарық сәуле төгетіндер аз емес. Мүмкін, ондай адамды күнмен салыстырған дұрыс емес шығар, өйткені күн бүкіл дүние жүзін бірдей сәулелендіреді ғой, ал жақсы адамның жарығы кейде бір кісіден аспайды. Бақытты етсе бір-ақ жанды бақытты етудің өзі де үлкен қасиет емес пе? Дүниеде өзгені бақытсыз ететіндер аз ба. Маған танысқан күннен бастап Ұлбосын сондай өзгеге тек қуаныш, бақыт беретін ғана жан боп көрінген... Бұл пікірімді ол бертін келе аныққа шығарғандай да еді. Өзгеге бақытсыздық тілемеудің өзі де адамды құрметті етіп сипаттамай ма? Ал Ұлбосында ондай жат мінез жоқ екеніне оның Аяужан екеумізді бірге көрген күннен бастап көзім әбден жеткен. Сөйткен адамның өзін өзі өлтіруі маған жұмбақ болды. Әрине, рак ауруы оның жан дүниесіне үлкен әсер етуі де ықтимал. Бірақ ондай жағдай да сонау Ташкенттен Мыстауға неге келді? Өмірден күдер үзгісі келген адамға қай жерде өлгеннің бәрі бір емес пе? Бұнда бір бөтен сыр бар ма? Ұлбосынның ажалын жеделдетуге Аяужан екеуміздің қуанышты махаббатымыз себепкер болған жоқ па? Қайғылы сорлы, мені іздеп әдейі Ташкенттен келген де сүйген жігітінің басқа қызға ауып кеткен опасыздығын көріп қапа үстінде күрт шешімге келді ме? Бірақ, өйте қоймаса керек еді ғой,

екеуміздің арамыздың алыстағанын өзі Ташкентке кетпей тұрып білген жоқ, па еді?

Түйінін айтқанда, Ұлбосынның өлімін естіген минутімнен бастап, мені де қайғы тұманы торлады. Ажалына тек қана өзім кінәлідей жанымды қоярға жер таппадым. Жазып кеткен хатын оқығанша асықтым. Ертеңіне екі рет барып, үйінен Шерубайды таба алмай қайттым. Ауруханада жоқ, болып шықты. Ақырында, оның қайда жүргенін Әбілқастан білдім. Зират басына кеткен екен. Шерубайды кешке таман үйінен таптым. Ол менің неге келгенімді айтпай-ақ біліп, үлкен қара ағаштан жасалған жазу столының тартпасын (Шерубайдың үйіндегі стол, айна, шкаф, бәрі сәнді, қара ағаштан жасалған екен) ашып, бүктеулі екі тарақ қағазды үн-түнсіз маған берді. Мен қағазды жазып, үнсіз оқи бастадым. Хатында Ұлбосын былай депті:

«Қымбатты Шерубай, Жантас!

Өмірге келгеннен кейін кетпек бар. Мен қара жер құшағына бара жатқанымға өкінбеймін. Бұл жалғанда аз жасадың ба, көп жасадың ба, ол есепке кірмеуге тиісті. Өмір құны оның жылында емес, маңызында, қызығында ғой. Мен сол қызықты көріп өттім деген жанмын.

Өмір қызығы деген не? Біреу ел билеп, ұлы дәрежеге жеткенін арман етеді. Біреу ғылымда дегеніне жеткісі келсе, біреу әдебиетте, көркем өнерде атын қалдыруға құмар. Сендер осы топтың адамысыңдар. Ал, мен кімін? Маған табиғат ондай арман ағысын берген емес. Менің бар дүнием, көз жіберер биігім өзімнің жұдырықтай жүрегімнің қызығынан аспайтын. Сол қызықты аз ба, көп пе, көрдім. Әрине, жиырма бес жаста жарық дүниені қию оңай емес. Әттең! Әттең! Бірақ амал жоқ. Өйткені менің қалған өмірім өзіме азап болатынына көзім анық жетті. Рак ауруы күннен күнге асқындап бара жатқанын сезінемін. Одан құтылар жол жоқ болса, маған ажалдан басқа не қалды?

Менің өліміме ешкім де айыпты емес. Шерубай, саған бұрын өкпелегендей едім, ол өкпемді де кештім. Мәңгі ұйқыға бара жатып, сенің жүрегіңді тырнап қайтем? Өткен дүние өтті, кетті енді қайтып келмейді, оны еске алудың қажеті жоқ. Бар тілегім сол. Және сенің бақытты болатыныңа да сенемін. Жан серігің таңдай білетін адам, қашан да болса бақытты болады, Сенің жан серігіңді таңдай білетінің көзім жеткен.

«Жер таба алмағандай мыстауға келіп өлгені несі? Мұнысы бізді мұқатқаны ма, әлде өкпелегені ме?» деп ойлап қалуларың мүмкін. Әсіресе Жантас, сенің солай ойларың даусыз. Бұл хатты жазуыма да осы сұрақ себеп болды.

Жоғарыда менің ажалыма ешкім де айыпты емес деп айттым ғой. Тағы да айтам, Шерубай сен де, Жантас сен де, бұған кінәлі емессіндер. Мен ауруға шалдыққанымды білгеннен-ақ бұл өмірмен қоштасуға бел буғам... Бірақ жоқ жерден Жантас кездесті де, бұл ойымды уақытша тоқтатты. Өмірден жылап емес, күліп өткім келді. Әттең дүние-ай, қуанышымыз қысқа болды. Ендігі сенен жалғыз тілегім, Жантас, егер ауырсынбасаң менің басыма өз қолыңмен қайың ағаштың бір бұтағын отырғыз. Жас өседі, жалғыз тал ағаш қалың орманға айналар. Оның басына бұлбұл құстар қонып, суық жер құшағында жатқан маған, өзім қия алмай кеткен өмірдің сұлу әнін жыр етер... Мен соған да ризамын.

Бұл жалғаннан қоштасқалы Ташкентте жүргенімде де бірнеше рет оқталып, бірнеше рет тоқтадым. Оған себеп: жарық дүниені қияр алдымда, аз жасымда ең бақытты күндерім еткен, жүдеп-жадаған жас көңілімді үлкен махаббаттың күншуағымен қайтадан жылытқан Мыстауды көргім келді. Мыстауды көріп едім, енді оны қиып кету қиынға түсті. Мыстаудан кету де, өмірден кету де бірдей болды. Ал өмірден кету керек. Кетпеске жол қалған жоқ. Енді не істеуім керек? Екі рет өлуге күшім жетпеді. Сондықтан біржолата мәңгі ұйқыға кетуге бел будым.

Шерубай, сен патанатомсың ғой, маған бөтен жол қалмағанын денемді сойғанда өзің көрерсің, түсінерсің...

Бұл арада ажалға бел бууыма тағы да бір кішкентай кулығым болды. Мұнымды да айыпқа бұйырмаңыздар. Неге екенін білмеймін, қара жерге сен екеуіңнің өз қолдарыңмен жерлегендеріңді көңілім тіледі де тұрды. Мұнымды Аяужан да, басқа адамдар да айып көрмес.

Ал, айтайын дегенімнің бәрін де айтып болдым. Енді қош! Ел-жұртқа, құрбы-құрдасқа сәлем деңдер.

Ұлбосын».

Хатты оқып шыққанда мені ең алдымен таң қалдырған нәрсе ажалға бел буған жанның өмірмен мәңгі қоштасқалы тұрса да жасықтық, не болмаса өкініш білдірмеуі. Қайта оралатын алыс сапарға бара жатқан адамдай, өзі де қынжылмайды, өзгені де қынжылтқысы келмейді. Меніңше, мұндай мінез тек рухани берік адамдардан ғана шығады. Сол рухани берік адамға Ұлбосын қылығы да мінәжат болатын секілді. Бірақ өзін-өзі өлтіру осалдығы емес пе? әлі де болса неге емделмеді, тіпті операцияға неге жатпады? Жоқ, Ұлбосын бәрін де білді, өмір-өмір деп қанша жабысқанмен де, енді оның басынан асыра тастап, кететін асау екеніне көзі жетті. Өзін де, өзгені де әуре еткісі келмеді. Бұл оның осалдығы емес. Құтылар жол жоқ жерде өмірден гөрі өлімді таңдауы да шын ерлік. Ұлбосынды ертең ардақтап көмушілердің бірі болуға Шерубайға уәде беріп, үйге қайттым.

Келсем үйде Аяужан мен оның жолдастары Алтынай, Кәріпжан, Асылхан деген екі жігіт отыр екен. Бұл екеуі тек Аяужанның ғана жолдастары емес, Базаргүл екеуімізге де таныс. Тіпті жақын жігіттер: Бәріміз осы жерлікпіз, бір колхозданбыз. Олар менен үш-төрт жас кіші, Базаргүл, Аяужан бәрі бірге оқыған. Сондықтан мені аға тұтады. Бұрын үйге бірен-саран рет келгендері бар. Базаргүл үйленгелі келіп отырғандары осы. Екеуі де орта мектепті бітірісімен, институтқа бармай, осы құрылыста қалған. Кәріпжан үй қалаушы да, Асылхан үй сылаушы. Жақында ғана білгем. Алтынай да осылар тобында екен. Бұл да үй қалаушы. Аяужан екеуіміз. «Ән қанатын» көрген кештің ертеңіне, қыздар жатақханасына барсам, мені Алтынай екеуі - есік алдында күтіп тұр екен. Кеше сырт киімшең тұрғандықтан аңғармаппын. Алтынай көз тартарлық тұлғалы қыз екен.

— Танысып қой, Жантас, — деді Аяужан мені онымен таныстырып, — ең жақын досым Алтынай. Екеуіміз Теміртаудан бірге келдік.

— Жантас.

— Алтынай.

Бұдан әрі сөз түгесілді. Бүгін де киноға бармақ едік. Онда «Екеу» деген жаңа фильм жүріп жатқан. Әрине, жанымызда үшіншінің пайда болғанын мен ұнатқам жоқ. Бірақ амал не «Екеуді» үшеу болып көруге тура , келді.

Содан бері Алтынайды жақсы білемін. Өз ұпайын оңай жібермейтін осыңа бір өжет қыздан абайлап жүруді дұрыс көрдім. Қазір, үйге кірген кезде, ол менің бөлмеде жоқ екен. Ас үйде бірдеме қамдап жүргенін құлагым шалып қалды. «Басы ауырмағанның, құдайда не шаруасы бар» дегендей, танымайтын Ұлбосынның өліміне ешқайсының да бәлендей көңіл қоятын түрі жоқ. Мен үйге кіргенімде бәрі жабыла үңіліп, «Польша» деген журналды қарап жатыр екен. Мені көріп Кәріпжан мен Асылхан журналды тастай салып, қол беріп асыға амандасты.

— Халдарың қалай? — дедім мен. Сірә дауысым жүдеу шыққан болу — керек, сезімтал Аяужан маған жалт қарады. Бірақ үндеген жоқ.

— Халымыз жаман емес, — деді күлімсіреп Асылхан. Сірә, ол менің солғын амандасқанымды байқамаған тәрізді. Байқаса да байқамаған пішін көрсетіп тұр. — Ай аяғындағы құрылысшылардың халы жаман болатын ба еді, қашан ұйықтап, қашан ас ішетініңді өзің де сезбейсің...

— Ай бойы босаң қимылдағанның есесін алып жатыр екенсіңдер ғой...

— Несін айтасыз... Бастықтардың кезінде керекті құрылыс заттарымен қамтамасыз ете алмағандарының зардабын тартып жатырмыз...

Бір аңғарғаным — Аяужанның түрі бүгін бір түрлі солғындау көрінді. Жұмысы көп болып шаршады ма екен? Әлде... Мен қай жақта болып келгенімді сезіп, көңіліне күмән ұялап отыр ма?

Үйге кіргеннен бері ұмытыла бастаған Ұлбосын хатының сөздері есіме қайта түсті. Оның әр сөзін ойлаған сайын көз алдыма әлсін-әлсін елестей берді ол. Осы уақытқа дейін Ұлбосынға деген өз сезімімді терең ойлап, таразыға салып көрген емеспін. Мен болсам бұрын Ұлбосын екеуміздің арамыздағы ләззат қуанышын өткінші жауын тәрізді, бір уақытша сезім деп қарайтынмын. Ал, Ұлбосынның бүгінгі хаты менің бұл көзқарасымды өтірікке шығарғандай. Ұлбосынның маған деген сезімінің соншалық мөлдір, адал екеніне көзім жете тұра, оған деген қуанышты тек бір күдік ойдан туған екен дей аламын ба? Сонда мен кім болғанмын? Егер Ұлбосынға солай қараған болсам, Аяужанға да сол қылығымды көрсетуім қажет пе? Ал, махаббат шынайы, мәңгілік болмаса махаббат па?

Абуль-фарадждан ба, әлде шығыстың басқа көне жазушыларының бірінің еңбегінен бе, махаббаттан туар қуаныш төрт түрлі болады деп оқығаным бар. Бірі — бір мезеттік қана қуаныш. Ол тек өткінші ләззат сезімінен туады. Екіншісі — аз уақыттың қуанышы. Бұл бірін бірі сүймей қосылған ерлі-зайыпты адамдардың өмір кешкен алғашқы айлары тәрізді. Үшіншісі — екі адамның жан сезімімен, мінез-құлқымен байланысты махаббат. Бірін бірі бір кездерде жақсы көрсе де, артынан суып, тоңази қалатын қуаныш. Бірақ сол құбылмалы мінезі арқылы олар бірін бірі қайтадан жақсы көрулері де кәдік, қайтадан ләззат қуанышына бөленулері де ғажап емес. Ал төртіншісі — шын махаббат. Жасың ұлғайып қартайсаң да сол жас қалпында қалатын қасиетті сезім. Қазақ поэзиясының тілімен айтқанда бұл:

Екі жас жрасады ойнап-күлсе,

Туса да кандай жағдай қатар жүрсе.
Махаббат тот баспайтын бір асыл тас
Кірлетпей адал оны сақтай білсе, — делінетін інжу-маржан, өзінің сәулетін мәңгі жоғалтпайтын шын ғайһар...

Осы сезімнің мені қайсысы билеп келді? Өз ойымша, Ұлбосынға деген, құр отты тілектен туған уақытша Ләззат та, Аяужанға деген ұзақ жылдан бері жүректің түбінде жатқан шын махаббат секілді еді. Ал бүгінгі хаттан кейін, өзім де түсінбеймін, бей-жай боп, өн бойымды бір өкініш, арман билей бастағандай... Расыменен-ақ мені шын сүйген Ұлбосынды түсінбегеніме өкінгенім бе? Мұндай көңілінде қаяу болса Аяужанды қалай шын, сүйдім дей аласың? Бұ да лап етіп жанып, жалыны тез басылар өткінші махаббат болып жүрсе, сенен шындық, өмірбақи сөнбес достық тілеген жас жанды алдау болмай ма? Ондай алдау саған да, оған да обал емес пе?

Мен Аяужанның бетіне қайта қарадым. Жоқ, жоқ, мені билеген өткінші сезім емес, шын махаббат, менің ойымды, қиялымды Ұлбосынға деген сезімнен көрі басқа сезім билеген. Маған жараланған құралайдың көзіңдей қазіргі сәтте мұңая қараған көзқараста сезім құмарлығы емес, басқа бір үлкен арманның, ғажайып сұлу тілектің нышаны жатқандай көрінді. Мұндай хал әнге құмар композиторда, сұлу көрініске құмар суретшіде, поэзияға берілген ақында ғана болады. Аяужанның мені жақсы көруі еркек пен әйелдік сезімінен анағұрлым тұңғыық, анағұрлым қанатты. Бұл мен әлі әбден түбіне жетіп түсіне алмаған шыңырау, басына шығып, ұға алмаған биік!

Мұндай жанды өткінші сезіммен сүйге бола ма? Жоқ, бұлай ету күнә, қылмыс! Жақсы көрсең, сен де өзіңдей жақсы көр, өзіңдей сүйе біл! Оған дәрменің жетпесе, ақ гүлді кірлі қолыңмен ұстама.

Аяужан жүрегімдегі тулай жөнелген астан-кестең толқынды сезді ме, маған аяй қарады:

— Қашан шығармақ болдыңдар? — деді ол сыбырлай сөйлеп, шайға отыра бергенімізде...

— Ертең...

— Мына жігіттер той жайын сейлеспек болып келген екен, — деді ол (бұрынғысынан да жәй сыбырлай, — әзірге бұл әңгімені қоя тұрайық...

— Неге?

— Кісі өліп жатқанда мұнымыз дұрыс болмас... Одан да бәріміз болып Ұлбосынды жерлеуге барайық.

— Өздерің білесің...

«Беу-беу, Аяужан-ай бәрін де біледі екенсің, сөйте тұрып мені кешіруге де қайратың жетпек екен! Бетіме салық етпек түгіл, өткен айыбымды елемей келгенің қалай? Мені ұялтқың келмеді ме? Әлде аядың ба?...»

Аяужан енді маған бұрылып, дауысын шығара сөйледі.

— Қай уақытта қоймақ болдыңдар? — деді ол.

— Екіде. Өзгелер елең ете қалды. Енді Аяужан оларға түсіндіре бастады.

— Уланып қайтыс болған Ұлбосын Жантастың жақын жолдастарының бірі болатын. Оны ертең сағат екіде жерлейді екен, — деген Аяужан сәл кідірді де, сөзін қайта сабақтады, — біз ғой, таңғы кезекке шығамыз. Жұмысты сағат он

екіде бітіреміз. Құрбылас жан ғой, мұнда бәлендей жан күйер жақыны да жоқ секілді, егер қарсы болмасаңдар, ертең Ұлбосынды жерлеуге бригада болып тегіс барайық...

Алақандай қалада жаман хабар жатқан ба, Ұлбосын оқиғасымен мұңдағылардың бәрі де таныс секілді, барлығы бір ауыздан:

— Барайық, — деп сөз байласты.

Шай ішуге кірістік. Бірақ Ұлбосын бейнесі үй ішін қара-көлеңкелетіп жібергендей, отырғандардың жүзі жабырқап кенет бәрі де томсара қалды. Мұны сезген Алтынай, жұрттың көңілін сергітпек боп күлдіргі бірдеңелер айтуға кірісті. Ал менің құлағыма оның қалжыңының бір де бірі жетер емес. Қайғырсам, көңілім әлденеге қобалжи бастаса өзіммен өзім болып кететін әдетім... Мұндайда қалың қиялға берілем, яки болмаса жан-жағымдағы адамдардың бет-әлпетін зерттей бастаймын. Бұл менің ойымды бөледі. Қазір де сонау кездегі Базаргүлдің тойындағыдай, төңірегімдегілердің өңін, мінез-құлықтарын барлауға кірістім. Міне қарсы алдымда Кәріпжан отыр.

Бұл ұзын бойлы келген, кең жаурынды, өткір көзді, қалың қабақты жас жігіт, басындағы қою қалың қара шашы кірпінің инесіндей тікірейіп тұр.

Кәріпжанмен салыстырғанда Асылхан тіпті басқа адам. Орта бойлы, толықтау келген дөңгелек жүзді жігіт. Ұйыса біткен қою қара шашы жібектей жұмсақ екені көрініп-ақ тұр. Ақсары, жұқа өңі әлденеден ұялса яки қысылса қапелімде қызара қалады. Заманында физиономистика ғылымымен (адамның сырт келбетіне қарап мінез-құлқын айыру) шұғылданған Ибн Синаның топшылауы бойынша, мұндай адамдар ақкөңіл, күнәсіз болуға тиісті. Тегінде Кәріпжан қаншалық тәуекелшіл, қайсар болса, Асылхан солғұрлым нәзік жанды, жұмсақ мінезді жігіт. Оның Алтынайды ұната тұрып әлі күнге дейін сөз сала алмай жүргені сол болар.

Ақкөңілділік пен өжеттікті бір-біріне теліп бір адам мүсінін туғызуға болады. Ал осы Кәріпжан мен Асылханның сырт бейнелерін бір адамға қауыштырса қайтер еді? Мысалы Кәріпжанның тікенектей едірейген шашы мен Асылханның жұмсақ ойлы көзін біріктірсе қандай адам шығар еді?

Шашына қарасаң қайсар, көзіне қарасаң көнгіш бір адам пайда болуы мүмкін ғой? Сонда ол кім болғаны? Екі ұдай бірдеңе болып шығады да? Өз ойыма өзім күліп жібердім. Дәл осы сәтте стол басындағы қыздар мен жігіттер де ду күлді. Ойымды сезіп қалған екен деп қуыстанып қалдым, жанжағыма алаңдасам, олардың менде шаруасы жоқ, өздері мен өздері мәзмейрам болып отыр. Тірінің аты тірі емес пе, Ұлбосын қайғысы дәл осы сәтте ешкімнің де кеңіліне кірбің салып тұрған секілді емес.

Мен көзімнің қиығын ақырын Аяужанға аудардым. Ол ұяла күлімсіреп, сәл қырын қарап отыр екен. Пісте мұрын, бота көз, оймақ ауыз, үлбіреген ақ тамақ... Жазық мандайы мен сұңғақ келген жұмыр мойнында бір әжім жоқ, иығын қолаң шашы төгіле жауып тұр...

Менің институтты бітіргеннен бері Қыз Жібектің мүсінін жасау арманым болатын. Натурщица боларлық талай қазақтың әдемі қызын кездестіргем, дегенмен де бірде біріне тоқтай алмағанмын. Біреуінің түрі көрікті болса, ойнақши қараған көз қарасында бір жеңілтектік жататын, әрбіреуінің түр-

келбетінен саналы жанның ишараты білініп тұрса да, не мойны, не ерні менің іздеген идеалыма ұқсамай, амалсыз бас тартатынымын. Бір кезде Ұлбосынды да ойлағанмын. Бірақ ол маған тым ыстық құшаққа құмар, аса жалынды жандай көрінген. Неге екенін білмеймін Қыз Жібектің бейнесі менің қиялымда өзгеше болатын. Ол шыжыған ыстық күннің алабұртқан аңызақ желі емес, жанындай жай тапқызар кешкі самалы секілді еді: Жантәнін қандай отты сезім билеп тұрса да, қимылында ұяңдық, құшағында ұят аралас бір көркем сабырлы сезім жатуға тиісті көрінетін.

Ал, Ұлбосын болса шілденің ыстық желіндей, өз жалынымен өзін де, «сені де күйдіруге құмар жан. Мен ол кезде Ұлбосынның маған деген бұл ашық құштарлығы өмірден өткелі тұрған әйелдің ең ақырғы қуаныш минуттері екенін білмейтінмін, сондықтан оның жалынды жан күйзелістерін тек әйелдік құмарлықтан, өзін өзі ұстай алмағандықтан туған сезім деп түсінетінмін. Оның бұл қылықтары мені қорқытатын, кейде тіпті өнбойымды Ұлбосынға деген бір қарсылық күш билеп, көңілімді де суыта түсетін. Қыз Жібекті әлі қауызын жармаған гүл секілді көретін басым, Ұлбосынға оның бейнесін мұндай кездерімде қиғым да келмейтін.

Ал қазір... Сол Қыз Жібекке деген идеалымды тапқандаймын. Жаныңды бір әдемі қиялға бөлер сұлу әнге ұқсаған осынау Аяужанның күнәсіз таза бота көзінде Қыз Жібекке ылайық бір әсем мөлдір сезім ұялағандай, Ерлік ісін дәріптегенді ерсі көрген, шын сүйіп тұрса да өзін-өзі ұстай білген мінез құлқында да бір орасан қасиет жатқандай. Маған дәл осы сәтте Аяужан қашан да болса жанын арының садақасы ете алатын қыз болып көрінді. Мұндай жанды қалай мәңгі сүймессің? Мәңгі сүймеу күнә! Сондықтан да маған ол біздің заманымыздың Қыз Жібегі болып елестеді.

Мен Аяужанды өте жақсы көретінімді осы минутте анық білдім! Ол үшін отқа күйіп, суға батуға да бар екенімді сезіндім. Өзімнің сырымды анық ұққаныма қуанып кетіп, енді Аяужанға шаттана қарадым. Менің жанымды түсінді ме, ол да маған көз қиығын тастап, елжірей күлімсіреді. Бірдеме айтпақшы болып келе жатты да, өзінің ұяң мінезі жеңіп, қоя қойды.

Көп кешікпей, ертең сағат екіде кездесуді уәделесіп, жастар үйлеріне қайтуға ыңғайланды.

Аяужанды шығарып салайын деп едім, қасындағы адуынды Алтынайдан бата алмадым.

Аздан кейін мен де төсегіме жаттым. Бірақ көпке дейін ұйықтай алмадым. Бүкіл ақыл-ойымды Ұлбосынға деген қайғы, Аяужанға деген қуаныш билеп, басым әңкі-тәңкі болды. Тек таң ата ғана көзім ілігіп кетті...

— Мен мезгілсіз өлген адамды өте аяймын, — деді ол, — әсіресе, әйел жынысты болса...

— Неге? — дедім мен. — Еркек-әйелі не, өлген соң, бәрі аянышты...

— Жоқ, әйелдің өлімі ерекше, — деді ол, — әйел жалғыз өлмейді, өзімен бірге бірнеше адамды ала кетеді. Мүмкін олардың ішінде Пушкин, Гете, Шекспир,

Ньютондар болуы...

— Еркек ше? Тұқымсыз бидай шыға ма?

Осы бір көңілсіз әңгіме бұдан төрт жыл бұрын болған. Мен өзіммен бірге оқитын Марийка деген Украина қызы екеуміз анатомиялық мұражайға барғамыз. Екеумізге де гипстан қарт адамның маңдай әлпетің мүсінге түсіру тапсырылған. Анатомиялық мұражайда іздеген адамымыздың бейнесін тез-ақ таптық. Келе жатқанда, өліктер жайын әңгіме еттік. Жоғарғы сөздер сонда айтылған. Неге екені белгісіз, сондағы осы әңгіме менің есіме әлсін-әлсін түсе берді...

Қазір мен Ұлбосынның табытының жанында тұрмын. Оң жағымда — Шерубай, сол жағымда — Кәріпжан. Табыттың ар жағында, бізбен қарама қарсы — Аяужан, Алтынай. Асылхан. Бұл — біздің Ұлбосынмен ақырғы қоштасуымыз.

Ескендір Зұлхарнайын ажалдың таяғанын сезіп, анасына хат жазыпты, деген аңыз бар. Атақты жиһангер өзінің хатында анасынан аймағындағы бүкіл аш-жалаңашты шақырып, садақа ретінде асқа тойындыруды өтініпті. Тек бұл асқа туғантуыстары қаза болмаған адамдарды шақырмаңыздар депті. Ондағысы — өлімсіз жан жоқ екеніне көзі жетсе, менің қайтыс болғанымды анам аз да болса жеңілірек қабылдар деген үміт екен-міс.

Расында да, өлімге кім қарсы тұра алады? Одан кім қашып құтылады? Қазақ: “Тумақ бар болса, Өлмек те бар” дейді. Атақты Сократ: “Жас баланың өмірге алғашқы аттаған адымы — өлімге алғашқы аттаған адымы” демей ме? Одан ешкім де қашып құтыла алмайды. Бірақ өлім, қашан да болса, ерте. Әсіресе Ұлбосын секілді жасқа...

Ол қазір қызыл шүберекпен көмкерілген ағаш табытта жатыр. Ішкен дәрінің зардабы ма, әлде өлген адамның бәрі осылай өзгеріп кете ме, өңі сәл сарғылт тартқан. Жайшылықтағы шиедей боп, адамды қызықтырып тұратын дәнді еріндері қазір боп-боз. Суға салған көн тәрізді. Осы ыстық ерін емес пе еді — мені талай рет құшарлана сүйген? Қазір мәңгі жұмылған анау үлкен қоңыр көздер емес пе еді — қуаныш сағаттарында маған еркелене, құмарлана қараған? Қайда енді солардың жүрегіңе мәңгі сөнбестей шоқ тастаған құдіретті күштері? Ұлбосынға деген өмірдің сөнуімен бірге, маған деген де бар қасиетінің сөнгені ме?

Ие, солай тәрізді. Өйткені өмір мен өлім - ежелгі жау. Бірі тұрған жерде бірі тұра алмайды. Мәңгі алысып өтпек. Бірақ өлімді қашан да болса өмір жеңеді, өлімнің қайғысын өмірдің қуанышы жұбатады. Мен енді амалсыз Ұлбосынның бас жағында тұрған Аяужанға қарадым. Менің көз алдыма дәл осы сәтте Ұлбосын мен Аяужан қатар түсті. Бірі - өлім, бірі өмір секілді... Бірі маған деген өзінің қуанышын қабырына бірге әкетіп тұрған тәрізді. Өлімді өмір жеңеді деген осы емес пе? Өмір қуанышы Ұлбосынға таусылғанмен, маған әлі таусылмаған, менің алдымда сан алуан қуаныш, қызық бар...

Осындай шешімге келуім мұң екен, өн бойымды басқа бір ауыр сезім билеп кетті. Кенет өзіме-өзім тек өмірден қуаныш қана іздейтін бір арсыз жандай көріндім. Сол-ақ екен, көңілім бұлқанталқан бола қалды. Расында да, мен сондай опасыз жанмын ба? Солай секілді. Әйтпесе, Ұлбосынның қайғысын Аяужанның қуанышымен жеңдірмек болғаным қалай? Мен қайтадан Аяужанға қарадым. Осынау опық жеген жүрегімнің түбінен Аяужанға деген бір жылы сезім мені тағы билей жөнелді. “Жоқ, жоқ, Ұлбосын табытының басында да менің Аяужанды

ойлауым — оның болашақ қуанышын өзімнің қиналған сағатымда да медеу етуім! Бұл менің өмір сүйгіш арсыздығымнан емес, оған деген махаббатымнан туып тұр... Мен Ұлбосынға да адалмын, Аяужанға да адал боламын. Өмір қуанышын өлімге жеңгізбеу — бұ да адалдық..."

Осы кезде зауыт гудогі сағат екіні шақырды. Жанымда тұрған Шерубай басын көтеріп:

— Табытты шығарайық, — деді.

Мен, Шерубай, Кәріпжан, Асылхан, Әбілқас және емхананың бір санитар жігіті алтауымыз табытты көтеріп, сыртқа алып шықтық. Есік алдында тұрған, кілем жабылған жүк машинасының үстіне қойдық. Жаңа ғана байқадым, Ұлбосынды жерлеуге жұрт әжептәуір жиналған екен. Қоштасу гүлін, алып, бұрынғы қызмет істеген жерінен бір қауым кісі келіпті. Әйел, еркегі аралас. Емхана қызметкерлері, Шерубай мен менің таныстарым, Аяужанның серіктері. Ұлбосынды танымаса да, өлікті шығарып салуды парыз көрген біренсаран бейтаныс кемпір-шал, қартаң адамдар да көрінеді.

Емхананың салқын коридорындай емес, дала шыжып тұрған ыстық екен. Үстіне қара киінген адамдарды тіпті күйдіріп әкетіп барады. Табытты қойысымен, машина қозғала бастады. Біз соңынан еріп келеміз. Күңірене жөнелген үрмелі оркестр тыным алмай зарлауда. Адамның сай сүйегін сырқыратады. Онсыз да қаралы көңілді одан әрі құлазытып, үстіңе бір қара бұлт түнерткендей. Оның үстіне күн де бүгін ерекше қапырық ыстық. Оңтүстіктен соққан аңызақ жел де, қиналған жанына шипа болудың орнына, адамның бойын күйдіріп әкетіп барады. Мен Аяужанның серіктерімен қатар келе жатырмын. Аяужан, Алтынай, тағы бір сары шашты қыз арт жағымызда..

— Шіркін-ай, жаңбыр құйып берер ме еді! — дейді әлдекім ақырын сөйлеп.

Мен көкке қараймын. Аспан айдай ашық, тек күннің ыстықтығынан көгілдір өңі қалайы қаңылтырға ұсап, ақшылдана түскен. Жаңбыр жауатын түрі жоқ. Жаз шыққалы осылай. Әлі көк жүзінен бір тамшы жерге түспеген. Сірә биыл құрғақшылық болатын тәрізді. Күні күркіреген көктемі болмаса, жаздың қандай қасиеті бар, мен де жауынды тілеп аспан бетіне қайта-қайта қараймын. Бәрібір сол қу қаңылтыр аспан. Тек сонау көкжиекте бір болмашы қара бұлт көрінеді. Ол үлкейіп, аспанды жауып, жаңбырлы бұлтқа айналғанша кім бар, кім жоқ. Мен қайтадан ойға берілемін. Кенет Ленинградта анатомия мұражайынан қайтып келе жатқандағы Марийкамен сөйлескен сөзім есіме түседі. Бір маңызды сөз болса екен-ау, тек болмашы ой, мағынасыз қайғы...

Бірақ осы дымға тұрмайтын сөздер, қусаң да кетпейтін маса тәрізді, әлсін-әлсін "өлім", "мезгілсіз қаза" деген секілді суық сөздермен миымды шағып, топтанып, маңайымнан кетпей-ақ қойды.

Зират қаланың оңтүстік шетінде дөңестеу жерде болатын. Қаладан алыс емес. Көп кешікпей жеттік. Оркестрдің үні хабар берді ме, зират басына бір талай адам жиналды. Бейіт қазылып қойылған екен. Ұлбосын жұмыс істеген модалар ательесінің бастығы, семізше келген татар әйелі мен Әбілқас күйінішті азын-аулақ сөз сөйледі. Көңілді билеп кеткен қайғылы сезімнен Шерубай да, мен де аузымызды ашуға жарамадық.

Табытты бейітке түсіре бастағанда ғана, Шерубай өзін-өзі ұстай алмай:

— Бақыл бол, Ұлбосыным! — деп еңкілдей жылап, жерге бір дізерлеп отыра кетті.

Жасы келген еркек адамның жылағанын мен бұрын көрген жоқ едім, бұның өзі қияпат көрініс екен. Аузы кемсеңдеп, тамағына бір сүйек тұрып қалғандай, ішін тарта қырқ-қырқ етеді. Көзінен жасы әзер шыққандай, оқта-текте ғана бұршақтай боп жерге тамып-тамып кетеді. Сай-сүйегім сырқырап әзер тұрмын. Шерубай жұрттан қымсынатын емес. Іштегі шер өн бойын өртеп әкетіп бара жатқанда қалай қымсынсын! Көзден тамған жас — іштен шыққан қайғы емес пе, ешкім де оның жылағанын ерсі көрген жоқ, қасіретін тарқатсын дегендей оған “қой” дейтін де жан шықпады. Осы минутта мен Шерубайдың Ұлбосынды қаншалық жақсы көргенін ұқтым. Егер оның махаббатының мұншалық терең жатқанын, шіркін-ай, ерте сезсем, кім біледі, Ұлбосын екеуміздің арамызда ештеңе де болмас па еді, қайтер еді? Әттең, өткен іс атылған окпен тең, жоқты іздегенмен не пайда!.. Бойымды билеп кеткен толқынды әзер тежеп, мен де қолыма күрек алып, Ұлбосынның үстіне топырақ тастай бастадым. Бұл менің оған деген ақырғы парызым. Бұдан артық қолымнан не келеді?

Ұлбосынды көміп болып, жұрт тарай бастады. Мен де серіктеріммен қалаға қарай бет алдым. Зираттан анандай жерге ұзап кеткеннен кейін, бурылып артыма қарадым. Жас қабырдың басында әлі қозғалмай отырған Шерубайды көрдім. Басы төмен салбырап, бағанағысынан да бүкірейе түскен. Аяп кеттім. Бір-екі ауыз тоқтау сөз айтып, жұбатуды дұрыс санадым. Жолдастарыма “сендер жүре беріңдер” деп, кейін қайттым. Аяғымды сылбыр басып, Шерубайдың қасына келдім. Бойымды билеген қобалжуды әзер билеп:

— Шереке... — деп келе жатыр едім, ол орнынан ұшып түрегелді. Көзінде ашу оты жарқ-жұрқ етеді.

— Жоғал! — деді ол өзін-өзі ұстай алмай. — Егер Ұлбосынмен екеуміздің арамызда сен пайда болмағанда, ол мұндай халге жетпес еді! Дер кезінде операция істеп, ауруынан да аман алып қалатын едім! — деді ол, өз дауысынан өзі шошығандай, бір мезет үндемей қалды да, қайтадан сөйлеп кетті. — Енді менің қасыма не бетіңмен келіп тұрсың? Сен тек Ұлбосынды ғана емес, мені де өлтірдің! Егер мені бір жамандыққа ұшыратқың келмесе, бүгіннен бастап көзіме көрінбе! Маңайымнан жүрме! Менен жақсылық емес, қастық қана күт!

Шерубай екеуміздің арамыз араздықпен бітетінін мен бұрыннан да сезінетінмін. Бірақ дәл мұндай болады деп ойлаған емеспін. “Ұлбосынды өлтірген сен” деген сөзін естігенімде, біреу жүрегіме біз сұғып алғандай, не айтарымды білмей тұрып калдым. Ашу үстінде адам не демейді, бірақ Шерубайдың мұнысы тым қаталдық емес пе? Бұған қалай шыдайсың? Шыдамағанда, төбелесесің бе? Әлде ол дұрысын айтып тұр ма?

Біреу алқымымнан қысып, буындырып тұрғандай демімді әзер алып, ұзақ уақытқа дейін үнім шықпай қалды. Әлден уақытта барып, есімді жинадым, қасіретті жанмен енді сөз таластыруды жөн көрмедім, Шерубайға тіл қатпастан, бұрылдым да, анадай жерде күтіп тұрған Аяужанға қарай жүре бердім. Шерубайдың таққан айыбы ішімді өртеп барады. Қолдан келер дәрмен жоқ, діншіл адам болса, “О дүниеде көрермін” дер едім, амалым не, дінге де сенбеймін, құдайға да сенбеймін.

Аяужан менің қабағымның тұнжырап кеткеннінен Шерубай екеуміздің арамызда бір ауыр сөз болғанын сезді ме, бетіме жүдей қарады да, қойды. Үндеген жоқ. Екеуміз қатар жүріп келе жатырмыз. Күн бағанағысындай тымырсық ыстық. Басымды көтеріп, көкке қарап едім, аспан бетін қалың мақтамен тұтастыра жапқандай, қара бұлт теп-тегіс қымтай қапты. Жел жоқ. Бірақ тұншыға түнерген қапас. Адамға дем алғызар емес. Күн көзі көрінбегендіктен, жер беті де әлгідей емес, күңгірт тартқан тәрізді. Аспан жүзі қара бұлт, жер беті қара күңгірт, көңілді де қорғасындай бір ауыр уайым басқан. Айқайлап жіберуге бармын.

— Шіркін-ай жаңбыр бір құйып берер ме еді, — дедім мен де.

Дүние де, біздің көңіліміз де бір жаңарып қалар еді, — деді Аяужан да.

Жомарт табиғат біздің өтінішімізді естігендей. дәл осы мезетте жарқ-жұрқ етіп, найзағай ойнай жөнелді.

Көктемгі күннің күркіреуі бір ғажайып күш қой! Жарық дүниеге бір жаңа үн әкелгісі келгендей, сатыр-сұтыр етіп, бүкіл әлемді тітірете түседі. Өзінің алуан үнімен жер мен көкті бір сілкіндіріп тастамақ тәрізді. Бала кезімде күннің күркірегенін ауыл адамдары Ғазірет-Ғали дүлдүлімен шайтандарды қуып шапқандағы дүбірі деп түсіндіретін. Кенет осы ертегі есіме түсіп кетті. Көкке қарадым. Расында да, күннің күркірегені бір дүлдүл тұлпардың шапқаны тәрізді екен, күншығыс жақтан басталып, күнбатысқа қарай ат шапқандай, тарсылдай жөнеледі. Расымен, шалдардың айтқандары рас па? Кенет күн сатыр-сұтыр етіп, аспанды жерге түсіргісі келгендей күркіреді. Осынау күркір ауыр ойымды үркіте алса, жарар еді. Менің көңілімде түнере ұялаған қайғыға осындай бір ғажайып үн керек-ақ. Сол үнді естігендеймін. Енді кенет серпіле түстім. Дауылды аңсаған дауылпаз тәріздімін. Кеудемді қарсы ашып осынау күркіреген күн мен сонау жарқыраған жай оғын қарсы алуға бармын. Тек өн бойымды зілдей басқан ауыр ойдан арылсам екен! Әлде неге осы минутте менің ойыма:

Сілкінсін мейлі жер мен көк,

Құлатсын дауыл қайыңды!

Қозғаса екен солар тек

Жүректе тұнған қайғымды! — деген ақынның өлеңі келді де, мен осы шумақты бар даусыммен айқайлап тақпақтай бастадым! Күркіреген күн, ойнаған найзағай, оларға қосыла мен де айқайлап келем. Аяужан маған үрейлене қарады. Козқарасында “бұған не болды?” деген қорқыныш бар. Дегенмен ол бойын тез жинап алды. Менің ызалана шығарған үнімнен, бойымды басқан уайымның қаншалық ауыр екенін түсінгендей! Енді ол маған аяғандай көз тастады. “Жоқ, жоқ, мейлі жүрегімді қандай қайғы басса да, маған аяушылық етпесін! Аяушылық адамның тек мүсәпірлігін көрсетеді. Мен дүниеге мүсәпірлік үшін келгем жоқ. Ерлік үшін, қуаныш үшін келдім”. Бойымды кенет ашу кернеп кетті. Менің бар қайғы-уайымыма Аяужан кінәлідей оған түксие қарадым. Тіпті қатты сөз айтуға да бармын. Бұның бәрі дәрменсіздіктің далбасасы секілді! Дәл осы сәтте күн күркіреуін қоя қойды да, аспаннан біреу шелектеп су төккендей, кенет мұздай сұп-суық ақ жауын нөсерлеп құя жөнелді.

Жанталаса қызынған көңілге, тымырсық ауаның зілдей басқан ыстық жүгінен әбден талмаусыраған денеге бұдан артық шипа болар ма, тынысым

кеңіп, бойым жеңілдене берді. Жаңбырдың мұздай суық тамшысы бойыңдағы қайғыңды жуып жатқандай, қалың жауынның астында, жас балаша, рақаттана тұрдық. Жаңбыр нәсерлене түсті. Бізді бір ерекше сезім билеп, бала кезімдегідей “Жаңбыр! Жаңбыр! Жау! Жау!”— деп, екеуміз бірдей айқай салдық. Өзіміз де білмейміз бұл неткен қуаныш екенін. Біздің бұнымыз көңілімізді тұнжыратқан уайымнан қашу тойы ма? Әлде, көптен бері бүкіл жан-жануар атаулы аңсай күткен, осынау көктем жауынының келгеніне насаттанғанымыз ба? Әйтеуір өзіміз түсінбейтін, әкетіп бара жатқан бір қияпат. Жана ғана тұншықтырған тымырсық ауадан бой серігіп, суық жаңбыр жүректі өртеп жатқан қасірет жалынын сөндіргендей. Жаңбыр енді тіпті құйды. Әрі-беріден соң аппақ бұршаққа айналды. Мұзды түйіршіктер ұйтқи келіп, бетке ұрады. Табиғаттын осы бір соққысын аңсап күткендей, кеудемізді қарсы тосамыз. Біздің бұнымыз іші-бауырынды өртеп бара жатқан қайғыдан құтылу амалы ма? Әлде албырт жастықтың көктем нәсеріне шаттанған еркіндік ереуілі ме? Түсіну қиын.

Кенет күн қайта күркіреді де, тас төbedен шелектеп құйып тұрған қалың жаңбыр заматта өзінің бағдарын өзгертіп, жантая жауды. Мұздай суық танадай-танадай жаңбыр суы енді бізді бетке ұрды. Сол-ақ екен, қайдан пайда болғанын білмеймін, оңтүстіктен дауыл тұрып, жаңбыр аралас сұрапыл жер бетін алай-түлей етті. Желдің күштілігі сонша, біреу қос қолдап кеудеңнен итергендей, кейін қарай сырғытып әкетіп барады. Қала шетіндегі жас қайыңдар, жапырақтары жерді сүйе, сұлай еңкейеді. Жаңбыр тыйылып, енді әлемді сұрапыл биледі. Долданған бақсыдай, ысқырына ішін тартып, қызыл шоқты жалаңдата ойнағандай, әлсін-әлсің найзағайын жарқылдатып, адамның атысын қуыра, жер бетін әлем-тапырық етіп әкетіп барады. Долы желдің екпінімен көтерілген сулы топырақ, қара лай көктің бетін алып, бір кезде бүкіл жер-жаһанды түн басқандай болып кетті.

Жарық сәуле жоқ, жан-жағымыздың бәрі қапқара. Ұлыған, ысқырған, ішің тарта өкірген сұрапыл! Сатырлай ойнаған найзағай? Аузы-мұрныңа кіріп, дем алдырмай, тұншықтырып бара жатқандай топырақ, түйіршік құмайт тас. Адамның жаны түршігерлік бір қиямет! Аяужан қорқайын деді ме, маған тығыла түседі. Мен оның дірілдеген денесін өзіме тартып:

— Бұл өткінші дауыл! Қазір, қазір бітеді, — деймін. Даусымның Аяужанға жетпейтінін жақсы білемін, сөйтсе де, сөйлеуімді қоймаймын. Сөйлей берсем, өзімді де, оны да тыныштандыратын секілдімін.

Менің құшағым сая болды ма, Аяужан енді дірілдеуің қойып, кеудемнен басын алып, жан-жағына қарай бастады да, кенет итеріп жіберіп, кейін қарай ыршып түсті.

— Кран! Кран құлайды! — деді ол, үрейлене айқайлап.

Мен ештеңеге түсінбей: “Қайдағы кран?” деп сұрағанымша болған жоқ, ол, оқтан үріккен ор қояндай, ата жөнелді. Лайлы, қараңғы дауылдың ортасына сүңгіп кеткендей, заматта көз алдымнан ғайып болды. Жаңа ғана дауылдан сескеніп, құшағымға тығылып тұрған Аяужанның бұл Қылығына таңырқай: “Япырмай, бұнысы несі, қайдағы жоқ кран неге аузына түсті?”— деп, соңынан жүгіре беріп едім, етпетімнен түстім, тұра сала, қайта ұмтылып, сүріне-қабына, жүгіре жөнелдім.

Өкпемді қолыма ала, Аяужанды қуып келемін. Жел дәл қарсы алдымнан. Мен алға ұмтылсам, ол мені кейін итереді. Дауыл біресе бәсеңдейді, біресе бұрынғысынан да күшейе түседі. Желдің сәл саябырлаған кезінде Аяужанның алыстан ағараңдаған бейнесін көзім шалып қалды. Қаланы қиғаштай, өздері салып жатқан мектеп құрылысына қарай беттеп барады. Оның өз кранына бара жатқанын енді түсіндім.

Неге сонша асығады? Кранына не болып қалды? Тіпті ештеңе түсінер емеспін. Әйтеуір құр жүгіруді білемін.

Өкпем өшіп, құрылыс жанына жеткенімде, менің ең алдымен көргенім, темір баспалдақпен жоғары қарай өрмелеп бара жатқан Аяужан еді. Одан кейін көзіме түскен — сұрапыл дауылдың екпініне шыдай алмай, мектептің үстіне қарай сырғи төнген жүздеген тонналық кранның жоғарғы канаты болды. Жел тағы бір ышқына ұрса қанат кранды өзімен бірге құрлыстың үстіне ала қулауы кәміл. Онда монтажи жаңа ғана бітуге айналған мектептің дымы да қалмайды. Бұл айқын. Жүз тонналық болат кран жүз елу метр биіктіктен құлар болса, не шыдатады? Халықтың михнатпен бітіруге айналған еңбегіне қандай қауіп туғанын енді түсіндім. Тұла бойым дірілдеп кетті. Жүрегім алас ұрып, әкетіп барады...

— Бері, бері жүр, — деді біреу білегімнен тарта беріп, — қазір кран құлайды, өлесің!

Мен білегімді жұлып алдым. Екі көзімді Аяужаннан айыруға күшім жетпеді. Ол солқылдай тербелген алып кранның жоғарғы тұсына жетіп те қалған екен. Темір баспалдақта бірнеше рет аяғы тайып, құлай жаздағанын да көріп тұрмын. Бұл кезде, жан-жақтың бәрі анық көріне бастаған. Бірақ жел екпіні, күшеймесе, толалар емес, гуілдей кеп ұрғанда, үйлердің тасасында тұрған менің өзімді де ұшыра жөнелердей. Ал еш қалқаны жоқ кран басында қандай жағдай? Көзім Аяужанға түскен сайын, зәре-құтым қашып, өліп кетуге таяуым.

— Япырмай, неткен ер жүрек мынау! — деді жанымдағы еркек дауыс. — Өзі немене, әйел ме? Ие, әйел ғой! — Қобалжыған дауыс енді зәре-құтымды тіпті ала түсті. — Бишара, кран-мранымен бірге құлайды ғой. Мұндай сұрапылға, жан-жағынан болат арқанмен тартылмаған, қорғансыз кран қайдан шыдасын! Жел енді бір екпіндей соқса, шаруасы бітті дей бер! Сірә, өмірден құтыла алмай жүрген бір сорлы да! Бұл сұрапылда қолынан не келеді.

Жанымда қобалжыған дауыс әлденені тынбай айтып жатыр, бірақ оның сөзінің аяғын мен естігем жоқ, екі көзім сонау краншы отыратын будкаға жетіп қалған Аяужанда...

“Сірә, өмірден құтыла алмай жүрген бір сорлы да!” деді жанымдағы дауыс. Өмірді Аяужанның қандай сүйетінін білер ме еді! Адам баласының ұлы қуанышы, ерлі-зайыпты болуына бір жеті қалғанында, Аяужанның осынау ажалға бел буғанын естісе, не дер еді бұл кісі?

Расында, Аяужан дүниенің бар қызығын қиып, көрініп тұрған ажалға қалай бел буды? Маған деген махаббатының, өмірге деген қуанышының тағдырын қалай ойыншық көрді? Әлде оған халқына деген парызы, өзге сезімінен өктем болғаны ма? Қуаныш, ләззат, рақат бәрі қосылып, қанына біткен ерлік қасиетке жетпегені ме? Солай тәрізді...

Бұл кезде Аяужан краншының отыратын орнына да жетті. Будканың есігін ашып, кіре бастады.

— Егер кранның қанатын желге қарсы қойса, мүмкін кран құламай қалуы да! — деді жанымдағы дауыс. Бұның үнінен мен бір болмашы үміт сазын естідім. Менің де көңілімде бір болар-болмас сенім ұшқыны пайда бола бастады.

— Сіз солай ойлайсыз ба? — деп мен жанымдағы дауысқа бұрылдым. Жаңа ғана оның жүзін көрдім.

Бұл бетін әжім басқан, үстіндегі киімі су-су болған бір жұмысшы екен. О да кранның жоғарғы тұсынан көзін алмай тесіле қатып қалған. Сонау кран үстіндегі Аяужанның алыс тағдыры бұның жүрегіне де жақын екені қобалжыған түрінен, тесіле қараған көзінің ұшқынынан анық сезіліп тұр.

— Сөз жоқ! — деді ол маған қарамастан. — Егер кран қанаты жел жаққа шығарылса, салмақ та сол жаққа ауады. Онда, дауыл, мейлі, он күн соқсын, кран құламайды. — Кісі қобалжи күрсінді. — Әттен, үйтуге болар ма екен? Дауыл тым күшті ғой. — Кенет ол айқайлап жіберді: — Жарайсың, қызым аяма бар күшіңді! Баса түс контролерді! — Қайтадан кранның басына қарадым.

Кранның елу метрлік ұзын қанаты ақырындап, бейне бір адамның созылған қолы тәрізді, желге қарсы қозғала, сырғи бастады. Міне, ол орта шеннен асты. Кран жүретін темір жолдың табанымен қатарласты, енді екі метрдей қимылдаса, желдің екпінді тұсынан өтеді. Кран қанаты сол жерге таяп келеді... Ақырғы қимыл. Жоқ жел жеңгізбеді. Ол долдана кеп соққанда, кран қанаты, дәл бір, сылқ етіп босап кеткен, сағаттың тіліндей, кейін сырғи жөнелді де, екпіндей қозғалып, бұрынғы орнына бірден жетіп барды. Сарт етіп тоқтаған жүздеген тонналық қанат екпінінен кран, құлай жаздап барып, әзер қалды.

Қайдан пайда болғандарын білмеймін, дәл осы уақытта кран түбінде шоғырлана қалған Кәріпжан, Асылхан, Алтынайға көзім түсті. Өң жоқ, түс жоқ, бәрінің жүзінде абыржығандық. Көздерінде қорқыныш. Әсіресе, Алтынайдың түріне адам қарауға қорқатын.

— Аяужан, айналайын, таста кранды! — деді ол бар даусымен айқайлап. — Мектепті қиратса, қайта салармыз. Құрысын бәрі де! Түс жылдам!

Мектеп пен Аяужанның басына төнген қауіпті қайдан естігенін білмеймін, сұрапыл дауылға қарамай, кран жанына жұрт жинала қалды.

— Верхолаздар қайда? Верхолаздарға хабар беру керек? — деген дауыстар естілді.

— Неге тұрсындар, Асылхан, Кәріпжан! — Алтынай шыр-шыр етеді. — Шықсаңдаршы кранның басына, түсіріңдер Аяужанды!

Асылхан кранға қарай ұмтыла беріп еді, бір мосқал жұмысшы жолында тұра қалды.

— Қолдан келмеске ұмтылмас болар! — деді ол зеки сөйлеп, — көрмейсің бе, дауылдың қандай күшті екенін? Кранға екінші адам жууға болмайды. Одан да бәріміз бір дауыстан ана қызға түс делік.

Жұрт шулап қоя берді.

— Жақсы!

— Не дейміз?

— Сіз бастаңыз. Біз қостайық

Аздан кейін бәріміз қосылып айқай салдық.

— Аяужан! Түс жылдам жерге! Кран құлауға жақын! Аяужан! Түс жылдам...

Пәрменімізше айқайлаған даусымыз кран басына жетті ме, әйтеуір кабинаның терезесінен Аяужанның басы көрінді де, қолын бізге “қазір” деп сермегендей болып, қайтадан жоқ болып кетті.

Дәл осы сәтте жел де саябырлай түсті. Кран қанаты да Аяужанның дегеніне көнгендей, қайтадан желге қарсы теңселе қозғалып, сырғып барады.

Бір метр... екі метр... Мен де “уф” деп демімді алғандай болдым. Кран қанаты Дәл осы кезде желге қарама-қарсы келіп тоқтады.

Жұрт қуанғанынан шулап жатыр.

— Жарайсың, Аяужан!..

— Енді кран құламайды.

Әлгі мосқал жұмысшы қайтадан дауыстады. — Қанатты тезірек бекіт, қызым!

Мосқал жұмысшы аузын жұмағанша болған жоқ, сұрапыл дауыл жұрттың қуана шулаған үнін біржолата тұншықтырғысы келгендей, кенет екпіндей кеп, қайта ұрды. Бұл жолы дауыл екпіні маған анағұрлым күштірек көрінді. Шатыр-шұтыр етіп, жұлынған үй төбелерінің қаңылтыры мен құлаған бірнеше телеграф бағаналарын көзім шалып қалды. Жел өзімді де тұрған орнымнан анандай жерге ұшырып түсірді. Көзімді ашып, жоғарыға қарағанымда, ең алдымен көргенім — мектептен сәл қиғаштау, бір биік жартас опырылып жерге түскендей, ақырын жантая, құлап бара жатқан кран болды.

— Аяужаным! — деп жаным түршіге айқай салдым.

Оның ар жағында не болғанын өзім де білмеймін, көзім қарауыта, жерге отыра бердім. Тек ең ақырғы естігенім, жерді солқылдата, гүрс етіп соққан, алып кранның жан шошытарлық үні болды. “Бәрі бітті” дедім мен ішімнен, сөйлеуге тілім күрмеліп, үнім шықпай қалды.

Содан кейін, біреу жан сезімімнің қыл пернесін пышақпен кесіп жібергендей, жан-жағым құлаққа ұрған танадай тына түсті де, барлық дыбыс, у-шу мүлдем өшті... Артынан барып білдім, мен талмаусырап кеткен екем.

9

Есімді жиып, орнымнан түрегелгенімде, сұрапыл дауыл басылып, әлем біткен тыныштала қалған екен. Жүгіре басып, жұрт топырлана жиналған жерге келгенімде, ең алдымен көргенім — Аяужан болды. Өң жоқ, түс жоқ, боп-боз. Ақ халат киген екі жігіт носилкаға салып, “жедел жәрдем” машинасына апара жатыр. Күйзелген, аяған, сыбырлай шыққан дауыстар естіледі.

— Бишара, тірі қалса жарар еді...

— Мектепті аман алып қалды ғой...

— Мұндай өжет қыз болар ма!

— Терезеден секіру қалай ойына келді екен.

— Әйтпесе быт-шыт болатын еді ғой.

— Нәзік денелі қыз түгіл, ана көк құрыш темірдің өзі жапырылып түскен жоқ

па...

- Тек бишара тірі қалсын де...
- Тірі қалғанмен, мүгедек болмаса нетсін...
- Бишара-ай!

Артынан барып білдім, кран құлап келе жатқанда, жерге жете бере, Аяужан өзі отырған будкасының терезесін аяғымен теуіп сындырып, сыртқа қарай секіреді. Осы бір өжет қимыл оны тіл тартпай кетер ажалдан алып қалады. Краннан бөлек, анандай жерге ұшып түскен Аяужанның тірі қалары әлі де екі талай, бұны оның өлік секілді сөне қалған түрі айқын көрсетіп тұр.

“Жедел жәрдем” машинасы Аяужанды салды да, тез жүріп кетті. Мен шыдай алмай, соңынан жүгіре түсіп едім, біреу білегімнен шап беріп ұстай алды:

— Асықпаңызшы енді, ағатай, — деді жыламсыраған қыз дауысы, — қазір ауруханаға бірге барамыз...

Жалт қарасам Алтынай екен, екі көзі жасқа толы, ерні кезеріп кеткен. Жанында Кәріпжан мен Асылхан және бір-екі жігіт тұр. Аяужанның мұндай болуына өздері айыптыдай, бастарын жерден алмайды, қабақтары қарс жабылып кеткен.

Бір топ болып, бәріміз “жедел жәрдем” ауруханасына қарай беттедік. Алға басқан аяғым кейін кетіп, әзер жүріп келемін. Қайғы шіркін мұндай ауыр болар ма, екі иініме екі кісі мініп алғандай, мықшия түсіп, аяғымды әзер басамын. У ішкендей, жүрегім де күйдіріп әкетіп барады...

Өзімнің қолымнан ерлік келмейтін болғандықтан ба, ерлік көрсеткен адамдарға бас ию - бала жасымнан әдетім... Қазақтың ертегі-қысаларының “Ер Шора”, “Ер Тарғын”, “Қобыланды батыр” секілді қаһармандарын былай қойғанда, Төлеген Тоқтаров, Сұлтан Баймағамбетовтың ерліктері мың жыл жасасам да, қолыма түспейтін бір ғажайып дүние тәріздене беретін. Сол ерлікті өз көзіммен көрдім. Сол ерлікті сауыт киген батыр емес, қолына автомат ұстаған жауынгер емес, жігіт бетіне ұjala қарап, үлбіреген жас қыз көрсетті. Сондай қызға енді қалай бас имессің! Қалай ардақтамассың! Иә, мен Аяужанды ардақтаймын да, оның ерлігіне бас иемін! Қаһарманға қаза жоқ. Ол менің жүрегімнен енді өмір бойы өшпес орын алады. Ол — менің махаббатым. Бұрын жай ғана сүйген болсам, енді оны халқы үшін, жұрт үшін жан пида ете алатын, елімнің ардагер аруы деп сүйемін. Мұндай қызды сүю, мұндай қызға қолың жетудің өзі бір бақыт емес пе? Ие, ұлы бақыт. Мен шынында бақытты жанмын!

Дәл осы сәтте менің бұным әлі ерте қуаныш екенін аңғармаппын. Біз, Аяужан екеуіміз, енді қайғы мен қуаныш тәрізді, бірімізден біріміз жұбымызды жазбайтын халге жеткенімізді ойламаппын. Қуаныш жүрген жерде қайғы да жүреді, бақыт жүрген жерде бақытсыздық та жүреді, табиғат дүниеде ештеңені де жеке жаратпаған. Бұған менің кешікпей көзім жетті.

Біз ауруханаға келгенде, Аяужанға дәрігерлік ең алғашқы жедел жәрдем де істеліп үлгірген екен. Бізбен сөйлесуге шыққан ұзын бойлы кезекші дәрігер:

— Тығыз жәрдем жасалды, — деді қобалжи сөйлеп,- қаны тоқтатылды. Укол да берілді. Ал біз жамырап қоя бердік:

- Енді қауіпсіз бе?
- Қай жеріне зақым келді екен?

— Қай жеріне зақым келді екен?

— Өзі есін жинады ма?

— Әйтеуір тірі қала ма?..

Дәрігер ойлана жауап қайырды.

— Қазір пәлен деу қиын... Өлім аузында жатыр десе де болады... Есі укол салғаннан кейін бір-ақ рет кірді...

Мына сөздерді естігеннен кейін, әлем бетін қараңғылық жауып, жан-жағымның бәрі түн, мүлде бір үңірейген апандай болып көрінді. Кенет бағанағы дауылдың ысқырған долы үні естілді.

— Сізге не болды? — деген үн құлағыма әзер-әзер жетті. . .

Мен есімді жинадым.

— Ештеңе де болған жоқ... Жай әшейін... басым айналып кеткені... — дәрігерге қарадым. — Аяужанға енді не істемексіздер?

— Қазір бәлен дей алмаймын... Бір сағаттан кейін консилиум болады... Егер ол оған дейін....

Дәрігер, сірә, “тірі қалса” деген сөзді айтпақ болуы керек, кілт тоқтай қалды.

— Тірі қалмауы да мүмкін бе? — дедім мен өзімді-өзім ұстай алмай.

— Мен олай деп тұрған жоқпын... Адам неғұрлым биіктен құласа, соғұрлым қауіп көп болады емес пе...

Дәрігер әйел аурухананың ішіне кіріп кетті. Біз консилиумның нәтижесін күтіп, коридорда отырып қалдық. Көп кешіктей Аяужан жұмыс істеп жүрген бөлімшесінің парткомы, месткомы, прорабы секілді басты адамдары да келіп жетті. Бәрі де егде тартқан, күсті қолды жұмысшылар екен. Краншының халі жандарына батып тұрғаны түрлерінен ап-айқын сезіледі. Дәрігер әйел бұлардың сұрағына да жаңағы бізге айтқан жауабын берді. Амал жоқ бұлар да біз секілді, консилиумның не дерін күтіп, коридорда отырып қалды. Бәрімізде де үн жоқ, тек ақырын күрсіне береміз. Әсіресе Алтынай. Ол “ах!” ұрғанда, онсыз да шығуға таяу тұрған жаның, тал басынан үріккен торғайдай, кеудеңнен “пыр” етіп ұша жөнелетіндей...

Бұл неткен азап? Мен тағы ойға кеттім. Менің ойымша, тозақты көрмеген адамды жұмаққа жібермеу керек. Өйткені азаптың не екенін ұқпаған жан жұмақтың қадірін білмейді. Сондай-ақ кім де кім махаббаттың зардабын, ауырпалығын тартпаса, оның қуанышын, қызығын бағаламайды. Карта ойынында қолың шыққандай, махаббатта да оп-оңай жолың бола берсе, адамның оған да еті үйренеді, асыл құнын түсіріп алады. Мүмкін осындай себептен болар, менің де Ұлбосынның махаббатын бағаламағаным? Ал Аяужанға олай қарауға тиісті емеспін. Өйткені оның маған қаншалық қымбат екенін осы бір-екі сағаттың өзі көрсетті ғой. Махаббат құр көңіл құмарлығы, не болмаса, тән құмарлығы емес, ол сезім, жүрек, қиял әміршісі, адам баласының жан түкпірінен мөлдір бұлақтай қайнап шыққан асыл арманы. Ол үшін адам қандай азапқа да, қандай қиындыққа болса да, шыдау керек. Сонда ғана махаббат — теңізшінің ғажайып тұңғыыққа сүңгіп, алып шыққан меруертіндей бағалы, құнды...

Бір сағаттай уақыт өткенде, дәрігер әйел қайта шықты. Бәріміз бірдей, бұйрық естімек солдаттарша, орнымыздан ұшып-ұшып түрегелдік.

— Консилиумге барлық дәрігер жиналды. Тек доктор Шерубай келмей

жатыр, — деді ол тағы да қобалжи.

— Кісі жіберіліп пе еді?

— Хабаршы екі рет барып қайтты, есігі жабық дейді.

— Мүмкін ішінен бекітіп алған шығар?

— Телефонға да жауап бермейді.

— Консилиумды онсыз істеуге болмай ма?

— Болады ғой... бірақ доктор Шерубай үлкен маман... Егер операция істеуге тура келсе, о кісінің қатынасуы өте қажет...

Адамның адамсыз күні жоқ. Бағана Шерубайдың ауыр сөздерін естігеннен кейін, енді оны мәңгі көрмеспін деп едім, енді амал жоқ, сол Шерубайға мен қайта баруға мәжбүр болдым. Неге екенін білмеймін, маған ол үйінде жатқандай болды да тұрды. «Сөз жоқ, дедім мен ішімнен, ол үйінде... Ұлбосын қайғысын көтеріп, көшеде жүрер онда күш жоқ...»

Бірақ мен барғанмен, ол келе қояр ма екен? Әсіресе, Аяужанның тағдырымен менің қуанышым, махаббатымның байланысты екенін білсе, не дейді? Маған ауыртпалық салғанда жақсы едің, енді өзің де менің халімде болып көр, «Шоқ, бәлем, шоқ» демесіне қандай сенімім бар?.. Жоқ, Шерубай дәрігер, олай демеске тиіс... ..

Дегенмен, «Шерубайды тауып әкелем» деп, мен ауруханадан шықтым. Оның келуіне де, келмеуіне де көңілім дүдәмәл... Ұлбосын қайғысының оған қаншалық ауыр тигенін мен жақсы білемін... Бірақ амал не, қайткен күнде де, Шерубайды алып келу керек. Мыстауда одан білгір, одан операция істеуге епті дәрігер жоқ. Егер ол келмесе, Аяужанды ешкім ажалдан алып қала алмайтынына әбден сенемін... Шерубайдың үйіне келіп, есігін қатты қаға бастадым. Үйінде екені сөзсіз, есігінің кілті ішкі жағынан көрініп тұр. Әрі қақтым, бері қақтым, ашар емес, менің қасыма көршілері де жинала бастады. «Не болды екен бұ кісіге?», «Өзі тірі ме?», «Қатты ұйықтап кеткен болар» деген дауыстар да естіледі. Мен де қобалжиын дедім. Ұлбосынның өлімінен кейін, егер «тағы біреу өзін-өзі өлтіріпті» десе, бәлендей таң қала қоймас едім. Бұрын өзіне-өзі қол көтерген кісіні күресуге күші жоқ, жігерсіз, ақымақ жан деп санайтынмын.

Ондай адамдар туралы тіпті ойлағым да келмейтін. Ал Ұлбосыннан кейін... Әсіресе, оның хатын оқығаннан соң, мен мұндай іске жанталасқан жанның неге баратынын ұққам. Адамға өмірден гөрі өлім жеңіл көрінетін кезі болады екен. Қуаныш, бақыттың өзі үлкен қайғыға айналып, жанынды қоярға жер таба алмай, кейде адам жанталасатыны сөзсіз. Кісі мұндай минуттерінде жынданған жанмен бірдей, оған өмірден өлім артық. Бар ойын тек өлім билеп әкетеді. Және оған дүниеде өлімнен асқан рақат жоқ секілді. Мен мұны Ұлбосынның хатынан анық түсінгем. Расында да, қайғыны жеңуден өлім жеңіл емес пе? Әрине, менің қолымнан өзімді-өзім өлтіру келмейді. Мен ондай ер емеспін. Бірақ ондай ерлердің бар екеніне енді анық сене бастағам. Әйткенмен, Шерубайдың бүйтіп өлгенін қалап тұрғам жоқ. Ол мені қанша жек көргенмен, менің оны жек көрерлік себебім бар ма? Ақылды адамның бұл дүниеден оп-оңай кетуі, кімге болса да, батпай ма? Осы ауыртпалықтың зардабы болуы керек, есікті қалай тепкілей бастағанымды өзім де байқамай қалдым. Әлден уақытта арғы жақтан біреудің келе жатқан сыбыры естілді. Аздан кейін тырс етіп кілт бұралып, есік ашылды.

Қарсы алдымда Шерубай тұр, өңі сұп-сұр болып кеткен, бағанағы Ұлбосынды жерлеуге барғандағы қара костюм үстінде, су-су, сірә төсекке сол қалпында жата кеткен болуы керек, әр жері уқаланып, жымырлып қалған.

— Есікті қаққан сен бе? — деді ол маған ренжи қарап, ұйқы-тұйқы болған шашын қолымен жөндеп.

— Иә, мен едім...

— Кір онда... Мен үйге кірдім. Өзге жұрт сыртта қалды.

— Жай ма? — деді Шерубай. Үнінде бағанағыдай ашу емес, шаршағандық, қажығандық бар.

— Сізді жедел жәрдем ауруханасына тез келуіңізді өтініп жатыр.

Сірә, мұндай сұраққа әбден көндігіп алған болуы керек, «неге?» деп сұраған жоқ. Тек сол жүдеген қалпымен, дауысын өзгертпей:

— Жақының ба еді? — деді.

— Иә, өте жақыным еді...

Мен Аяужанның кім екенін, қалай апатқа ұшырағанын бәрін тегіс айтып бердім. Тек оның өзіме қандай жақындығы барын ғана естірткем жоқ.

— Ол қыздың саған қандай жақындығы барын айтпай-ақ қой, түріңнен көрініп тұр, — деді ол тағы да дауысын өзгертпей. Ол баяу қимылдап, шылымын алып, тарта бастады. Мен тықыршып, орнымда әзер тұрмын, «Жедел жәрдемнен» шыққаным да көп боп қалғанын жаңа аңғара бастадым...

— Аяужан хал үстінде жатыр... Әр минут қымбат...

— Біз бағалап білмейміз ғой... Әрқайсымыздың өміріміздің әр минуты қымбат...

«Кісі өлейін деп жатқанда, пәлсапаға берілетін мезгіл ме? Бұнысы несі? Әлде менен өшін осылай алмақ па? Онда бұл дәрігер емес, қанішер болғаны ғой». Не айтарымды білмей, жарылып кетуге шақ тұрмын. Шерубай енді қозғалмаса, бас салуға да дайынмын...

— Қуғыншыдан құтыламын деп, қорқақтың қаша білгені де — ерлік! Сенің мені іздеп келуін де адамгершілікке жатады, — деді Шерубай кекете сөйтті де, шылымын лақтырып жіберіп, түрегелді. — Жүр, кеттік.

Жүрегім жылып қоя берді. Үн-түнсіз соңынан еріп келемін. Шерубайдың жүрісіне жан шыдар емес, ұзын сирақ, бота тірсек сабазым адымдай түскен сайын, мен аяңды қойып, желе-жүгіре бастадым.

Біз «Жедел жәрдемге» келгенде, Базаргүл мен Әбілқас та жеткен екен. Әбілқас нағыз бір қолбасшыны қарсы алғандай, Шерубайға құрмет көрсете, алдынан шықты. Олар үйге кіріп кетті. Мен серіктерімнің жанында қалдым. Енді ғана оларға жөндеп қарауға мұршам келді. Алтынай мен Базаргүл екеуі бірдей қосылып, еңкілдеп жылап отыр екен.

Жүрегім зу ете қалды. Әйтеуір мен ойлағандай ештеңе бола қоймапты. Кәріпжан:

— Алтынай жылауға серік таба алмай жалғызсырап отыр еді, — деді ренжіген үнмен, — Базаргүл келген соң, атының басын қоя берді.

Кәріпжанның бұл сөзі қалжыңы емес, өз қайғысын баса алмай отырған жанның далбасасы. Сондықтан оның сөзін ешкім де кек алмады.

— Әрине, сендерге жылама деу жеңіл, — Алтынай жас баладай, еңк-еңк етеді,

— көрер едім, жүректерің дәл біздікіндей өртеніп бара жатса...

Түсіндіріп көр Алтынайға өзіңнің қандай халде тұрғаныңды! Әрине, қыз болсам, мен де жылар едім, сөйтіп көңілдің шерін біраз тарқатып алар едім. Амал не, табиғат еркек кіндікті етіп жаратқан соң! Өзгенің көзінше еркек адамның жылауынан сөкет не бар? Ол оның босандығын, көңілшектігін ғана көрсетпейді, жігерсіздігін, өзін-өзі ұстай алмайтынын аңғартады. Жанып-күйіп, көзіме жасым тығылып тұрса да, жыламауға тырыстым. Әй, бірақ шыдай алар ма екем, білмеймін...

Әлден уақытта Әбілқас пен дәрігер шықты.

— Консилиум операция жасауға ұйғарды, — деді Әбілқас.

— Операцияны кім жасайды.

— Дәрігер Шерубай тұрғанда, кім жасаушы еді?

— О кісі көнді ме?

Әбілқас таңдана жауап берді.

— Неге көнбейді? Досы түгіл, қасына да дәрігерлерлік жәрдемшімізді беру — біздің міндетіміз емес пе?

Жұрттың еңбегіне өзін қоса сөйлеу — соңғы кезде Әбілқасқа әдетке айналған. Мен мұны білемін. Жай уақытта болса, «өзгенікі өзге, саған не жоқ?» деп қалуым мүмкін-ақ, бірақ бұл жолы үндемедім. Қазір Әбілқасқа көңіл бөлетін жағдай бар ма...

Дәрігер әйел операцияны Шерубайдың кешке істейтінін естіртті де, енді біздің үйге қайта беруімізді сұрады. Біз операция кезінде осында болғымыз келетінін айтып, қанша өтінсек те, көнбей қойды. «Ертең хабарын білесіңдер» деп, бәрімізді үйден айдап шықты.

Түнімен кірпік қаққам жоқ. Көзімді жұмсам, біресе сұрапыл желмен шайқалған кран, біресе анандай жерге ұшып түскен Аяужан елестейді. Ысқырған дауыл үні, Аяужан құлап бара жатқанда әлдекімнің ышқына айқайлаған ащы дауысы қайтадан құлағыма келеді. Мен төсегімнен атып тұрып, кішкентай бөлмемді ерсілі-қарсылы кезе бастаймын. Темір торға қамалған арыстан тәріздімін. Ішімді өртеген қайғыдан сом темірді қалшылдай тістеп, алас ұруға бармын. Жоқ, арыстан темір торға емес, менің ішіме қамалған секілді. Өткір тырнақтарымен жүрегімді қан-қан етіп, осылта тырнап жатқандай. Мұндай да ауыр азап, мұндай да ауыр қайғы болады екен-ау! Осындай азапқа, осындай қиындыққа шыдай алатын адам баласы неткен төзімді! Жоқ, мен неткен төзімді едім! Жәні бөлектің — жаны бөлек деген осы да!

Бір кезде, күзгі жапырақтай сарғая түсіп, таң да атты. Терезе алдындағы жас талдардың бұтақтарына қонып алып, бір топ қара торғай әнге салды. Сірә, күн шығуға тақап қалған болуы керек, қара торғайлардың үні бірте-бірте күшейе түсті. Сенің қайғыңда бұл бишаралардың несі бар, оянып келе жатқан әлемді шыға бастаған күнмен құттықтап, сұлу әндерін шаттана сайрайды.

Мен орнымнан тез түрегеліп, суық сумен жуындым. Бойым азырақ сергиін деді. Бірақ басым мең-зең... Кешеден бері нәр татпағаным есіме түсіп, бір үзім қара нанды сүтке батырып, жей бастадым. Тамағымнан өтсейші! Нан шайнап тұрмын ба, тас шайнап тұрмын ба, өзім де білмеймін. Далаға шықтым. Ойым «Жедел жәрдемге» бару. Аяғымды асыға басып келе жатырмын. «Аяужан қандай

халде екен? Бишара тірі қалды ма? Операциясы дұрыс өтті ме екен?» Бұл ойлар, үстіме киген көйлегімдей, жан-тәніме жабысып алған. Қашсам, құтыла алар емеспін.

Күн әжептәуір көтеріліп қалды. Көшеде жұмысқа бара жатқан адамдар да көрінді. Бір-екі су сепкіш машиналар да жанымнан, жаңбырын жерге шашырата құйып, өте шықты. Таңертеңгі әлем енді дымқыл тартып, гүл иісімен аңқыды. Қош иісті көктем ауасы көкірегімді аша түскендей болды. Әр жерде газет сататын дүкеншілер де шыға бастады. Жолымда бір жұмысшы бүгінгі шыққан газетті оқып тұр. Көзім түсіп кетті. Сыртқы бетінде Аяужанның суреті мен «Краншы қыздың ерлігі» деген, үлкен қара әріптермен жазылған, мақала... Аяужанның суретін көргенде, өн бойым кенет суып, дірілдеп қоя бердім. Газеттердің адам қайтыс болғанда суретін беретін әдеттері бар ғой. Аяужанға бірдеме болып қалды ма деп, жанталаса, жұмысшының қолынан газетті жұлып алып, қарай бастадым. Жұмысшы «мынаны жын ұрған ба?» дегендей, адырая көз тастады да, менің мақалаға шұқшия қарағанымды көріп, сырыма түсінгендей, ләм-мим деп тіл қатпай, тұрып қалды.

Газетті көзіммен шолып шықтым да, дауыстап жібердім:

— Әйтеуір, тірі екен Аяужаным, тірі екен! — дедім, қуанышымды жасыра алмай, — мұныға, құдай, мың да бір рақмет.

— Құдайға емес, дәрігер Шерубайға рақмет айт! — деді газетін қайтып алып жұмысшы. — Батыр Қызды ажалдан алып қалған — сол! Дәрігер болсаң, сондай бол!

— Рақмет Шерубай дәрігерге! Рақмет оған! — дедім мен, шаттана түсіп. Маған, дәл осы минутте, Шерубай да бір, құдай да бір көрінді.

«Жедел жәрдемге» қарай үкідей ұшып келемін. Аяужанды тезірек көргім келеді, оны ажалдан алып қалған дәрігерлерге де, Шерубайға да алғысымды айтуға асығудамын. Тек кешегі Аяужанның краны құлаған жерге сәл аялдауға мәжбүр болдым. Бір топ жұмысшы кранды көтеріп жатыр екен. Іштерінде партком, местком, прораб та бар. Тоқтамай, зыр айналған дөңгелек — блоктармен білектей-білектей жуан болат сым арқандарды ақырын, сырғытта тартқан алып күшті трактордың ызалы гүрілі естіледі. Сым арқандар пәрменінше, бұралған домбыра шегіндей, әбден созыла керілген, тракторлар тағы тарта түссе, үзіліп кетуге таяу. Бірақ оған қарамай, алып машиналар тағы алға қарай жылжи түседі. Сым арқандар байланған жетпіс бес метр биік кранның басы жерден көтеріле берді.

Міне, ақырында, алып кран тіп-тік орнына тұрды. Қызыл ту басында қайта желбіреді. Жұмысшылар, өздерінің өнерлеріне риза болғандарын жасырмай, алақандарын ұра, «уралап!» айқай салды. Жерде сұлап жатқан алып кранның қайтадан көтерілуі маған да таң қаларлық іс болып көрінді.

— Бүгінгі заманның өнері деп міне, осыны айт! — деді төртбақ келген егде парторг.

— Түнімен әуре болған жоқпыз ба, — ұзын тұра, мұртты прораб кран басындағы қызыл туға қарады. — Әйтеуір тұрғыздық-ау!

— Техникаға күшіміз жетеді, — деді Кәріпжан. — Мен оны жаңа ғана көрдім. Егер Аяужанды дәл осындай тік тұрғызсаң...

Кәріпжанның үнінен мен тағы бір үлкен қайғының сазын естідім: сірә, ол Аяужанның ажалдан аман қалғанын әлі білмеген секілді. Мен оны қуантқым келіп кетті.

— Кәріпжан, сүйіншіңді дайындай бер, — дедім мен оның иығынан қағып, — Аяужан қатерден өтті.

— Мен жаңа ғана «жедел жәрдемнен» келдім. Алтынай, Базаргүл, Асылхан бәрі сонда...

Менің жүрегім тағы ойнай жөнелді, тым ерте қуанғанымды жаңа ұқтым...

Жүрегім тағы өртеніп кетті. «Япырмай, Аяужанға не болды екен? Ал газетте операция ойдағыдай өтті депті ғой? Бұлары қалай, алдау ма? Жоқ, жоқ, ауруханаға тез жетейін!» Бойымды басып кеткен зілден есеңгіреп тұрғанымда, Кәріпжан маған шұқшия қарады.

— Өзің «Жедел жәрдемге» әлі барған жоқсың ба?..

Ол менің осы уақытқа дейін ауруханаға бармағанымды бетіме салық еткендей болды. Мен енді Кәріпжанға сөз айтуды дұрыс көрмедім, «Жедел жәрдемге» қарай тұра жөнелдім.

Мен келсем, Алтынайлар жаңа ғана кетіп қалған екен. Мені есік алдында отырған кезекші санитар әйел ішіне кіргізбеді. Қанша жалынсам да, «ауруды көруге болмайды. Операциядан кейін әлі есі кірген жоқ» деп, көнбей-ақ қойды.

— Ең болмаса, кезекші дәрігерді шақырып беріңіз, — дедім мен.

— Кезекші дәрігер сол аурудың жанында. Маған шақырма деген.

— Олай болса операция істеген дәрігермен сөйлесуге бола ма?

— Егер ол үйіне кетіп қалмаса... — санитар әйел менің түрімді көріп, аяп кетті білем, бетіме қарап күрсінді де, біреуге телефон соқты. — Операция істеген қыздың жақыны болуы керек, бір жігіт сізге жібер деп жалынып тұр, — деді баяу сөйлеп. Сірә телефонның ар жағындағы адам «Жібер» деген болуы керек, әйел телефонның тұтқасын орнына қойды да, түрегеліп барып, жанындағы шкафтан ақ халат алып берді: — Оң жағыңыздағы төртінші есік. Бөтен жаққа бұрылмаңыз.

— Құп.

Әйел көрсеткен есікті тықылдатып ем, ар жағынан шаршаған еркек дауысы:

— Кір, — деді.

Үйге кірсем, Шерубай столға сүйеніп, телефон жанында отыр екен. Әбден қажыған. Қалың ойда. Екі көзі сол жұмылулы. Менің кіргенімді сезсе де, көзін ашып қарамады, сірә ойын бұзғысы келмегендей.

— Операция ойдағыдай өтті, — деді ол сол тұнжыраған қалпында, — ертең келіңіз...

Мен оның ойын бөлуге дәтім шыдамады. Үн-түнсіз үйден шығып кеттім...

Он шақты күн өткеннен кейін, Аяужан есін жия бастаған кезде, емдеуші дәрігер сөйлесуге рұқсат етті.

Аяужанның бөлмесіне беттегеннен-ақ, буындарым қалтырап, өн бойым дірілдеп, есігін әзер аштым.

Бөлме іші аппақ екен. Үй қабырғалары да, төсек орны да бәрі ақ, бар денесін гипске бөлеген Аяужан да қағаздай аппақ... Тек қайғылы үлкен бота көздері ғана қос нүктедей қараяды... Бұрынғы ашық мінезді, күміс қоңырау күлкісі бар Аяужан емес, сабағынан үзілген ақ гүл тәрізді, қозғалар дәрмен жоқ, соп-солғын.

Менің келуімді бұ да аңсай күткенін, мен үйге кіріп келгенде, жарқ ете қалған қайғылы көз ұшқынынан бірден байқап қалдым. Кенет буыным бұрынғысынан да босап кетті, аяғымды эзер басып, жанына бардым да, құлап кетпейін деп, керуетінің темірінен қыса ұстадым.

— Амансың ба, Аяужаным? — дедім. Ернім кеуіп, даусым эзер шықты. — Сені де көретін күн бар екен ғой.

Аяужан ақырын ғана күлімсіреді де, жанындағы орындықты нұсқады.

— Отыр.

Мен отырдым. Ол сыбырлай сөйледі.

— Егер мен кранға дер кезінде жетпегенімде...

— Қайтесің өткенді қозғап, — дедім мен оның маңдайынан сипап, — өткенді бәрібір қайта келтіре алмаймыз. Әйтеуір, міне, екеуміз тағы біргеміз, мәңгі бірге боламыз. Бұдан артық қуаныш бар ма? — дедім мен тағы да. — Сені ауруханадан бірден өз үйіме алып барамын. Бұл күнге жеткеніме мың да бір тәубе...

Аяужанның көзінде жаңа ғана пайда болған сәуле іп-ілезде сөне қалды. Мені аяғандай, бетіме мұңая қарады.

— Жоқ, Жантас, — деді ол күбірлей сөйлеп, — Менің саған деген жүрегімді өзің де білесің ғой... Бірақ сенің бақытсыз болғаныңды көргім келмейді. Онда өзім де бақытсыз болар едім. — Аяужанның дауысы бір түрлі қобалжи шықты, — мен сенің үйіңе бара алмаймын. Жеткен жеріміз осы болған шығар, енді біз бір-бірімізді ұмытуымыз керек.

Мен өз құлағыма өзім сенбедім.

— Сен не айтып жатырсың?! — дедім абыржи.

Аяужан маған бұрынғысынан да қайғылана қарады.

— Есіңде ме, көктемді жақсы көремін дегенің?

— Иә, есімде. Көктем махаббат тудырады дегенім де есімде...

— Иә сол көктем бір-ақ рет келмейді ғой.

— Менің көктемім — жалғыз өзіңсің.

— Солай дейсің бе? Рақмет, — көз нұры тағы жарқ ете қалды. — Бірақ сол көктемнің гүлденер кезі өтіп кеткен болса не істейсің? Көктемім дегенің қара суық күзге айналса, не етесің? Сонда да көктемім бар деп, қуана аласың ба? — Аяужан ауыр күрсінді. — Жоқ, Жантас, сенің көктеміңді күзге айналдырғым келмейді. Біз енді мәңгі айырылуға тиістіміз. Саған осы бір ауыр сөзді неге айтқанымды білгің келсе, маған операция жасаған дәрігер Шерубайдан сұра.

Кезекші дәрігер келіп, мені бұдан артық сөйлеттірмеді. Бұл әңгімені екінші жолы қайта жалғамақ боп, қапалана, бөлмеден шықтым.

Ертеңіне Шерубайға келіп жолықтым. Ол кісі қабылдайтын кең бөлмеде ерсілі-қарсылы жүр екен. Өңі сұп-сұр, Бетінің әжімдері бұрынғысынан да көбейіп энеукүнгісінен де қартая түскендей. Бірнеше күннің ішінде мұншалық өзгергеніне таң қалдым. Адымдай жүріп, үйдің ана бұрышынан бір шығады. Басы төмен түсіп кеткен. Энеугідей, тағы да қалың ойда. Жаңа ғана байқадым, мойнын төмен салып, адымдай түскенінде бір айбарлы аң секілді. Абдуль-гарадж мұндай адамдарды ішінде арыстан жатады дейді. Расымен солай ма? Мен өзімнің ежелгі әдетіме салып, егер Шерубайдың ішінде шын арыстан жатса, мұның түрі қандай болар еді деп, көз алдыма елестете бастадым. Қуыс Қызыл қарын... Тырнақтары

қанжардай, көзін жаңа аша бастаған жас арыстан... Бірақ менің ойымды бөліп, Шерубай кенет қарсы алдымда тоқтай қалып, маған тесіле қарады. Сөйлескелі тұрған адамы мен болғанымға таң қалғандай.

— Сен бе едің? — деді ол.

— Иә, мен едім...

— Қандай шаруаң бар?..

— Аяужан жайын білейін деп едім...

— Аяужаның кім?..

— Сіз операция істеген қызды айтам...

— Ә-ә!..

Шерубай тағы үйді кезіп жүріп кетті. Кенет қайтадан тоқтай қалды.

— Ол қызда сенің қандай шаруаң бар?..

— Аяужан менің қалыңдығым... Бірінші майда тойымыз болмақ еді...

— Әрине, сен ол қыздан бас тартасың ғой?

— Неге?

— Неге екенін қазір түсіндірейін, — Шерубай аз уақыт ойланып тұрып қалды да, сөзін қайтадан бастады, — өлімнен алып қалуын — алып қалдық кой. Бірақ ол қалған өмірінде бақытты бола ала ма? Міне, мәселе қайда...

— Қасында мен бар емеспін бе?..

— Сен болған жерде бақыт та болады деп ойлайсың ғой. Өзіңді тым қатты бағалап тұрған жоқсың ба?..

— Біздің бірімізді-біріміз қандай жақсы көретінімізді білсеңіз, сіз мұндай сөзді айтпас едіңіз...

— Оның келешекте бақытсыз болуы да міне, осындай жағдаймен байланысты. Сені білмеймін, ал Аяужан сені өте жақсы көретініне күмәнім жоқ... Сандырақтап жатқанында да, аузынан атыңды бір тастамады ғой.

Көзімнен жастың қалай ыршып шыққанын білмей қалдым.

— Дәрігер, Аяужанды мен де жанымдай жақсы керемін. Ол үшін бар өмірімді сарп етуге бармын. Сеніңіз.

— Шын жақсы көресің бе? — Шерубай ойлана сөйледі: — Шын жақсы көрсең, оның жағдайын әбден білуге тиістісің... Мен сені қорқытайын деп тұрғам жоқ... Дегенмен, айтайын... Аяужанның бел омыртқа сүйегіне қатты зақым келген. Ол өмірбақи төсектен тұра алмай қалуы мүмкін... Біреу жүрегіме біз сұғып алғандай болды, демім бітіп, ештеңе айта алмай, тұрып қалдым.

— Міне, көрдің бе, — дейді Шерубай, — Аяужан сені жақсы кереді... Ал сен... — дәрігер маған тағы да тесіле қарады. — Аяужанның қалған өмірі бақытты өмір бола ма, жоқ па, енді өзің ойлашы... Оған сенен айырылу, мүмкін, өмірден айырылудан жеңіл тиер...

— Жоқ, жоқ, — дедім мен өзімді-өзім ұстай алмай, — біз мәңгі бірге боламыз! Ол өлсе, мен де өлемін... Ол тірі тұрғанда, мен оны тастап кетпеймін.

— Сен шын ғашықтың сөзін айтып тұрсың ғой...

— Иә, мен шын ғашықпын!

— Әсіре қызыл тез оңар деген, байқа, жігіт, — деді Шерубай. — Қазір адамгершілік парызын атқармақ боп, неге болса да, бел бууға бар секілдісің... Ойлан...

— Ойланатын түгі де жоқ, мен оған үйленем. Сізге сол үшін келіп тұрмын. Аяужанды көндіру керек.

— Қызба көңілді жан екеніңді жаңа түсіндім, — деді Шерубай. — Бірақ Аяужан секілді аяулы жанның тағдырымен ойнауға болмайды. Ол өмір бойы төсек тартып жатып қалса, не істейсің? Тірі өлікпен мәңгі бір болуға ерлігің жете ме? Жетпес болса, оны қандай ауыр жағдайға қалдыратыныңды түсінесің бе? — Шерубай тағы да маған тесіле қарады, — одан да қазір күдер үзгенің жақсы емес пе?.. Қанша қиын болғанмен, сенен соңынан емес, қазір күдер үзгені жеңілірек...

— Жоқ, жоқ, — дедім мен айқайлай сөйлеп, — мен Аяужансыз өмір сүре алмаймын! Одан айырылғанша, өлгенім жақсы.

Егер Аяужаннан шын айырылар болсам, өліп кететініме дәл сол минутта өзім де сенген болатынмын. Мүмкін, менің адал ниетпен айтқан сөздеріме иланды ма, әлде дәл осындай ғашықтық өз басынан өткендіктен бе. Шерубай енді маған аяй қарады.

— Сенің орнында мен де осылай істер едім, — деді ол сол күмілжи, — тек сертіңнен тайып жүрме.

— Мен сертімнен таймаймын.

— Қайдан білейін, — деді ол күрсініп, — сендер, көркемөнер адамдары, көбіне ақыл-ойларыңды сезім дүниесіне бағындырасыңдар. Ал Аяужан секілді жанның жағдайы бір күндік емес, өмірлік табандылықты керек етеді. Оған екінің бірі шыдай алмайды.

— Мен шыдаймын!

— Оны өмір көрсетер.

— Сонда Аяужанның халі тіпті үмітсіз дейсіз бе?

— Неге үмітсіз болсын... Аздаған үміт бар... Бірақ болмашы ғана.... Бұндай жаралының кейде жазылатыны да болады. — Дәрігер ақырын күрсінді, — оған көптеген себеп керек.

— Қандай себептер?

— Ең алдымен, адамның өзінің сенімі, денесінің күресе алар мүмкіншілігі... Бірақ бұның бәрі, өзіңді-өзің алдаған секілді, болмашы үміттер... Мұндай аурудың жүз пайыздан тоқсан тоғызы жазылмайды. Мәңгі төсек тартып өтеді.

— Жазылатын бір пайыз болса, сол бір пайыз — менің Аяужаным болатынына сенемін!

— Арманыңның орындалуына тілектеспін, — деді алақанымды қысып, — ал мен қолымнан келген жәрдемімді аямауға бармын.

Қайткен күнде де Аяужанды жалғыз тастамауға ішімнен ант беріп, мен Шерубаймен қоштастым. Осы бір ерлік шешім көңілімді көтерді ме, бағанағыдай емес, аяғымды ширақ басып, есікке таяй бердім. Дәл осы кезде, сыртқы киім ілетін жерде тұрған, екі әйелдің сөзін құлағым шалды. Біреуі қартаң келген орыс әйел, үстінде ақ халаты бар. Осы «Жедел жәрдемде» жұрттың сыртқы киімін алып тұрушы қызметші. Шамасы, аурухананың бар жаңалығының хабаршысы өзі тәрізді, жанындағы әйелге төгіле сөйлеп тұр.

— Қапа болмаңыз! — деді ол, жандарына таяп қалған мені байқамай, ана әйелге, — соқыр ішекті дәрігерлер тілімен айтқанда аппендицитті, біздің «Жедел жәрдемде» оп-оңай алып тастайды. Екі күннен кейін адам дым көрмегендей

жүріп кетеді! Қызметші әйел ақылын аяр емес. — Сіз қауіптенетін болсаңыз, ана Шерубай деген дәрігермен сөйлесіңіз, сол кессін. Ол — соқыр ішек пен жарықтың бас маманы. Қолы сондай жеңіл дейді, операция істеген адамдарының бірде-бірі төсегінде үш күннен артық жатып көрген емес. — Дәл осы кезде сыртқы есік ашылды да, орта жасқа келген еркек, екі аяқты жеңіл арбаға отырғызған, аппақ құдай боп жүдеген, жастау әйелді алып кірді. Резеңке дөңгелекті арбаны ақырын итеріп, үн-түнсіз ұзын коридорды бойлай, кете барды. Киім алып беруші әйел арбаның соңынан қарап, басын шайқады, — сорлы жандар, — деді аяған дауыспен, — әйелі күйеуге шыққан жылы үйдің төбесінен құлап, бел омырқасын жарақаттап алыпты. Содан бері, ері осылай арбамен...

Мен «хабаршының» сөзінің аяғын тыңдаған жоқпын, есіктен ата жөнелдім. «Мен де осындай күйге ұшыраймын ба?»

10

Жаз толықси өзінің шеңберіне жеткен. Көше бойлай біткен жас ағаштар, барын киген жас келіншектердей, жасыл жапыраққа бөленген. Көктемнің дымқыл лебі әбден кеуіп, ауа ыстық әуенімен жер бетін қымқыра жауып алған. Көгілдір аспан мөп-мөлдір. Жол шетіндегі жасыл шөптер ұзара өсіп, шабуға да жарап қалған. Бүгін мен өте көңілдімін. Өйткені ауруханадан Аяужан шықпақ. Жоқ, «шықпақ» деген сөзім емес, өзіміз барып, біздің үйге алып келмекпіз. Ол жүруге жарамайды. Түбі жүру-жүрмеуі белгісіз. Ауруханада бұдан әрі жата бермеуін дұрыс деп таптық. Оған да көңілсіз, Аяужансыз бізге де көңілсіз болды. Серігін ойлай-ойлай Алтынай тіпті жүдеп те кетті. Және ауруханада енді жата берудің қажеті жоқ тәрізді. Қолданатын емнің бәрі қолданылған. Аяужанның жазылу, жазылмауын енді тек уақыт шешеді.

Дәрігерлер де солай дейді. Расында, Аяужанның жазылмайтынына олардың көзі жететін секілді. Тек менің көңілім үшін ғана «уақыт көрсетер», деп мәймөңкелейді. Бұның бәріне мен түсінем. Түсіне тұрсам да, Аяужансыз өмір сүрудің маған қиын екенін де білемін. Өйткені мен оны шын жақсы көремін. Оған, әсіресе, соңғы кезде көзім жетті. Онсыз жүрген әрбір күн маған әрбір жылдан оңай тимеуге айналды. Аяужанды көрмеген күні дүние маған қараң қалғандай, қабағымды ашпайтын жағдайға жеттім. Сондықтан, не болса да, өзіммен бірге болсын деп, ЗАГС-ке екеуміздің арызымызды апарып, некеге тұрдым. Бүгін өзін үйіме көшіріп алмақпын. Көшіріп алғаннан кейін барып, емдетуге кіріспекпін. Ол үшін қандай қиындық болса да, көнуге бармын. Қысқасы, арманым болған осынау бақытсыз жас жұбайым үшін қалған өмірімді пида етуге бел будым. Бұл менің Аяужанды мүсіркеушіліктен туған шешімім емес, оны мәңгілік жар етемін, күндердің күнінде жазып аламын деген сенімнен туған тілек. Ақ жүрек, адал махаббаттың ұйғарғаны.

Сағат он кезінде Алтынай, Кәріпжан, Асылхан, Базаргүл ауруханада кездеспек болып уәделескенбіз. Құрылыстың жеңіл машинасы да сол жерге келмек. Қазір сол уәде бойынша ауруханаға келе жатырмын. Жоғарыда айттым ғой, көңілім қуанышты деп. Сүйген жарын үйіне кіргізетін адам қуанбағанда, кім

қуанады? Расында да мен өте қуаныштымын. Сүйген жар деген сөз тек сезім қуанышынан ғана жаратыла ма? Жоқ, сезім қуанышы рухани қуанышқа айналса, одан артық махаббат бақыты бар ма? Жаралы жанға үйленсем де, мен сол бақытқа ие болғанымды жақсы сезінемін. Сондықтан да шаттанам. Аяужанға жеткенше асығам. Тіпті көшені бойлай, жүгіре жөнелуге бармын. Тек өзімді-өзім әзер тоқтатып келемін. Ғажап! Осы сезім мені Аяужанмен алғашқы кездесуге келе жатқанымда да, дәл бүгінгідей билеген болатын. Бүгін де өзімді дәл сондағыдай сезінемін, сондағыдай қанаттанудамын.

Ауруханаға таяп та қалдым. Ана бұрыштан кейін алдымда кішкентай бау-бақша. Мен солай қарай бұрыла бергенімде, бір сылаңдаған әйел мүйістен шыға келіп, алдыма түсті. Мен артында келемін. Кездескен адамның бет келбетіне, дене құрылысына көз тігіп өту — суретші мен мүсін салушының дағдылы әдеті. Мен де сол әдетпен, алдымда келе жатқан әйелге көз тастадым. Көз тастауым мұң екен, бойымды бір қобалжытқан, алабұртқан түсініксіз сезім билей жөнелді. Ұзақ жылдан бері есте жүрген бір әдемі суретімді көз алдыма қайтадан елестеттіргендей болды. Осынау аяғын сәндене басқан, әр қимылы, жүрісі поэзиядай әдемі жанды қайдан көрдім? Кімнің белі осындай құмырсқадай жіңішке? Жұмыр, ақ балтырлы аяқтары осындай оқтаудай түзу еді?

Әйел алдымда асыға басып, майыса жүріп келеді, белі қыналған ақ жібек көйлек денесінің көз тартар мүшелерін аша түскендей, былқ-сылқ басқан сайын, екі жағынан кезек-кезек төгіліп, бұлаң-бұлаң етеді. Адам баласының сырт бейнесінде, ырғала қозғалған жүрісінде осыншама көркемдік қалай біткен десеңізші! Жалғыз мен емес, жанынан өткен бейтаныс басқа адамдар да сарғылт шашын тоқпақтай етіп түйіп алған кербез әйелдің соңынан бір бұрылып қарамай, өтпейді! Өзгелердің сұқтана қарағанына мәз болғандай, әйел енді аяғын еріне басты. Дәл осы мезетте ол маған мөлдір суда асықпай жүзіп келе жатқан ақ қайран тәрізді болып көрінді. Мен жүре түстім. Кім болса да, жүзін бір көруге құмар болдым. Әрине, менің мұным, — көрінгенге қол созған көрсе қызарлық емес, сұлу адамның көрінісінен оның ауызбен айтып, өзгеге ұқтыра алмас, бір жіпсіз тартып кететін магнит секілді күшінен эстетикалық қуаныш алу. Әдемілікті паш ететін суретшінің сұлулыққа ұмтылған табиғи тілегі, табиғи арманы.

Жақындаған сайын, әйелді танитыныма шек келтірмедім. Суретшінің өзінің кәсіптік ерекшелігі болады. Бұл әншілердің ерекшелігі тәрізді. Әнші кейде бірер әнді мүлдем ұмытып қалуы мүмкін, бірақ оның кейбір сұлу ырғағы, жеке нотасы есінде сақталады. Суретші де сондай, адамның өзін ұмытқанмен, өзгелерден өзгеше, тек сол адамға тән бір қимылын, көз тастауын, не жүріс-тұрысын есіне сақтап қалуы көп кездесетін жағдай. Мен де осынау әйелдің бір ерекшелігін есімде сақтаған секілдімін. Бірақ қандай ерекшелік? Ол ерекшелік кімге тән еді, өзім де есіме түсіре алмай келемін.

Мен әйелді қуып жетіп, қатарласа бердім де, бетіне қарадым. Әйел де маған бұрыла, көз тастады да, кілт тоқтай қалды. Япырмау, өз көзіме сенейін бе, сенбейін бе, мынау өзімнің студент кезімдегі натурщицам Үміт қой! Әлде сол секілді біреу ме?

Әйел сықылықтай күліп, қолын ұсынды.

— Амансың ба, суретші жолдас?

— Үміт?!

Әйел тағы күлді.

— Мен сені бірден таныдым...

— Бұнда қайдан жүрсің?

— Өзің қайдан жүрсің?

Енді екеуіміз бірдей күлдік. Үміттің маған қымсынбай ашық қараған көзқарасынан, бірден еркінсі «сен» деп сөйлеген сөзінен оның өзгергенін түсіндім.

Бұл, әрине, бұрынғы ұялшақ, суретін салу үшін үстіндегі көйлегін шешуге әзер-әзер көнетін жасқаншақ, кіршіксіз таза жас Үміт емес. Арада өткен төрт-бес жылдың ішінде ұялшақтықтан, нәресте, албырт мінезден арылған, ләззаттың не екенін әбден түсінген, жар сүйіп, қуана да, рақаттана да білген, жастық сезімі әбден піскен келіншек...

Менің мұнда қандай жұмыста екенімді естігеннен кейін, ол өзінің жайын айтты.

— Екі айдай болды келгеніме, сән ательесіне модельші болып орналастым.

— Автомобиль техникумында оқымайтын ба едің?

— Ол — өмірдің не екеніне түсінбеген кездегі әурешілік қой. Әркім өзінің қолынан келетін іске ұмтылғаны жөн емес пе?

— Әрине ғой...

— Бұрын манекенші болғам... Былтырдан бері тігін шеберлігіне көштім...

Ғажап! Үміттің де алған жолы Ұлбосынның жолы секілді! О да манекеншіден модельершіге ауысқан... О да Үміт секілді әдемі болатын. Мен танитын сұлу келіншектерге үнемі осындай жұмысты жазып қойған ба?.. Бұнда да тағдырдың маған деген бір жазымышы бар ма?

Үміт менің ойымды бөліп жіберді.

— Біреу ақылмен арманына жетеді. Ал мен секілді ақылсыздар не істеуі керек? Ең болмаса, табиғаттың өзгеден артық етіп берген артықшылығын пайдаланғаны жөн емес пе? Үміт, әрине, өзгеден артықшылығым деп өзінің сұлулығын айтып тұр. Сонда бұнысы дұрыс па! Табиғаттың бейнетсіз берген қасиетін күн көруге жұмсауы, өзіне-өзі істеген зорлығы емес пе? Бірақ сонда жаратылыс берген дарынды күн көру кәсібіне айналдырған ақын, әнші, мен секілді суретшілердің бұдан несі артық? Мәселе жаратылыстың берген қасиетін пайдалануда емес, сол қасиеттің өзгеге, қоғамға ләззат, қуаныш беруінде ғой. Егер Үміттің табиғи артықшылығы осы ойдан шықса, мейлі манекенші болсын, натурщица болсын, қанша сәкеттігі бар?...

Бірақ Үміттің жаңағы айтқанында басқа бір сыр жатқан тәрізді. Адам өз сұлулығын өзгеден артықшылығым деп түсінсе, ондай сезім оның мінез-құлқына да, өзін-өзі ұстауына да үлкен ықпалын тигізеді. Бұл бұзылудың бір жолы. Мен ойлана қалдым. «Кеше ғана сүйген жігітімен қосылу тойы үшін, өзінің күнәсіз денесінің суретін салдыруға амалсыз көнген жас қыздың, бүгін сол дененің ерекшелігін түсініп, өзінің ұялшақ, дән таза пиғылын өзгертуі мүмкін бе? Жоқ, жоқ, ол мүмкін емес. Үміт ондай өзгеріске бармайды. Сонда мынау ойнақши қараған көзқарасты қалай түсінесің? сұлу мүшелерінің кейбір аса томпиған жерлерін өзгелердің көзіне ашығырақ көрсету үшін мынау денесімен

дене болып жабысқан ақ жібек көйлектің көкірек тұсының сәл молырақ ашылғанын қалай түсінуге болады? Бұл жаңа үлгіге еліктеу ме, әлде ұят деген ұлы дінді еске алмау ма?»

Мен үзіліп қалған әңгімені қайта жалғадым.

— Мыстауға, әрине, еріңмен бірге келген шығарсың?

— Қайдағы ерімді айтасың?..

Институтта жүргенде Үміттен қалай айырылып қалғаным есіме түсті. Тойлары болатын күнгі өзімнің Үмітпен махаббатым жайында қалай түсініспек болғанымды мен әлі ұмыта қоймағанмын. Сол бір алыс кезеңді көз алдыма бір елестетіп өттім.

— Менімен айырылатын күні тойларың болмақшы емес пе еді... Мен сондағы жігітіңді айтамын...

— Ә... Мүсілімді айтады екенсің ғой? Біз екеуміздің дәм-тұзымыз жараспады.

— Неге?

— Неге дерің бар ма, — Үміт сыңқылдай күлді, — орысша айтқанда, «характером не сошлись...»

Үміттің өзінің өткен өмір туралы ешбір қайғы, өкінішсіз, қалай болса, солай күле сөйлегені маған ұнаған жоқ. Дегенмен, бәлен деп, сыр бермедім.

— Көп болды ма айырылғандарыңа?..

— Бір-ақ жыл отастық. Ол тым қанатсыз жан болып шықты. Уақытында жатып, уақытында тамағын ішкеніне мәз көптің бірі екен. Ал менің өмірден күткенім ол емес еді, — Үміт енді қиялдана алысқа қарады. — Адам боп жаратылғаннан кейін, дүниеден айдын көлде жүзген аққу құстай рақаттанып өт...

— Олай ету екінің бірінің қолынан келе ме?

— Әрине, екінің бірінің қолынан келмейді. Сондықтан әркім өз теңін табуы керек. Мен өз басым солай ойлаймын...

— Онда оған күйеуге неге шықтың?

— Жастық. Махаббат. — Үміт тағы күлді, — жас кезінде адам өмірдің қызығы неде екенін түсіне ме?

Мен де кекете күлдім.

— Өмірдің қызығы неде екенін енді түсіндің бе?

Үміт маған көзін ойнақшыта қарады.

— Ең алдымен өзіңмен теңдес жарды... Содан кейін...

— Иә, содан кейін?

— Қайғысыз, қасіретсіз шаттық өмірде...

Мен Үміттің бетіне таңдана қарадым. Кешегі су түбіндегі гауһардай таза жастың, бүгін мұндай топас ойлы, қанатсыз сөз айтып тұрғаны арқама аяздай батты. Өз құлағыма өзім сенгім келмеді. «Жоқ, жоқ бір кезде мен сүйген Үміт бұл Үміт емес. Ол басқа. Ал мынау сол Үміттің тек сыртқы бейнесі, мен ұқпайтын бөтен жан. Әлде... Мені сынағысы келіп, қиқар сөйлеп тұр ма? Солай да болуы мүмкін. Әйтпесе, аз жылдың ішінде Үміт сынды інжу-маржан асыл тас бұлай оп-оңай тоттана қоймаса керек еді!»

Неге екенін білмеймін, мен Үмітпен тағы сөйлескім келді. Оның жүрек сезімін, өмірге деген көзқарасын дұрыс ұғуды тіледім. Бір кезде жақсы көрген адамымды қате жолға қимадым. Оның үстіне, Үмітті тағы бір көрсем деген

менде бұрыннан да бір өшпес арман болатын. Оған себеп басқа еді. Үміт менде суретке түсіп жүріп, ерге шығып кетті. Сол кездегі бастаған суретім бітпей қалған. Жас кезде ойылған композициям сол шала біткен қалпында әлі күнге дейін өзге жұмыстарым арасында жататын. Үміттен алғашқы айырылған кезде, оны аяқтауға кенет жүдей қалған көңілім көнбеді... Үмітке өкпелегенім, салып жүрген суретіне өкпелегенімдей болды. Бертін келе, Үміттің өз көзіммен көрген дене құбылысы, оның ерекше поэзиялық гармониясы ұмытыла бастап, суретті бірнеше рет аяқтауға қолыма алсам да, көңілім шаппады, ойым өріс ала алмады. Шабытсыз салынған сурет өлі туған баламен бірдей. Бейнесі болады да, жаны болмайды. Ондай туындының маған қандай керегі бар деп, сол аяқталып бітпеген кенепті өзге еңбектерім арасына тастай салғанмын... Көктен тілегенімді жерден тапқандай — тағы да бір көрсем, деген Үмітім қазір қасымда тұр. Бет әлпеті, не құрылысы бұрынғысынан көркемдене түспесе, кейін кетпеген. Сондағыдай шиі ерні сол ашылып, күлімсірей қарайды. Сондағысындай сөзін соза сөйлеп, еркелене түседі.

Менің ойымның толқып тұрғанын сезді ме, Үміт кенет томсара қалды. Көзінен жаңа ғана ұшқын атқан ұятсыз сәуле заматта сөніп, маған жасқана көз тастады. Дәл осы сәтте ол мен білетін бұрынғы Үмітке ұқсап кетті. «Бәсе, дедім мен насаттана ішімнен, мен білетін Үміт осындай ұяң жүзді болуы керек еді ғой, бағанадан бергісі жай әшейін мені сынау екен...». О да менің ойымды ұққан тәрізді.

— Үміт қалай өзгеріп кеткен деп, таң қалып тұрсың ба?! — деді жүдей сөйлеп, — қортынды шығаруға тым асықпа...

— Таң қалып тұрғаным да рас еді, — дедім мен шынымды айтып. — Қазір асығып тұрмын... Қашан кездесе аласың?

— Кездескің келе ме?

— Иә.

— Неге?

— Есіңде ме, сен маған суретке түсіп жүріп, жоқ жерден күйеуге шығып кеттің ғой... Сондағы суретім бітпей қалған.

Үміттің көзі жарқ етті.

— Сол суретімді аяқтамақсың ба?

— Иә.

Үміт сылқылдай күлді.

— Сенің алдыңда тағы да сондағыдай жалаңаш көрінуім керек пе?

— Әрине...

Үміттің көзінде енді бір ерекше сәуле пайда болды.

— Ол кезде екеуіміз де күнәсіз бала едік қой...

— Сол балалық мінезден, әлі де болса, айырылмауға тырысамыз...

Үміт маған күлімсірей қарады. Оның тілі барып айтпаған сырды, түрі «көреміз әлі» дегендей. Оның сәл күлімсіреген бет-келбетінде, тақа бір шектен шыққан топас, болмаса, сенің сезіміңді оятатындай Леонардо да Винчидің Джокондасының күлімсірегеніндей бір таңғажайып әдемі үміт бар.

— Жақсы, — деді ол аздан кейін, — қолың тисе, біздің үйге кел, сөйлесейік.

Мен де сағатыма қарадым. Уәделескен уақытым болып қалыпты. Үміттің

адресін сұрап алдым да, қоштасып, ауруханаға қарай асыға аяңдадым. Мен келсем, ауруханада өзге жұрт жиналып қалған екен.

Құрылыс бөлімінің әдемі көгілдір «Волгасы» да дайын тұр. Аяужанды алып кетуді кеше біз аурухананың бас дәрігерімен келіскенбіз. Бүгін ойламаған жерден бөгет табылыпты. Аяужанды қараушы дәрігерлер басқа болғанмен, негізгі ақылшы, қалай емдеу керек екеніне кеңес беруші Шерубай еді. Сол Шерубай бүгін Аяужанды ауруханадан әкетуге қарсылық білдіріпті. Мен келсем, Аяужанның достары оны қоршап алып, ауруды әкетуге рұқсат сұрап, жалынып тұр екен.

— Аяужанның өзінің де үйге қайтқысы келеді, — деген Кәріпжанның дауысын құлағым шалып қалды.

— Қандай ауру үйіне қайтқысы келмейді? — деді Шерубай менімен басын изеп амандасып, — аурудың дегенін істесең, мұнда бір күн жатқысы келмес. Ал Аяужанға әлі ұзақ жату керек. Ол күндіз-түні күтуді керек етеді...

— Күтсе несі бар? Біз өзіміз күте алмаймыз ба, — деді Алтынай, — күнде біреуіміз жанында боламыз. Рұқсат етіңіз, ағатай.

Алтынайдың жалына айтқан сөзі жанына батты ма, Шерубай ойланып қалды.

Алтынай бұрынғысынан да бетер жалына түсті.

— Әбуғали ибн Сина айтыпты ғой, аурудың рухани беріктілігі ең үлкен дауа деп... Біз жанында болсақ, Аяужанның да көңілі көтеріле түседі... Біріміз әңгіме айтамыз, біріміз керегін әкеп береміз... Еш уақытта да жалғыз тастамаймыз.

Шерубай езу тартып күлімсіреді.

— Әбуғали ибн Синаның олай дегенін қайдан білесің?

— Өлгеніне мың жылдай болыпты ғой. Содан бері ондай ақылды сөзді біз неге естімейік?

Шерубай тағы да қабағын түйді.

— Қайда апарасыңдар Аяужанды? Қыздар жатақханасына ма?

Алтынай жымия күлді.

— Ол біздің құпия сырымыз. Аяужанның әзірге өзі де білмейді... Күні бұрын қуантпайық дедік.

Шерубай, ойлана, менің бетіме қарады.

— Жарайды, апарсаңдар, апарыңдар, — деді ол, — мүмкін сендердің айтқандарың дұрыс болар. Қуаныш кеселге дәріден кем шипа емес. Қайда апарғандарыңды соңынан айтыңдар... Анда-санда қарап тұруым керек.

...Машина зырғытып келіп, біздің үйдің есігінің алдына тоқтай қалды.

Аяужанды носилкамен көтеріп, үйге алып кіргенде ғана, ол қайда әкелгенімізді бір-ақ білді.

— Бұларың не? — деді Аяужан кенет көзі жарқ етіп: — Қайда алып келгенсіңдер?

— Өзіңнің үйіңе, — деді Алтынай масайрай, — адал дос, аңсай күткен жарыңа қосылуыңмен құттықтаймын! Бақытты болсын өмірлерің, тез жазыл.

Аяужанның кенет екі беті дуылдай қызарып кетті. Қуанып қалғаны түрінен көрініп тұр. Сонда да:

— Бекер әкелдіңдер ме деймін, — деді ол толқи сөйлеп. — Кіргізген есіктеріңнен носилкамен қайта шығарып жүрмесеңдер нетсін...

— Қойшы қайдағы жоқты айтпай! — Алтынай еңкейіп Аяужанның маңдайынан сүйді, — одан да терезеге қарашы.

Терезеден алып құрылыстың ғажайып салтанатты көрінісі көрінеді. Аяужан сол жаққа көз тастады да, кенет жайнап кетті. Бітуге айналған мектеп үйі. Көкке қарай созылған көп қабатты тұрғын үйлер. Самсай біткен құрылыс тоғайы.

— Анау біздің құрылыс бөліміміз ғой,— деді Аяужан басын сәл көтеріп, қандай тамаша көрініс! Біздің мектеп те бітуге айналып қалыпты ғой... Әттеген-ай, — жігіттерге жалына қарады, — төсегімді ана терезеге қарсы қойыңдаршы! Кранымды сағынып қалыппын. Жұмысты бұрынғысындай істей ме екен, көрейінші!

Жігіттер төсекті Аяужанның көрсеткен жеріне көшірді. Ол жас балаша алақанын шапалақтай күлді.

— Міне, енді тегіс көрінді! Өзі қандай сұлу еді! Қараңдаршы, өзге крандардан анағұрлым биік емес пе? Тіпті бұлтты сүйіп тұр десеңдер де болады, — кенет оның қабағы сол томсара қалды, — менің орнымда қазір кім істеп жүр?

— Жақында краншылардың оқуын бітірген Маша деген бір жас қыз.

— Бәсе! — деді Аяужан дауысын сәл көтеріп, — жас екені көрініп тұр. Жүкті тым жылдам сырғытып барады. Бұлай істеуге болмайды. Кранның жүгін алатын жұмысшылар енді асығады. Бүйту өзге цехтардың ырғағын бұзады, — ол Алтынайға бұрылды, — өзін осында шақыруға бола ма? Ақыл-кеңесімді айтар едім...

Алтынай қуана жауап қайтарды.

— Неге болмасын! Машаның өзі де сенімен танысуға құмар. Тұрып кеткенше, осы жерден оның жұмысын басқаруыңа болады.

— Рақмет... — Аяужан кенет көзінде пайда болған жасты бізге көрсеткісі келмей, бетін бұрып кетті, — мені қайтадан тұра алады деп ойлайсыңдар ма? — деді ол сыбырлай сөйлеп.

Серіктері шулап қоя берді:

— Оған сөз бар ма!

— Бір-ақ айдан кейін краныңа қайта отырасың.

— Дәрігерлер солай дейді ғой...

— Рақмет, — деді тағы да Аяужан, біздің көңілін көтергіміз келіп айтқан сөзімізге іштей риза болып, сөйтті де, ойын басқа жаққа аударып: — қалай, жұлдыздарың күнде жана ма? — деді.

Кәріпжан мен Асылхан біріне-бірі қарады. Өйткені екі-үш күннен бері бұлардың мектебінің үстіндегі күнделік жоспардың орындалуын көрсеткіш жұлдыз жанбай қалған. Жігіттер «Жоспар орындалмай жатыр» деген сөз жарымжан Аяужанға бататынын сезіп, шындарын айта алмай, қысылып тұр. Бұларды мұндай жағдайдан Алтынай құтқарды:

— Жанғанда қандай! — деді ол дауысын көтере — кеш болса, бүкіл Мыстаудың үстіне жарқырайды! Соңыра өзің де көресің!

— Жарайсыңдар, достарым! — деді Аяужан шын көңілден риза болып, — уәде берген соң, жастар сөздерінде тұрулары керек.

Аяужан тағы да құрылыс ауданының көрнісіне бұрылды. Көріп тұрмын. Оның көзінде шаттық ойнайды. Әлденелер ойына түскендей. Ол алыстағы өзінің

кранына мөлдірей қарап, күлім-күлім етеді.

Алтынай, Аяужанның бұрылғанын пайдаланып, жанындағы екі жігітке «парткоммен сөйлесіңдер, бүгін қайткен күнде де, жұлдыз жануға тиісті!» — деді. Анау екеуі «дұрыс» дегендей, бастарын изеді.

Бұрын жұмысшы жастардың арасында болған адам емеспін. Менің ойымша, өз еңбегінен шабыттанатын, түн ұйқысын төрт бөліп қиналатын, қанаттанатын тек ақын, артист, суретші секілді ой, дарын қайраткерлері ғана еді. Ал қазір Аяужан мен оның серіктерінің өздерінің жұмыстары, жоспарлары, құрылыс орындары жайындағы тілектерін, армандарын естіп таң қалудамын. Бұлар да біз секілді өз еңбектерінен шабыттанып, қуанышқа бөленеді екен. Еңбек — бұларға да поэзия, ән! Оған менің көзім әбден жеткендей. Өздерінің еңбектен туған арман, тілектерін осынша жоғары қойған жас серіктеріме дән ризамын. Әсіресе, бұлардың басшысы Аяужан маған дәл осы сағатта бұрынғысынан да қымбатты болып көрінді. Осындай қызды, жаңа заманның қызын сүйгеніме мен өзімді орасан бақыттымын деп санауға бармын. Әлі ешбір өнер адамы түсіне алмаған жаңа үнді түсінгендеймін. Әлі өзіммен серіктес ақын, суретшілер ести алмаған жаңа әнді естігендеймін. Қуанғаным сонша, дәл осы сәтте Аяужанның өмір бақи төсектен тұра алмастай жаралы екені де есімнен шығып кетті. Бұны Аяужанның өзі есіме салды.

— Тойларың қайда? — деді ол кенет терезеден бетін бұрып, — құр мені Жантастың үйіне әкелгендеріңе мәзсіңдер ме? Жоқ, оларың болмайды, біздің қосылу тойымызға сендер шампан ішіп, би билеулерің керек!

Жастар мәз-мейрам болып қалды.

— Бәсе, менің Аяужаным осылай болуы керек еді ғой, — деді Алтынай күні бұрын дайындап қойылған столға бәрімізді қолымен нұсқай шақырып, қанекей, жігіттер, ашыңдар шампанды!

Тығындар тарсылдап, көкке атылды. Ақ көбігі аса төгілген шампан шарабы серейген-серейген хрусталь бокалдарға құйылды. Шампаны лүпілдеп толған бір бокалды Алтынай сәл басын көтеріп, ыңғайланып жатқан Аяужанның гипстан бос қолына ұстатты.

— Сүйген жарға қосылу — жұмақтың есігін ашумен тең, — деді ол ақжарқын жайдары үнмен, сөйлеңіз, қадірлі Жантас.

Шынын айтқанда, мен сөзге шешен адам емеспін. Оның үстіне, дәл қазіргідей не істерімді білмей тұрған қуанышты жайымда аузыма сөз түсер емес. Әйтсе де, «Қысылғанда соқыр көзден де жас ағады» дегендей, көптен бері жүрегімде сақталып жүрген шын сырымды айттым:

— Қымбатты, достар, — дедім шампан шарабына толған бокалымды жоғары көтеріп, — маған өмір бір сәнді ескерткіш дәптері секілді көрінетін еді. Әркім оны өзінің басынан өткен алуан сырымен толтырады. Ақын жырымен, әнші әнімен. Ал суреткер жанын тебіrentкен қайғы, қуанышын сан түрлі бояу арқылы ұрпақтарға қалдырады. Біз Аяужан екеуміз бүгіннен бастап сол аяулы дәптердің жаңа беттерін ашқалы тұрмыз. Кенет бойымды билеп кеткен қуаныш толқынын әзер басып, — ардагер замандастарым, — дедім, даусым сәл дірілдеп кетіп, — біздің бұл тойымызға сендердің де аз еңбектерің сіңген жоқ... Сондықтан алдарыңда ақтық сөзімді айтсам, артық болмас...

— Айт! Айт, — деп үйдегілер шулап қоя берді.

— Айтсам... — Аттай тулаған жүрек толқынын әзер бастым. — Жаңағы өмір деген сол дәптердің асыл беттерін күн сәулесіндей нұрлы бояумен әшекейлеп, таза ұстауға сөз беремін! Және оған Аяужанымның көзінен бір тамшы жасын түсірмеске ант етемін! Өле-өлгенше сол дәптерімнің ең сұлу, ең сәнді бояуы тек Аяужаным болсын. Сол үшін осы алғашқы тосымды көтеремін!

Сөзге бұрын мұндай шешендігім болмайтын. Осыншама әдемі ойлар қайдан шыққанын өзім де білмеймін. Сірә, ой түбінде жатқан арманды қуаныш толқытып, шығарған тәрізді.

Мен бокалымды алып Аяужанға таяғанша, кенет үйге шуылдаса, мектеп құрлысының бір топ адамы кіріп келді. Біздің тойымыздың боларын қайдан естігендерін білмеймін, бәрінің қолындағы буда-буда қызыл гүлдер, қолтықтарында қағаз қобдишаға салған тарту-таралғылар. Жүздері де ақжарқын, шат-шадыман.

— Қарақтарым, қуаныштарыңа ортақпыз, — деді ішіндегі бір аласа бойлы қарт жұмысшы. — Кеш естідік, сондықтан тойдың басында келмегенімізге өкпелемеңдер. — Ол енді маған қалжыңдай қарады. — Шырағым Жантас, бәлендей таныс болмасақ та, атыңа сырттан қанықпыз. Есті жігіт дейтін еді, бұның не?.. Далада жатқан қыз жоқ. Аяужан біздің ең қымбатты аруымыз... Бізге күні бұрын білдірген болсаң, мұндай ардақты тойды бүкіл құрылыс болып істемес пе едік.

Расында, бұл жағын ойламаппын. Сасқанымнан:

— Бұл жай тырнақалдымыз ғой. Үлкен той Аяужан жазылған соң болады, — дедім.

— Ә, солай ма еді? Онда кешірдік. — Қарт жұмысшы Аяужанның жанына барып, маңдайынан сүйді. — Қалқам, қуанышың құтты болсын.

— Қане, жігіттер, Аяужан үшін! — дедім мен бокалымды қайта көтеріп.

— Жоқ, Жантас, бұның болмайды, шампан тым ащы екен, алдымен тәтті ет! — деді Алтынай күле, — тамағымыздан өтер емес!

Кәріпжан мен Асылхан да қосарлана қостады.

— Иә, тым ащы!

— Бұл қалпымен іше алар емеспіз!..

Мен бокалымды қолыма ұстап, Аяужанға таядым. Ол не айтарын білмей, маған жаутаңдап қарай берді. Мен еңкейіп бетіне бетімді таяп, ерніне ұзақ сүйдім. Жүректегі маған деген ыстық жалыны ерніне шыққаны ма, тықыршықтай алқызыл дән ерні ып-ыстық екен. Жан-тәніңді күйдірген осы бір ләззат отының алғашқы жылуын аңсай күткенін жасырмай, өзі де құмарлана сүйді.

Бұл біздің ерлі-зайыпты болғанымызды жұрт көзінше айғақтайтын ең тұңғыш сүйісуіміз еді. Маған осы сүйіскеніміз неке төсегінің ең бірінші түнінен де ыстық боп есімде қалды. Сол күнгі Аяужанның күнәсіз ернінен алған ләззатым жүрегімдегі мәңгі сәнбес шоққа айналды. Аяужаннан бөтен адамды сүйсем, күнәһар болатынымды ескертіп, есімнен бірде-бір шықпай қойды. Кей адамның нәсілі тұрақсыз келетіні бәрімізге де мәлім ғой, менде сондай тұрақсыздық болуы мүмкін бе? Жоқ, ол мүмкін емес. Мәселе мұнда құр ғана махаббатта болып тұрған жоқ қой. Аяужан маған өзінің жүрегімен бірге тағдырын да тапсырған жоқ

па? Аяужандай аяулы адамның тағдырымен ойнауға бола ма? Жоқ, ондай қылмыс менің қолымнан келмейді. Дарын — жаратылыстың ісі. Ал адамгершілікті сақтау ол сенің ісің...

Осы алғашқы сүйістен кейін, біздің қосылу тойымыз басталды. Шампан ішілді, би биленді, шалқыта өлең де айттық. Төсектен тұра алмай жатқан Аяужанның көңілін көтереміз деп, істемегеніміз жоқ. Үйді басымызға көтере ойын салдық. Біздің у-шуымыз себеп болған болуы керек, сауық кешімізге көршілер де келіп қосылды. Соның бірі — менің пәтеріммен есіктес Зүлфия деген әйел тұратын. Дүкенде сауда істейтін. Мен бұл әйелдің кім екеніне бәлендей көңіл қоймайтынмын. Бірақ өзімен жәй таныс болғанмен, оның жеті жасар Еркежан дейтін кішкентай ұлымен тіпті досжар едік. Менің сурет салып, мүсін оятынымды білетін Еркежан, біздің үйге жиі келетін. Істеген жұмысымды қызық көріп, ұзақ отыратын. Біз екеуміз кейде әңгімелесетін де едік, мен оған мүсін оюды да үйретпек болып әуреленетінмін. Артынан барып білдім, Зүлфия жүріс-тұрысқа жеңіл мінезді әйел болып шықты... Той әбден қызып, қыран-топан боп күлісіп жатқанымызда, біреу есік қақты. «Кім екен?» — деп есікке қарай қалдық.

— Кіріңіз, — дедім мен.

Үйге Зүлфия мен үш кішкентай бала кірді. Ішінде Еркежан да бар.

— Амансыңдар ма, қыз-бозбалалар, — деді Зүлфия күлімсіреген болып, мына балалар көршімізбен танысамыз деп, болмай алып келді, — ол төсекте жатқан Аяужанды балаларға көрсетті. — Қарашықтарым, мынау әнеукүнгі краннан құлаған апаларың, — енді Зүлфия Аяужанға қарап, мына інішектерің күндіз үйде адам жоқта қасыңда боламыз дейді.

Апаларының бүйімтайына жәрдемдеспесек...

Аяужан балаларға жаудырай көз тастады.

— Рақмет... — деді ол шын жүректен риза болып.

— Аяужан өзге балалардан кішірек және ұялшақтау Еркежанды өзіне шақырды.

— Берірек келші, айналайын...

Бала қымсына жақындады.

— Атың кім, інішегім....

— Еркежан...

— Өзіңіздің атыңыз кім?

— Аяужан...

— Енді сіз бізбен ойнайсыз ба?

— Қандай ойын ойнай аламыз? — Аяужан сыңғырлап күлді.

— Чехарда... Жасырынбақ...

— Жасырынбақ ойнауға болады, — Аяужан тағы да күлді. — Көрпемді мен бүркеніп алайын, тауып көріңдер сосын.

— Апай, столға отырыңыз, — деді Алтынай, — балалар, сендер де отырыңдар.

— Асығыспын... Тек ауыз тиейін, — Зүлфия стол үстіндегі астан аузына бірекі түйірін салды. Балалар ұялып, орнынан қозғалмады. Алтынай оларға уыстап конфет, печенье берді. Зүлфия кейін шегінді. — Үй арасы жақын, әлі келемін ғой, өздерің ойнап күле беріңдер. — Ол Аяужанға тағы да аяй қарады, — сіңілім, бүлдіршіндей жас екенсің... Сенен бөтен бұл құрылыста адам жоқ па еді, несіне

дауылды күні оның басына шыға қалып едің?

— Шықпасқа болмады ғой жеңеше, — деді Аяужан. — Мен кранның қанатын бұрмағанда, ол салынып жатқан мектептің үстіне құлайтын еді. Екі жылдан бергі жұмыстың күл-талқаны шығарын былай қойғанда, мектеп балалар үшін ғой, — ол енді Еркежандарға қуана көз тастады. — Мыналар үшін ғой.

— Бишара, жұрт қамын ойлаймын деп, жарақаттанған екенсің ғой, — деді Зүлфия аңқау сөйлегенсіп, бірақ маған оның сөзі ұнамады. — Тек артының қайырын берсін. Жазылып кетсең тәуір ғой, әйтпесе... қор боласың ғой. Аспанмен таласқан кран түгіл, бала кезімізде біздің ауылдың бір қызы жорға үстінен құлап, өмір бақи қисайып қалған... Тек әкесінің ауқатының арқасында ғана бір кәрі шал тоқалдыққа әзер алды. Әйтпесе, үйінде отырып қалған жарымжан, кәрі қыз кімге дәрі...

Үй іші жым-жырт тына қалды. Күлгірсіген бейпіл ауыз әйелдің осынау суық сөзімен бірге үйге бір құбыжық кіргендей болды. Зүлфия тағы бірдеме деп келе жатыр еді. Алтынай:

— Апай, газге қойған сүтіңіз тасып кетіпті, — деді, сөзін бөліп жіберіп, — тезірек барыңыз...

— Ойбай-ау, оны тіпті ұмытып кеткен екенмін! — Зүлфия шынында да сүт қойған болуы керек, асыға есікке жөнелді, — жүр, балалар, соңынан келерсіңдер...

Әйел балаларды ертіп шығып кетті. Алтынайдың одан оңай құтылғанына біз де мәз болып қалдық.

— Оның газге сүт қойғанын қайдан білдің? — деді Аяужан жүдей күлімсіреп, — сен ебін таппағанда, көңілімізді біраз суытып тастайтын еді әлгі кербез жеңгей...

Зүлфия кетіп, жеріміз кеңігенмен, көңіліміз бұрынғысынан көтеріле қоймады. Алаңғасарлықпен айтсын, білместігімен айтсын, әйтеуір оның дөрекі сөзі бір жоқ жерден соққан суық желдей, кенет менің де өн бойымды тітіркентіп жіберді.

Адам баласының жүрегінде жатқан сырды білу, жер астында жатқан қазынаны білуден анағұрлым қиын, әлгі әйел жаңағы сөздерді неге айтты? Көңілі онсыз да жабырқаңқы Аяужанға жүрегінің жылуын берудің орнына, неге суық ызғарын төкті? Маған бұл түсініксіз жәйт еді. Осыны ойлап отырғанымда, Кәріпжан мен Асылханның үйден шығып кеткенін де аңғармай қалыппын... Жұрт енді біртіндеп тарай бастады.

Алтынай мен Аяужан өзара күңкіл әңгімеге кіріскендерін көріп, мен балконға шығып, аз тұрдым. Ол арадан да дәйек таба алмай, қайтадан үйге кірдім, екі дос қыз әлі шүйіркелесуде. Олардың сөзін бөлгім келмей, екінші бөлмеге шығып диван үстіне жаттым. Тағы да шытырман ойға кеттім. Зүлфияның айтқандары менің де жүрегімді үркітіп жіберген екен, енді мені бір қалың қара бұлт торлай жөнелді...

«Махаббатсыз өмір — өмір ме? Бірақ сол махаббат қуаныш емес, қайғыға айналса, ондай махаббаттан қандай қызық бар? Қайғының да, қуаныштың да ойлайтыны бақыт, бірі соны суалтсам дейді, бірі сол бақытты гүл жайнатсам дейді. Егер қолыңдағы бақыт суалар болса, адамға одан ауыр қандай қасірет, өкініш бар? Аяужан екеуміздің өміріміз сондай өкінішке айналуы мүмкін бе? Жоқ,

мүмкін емес. Өйткені біздің қуанышымыз, бақытымыз өзіміздің қолымызда. Аяужан бүгін төсек тартқан мүсәпір болса, ертең жазылады. Ол үшін мен қолдан келген шарамды аямауым керек! Ал жазылмаған күнде...

Адам неге тұрақсыз болады екен? Жоқ, адам емес, махаббат тұрақсыз секілді... Тұрақсыз затта құн жоқ. Сонда махаббатта да құн болмағаны ма? Жоқ, бұның бәрі де бекер ұғым. Тұрақты адамның махаббаты да тұрақты. Адам өз басының келешегін басқа жәйттен көрмеу керек. Асқар таудың басына ақша бұлттар ұяласа, ал асыл адамның басына айнымас табандылық біту керек. Сонда ғана махаббат тұрақты болады. Бірақ жүрек деген бір асау тұлпар емес пе, оның үркуі де, алып қашуы да жеңіл. Сонда оны немен тоқтатасың? Өз бетімен ала жөнелген жүйрікке қандай қыл арқаның бар? Қазақ: «Балығы жоқ көл қадірсіз, шөбі жоқ жер қадірсіз, ұяты жоқ қыз қадірсіз, жігері жоқ жігіт қадірсіз» дейді. Тұрақсыз болуы да адамның жігерсіздігінен, табансыздығынан. Сондықтан адам ең алдымен табандылықты арман етуі керек. Сонда сенің махаббатыңды да еш дүлей күш жеңе алмайды. Арамдық та, зұлымдық та. Қыз ұятын сақтаса, жігіт бір мінезділігін сақтауы махаббаттың тазалығына керек қасиет. Сөйтсең ғана махаббат та адал сақталады. Тек сол бір мінезділікке екінің бірінің күші жетер ме?»

Қосылуымыздың алғашқы күні-ақ менің ойыма осындай күмәнді қиялдар келуі, әрине, менің тұрақсыздығымнан емес. Мен де өзгелердей қуаныштан рақаттанып, қайғыдан қан да жұтатын жанмын. Ал жаман ойлар да, жақсы ойлар тәрізді, жұрттың бәріне тән дүние. Адамның адамдығы да сол жаман ойға ермей, жақсы ойды таңдай білуінде емес пе? Кенет үйге Кәріпжан мен Асылхан қуана кіріп келді. Жүздері күлім-күлім етеді. Бір үлкен іс бітірген жандардай. Мен ойымды бөліп, орнымнан түрегелдім. Ымырт жабылып қалған екен, шам жақтым.

Үй іші жарық сәулеге толды. Бәріміз топырлай, екінші бөлмеге кірдік...

— Қараңғыда неғып отырсыңдар? — деп шам жаққанымша, Кәріпжан білегімнен ұстай алды.

— Тұра тұрыңыз, — деді ол маған күлімсірей қарап, сөйтті де қыздарға дауыстады. — Аяужан, Алтынай, қане, кран жаққа қараңдаршы!

Бәріміз терезеге бұрылды. Аяужан кранынан төмендеу, бітуге айналған мектептің үстінде үлкен екі бірдей қызыл жұлдыз жарқырап тұр.

— Жарайсыңдар, бауырларым! — деді алақанын шапалақтап мәз болып қалған Аяужан. Жоспарларыңды төмендетпеген екенсіңдер!..

Аяужан шын қуанышты, екі беті дуылдай насаттанып жымың-жымың етеді. Артынан барып білдім, дәл осы күні жоспар орындалмаса да, құрылыс бастықтары, жастар бригадасының өтініші бойынша, жұлдыздарды жағуға рұқсат еткен. Кәріпжан мен Асылхан сол үшін кетіп қалған боп шықты. Бұлардың үміттері ақталды. Аяужан қатарласа жанған қос жұлдызды көрісімен, тіпті өзгеріп кетті. Кештің қалған мезгілі өте көңілді өтті.

Менің осы кеште өмірде махаббаттан кем түспейтін қызық бар екеніне көзім әбден жетті. Ол қызық мен секілді адамдарға көркемөнер болса, Аяужан, Алтынай, Кәріпжан секілді еңбек жастарына өздерінің жұмысы, кәсібі, жандары сүйген мамандықтары екен. Ғашықтық тек махаббатта ғана еместігіне шек

келтірмедім.

Қолыма гипс алып, мүсін істей бастағаннан бері «Жолбарыс талаған сұлу» атты композиция жасау бір үлкен арманым болатын. Бұл ойға мен ең алғашқы рет Иса Байзақовтың «Құралай сұлу» атты дастанын оқыған сағатта келгем. Көлде жүзіп жүрген аққу секілді дәрменсіз сұлу жас Құралай... Аямас тағдыр тәрізді Жолбарыс. Әлсіздік пен жауыз күш! Әділеттік пен озбырлық! Өмір мен ажал арпалысы. Композициясын дұрыс тапсаң, осы бір мүсін арқылы адам баласының тағдырына сәйкес үлкен пәлсапалық ғажайып терең ой, алып тартыс мағынасын беруге болады. Осы арманым Ұлбосын қайтыс болған күннен бастап, және Аяужан краннан құлағаннан бері әбден мазамды алатын. Ұлбосынды әкеткен рак ауруы, Аяужанды мүгедек еткен сонау сұрапыл дауыл маған кейде азу тісі ақсиган, әр тырнағы қанжардай жалақтаған қанішер жолбарыс тәрізденіп те елестейтін. Сол минуттерде мен Ұлбосын мен Аяужанды жолбарыс құшағынан құтыла алмаған дәрменсіз Құралай бейнесінде көретінмін... Қайткен күнде де «Жолбарыс талаған сұлу» деген композиция арқылы өзімнің осы көкейкесті ойымды орындап шығуға бел буғам.

Міне, дәл осы кезде маған Үміт кездесті. Бір-бірімізді көрмегелі бес жыл өтіп кетсе де, менің көз алдымда әлі күнге дейін оның тал шыбықтай бұралған, аппақ жұмыртқадай сұлу денесі тұратын. Уылжыған жас Құралайдың суда жүзіп жүрген жалаңаш мүсінін жасау үшін Үміттен артық қандай әйел керек? Көктен тілегенім жерден табылды. Үміт те маған натурщица болудан бас тартпады.

Аяужанды үйге алып келгеннен кейін, бір ай өткен кезде, мен Үміттің үйіне келдім. Бұ да Ұлбосын тәрізді жеке бөлмеде тұрады екен. Үй іші әжептәуір жасаулы, жұмсақ диван, әдемі кресло, киім шкафы. Манекенша болып қызмет істейтін болғандығынан, шағын бөлмеде екі айна тұр, сірә өзінің бейнесін толық көру үшін болуы керек, айналарды бұрышқа, екі қабырға арқылы, түйістіре орнатыпты.

Мені Үміт қуана қарсы алды. Қолымдағы өзінің бітпеген суретін көріп, сәл үндемей тұрды да, қайтадан күлімсіреді.

— Білмеймін... — деді ол төмен қарай, — дәл қазір... Сенің алдыңда Хауа анамыздың жұмақтағы пішінінде қайтадан суретке түсуге дәтім шыдар ма екен.

Ішім жылып кетті. «Жоқ, жоқ, Үміт бұзылмаған екен. Ол әлі баяғыдай ар-ұятын адал сақтайтыны күмәнсіз... Әнеугі мінез көрсеткені әшейін қалжың...»

Өзімнің қалай шешен болып кеткенімді білмеймін, оның маған натурщица болуы керек екенін ұзақ сөйледім. Шын ар-ұят жүрек тазалығында екенін, тәнін жалаңаштаудың тек көркемөнерге керек құрбандық екенін түсіндірдім. Одан адамның ұятының жоғалмайтынын, қадірінің төмен түспейтінін айттым.

— Сонда... Менің денемді көргеніңнен, менің қадірім сенің көз алдыңда төмендемей ме? — деді ол кысыла күлімсірей. — Ұятын досының алдында сақтай алмаған әйел, өз қадірін өзі жоғалтпай ма?

Жүрегім шымырлап кетті. Қазақ әйелі — Европа әйелі емес, бөтен алдында жалаңаштану оған үлкен ұят. Кенет мені басқа бір ой билеп кетті. Рембрант Даная суретін салғанда натурщица етіп өз әйелін алған-ды. Рембранттың әйелі ерінің алдында қазіргі Үміттей қысылды ма екен? Мүмкін қысылған да шығар, бірақ көркемөнер үшін көнген болар. Ал сол көркемөнер үшін Үміт неге ұялады? Бұл біздің әлі шығыс әдет-ғұрпынан шыға алмағандығымыздан ба? Мен оны жұбатып алдым да, қадірінің түспейтінін айттым.

Үміт сәл төмен қарап тұрды да:

— Жарайды, айтқаныңды істейін... — деді.

Ол ас бөлмеге барып, үстіндегі киімдерін тастап, үстіне жұқа, қызыл жібек халат киіп келді. Күн ашық еді. Терезеден төгіле құйылған күн сәулесі шағын бөлмені құлпыртып тұр. Жібек халаттан Үміттің сұлу денесінің ойы-қыры — бәрі бірдей айқындала сезіліп, көз тартады...

Мен жұмсақ диванды бөлменің ортасына таяу, терезеге қарама-қарсы қойдым да, сурет салынған кенебім мен бояуларымды ыңғайлап, Үмітке қарадым.

— Мен дайынмын.

— Мен де дайынмын, — деді о да, күлімсіреп.

Сөйтті де, диванның жанына келіп, үстіндегі халатын шеше бастады. Кенет оның ақ қайнардай сұлу денесі көз алдымда жарқ етті.

Сіздер Леонардо да Винчидің «Леда» атты композициясының бізге жеткен көшірмесін көргендеріңіз бар ма? Алып аққудың құшағында құмар денелі жалаңаш әйел тұр. Оң жағында аққу жұмыртқасының қабын жарып екі нәресте шығып келе жатыр... Сұлудың денесі аққу құшағына қарай бейімделген, ал беті мен аяғы балаларға қарай бұрылған. Сол бір ақ қайнардай көркем мүсінді әйелдің тұрған тұрысында адам көңілін еріксіз өзіне тартар бір ғажайып ләззат күші бар. Жалаңаштанған Үміт маған, дәл осы минутте, сол Ледадай болып көрініп кетті. Бірақ бұл көрініс бір-ақ сәтке созылды.

Сірә, менің Үмітке көз тастауым оған Пикассоның «Адамзат күлдіргі сиықтары» аталатын графикалық суретіндегі қарт шалдың жалаңаш жас әйелдің мүсініне қарағаны секілді болып көрінген болуы керек, ол орнынан ұшып тұрды да, халатын қайтадан киіп алды...

— Бүйтіп бірден сенің алдында тұра алатын емеспін... — деді Үміт кенет дауысы дірілдеп.

— Неге?

Мұндай да сорақы сұрақ болар ма? Сұрағымның орынсыз екенін өзім де сезем, бірақ амал не, айтар сөз айтылып қалды.

Алдымда Үміт отыр. Ұялғаннан екі көзі жасаурап, тұманданып кеткен, қызыл еріндері сәл ашылып, дір-дір етеді. Неге бұлай? Әлде менен суретін салудан басқа бөтен бір оқыс қимыл күте ме? Жоқ, жоқ, ол мүмкін емес! Үміттің бетіне қайта қарап едім, ол тордағы көгершін секілді, менен қалай құтыларын білмей тұр, егер еркіне жіберсең, қос қанатын қаға, көгілдір аспандағы жұмсақ дүниесіне ұша жөнелетіндей...

— Ойымдағы бір-екі ауыз сөзді айтуға мұрсат бер, — деді кенет Үміт екі беті дуылдай қызарып, дауысы шығар-шықпас ақырын сөйлеп. — Мен мұндай сөзді

бұрын тірі пендеге айтып көргем жоқ. Ал саған... айтпасқа амалым қалмады. Сен мені қате түсінбе. Дос санар адамымның алдында бар қасиетіңді жалаңаш көрсетуге дәтім барар емес. Менің тәнімді көргеннен кейін, сен мені ұятсыз санайсың...

— Ал мен... — Ол кенет тоқтай қалды, жерге қарап әзер дегенде сөзін аяқтады: — Мен сенің алдыңда жалаңаш тұрғым келмейді. Жоқ, жоқ, сен бөтен ойға жорыма... Дәтім шыдар емес. Егер мен ұятсыз жан болсам, суретке саласың ба, әлде... өртеп жібересің бе, өз еркіңде дер едім... Онда менің қожам да өзің болар едің, ұятымды да өзің билер едің. Ал қазір... мейлің мені надан көр, әлде басқа сана, көз алдыңда жалаңаштану менің қолымнан келер емес, — Үміттің дауысы кенет дірілдеп кетті. — Мен туралы жаман ойлап қалған болсаң, айыптымын. Ал мен сенің көз алдыңда қайтадан баяғы Үміт болғым келеді. Сондағыдай ар-ұятымды таза сақтауды тілек етем... Әлде менің ашық айтқан сырымнан жаман ойлап қалдың ба? Жоқ, жоқ, мұнда бөтен жұмбақ жоқ, тек сенің алдыңда ұятсыз саналмаймын деген жалғыз ниет...

Үміттің сөзін мен жақсы түсіндім. Ар-ұятын әлі жоғалтпаған жас әйелге, бір жағынан жаным риза болса да, екінші жағынан жаңаша тәрбиеленген сорлы басым, оның суретке түсуге соншалық рухани мағына бергеніне таңмын. Мұнда қандай ұят бар? Жалаңаш суретке түсуді ұят көру біздің надандағымыз емес пе? Европа бұл көпірден әлдеқашан өткен жоқ па? Егерде орта дәуірдегі Сан Петронно шіркеуінің порталына атақты Якопо делле Кварча жасаған Хауа ана мен Адам атаның жалаңаш мүсіндерін Үміт көрсе, не дер еді? Діни Европаның өзі мұндай жалған ұяттан көне заманда-ақ өткен жоқ па? Ал жиырмасыншы ғасырда қазақ әйелі көркемөнер үшін денесін көрсетуден ұялады. Әлде Үміттің бұл ұялшақтығында шығыс жұртының ғасырлар бойы ар, ұят деген түсініктерді жоғары бағалау ғұрпы жатыр ма? Иә, солай секілді. Сонда жаңа ғана жарқ еткен Леда поэзиясынын орнына күнделікті қарапайым түсінік, күнәһар сана, надан ұғым жол алғаны ма? Үміттің сұлу денесінен көркемөнер үшін туған жаңағы ғажайып қиял қайда кетті?

Кенет менің көз алдыма өткен күндерім, өзімнің студент кезім, Ленинградтың сүттей жарық сәулелі түндері қайта елестей жөнелді. Сол бір балғын жас шағымда осы Үміт емес пе еді маған арман болған? Осы Үміт емес пе еді менің махаббатқа деген алғашқы қанаттана бастаған жас сезімімді қиялдың көк аспанына ұшырған?.. Ие, ие, ол кезде Үміт маған шын арман еді. Бірақ маған сол арманымнан гөрі, Үміттің суретін салу басым тілек болып еді ғой. Сол тілегіме енді жетейін деп тұрғанымда, Үміттің мұнысы несі? Ол менің осы ойымды сезді ме, қайтадан сөйледі.

— Егер мен сені дос көрмесем, бүгін үйіме шақырмаған болар едім, — деді ол дауысы тағы да тамағына тығыла дірілдеп, — дос көру, қате түсінбе, бұл бір ерік бермес асау сезім емес. Адам мұндай жағдайда өзін-өзі билей алады. Ал жалаңаштану... онда басқа сезім бар. Адам өзін билей алмай қалады.

Ол сәл үндемей тұрды да:

— Осы өзіңнің үндемеген қалпында сен маған қандай сүйкімді екеніңді білесің бе? — деді кенет өзін-өзі билей алмағанын жасырмай, — сені сол сүйкімді, дос қалпында қалсын деп едім... — Ол сөзінің ар жағын айтпай, көйлегін шеше

бастады.

Кенет көз алдыма, тұнық суда бұлаң еткен ақ қайраңдай, Үміттің аппақ денесі тағы жарқ етті. Ол сәндене, былқ-сылқ басып, көйлегін орындықтың бас жағына апарып ілді. Менің жүрегім шоқ түскендей, өртеніп кетті. Жоқ, бұл еркектік сезім емес, сұлулықты сүйген адамның таңдануы, мас болуы еді. Ал, ұят деген ұстамдылық билеп тұрған, Үміт енді маған тіпті қарай алмады. Тек бар мұршасының келгені:

— Мейлің... Сенің өнерің үшін өзімнің ұятымнан бездім... Тек мені күнде бүйтіп азаптай көрме, — деу ғана болды.

Мен жауап қайтарғам жоқ. Біздің заманымызда көптеген суреткерлер жұрт таң қаларлық еңбек жасамақ боп шарқ ұрады, қиялға шомылады, тақырып іздейді. Ал сондай еңбек үшін осынау Үміттің сұлулығындай сұлулық бар ма? Сондықтан да Рафаэль, Микеланджелолар өздерінің ғажайып шебер туындыларын замандастарының, бірге жүрген адамдарының бейнесінен алған жоқ па? Біз неге өз шығармамызды ойдан шығаруымыз керек? Көркемөнер деген адамның бір өзіне ғана тән, өзіне ғана тиісті мезетін, келбетін, артықшылығын дәлме-дәл етіп қағаз бетіне әдемілеп түсіру емес пе, онда осы Үміттің қазіргі бейнесінен артық не бар? Жалпы алғанда, сұлулық деген не? Менің ойымша, ол адамды тебіrentетін, толқытатын көрініс. Олай болса...

— Сенің өткір көзіңнің алдында менің жалаңаш тәнім тұр, Жантас... — деді кенет менің ойымды бөліп Үміт, — бетім шыдар емес... Тезірек салшы суретіңді...

Мен өзімді-өзім билей алмай кеттім...

— Қандай сұлу едің!

— Рас айтасың ба? — Үміт кенет ұяла күлді. Бұ да жұмыр басты пенде ғой, менің сөзім ұнап кеткендей. — Жантас, — деді маған бірінші рет тікелей қарап, — ұятымның бетін ашып алдым ғой, айтарымды айтайын, сен денеме дұрыстап көзіңді салшы! Сен түсіңде, әр тамшысы меруерт тәрізді, ұжмақ жаңбырына шомылғаның бар ма? Мен де қазір өзімді сол меруерт дариясына шомылып тұрғандай сезінем. Оған себеп, менің сұлу денеме сен қарап тұрсың... Қазір менің жүрегімде таңғажайып қуаныш бар. Бойымды бір алуан шаттық билеген тәрізді... Бұл не? Бұл — бір өзім ғана түсінетін сезім. Иә, солай. Тек өзім ғана түсінем. Сенен жалғыз ғана тілегім — ұятының бетін аштым деп, мен жайында жаман ойлама... Мен ерге шықсам да, әлі де жас баладай тазамын...

Үміттің балғын қылығына таң қалуда едім. Оның бір кездегі ілтипатты, нәресте мөлдір сезімнен әлі де айырылмағанына шын жүректен қуандым.

Суретке салатын адамыңның ақыл-ой, жансезімі таза болмаса, салған бейнең ойдағыдай шыға ма, көркемөнер қашан да болса тазалықты тілейді. Тазалықсыз сұлулық жоқ. Сұлулықсыз көркемөнер жоқ. Ал менің қарсы алдымда тұрған Үмітте екеуі де бар. Менің ісім сәтті болатынан енді шек келтірмедім. Көңілімді осы минутте бір үлкен шабыт биледі. Мен енді Үміттің суретін салмақ боп, ыңғайлана бастадым. Бірақ Үміт ойындағы сөзін аяқтамақ боп, маған қарады.

— Мен күйеуіммен бір-ақ жыл тұрдым, — деді ол ең асыл сырын маған ақтара, содан бері бірде-бір еркекті жаныма жуытқан жоқпын. Жуытар болсам, өзімді-өзім мәңгі қор ететіндей көрдім. Өйткені менің ерім сондай жабайы жан

болды, ал махаббаттың не екенін мүлде түсінбеді. Біздің бірімізді-біріміз жақсы көруіміз тек тән қарым-қатынасы деп ұқты. Маған ондай күйеу керек емес! Неге екенін білмеймін, жұрттың бәрі маған сол өзімнің тастап кеткен күйеуім тәрізді көрінеді. Бәрі де бір түстес, біркелкі... Олар маған құмарта қараса, тек дене құмарына жауап іздеп қана қарайды деп түсініп келдім. Сондықтан оларға жуымадым, өзімді адал сақтадым. — Үміттің дауысы енді қаттырақ шықты, — берілсем, тек өзімнің жанымды билеп әкететін адамға берілгім келеді. Ондай адам маған әлі кездескен жоқ. Сен де ондай адам емессің... Сондықтан менің денеме еркінше қарап, суретімді сала беруге хақың бар. Ал ойлаған адамым болсаң... Аш денеме қаратпас едім.

— Неге?

— Ондай адам — менің азабым. Мені рақатына айналдыру оның қолынан келер еді. Қарашы, мен көктем гүліне ұқсамаймын ба? Менің аппақ денеме аққудың жайылған қанатының астынан пайда болғандай бір таңғажайып сәуле құйылып тұрған жоқ па? Осының бәрі тек оның қуанышына ғана жарар еді. Ал сен дәл осы минутте ондай адамнан да қымбатсың. Өйткені сенде дәл менің өзімдегідей ұят бар. Бөтен еркек болса, осы минутте ол ұятты көңіл күйіне құрбан етер еді. Сен өйтпедің. Суретіме енді еркін кіріс... Ойлаған ісіңнің сәтті болуына тілектеспін.

Расында да, Үміттің жұмыртқадай аппақ денесіне қызықпау қиын еді. Және оның дәл қазір ашық айтқан сөздерін де дұрыс көрдім. Өйткені, менің қиялымды, жан сезімімді дәл осы сәтте тек Үміттің сұлулығынан туған өнер шабыты ғана билеуде. Үміт менің халімді түсінгендей.

Ол енді маған шын достық мезерет білдірді.

— Махаббат, адал сақтай білсең, тот баспайтын, інжу сәулесін құлпырта түсетін бір гауһар тас. Кір жұқтырсаң, ол гауһар тастың қандай қасиеті қалады? — деді ол күлімсірей. — Аяужан екеуіңіздің араларыңдағы махаббат осы сәуле төгіп тұрған гауһар емес пе? Егер сен оны таза сақтай алмасаң, ертең Аяужанның бетіне қалай қарай аласың?

— Рас, — дедім мен шын ойымды айтып. — Сезімді тек ақыл ғана билемейді. Сезім дүниесінің дегеніне көнбес үшін тұтымды мінез, берік жүрек керек. Аяужанға ауған көңілім — мызғымас көңіл. Дегенмен, Үміттің адал сөздері мені қатты тебіrentті. Аяужанға деген сезімімді нығайта түсті.

Бірақ Үміт маған ақырғы сөздерін айтқанда, ақшыл бетінде қызғылт леп неге ерекше ойнап кетті? Мен бірдемеге түсінгендеймін. Үміттің «Аяужанға адал бол» деген тілегінен, бағанадан бері менен қызара қысылған қылығынан, күй шерткенде домбыраның пернесінен естілген үндей, оның жүрегінің ар жағынан келген басқа бір сезімді ұқтым. Ал сол сезімге қарамай, Үміт менің берік болуымды өтінеді. Міне, адамгершілік деп осыны айт! Дүниеде Үміт сынды таза жанды, ұятарды жастық көңілден жоғары қоятын замандастарым бары — мені мейлінше қуантты. Кенет есіме Асығат пен Қаракөз жыры келді. «Жоқ, жоқ, мен Аяужанды шын сүйемін. Егер жаралы Аяужан — Қаракөз болса, мен — Асығатпын. Аяужан үшін өзімді жастық сезімге билетпек түгіл, жалғыз жанымды құрбан етуге бармын».

Ымырт жабыла үйге қайттым. Келе жатып, қалың ойға шомдым. Әсіресе,

жалт етіп пайда болып, тез сөнер қысқа сезім жөнінде өзіме-өзім сыр шерттім. Ет, сүйектен жаралған адам баласы, өмір бақи қатқан тас секілді, мызғымай қала ала ма! Оны да, жарқ етіп сөнген жұлдыздай, бір мезет, ойда жоқ жерден пайда болатын, тәтті сезімдер билемес пе? Құбылмалы көңіл, кейде жалт бұрылып, бөтен бір саяны тілемес пе? Бірақ бұл сәттік сезімді шын ғашықтық сезім дей аласың ба? Дей алмасаң, бұны қандай сезім, қандай күш дейсің? Бұл көрсе қызарлық, нәпсі құмарлық, әлде кей адамның қанына бітетін махаббат тұрақсыздығы ма? О да мүмкін... Бірақ мен жан сезімімді, бұрынғы-соңғы жүрек құбылыстарымды бұл қатарға жатқыза алмаймын. Бір сәттік болсын, тым өткінші болсын, менің сезімім қашан да жүрек толқынынан туады. Оны өзім анық білемін. Қандай минуттік қуаныш болсын, ойыма, жан жүрегіме жара салмай, кеткен емес. Менің мұным осалдығымнан болар? Құмарлық сезім дүниесіне жан-тәнімен берілу адамның осалдығынан туады дейді кейбіреу, мүмкін солай да шығар, мүмкін менің мінезімде де сондай босаң жері бар болар, демек, менің айтайын дегенім, қандай сезімге берілсем де, шын жүректен адал жүректен берілетіндігім...

Бірақ жұрттың бәрі мен секілді ме? Дәл осы сәтте менің ойыма Әбілқас пен Базаргүл түсті. «Осы екеуінің арасындағы қандай махаббат?» Базаргүлді Әбілқасқа өз қолымнан берсем де, осы сұрақ мені оқта-текте мазалап та қоятын. Жалғыз қарындасыңның тағдыры адамға батпай ма, күйеу баламның өзіме ұнамайтын кейбір мінездері есіме түскенде, Базаргүлім бақытты ма екен деген күмәнім де болып қоятын. Бұлар үйленгелі, мен есіктерін ашып көрген емеспін. Қалай тұрып жатқандарын да білмеймін. Бір-екі рет үйлеріне бармақшы да болғанмын, бірақ ыңғайы келмей-ақ қойған. Менің Базаргүл мен Әбілқастың тойынан кейін қандай жағдайларға кездескенім оқушыға аян, байтал түгіл бас қайғы дегендей, өз басыммен өзім әуре болып кеткенімді кешірерсіңдер... Сірә, осы көңілде жүрген тілегім бастаушы болды ма, Базаргүлдің үйіне қалай бұрылғанымды өзім де білмей қалдым.

Қоңырау шылдырынан біреу аяғын байсалды басып келе жатыр. Аспай-саспай есікті ашты. Нығыздануына қарап, Әбілқас шығар деп тұр едім, өзі екен! Бірақ бұл бұрынғы Әбілқас емес, көрмегелі біраз күн болған, тіпті өзгеріп қапты. Үстінде қыры сынбаған қара костюм, жағасы тіп-тік нейлон ақ көйлек, Қызыл шұбар жаңа үлгілі галстук, көзінде қара сүйекті көзілдірік... Үйінде жүріп, осыншама тырбана киінуіне қарап, атымның сыры өзіме мәлім дегендей, Әбілқастың қызмет бабының тағы да бір саты жоғарылай түскенін сездім. Оны мынау сірескен, кейбір дәреже құмар адамдарға тән кеудесін көтере ұстаған түрі айтып тұр. Менің бұл ойым көп кешікпей, анықталды. Әбілқас мені көргенде қуанарын да, таңданарын да білмей, сол абыржығандай болды. Бірақ дәрежесі жоғары адамның қылығы да жоғары болу керек қой, ол сасқандығын сездіргісі келмей:

— Жантас жолдас екенсіз ғой, жоғары шығыңыз, — деді байсалды үнменен.

«Жолдас» деген сөз менің құлағыма тым ерсі, жат естілді, о заман да, бұ заман туған қайын ағасына қазақ жігітінің «жолдас» дегенін кім естіп көрген.

Мен еріксіз күліп жібердім. Бірақ Әбілқас мұныма пысқырған да жоқ, қай есікке кірерімді білмей тұрған маған қарап, «сол жаққа қарай» деді де, сыртқы

есіктің екі кілтін бірдей бұрап, бекітіп жапты. Дәл осы кезде телефон шылдыр етті. Әбілқас аспай-саспай, қабырғада ілулі тұрған телефонның тұтқасын қолына алып:

— Иә, мен тыңдап тұрмын, — деді байсалды қоңыр дауыспен.

Жап-жас жігіттің өзін егде адамдай ұстауына таң қалып, мен тұрмын.

— Иә... Қателескен жоқсыз... Бұл денсаулық сақтау бөлімінің бастығының пәтері, — деді ол үніне бұрынғыдан әрі салмақ беріп. Әбілқас сәл тыңдап тұрды да, қабағын шытты, — бәріне де түсіндім... Бірақ мұндай шаруа жөнінде сөйлесуге кеңсе бар емес пе?.. Үйге телефон соғып, жұрттың мазасын алудың еш қажеті жоқ. — Ол трубканы іліп қойды.

Өз ойыма өзім тағы да күліп жібердім. Осыдан бір жыл бұрын ғана, қайтсем Шерубайдың көңілін табам деп, шыр көбелек айналып жүрген ассистенттің бүгін дардиган бастық бола қалғанына не дерсің? Кей адамды дәреже бұзады деген осы да. Мұндай адамның мансапқа елігіп, дандайсығаны трагедия емес, сол дандайсыған шіркіннің бір күні болмаса, бір күні мансабынан айырылып, мүскін жағдайда қалғанда, өзін-өзі қайда қоярын білмейтіні трагедия! Амал не, жас теке мүйізінің тұқыл боларын білсе, орынсыз сүзісе бермес еді.

Мен Әбілқас көрсеткен бөлмеге кірдім. Бұл кабинеті екен. Жоқ, бұл жұмыс істейтін бөлме емес, адамға операция жасайтын бөлме тәрізді. Үй іші айнадай таза, кітап, гүл отырғызған құмыра, сия сауыт, бәрі орны-орнында. Бейсауыт жатқан бірде-бір зат көзге түспейді. Ең аяғы Әбілқастың қырын сындырмай өтекшелген екі костюмі арқалы екі орындықтың үстінде тәптештеліне ілінген. Бөлменің өте-мөте тәртіптілігінен бе, адам тұратын пәтерден гөрі, кеңсеге ұқсайды. Оның үстіне, қабырғаға қағылып қойылған күйеу баламның суреті де, жатақ үйге арналып салынбағандай, тым көлемді, абажадай үлкен...

— Базаргүл қайда? — дедім жат үйден өзіме тән бір жылы сая іздеп.

— Өз бөлмесінде.

«Ә, мынау сенің бөлмең екен ғой. Ал Базаргүлдікі басқа... Бөлмелерінің бөлек болғаны ештеңе етпес, көңілдерің бөлек болмаса нетсін...»

— Оның бөлмесі қайсы?..

— Арғы есік. Ортамыздағы — қонақ үйіміз.

«Ортамыздағы қонақ үйіміз! Екеуі екі бөлек тұрса да, орталарында қонақ үйлері бар екен. Бұған да шүкіршілік!»

Мен Әбілқас нұсқаған есікті қақтым.

— Рұқсат! — деді сылбыр үнмен Базаргүл.

Үйге кірдім.

Базаргүл үлкен столдан басын алмай, сурет салып жатыр екен. Үй іші Әбілқастың бөлмесіндей емес, сіресе жылтырап тұрған жоқ. Тахта үстінде беті ашылған кітап жатыр. Жерде, терезе алдында сурет салынған үлкен-үлкен табақ ватман қағаздары. Қыз қолымен безендірген әдемі бөлменің заттары да бұнда адам тұратынын аңғартқандай, көзге жылы, көңілге орнықты.

Кірген Әбілқас деп ойлаған болуы керек, жұмысынан басын көтерер емес. Мен есік қаққанда, «рұқсат!» деген сөзі де еріне арналған тәрізді. Шамасы, екеуінің арасында осындай ресми тәртіп әбден қалыптасқанға ұқсайды. Қарындасымның маған қарамайтына көзім жеткен соң:

— Іске сәт! — дедім аузыма бөтен сөз түспей.

Базаргүл басын көтеріп алды.

— Көке! — деді қуанғаннан екі көзі жалт етіп. Біреуге әйел болғанмен, маған қарындас емес пе, іші-бауырым елжіреп қоя берді. Енді маған Базаргүлдің бөлмесі Әбілқастың кабинетіне қарағанда анағұрлым салтанатты, шырайлы тәрізді. Нағыз бір суық қорадан жылы үйге кіргендей сезіндім...

— Ту, көкем де келеді екен ғой! — деді Базаргүл жаныма келіп, жайраңдай күліп. Маған Базаргүл «біздікіне» деген сөзді әдейі тастап кеткендей көрінді, бетіне қарап едім, жүзі солғындау ма қалай, көзінде де мұң бар секілді...

— Жақсы келдің ғой, көке, — деді Базаргүл сыр бергісі келмей, күле сөйлеп, — салған суретім жөнінде ақылдасатын адамым болмай, діңкем құрып отыр едім...

— Әбілқас ше?

Базаргүл бетіме жалт қарады. Оның сәл шытынаған қабағынан «О не түсінетін еді?» дегендей болмашы ишаратты аңғарып қалдым. Бірақ Базаргүл өзін-өзі зорлағандай күлімсірей:

— Әбілқастың қолы өз жұмысынан босамайды, — деді. — Және... Мен өзім де оның мазасын ала бермеймін.

Базаргүлдің салып жатқандары жақында Мыстау мәдениет сарайында қойылатын «Қобыланды батыр» спектаклінің сахналық өрнектеу эскиздері екен. Бұл эскиздер Алтын Орда кезіндегі қыпшақ елінің салт-салтанатынан гөрі, Скиф заманының өнер-өрнегін көбірек қамтығандай. Демек, суреттер Базаргүлдің өзіне ғана тән, тек өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Егер сахна осы эскиздегілердей көріністермен әшекейленсе, «Қобыланды батыр» спектаклінің сырт өрнектеуі жаман шықпайтын тәрізді. Бірақ дәл бүгін менің сурет талқылауға көңілім шаппай тұрғандықтан, Базаргүлге «Көрген эскиздерімді ойланайын, пікірімді ертең айтайын», деп құтылдым.

Біз қонақ үйге шықтық. Бұл жұпыны ғана бөлме екен. Ас ішуге арналған стол, төрт орындық бар. Бір қабырғасында әжептәуір әдемі сервант, бұрышында үш жақты айна. Қабырғасында Базаргүлдің өзі салған қазақ эпосынан алынған бір-екі сурет ілінулі тұр. Бұл суреттерде де көне заманға еліктеу, сол ертегіге айналған өткен хикаяларды дәстүрлеу сезіледі. Мен сәл ойланып қалдым. Қара Кемпірдің айтуымен ғана өткен заманнан азын-аулақ түсінігі бар Базаргүл, көне дүние эпостарына неге құмар? Құмар болмаса, бұл суреттерді неге салды? Анау найза ұстап, жауға жеке шауып бара жатқан қазақтың батыр қызының орнына, ол өзінің замандасы, күнде көріп жүрген тракторшы, комбайн айдаушы қыздардың бірін неге салмайды? Әлде қайта оралмас өмір, еш уақытта орындалмас қиял секілді, адамды өзіне тартып тұра ма? Әлде өткен дүние өзінің ерлігімен, ертегіге айналған алуан-алуан хикаяларымен суреткердің ой, арманын оята ма? Солай секілді. Мен көп суреткерлердің өз заманының күнделікті көріністерінен гөрі, өткен кезеңнің аңызын қағаз бетіне түсіруге құмар екенін, анағұрлым сұлу, әшекейлі салғанын білетінмін. Біз қонақ үйге кірген дүбірімізді естіп, Әбілқас келді. Базаргүл шай дайындауға ас үйге шығып кетті. Жалғанда іштей ұнатпайтын адамыңмен бетпе-бет қалудан қиын не бар екен, сырласуға да болмайды, сыр тартқың да келмейді. Амал қанша, ит те болса, туған

қарындасыңды алып отыр ғой, бірдеме деу керек

— Денсаулық сақтау бөліміне бастық болыпсың, құттықтаймын...

— Рақмет!.. Бізде ерік бар ма, партия қайда қойса, сонда боламыз ғой.

«О, шірік! Осыдан үш ай бұрын партияға кірді деп естігем. Енді қарашы айтып отырған сөзін! Партия қайда қойса, сонда боламыз ғой! Партия қора сыпыруға жіберсе, көрер едім қалай болғаныңды!»

— Жаңа қызметіңе қуанышты шығарсың?

— Бүгін тағы бір қуанышым бар.

— О, қандай қуаныш? Ауыр кеселді біреуді ажалдан алып қалып па едің?

— Жоқ. Адамды ажалдан алып қалу — ол біздің күнделікті шаруамыз ғой. Менің қуанышымды естісеңіз, өзіңіз де түсінесіз... — Өзінің құпиясымен мені қызықтыра түскісі келгендей, ол сәл кідірді де, қайта сөйледі. — Медицина институтын бітірген жалғыз інім бар еді... Бойдақ болатын... Дұрыс адам кездеспей жүретін еді, сол үйленіпті...

Жас жігіттің семьялы болғанына не жетсін, бұл шын қуанарлық жәйт екен, мен Әбілқасты енді шын жүрегіммен құттықтадым.

— Қуанышыңа ортақпын, Әбілқас. Інің әйтеуір теңін тауып па?

— Несін айтасыз?

— Қосағы кім екен? Өзіндей ғалым ба, әлде сұлулығына қызықты ма екен?

— Оншасын білмеймін.

— Сонда қалай болғаны? — Өзім де абыржып қалдым. — Қуанғаныңызға қарағанда....

— Бұл қуануға тұратын үйлену... Тіпті атын атауға аузым бармайды. Менің Асылтасым республикамыздың медицина жұмысын басқаратын ең беделді қызметкерлердің бірінің қызына үйленіпті.

— Сонда... Қызы қандай екен?

— Мәселе қызында емес қой. Әйтеуір ақсақ, соқыр емес шығар. Бар кәп әкесінде жатқан жоқ па? Бишара баланың көзі ашылатын болды. Институтын бітіргелі, «жедел жәрдем» ассистентінен жоғары көтеріле алмай-ақ қойып еді.

«О, пасық! Махаббат, үйлену, үбірлі-шүбірлі болып өмір сүрудің бәрін мансапқорлыққа айырбастағаның қалай?!» Бойымды ашу кернеп кетті, бір ретте жағынан тартып-тартып жібергім де келді, қалай ұстамдылық істегенімді өзім де білмеймін. Сөйтсем де:

— Ақ түйенің қарны жарылыпты ғой, — дедім мысқылдай күліп, — мықты құдаңның саған да жәрдемі тиер әлі...

Менің кекеткенімді түсінбеді ме, түсінсе де аңқаусына ма:

— Әрине... — деді ол. — Қашанғы Мыстаудың шаңын жұтып жүре береміз... Қыс Алматыға барғанымда, сөйлесем...

— Қайыната арқылы көгеретін ойың болғанда, сенің өзіңе де Базаргүлге емес, бір министрдің қызына үйлену керек еді...

— Министрдің қызы жұрттың бәріне бірдей жетіп жатыр ма?.. — Ол ақырын күрсінді, — оқасы жоқ, біз Базаргүл екеуміз өмірден тиістімізді аламыз... Әлі-ақ... Оны «халық суретшісі» атағына жеткіземін.

— Қалайша?

— Қалауын тапса қар жанар, жолын табам. Тек Базаргүл менің дегеніммен

жүре білсін!

«О, оңбаған! Екеуі екі бөлмеде жатып тапқан дәрежеден қандай пайда?! Махаббат, өмірдің қызығы дегеннің бәрін тек атақ алуға, қызмет баптарының өсуіне құрбан етсеңдер, несіне дүниеге келдіңдер?!» деп тастағым да келді, бірақ өзімді-өзім тағы ұстап қалдым.

Әбілқас менің бетіме мысқылдай көз тастады да, қайтадан сөйледі:

— Сіз мені бар ойын ашып салған ақымақ, не болмаса, өмірдің шын қызығын түсінбейтін, тек мансап көздеген пасық деп отырсыз ғой, — деді ол, сөйтті де үлкен көзілдірігінің астынан маған сүзіле қарады. — Қалай ойласаңыз да еркіңіз. Көптен бері айтқалы жүр едім, бүгін естіңіз... Мен сіз ойлағандай ақымақ та, пасық та емеспін! Дұрыс па, бұрыс па, бірақ өмірге деген менің де пәлсапам бар. Ол пәлсапа жалғыз менікі емес, мен секілділердікі... Өзіңіз байқадыңыз ба, қай министр, қай академик қызын қойшыға беріп, ұлын трактор айдаушы қызға үйлендіріп жатыр?.. Сол тәрізді қазір үйлену арқылы келешегін қамтамасыз етіп алам деген менің інім Асылтас секілділер де аз емес. Олардан бөтен «қайтсем өсем» деп жанталасқан мен тәрізділер де бар. Сіз махаббат дейсіз, ал ол махаббат маған ерлі-байлы адамның бірін-бірі түсінуінде, жар төсегін таза сақтап, мезгілінде жатып, мезгілінде тұрып, күніне үш рет тату-тәтті асын ішуінде... Қалған уақыты, арманы, тілегі бәрі де алдарына қойылған мақсаттарына жұмсалуды керек. Ерлі-зайыпты адамның бірі бастауы керек, бірі қостауы керек. Міне, бұл жағынан маған Базаргүлден артық әйел жоқ. Ол менің жұбайым да, ойлаған мақсатыма жету үшін серігім де бола алады. Егер бола алмайтынын білсем, мен оған үйленбес едім.

Сорлы Базаргүлдің қандай аждаһаның қолына түскенін енді білдім. Жібектей жұмсақ мінез, жаңа ашылған қауыздай өрбіп, өсіп келе жатқан жас дарын, кімнің жемі болғаныңды жаңа ғана ұқтым. Әттең! Әттең! Өкінгенмен не істейсің, мойнына түскен құрықты өзі үзбесе, Базаргүлге қандай жәрдем берерсің! Махаббатқа, ұстаған жолыңа да кеңдік заман емес пе! Ал дәл осы минутте Әбілқас айтқанын орындайтынына көзім анық жетті. Оның алысқа баратынына де сендім. Өйткені арамызда Әбілқас секілділерге жол беріп жүргендер аз ба? Солардың көптігі ғой, оны денсаулық сақтау бөлімінің бастығы еткен! Мен секілді ақымақтардың да аз еместігі ғой, туған қарындасын осындай әпжыланнан сақтай алмаған! Ашу, ыза қанша кернесе де, ойымнан «Осының бәріне Базаргүлдің өзі қалай қарайды екен?» деген бір сұрақ шықпай-ақ қойды.

Менің сұрағымды Базаргүлдің өзі шешті. Біраздан кейін ол буы бұрқыраған шәйнекті подноспен көтеріп, қонақ үйге кірді. Шәйнегін столдың шетіне қойды.

— Берірек қой, түсіп кетеді, — деді Әбілқас сәл дауысын көтеріп.

Базаргүл тіл қатпады, шәйнегін де қозғаған жоқ. Дастарқанын жасап болып шайын құя бастады. Әбілқас алдына қойған кеседен бір-екі ұрттады да, Базаргүлге қарады.

— Жәкең маска алуды тастағаннан бері жұмыс ақсап қалды. Базаргүл, ертеңнен бастап сен сол өнермен шұғылдансаң деймін. Ұтымды да, керекті.

Базаргүл мырс етін күліп жіберді.

— Бұйрығым орындалмайды-ау деп ойламайсыз ғой, Әбілқас, — деді ол жат адамға сөйлегендей, салқын үнмен, — ұтымды болса, маска алуды өзіңіз

үйреніңіз. Ал менің жұмысыма кіріспеңіз.

«Бәсе, менің Базаргүлім осындай болуы керек еді ғой!» Төбем көкке тигендей, қуанып қалдым. «Байқа, Әбілқас! Сен оп-оңай ноқталайтын әйел Базаргүл емес! Ұмытпа, оның жиырмасыншы ғасырда туғанын!»

Осы сәтте Базаргүлдің Әбілқастың айтқанын істеп, «халық суретшісі» атағына да жетпейтінін түсіндім. Егер Әбілқас өзінің мінез-құлқын, өмірге деген көзқарасын өзгертпесе, екеуінің ұзақ бірге тұруына да күмәндандым. Базаргүлдің тағдырын ойлай, қобалжыған көңілім орнығайын деді.

Көп кешікпей үйге қайттым. Үміттің таза, мөлдір қылығынан шаттана науаттанған көңілім, Әбілқастың жан шошырлық жексұрын сөздерін естіп, су сепкендей басылды.

Аз өмірімде бірінші рет махаббатты саудаға айналдырған адамды көрдім. Және ол кім десеңдерші? Туған күйеу балам! Қазақтың «көрмей, көрге енбейсің» дегені осы да!

12

Бақытсыздық қайдан туады?

Адам өз тағдырына өзі қожа дейді кейбіреу, олай болса, бақытсыздық қайдан туады? Кісі өзіне-өзі қастық ойлай ма? Бақытсыз болғысы келе ме? Ауру-сырқау Аяжан сынды кездейсоқ апатқа ұшырау бір басқа. Бұл адамның дегенінен тумайтын бақытсыздық. Бақытсыздықтан гөрі, бұл трагедияға, қайғылы халге ұқсайды. Ал шын бақытсыздық ол бөтен, ол — адам баласының өзі тудыратын жауыздығында, қатыгездігінде... Мансапқорлық, баққұмарлық, осыдан туған жауыздық, жан түршігерлік қатыгездік көне заманнан бастап біздің дәуірімізге дейін бір адамды ғана емес, сан ұрпақты, миллиондаған халықты қан жылатып, бақытсыздыққа ұшыратқан жоқ па? Аттила, Шыңғысхан, Ақсақ Темір, Наполеон, Гитлердің адам баласына әкелген бақытсыздықтарын төгілген көз жасы арқылы бағаласақ, бүкіл әлем жүзін сел жабар еді. Осының бәріне негіз — адам баласының бірін-бірі аямаушылық, өз басын өктем ұстаудан туған қаныпезерлік, айуандық...

Жақында Аяжан екеуіміз телевизордан, Югославия киноқайраткерлері шығарған, «Тоғызыншы шеңбер» деген фильм көрдік. Сол фильмнің бір көрінісі мәңгі өшпестей болып есімде қалды. Концлагерь комендатурасының жанында еврейдің бір топ баласы отыр. Алды он-он бірде, қызы-ұлы аралас, аштықтан әбден жүдеген. Бәрінің армандары әке-шешесін, бауырларын бір көру... Бірақ қазір бұларға машина келмек. Ол машинада улы газ бар. Фашистер жазықсыз нәрестелерді машинаға мінгізіп, газбен тұншықтырып өлтірмек. Қандай айуандық, қанішерлік! Бірақ немістердің істегені бұл жауыздықтан да асып кетті. Міне, машина да келді. Балалар оған үрейлене қарап, орындарынан қозғалар емес. Машинадан түскен жендет — неміс офицері балаларды машинаға сабалап кіргізбек болып, қолындағы резеңке таяғымен етігінің қонышын ұрғылап сәл тұрды да, кенет мысқылдай күлімсіреп:

— Балалар, машинаға мініңдер! Үйлеріңе, әке-шешелеріңе апармыз, — дейді.

Періштедей ақ көңіл нәрестелер, жауыздың ойын қайдан білсін, бәрі

шуылдаса, қуаныса машинаға қарай ұмтылды.

— Қандай айуандық! — деді Аяужан, еңкілдеп жылап жіберіп, — өлтірсе де, алдамай өлтірмей ме жазықсыз сәбилерді. Бұдан асқан қатігездік болмас!

Әлсізді аяу босандық, босбелбеуліктік емес. Онда үлкен гумандық, адамдық қасиет бар. Өзгеге рақымды болу сенің әлсіздігіңді емес, қажырлығыңды баяндайды. Деревнядан өзіне келген азғантай азықты Ленин балалар үйіне бергізіп тұрған. Бұл не, көңілшектік пе, әлде босандық па? Жоқ, бұл бүкіл дүние жүзінің қанаушы табына қарсы тұра алған, болаттай берік мінезді кемеңгердің үлкен гумандық қасиеті. Егер жұрттың бәрі осы Лениндей болса, бар әлемде еш уақытта да бақытсыздық болмас еді. Әттең, әттең! Дүние жүзінде ондайлар сирек кездеседі, сондықтан да бақытсыздық әлі де мол. Менің ойымша, біздің ең басты міндетіміз де, бар күресіміз де өзіміз басып жүрген Жер деген Планетадағы бақытсыздықты жою. Сонда ғана ең сәулетті дәуір — коммунизм орнайды.

Мен Аяужанды өте аяймын. Аяған сайын, жүрегім өртене түседі. Менің бұл жағдайымды Аяужан да түсінеді. О да мені аяйды. Менің қайғым жанына жаман бататынын оның мөлдірей қараған қасіретті бота көзінен ұғамын. Мені аяйтыны соншалық, соңғы кезде менен ештеңе де сұрамайды, ең болмаса, бұрынғыдай «дәрі әпер, не су берші» деуді де қойды.

Оның мұндай жағдайын көрген сайын, бұрынғыдан жаман қынжылам. Қынжылам да, қиналам. Егер Аяужан аяудың орнына, мені қинар болса, Кім біледі, қайғым азын-аулақ басылар ма еді, қайтер еді. Үнсіз қасіреттен құтылып, Аяужанның тілегін орындау үшін мен қандай бұйрық болса да, орындауға бармын. Біреу маған: «Сенің жарың жазылады, егер сен мынау қара күңгірттеніп, көкжиекпен ұштасып жатқан Мыстауды бөтен жерге көшірсең» десе, мен оны қуана-қуана істер едім. Ұшы-қиыры жоқ, өркеш-өркеш белдерді бөтен жаққа көшіруге өмірімнің жетпейтінін білсем де, қолыма қайла, күрек алып күндіз-түні оны қажауға көнер едім. Өйткені қолыңнан келмесе де, алдыңа қойылған нысана бар ғой. Жарың үшін жаныңды аямас сын бар ғой. Сол сынға түсу — о да жаралы көңілге медеу емес пе.

Ал Аяужанның қазіргі жағдайында, оған қалай жәрдем беру керек екенін білмейтін жағдайда, дәрменсіздігің өзіңнің айыбың секілді. Мұқалған үстіне, мұқала түсесің. Ал маған мұқалуға болмайды. Мен мұқалсам, қайғыға берілсем, Аяужаннан не қалады? Онда ол майы таусылған білте шамдай, бірте-бірте жүдей, біржолата сөнбей ме? Өз қайғысына менің қасіретімді қосуға оның күші жете алар ма? Жоқ Аяужанға бұл ауыр жүк. Сондықтан мен сыр бергім келмейді. Іштей жыласам да, сырттай күлемін. Өзегің өртеніп тұрғанда, өзге адам болып көрінуден азап бар ма? Бірақ амал жоқ, сөйтуге тура келеді. Өйткені сенің қабағыңның түнергені, сүйген жарға түн болып көрінеді. Сенің қабағыңның ашылғаны оған күн шыққанмен бірдей.

Аяужан жүрегінің соғуын нәзік түсінетін менен де бөтен бір адам бар. Ол — Алтынай. Біздің үйге келгенде, Алтынай құрылыстың бар қуанышын өзімен бірге ала кіргендей, Аяужан масайрап қалады. Өмір бойы шаттыққа жаратылғандай, ол әр қашан да ақжарқын, көңілді. Құрылыстың жайын, жұмысты кімнің қалай істеп жүргенін айтып, Аяужанның көңілін бір көтерсе, өзіне кімнің қалай

қарағанын, не айтқанын аудармай салып, нашына келтіре сөйлеп, шек-сілесін қатыра күлдіреді.

Алтынай келгенде Аяужан бір жасап қалады. Және оның келуін аңсай күтіп жатады. Серік кызының мұндай жағдайын білетін Алтынай, тек Аяужаннан бөтен қайғысы жоқтай, қолы жұмыстан сәл босаса-ақ, біздің үйге жетіп келеді. Біздің кең бөлmemіз күлкі-қалжыңға толады. Бұрын ол, көбінесе, Асылханды сықақтайтын. Оның Алтынай қайда барса, сонда барып, бір ауыз сөз айтпай, үн-түссіз жүре беретінін айтып, қалжыңдайтын.

— Ау, бірдеме десейші деймін! — дейтін Алтынай ананың үндемейтінін күлкі етіп. Сүйдейтін де, өзі, Асылхан болып, жауап қайыратын:

— Не дейін?.. Ертең жұмысқа қашан шығасың?

Біз қыран-топан болып күлетінбіз. Асылханның қызға көңілдегі сөзін айтудың орнына, ұялшақтығына салып, Алтынайдың жұмысқа күнде бір уақытта шығатынын біле тұрса да, «қашан шығасың?» деп сұрайтынына сенетінбіз. Тағы да шек-сілеміз қата күлетінбіз. Алтынайдың Асылханды, кейде ағаш атқа міндіре, күлкі еткеніне таң қалсам да, «қарға баласын аппағым, кірпі баласын жұмсағым деп сүйеді» дегендей, жақсы көрген соң, осылай қатты қалжыңдайды ғой, дейтінмін де қоятынмын.

Бірақ соңғы кезде мен бұл ойыма шүбәлана бастадым. Неге екенін білмеймін, біраздан бері Алтынайдың көп мысқылдайтын адамының бірі Шерубай болуға айналды. Бірақ қалжыңында, қазақтың момын баласын «тентегім!» деген секілді, — астыртын жылы шырай, еркелету естілетін. Бүгін де Алтынай сол әдетіне салды. Үйге келісімен, мені балконға қуып шығып, Аяужанды жас баладай, ақырындап қозғап, күндегі дағдылы жұмысын істеп болды да үйді сыпырып жинай бастады. Саңқылдай күліп, құрылыста болған жаңалықтарды айтып жүр. Терезелерді ашып, үйдің ауасын жаңартты да, маған:

— Күйеу бала, енді үйге кіруіңізге болады, — деді күліп.

Мен кірдім. Аяужанның бөлмесін тап-тұйнақтай етіп жинап қойыпты, шұғамен сүртілген паркет еден де жылт-жылт етеді. Заматта осыншама жұмысты істеп тастағанына таң қалып, мен шын ойыммен:

— Сені алған жігіттің көсегесі көгерер-ау, Алтынай, — дедім қалжың-шыным аралас.

Ол маған күле қарады.

— Өзім де күйеуге шыққалы жүрмін.

Аяужан екеуміз бірдей шап бердік.

— Кімге?!. Қашан?!

— Қашан екенін өзім де білмеймін, — деді Алтынай күлкісін кенет тыйып. — Ал кімге десеңдер... Ойлап жүрген бір адамым бар... Өздерің табыңдар.

«Кім болды екен?» Аңқау басым, ойланбастан:

— Асылхан ба? — дедім.

— Жоқ, — деді Алтынай басын шайқап, — ол тым жас, етіміз үйрене, бір-біріміздің қадірімізді білмеуіміз мүмкін... — Енді ол жымия күлді. — Оның үстіне, Асылхан сөз айтқанда, мен де қартаямын...

Аяужан да сәл күлімсіреді.

— Онысы ұялшақтығы ғой. Сенің күйеуге шыққалы жүргеніңді сезсе,

кеудесінде жаны болса, бірдеме дер.

Алтынай томсара жауап қайырды.

— Ұялшақтығы емес, ынжықтығы. Шынын айтқанда... Менің іздеген өмірлік серігім ондай адам емес еді.

«Енді қандай адам еді?» деп сұрағанымша, Аяужан сөзімді бөліп жіберді.

— Асылханның соңыңнан жүгіргеніне, екі жылдан асып кетті, — деді ол күрсініп, — бишара, жер қауып қалатын болды ғой.

— Шын жүрегіңмен сүймеген соң, аяғанмен махаббат бола ма, Аяужан? — деді Алтынай томсара. — Асылхан екеуміздің арамыз жай ойын-қалжың ғой. Мен оны анық білемін... Махаббат деген бөлек болады екен. — Алтынай төмен қарады. — Сендерден несін жасырайын, осыдан үш жыл бұрын мен бір жігітті өте сүйдім, о да мені жақсы көретін еді...

— Онда неге қосылмадыңдар? — дедім мен.

— Қосылуға болмайтын еді. — Алтынай енді ақырын күрсінді. Оның әйелі бар екен. Өз қызығың үшін бөтенді бақытсыз етуге бола ма?

Есіме дәл осы сәтте институтты бірге бітірген Жақып деген бір жолдасымның сөзі түсті. Ол өзі менімен сырлас, шын дос жігіт болатын. Бір кездескенімізде, Жақып маған басынан өткен бір сырын айтқан.

«Жас жігіт етегіне намаз оқитын ақ ишан емес қой, жас болған соң, жастықтың әсері де болады, — деп бастаған ол әңгімесін, — былтыр институтты бітірер жылы, өзіңе аян, диплом қорғау жұмысын Қаратауда өткіздім ғой. Менімен бірге сурет шеберханасында Торы деген жас келіншек қызмет істеді. Торы десе торы, қараторының әдемісі еді!

Оның үстіне, мінезі қандай! Түтілген түбіттей, жұмсақ. Өмір бойы бір адамға қатты сөз айтпаған жан болуы керек, мені көрген күннен-ақ, бір түрлі ұяла сөйлесіп, жылы ишарат көрсетті. Бірте-бірте мен, Торы қызметке келмей қалған күні, уақытым өтпей, жүдеуді шығардым. Ал қызметке келген күні... екеуміз кейде ұзақ әңгімелесетін болдық. Арамызда айтылмаған сыр (әрине махаббаттан басқасы), шертілмеген күй қалған жоқ. Бұл жағдай ақырында мені Торыға деген бір үлкен жұмбаққа апарып соқты. Байқаймын, жақсы көріп қалған секілдімін. Торы да маған бұрынғыдай емес, бөтен түрде қарай бастағандай. Көз деген жүрек айнасы ғой, мөлдірей қараған көзқарасынан ашылуға жақын сыр бар тәрізді. Бұрын кейде жұмысқа келмей қалатын еді, енді оны тіпті қойды. Және маған арнайы, сәнденіп келетіндей ме қалай, бір күні кигенін екінші күні кимейді, күнде өзгеше киеді. Оның үстіне, өзін-өзі ұстауы да өзгерді, аяқ басуында да көңіл толқыны сезілгендей... Қысқасын айтқанда, Торының маған деген жан сезімінің құбыла бастағанын анық түсіндім. Бұл құбылуының өзіне оңай түспей жүргенін де аңғара бастадым. Торы екі оттың ортасында тәрізді. Кейде оның жүзінен қобалжу, қорқу, қиналу, қуану саздарын бірден аңғарамын. Байқаймын, бір жағынан еріне деген адалдық, бұрын бұзылып көрмеген таза көңілдің ұстамдығы болса, екінші жағынан маған деген кенет оянған өткір сезімінің әуресі мазасын алып, қиналуда секілді. Маған кейде, балапандарына таяп келе жатқан жыланға не істерін білмей, безіл қаққан қарлығаш секіл көрініп кетеді. Мен оны аяй түсем. Аяған сайын жақсы көре түсем... — Жақып сәл тоқтап қалды да, әңгімесін қайта бастап кетті. Мен ғана

осындаймын ба, әлде еркек атаулының бәрі мендей ме, — деді ол — Торының күйеуін көрмегендіктен, оның кім екенін тіпті ойлаған емеспін. Сондықтан болуы керек, өз сезімімді басуға да бәлендей тырысқам жоқ. Егер оның ерімен таныс болсам, өзіме-өзім тоқтау салар ма ем, қайтер едім, ал қазір осы бір қорғансыз жанға құмарту үстіне, құмартудамын... Жүрек түбінде жатқан арманымды жұмбақтай айтуды да шығардым. Торы жұмбағыма жұмбақ қайырады. Бірақ шешімін айтпайды. Менен әрі де емес, бері де емес, жанталасуда... Мендей төніп келген жаудан қорғаны жоқ секілді. Мұндайда ана ұялар баласы жоқ, ал ерінің қорғандығы шамалы тәрізді...

Ойымды тікелей айта алмай, іштей алай-түлеймін. Қаным қызып, жүрегім ойнақши береді. Көңілдегі тілек, қатты ағысты өзен тәрізді, бойымды билеп әкетіп барады. Жанымды қоярға жер тапқызар емес. Бұ да махаббат па? Жоқ, бұл басқа пәле тәрізді. Әйтеуір жанымдағы келіншекке деген бір ыстық күш. Мүмкін, ұзаққа созылмай, қызуы да басылар, ал қазір... Қойшы, не дегенмен де, көңілде тыным, жүректе маза жоқ. Тәуекел деп, ойымды айтайын десем, оған тағы бата алмаймын. Торы қалай көреді? «Ағай бұныңыз қалай десе?» Екінші рет оған не бетіммен қарай аламын? Оның үстіне ол, әдейі мені мазақ еткендей, әлсін-әлсін ері жайында әңгіме қозғауды шығарды. «Менің Сәрсенім жұрт секілді көрсе қызар емес, сол тұрған қалпы, бір періште...» Бұнысы қалай? Жаман ойыңыз болса, байқаңыз, менен аулақ, деп ескерткені ме? Олай болған күнде, маған неге жылы шырай білдіреді? Тіпті қолына қолым тиіп кетсе, жұлып алмайды, ойнаған болып, қолтығынан ұстасам, өзіме жақындай түскендей болды... Ал сөйлеп келе жатқан сөзі еріне деген жақсы көңілінің ыстық сезімін аңғартады. Бұнысы сасқан жүректің қорған іздегені ме? Дегенмен Торы іштей арбасып жүрген сынды. «Кім бірінші болып жұмбақ бекіністі алмақ? Кім жұмбақ қорғанның алғашқы есігін ашпақ?» — Өткен күнді есіне түсіргендей, ол тағы да үнсіз, ұзақ отырды.

Әлден уақытта барып:

— Осылай әрі-сәрі болып жүргенімізде, біз бір күні, кешке таман, оңашада кездестік, — деді ол маған жүдей қарап: — Жұмыстан кеш шығып, жатақханаға қайтып келе жатсам, автобус тоқтайтын жерде Торы тұр екен. Бірімізді-біріміз көргенде, қуанып қалатын әдетіміз, осыдан екі-ақ сағат бұрын кездестірсем де, бір жыл көрмегендей, қуандым да қалдым. Және қуанғанымды жасыра алмай:

— Мұнда неғып тұрсың? — дедім ыржия күліп.

Торы да күлім-күлім етеді.

— Жұмыстан шыққан соң, киноға барып едім, енді үйге қайтқалы тұрмын...

— Қандай фильмді көрдің? Маған неге айтпадың, екеуміз бірге баратын едік.

— Ондай фильмге сізбен бірге баруға болмайды...

— Қандай фильмге?

— «Анна Каренинаға».

— «Анна Каренинаға» ма? Неге бірге баруға болмайды?..

— Неге екенін білмейсіз бе? — Ол төмен қарап күлімсіреді. — Онда да ері бар әйел бөтен жігітке ғашық болады...

Ондай «аңызға» қалай сенуге болады? Тағы да басқа, жігітке ғашық болған ері бар, әйел бар ма еді?..

— Білмейтін шығарсыз...

Ымырт жабыла бастады. Автобус келе қоймады. Екеуміздің үйіміз бір жақта болатын. Соны пайдаланып, мен:

— Жаяу жүре берсек қайтеді? — дедім.

— Жүрсек жүрейік...

Қатар жүріп келеміз. Күз түсе бастаған мезгіл. Аспан қою сұрғылт бұлтты. Бірақ біздің көңіліміз бұлтсыз, ашық... Сондықтан да болуы керек, мені бір қуаныш алға жетектегендей, жүрегім тыпыр қағып алып-ұшып барады...

— Неге жалғыз жүрсің? Киноға еріңмен бірге келмейсің бе?

— Сәрсен бір жеті болды, Ақтауға кеткен...

— Онда неге кетті?..

— Кен зерттеу партиясына...

Күйеуін көрмегенмен, оның кен зерттеуші инженер екенін білетінмін. Және Торыдан жиырма жастай үлкен деп естігем. Бұл жағдайдың бәрі менің онсыз да елегізіп келе жатқан көңілімді енді тіпті елегізіте түсті... Қараңғылық жер бетін әбден жауып алды. Шағын қаланың көшесінде жанатын сирек шамдар бәлендей жарық бермейді. Түн қараңғысындай, менің де арам ойым құпия сырға тола бастады. Қаланың бақша тұсына келгенде, мен Торының қолынан қалай ұстағанымды өзім де аңғармай қалдым. Торы да қолын тартып алмады. Саусақтары сәл тоңази, дір-дір етеді. Мен енді алақанын еркіндеу ұстап, қыса түстім. О да жауап қайтарғандай алақанын сәл жұма, қарыспастық ишарат білдірді, сұңғақ бойын маған таяй, иығыма иығын тигізе, аяғын мастана басып, әлденені айтып, сыңғырлай күледі. — Басынан өткен осы сәнді минуттерді қия алмағандай, Жақып ұзақ отырды. — Біз жол шетіндегі қалың ағашқа қарай бұрылғанымызды өзіміз де сезбей қалдық, — деді ол сөзін қайтадан қозғап. Енді сөйлесудің қажеті жоқ секілді, ауыздан шыққан леп, сөзсіз табысқан жас жүректердің қуанышын үркітетіндей... Ендігі махаббат тілегі үнсіз шаттықты ғана қалайтын тәрізді. Көзсіз соқыр қараңғы тал арасына кіргенде, Торының ыстық ернінен құмарлана сүйгенім өзіме де бір тәтті түс секілді көрінді. Түс секілді қуаныш! Өле-өлгенше есіңнен шықпайтын қысқа қуаныш! Бірақ өмір-бақи ұмытылмайтын ұзақ қуаныш!

Дегенмен, Торы екеуміздің сол сәттегі қуанышымыз тым келте болды. Мен мөлдір суға шөлі қанбаған адамдай, Торыны құшарлана ыстық құшағыма тартып, шөпілдетіп сүйе бастағанымда... Кенет дәл қасымнан мылтық атылғандай, аспанды қақ айыра найзағай ойнап, әлемді астан-кестен етіп күн күркіреді. Шошып кеткен Торы құшағымнан ыршып шықты. Сол-ақ екен біздің қуанышымызды күнә көріп, жер бетіндегі қылмысты біржолата жуып жібергісі келгендей, суық жаңбыр шелектеп, құя жөнелді...

Көп кешікпей, мен Торының күйеуі Сәрсенмен таныстым. Бұл бір ақ көңіл, жас баладай сенімпаз, мейлінше жақсы адам екен. Торының, мен дегенде, неге көпке дейін бір шешімге келе алмай, ұзақ қиналғанын енді түсіндім. Мұндай адамға опасыздық істеу күнә. Бұл кісімен танысқаннан кейін, көңілімдегі өрши бастаған жалын су сепкендей басылды. Торы екеуміз Сәрсен алдында күнәкар болып қалмағанымызға қатты қуандым. Дегенмен, екеуміздің сонау бір жалғыз рет сүйіскеніміз ұялардай айыпқа айналмаса да, ұзақ уақытқа дейін, оқта-текте

есіме түсіп, мені ұялтып жүрді. Әсіресе, біреудің сүттей ұйып отырған үй ішін бұза жаздағаныма іштей өте қиналдым. Торы менің ықпалыма беріліп, адал жолынан тая бастағанының өзі қандай күнә! Жарайды, құр сүйістен бөтен ештеңе болмай-ақ қойсын, бірақ сезім дүниесінің дегеніне көніп, ойда жоқтан болған сол сүйістің өзі моральдық айып емес пе? Оны еске алмасқа бола ма?»

Жақыптың осы әңгімесі маған көп әсер еткен. Дүниеде махаббаттан да жоғары тұратын ар тазалығы деген биіктіктің бар екенін әбден түсіндім.

Қазір мен осы ар тазалығы, адамның моральдық тазалығы туралы ойға шомып кеттім. Ойлаған сайын, әнеукүні Үміт екеуіміздің арамыздың таза қалғанына қуандым. Егер мен бір минуттік тән қызуына беріліп, өзімнің ар тазалығымды сақтай алмасам, Аяужанның бетіне қалай қараймын? Оған деген жүрегімнің тазалығын қалай сақтаймын? Рухани тазалығын сақтай алмаған махаббат махаббат бола ма? Онда біріңді-бірің құр алдағаның емес пе? Махаббат неғұрлым таза болса, соғұрлым қасиетті. Ал дүниеде қасиетті махаббаттан қымбат не бар?

Кейбір ерлі-зайыпты адамның арасында кейде опасыздық та болады. Егер бірінің істегенін бірі білмесе, ондай адамдар өздерінің опасыздықтарынан қиналмайды, ерлі-зайыпты болып, ойнап-күліп, жүре береді. Ал мен ондай өмір сүре алмас едім. Өзім адал болмасам, арам қолымды адал жарыма соза алмас едім. Сондай-ақ көркемөнерде де менің ұстаған жолым бар. Бұл жолым өзіме деген антым, ережем. Көркемөнер шыңы, о да алыстан жарқыраған сәуле тәрізді, неғұрлым ой-қиялыңды өзіне тарта білсе, соғұрлым сен де сол жарыққа тез жетсем деп, құлаш ұрасың. Ал сол жарығың, сенің қиялың қанат қағатындай алыс болмаса, жұмсар жігерің де ұзақ емес. Құшағыңдағы қуанышың жетпейтін жерде емес, сенен үлкен қажырлылық тілемейді. Ал дарын қашан да болса, қол жетпейтін қияны арман етеді. Қанатын талдыра қағатын алыс сапарды көксейді. Қиындық қана, арман ғана дарынға күш береді, жігер береді. Ал қолға оңай түскен қуаныш сенің дарыныңды сергітпейді, өршелендірмейді. Үміттің сұлу денесінің қызығын құшағым емес, қиялым көрсін дедім. Өйтпеген күнде, мен өзімнің көркемөнерге деген армамыма жете алмас едім. Өз өнеріме бұлай қарауыма Ұлбосын бейнесі куә. Айтқанымды орындап, құшағымда жатқанда, мен Ұлбосынның бейнесін мүсінге айналдыра алдым ба? Қолда бардың қадірі жоқ, айналдыра алмадым. Айналдырғым келмеді. Оның бейнесін мүсінге айналдырып, эстетикалық рақатқа батудан гөрі, құмарлық шөлін қандырып, тән қызығына берілуді дұрыс көрдім. Ғажайып мүсін салып, жұртты қуандырғаннан гөрі, ақ төсін аймалап, өзім қуанғым келді. Тек Ұлбосын құшағымнан алыстап, қолым жетпес қиялға айналғанда ғана, оның бейнесін тасқа түсірдім. Маған ғана сырын ашқан сондай сұлу жан өзгелер үшін мәңгі жоғалып кетпесін дедім. Бұл тілек ойдағыдай көркемөнерде одан да биік шыңға шығаруы керек, өйткені екеуіміздің арамызда тек бір-ақ тілек бар. Ол көркемөнер тілегі. Мен ойлаған ісімнің нәтижелі болып шығуы. Мұндай жағдайда істің сәтті болуы сөзсіз. Бірақ менің жарымжан көңілім ұзаққа шаба алар ма екен. Аяужанның қайғысы — менің қайғым. Ал шын қайғылы жан шабыт иесі емес. Шабытсыз табыс та жоқ. Демек, мен қайғыны да, қиындықты да жеңіп шығуым керек. Бұл екеуін жеңіп шықпасам, Аяужанның қайғысын молайта түсемін.

Ал Аяужан қайғылы болғанда, маған шабыт қайдан келеді?

Жоқ, шабыт менен қашпауы керек. Өйткені осы жаралы жарым Аяужан үшін күресуім, оның қайғысын өзімнің қайғым санап, оған деген жүрегімді, махаббатымды өле-өлгенше адал сақтаймын деп өзіме-өзімнің ант беруімнің өзі ұлы мақсат, үлкен тілек емес пе? Мұндай тілегі бар адамның дарыны суала ма? Жоқ, суалмайды. Ол дарынды заман суалтпайды. Байқайсыңдар ма, Алтынай, Жақып, мен үшеуіміздің сөзіміз бір жерден шығып отырған жоқпыз ба? Бұл біздің дәуірдің ғажайып жаңа үні. Бұл үн тұрған шақта біздің де махаббатымыз берік болады. Оған өз басым қатты сенем.

Менің ойымды Алтынай бөліп жіберді.

— Жарайды, менің кімде үмітім бар екенін таба алмадыңдар ғой, — деді ол, — енді Аяужанның жайына келейік.

— Қандай «жайына»?

— Осылай төсекте жатқызып қоямыз ба? Бір шара қолдануымыз керек қой.

— Ең үлкен шара уақыт деген жоқ па әнеу күні дәрігерлер.

— Уақыт! Уақыт! Уақытты да босқа жібермеу керек.

— Сонда не істе дейсің? Алматыға апарайын ба?

— Жоқ, ертең Шерубай ағайды шақыруымыз керек. Ақылын айтсын.

«Япырмау, осы уақытқа дейін неге Шерубаймен ақылдаспай келдім? Ағаттық болған екен».

— Дұрыс. Бірақ о кісі келе қояр ма екен?

— Келеді. Өзім ертіп келем.

Неге екенін білмеймін, Алтынай кенет қызарып кетті. Бірақ мен, ойым Аяужанда болып, бұған мән бермедім, артынан барып түсіндім.

— Шерубай ағай келсе, жақсы болар еді, — деді Аяужан күрсініп.

Осы уақытқа дейін Шерубайды шақырмағанымнан қысылып, мен төмен қарадым.

13

«Жолбарыс талаған сұлу» мүсінін бітіре алар емеспін. Үйінде жаралы адамы бар, жарым көңілді кісіге мұндай жұмыс оңай соқпайды екен. Ойың әр нәрсеге бір алаңдайды. Жарың тым қасіретті күні жұмыс істемек түгіл, өзіңді қайда қоярға жер таба алмайсың. Әйтеуір, бір жақсысы, менің мұндай халімді Үміт түсінеді. Алғашқы күндегідей емес, қазір суретін салуыма көндігіп алды. Менің жүдеп жүргенімді ұғып, әуеніме көне береді... Тіпті, шын қайғылы күндерімде күле сөйлеп, көңілімді ашуға тырысады. Әрине, мен оған іштей риза болып, үзіліп қалған жұмысыма қайта кірісіп, Үміттің тамаша, сұлу денесін гипске көшірген сайын, бойымды бір әсем сезім билейді. Бірақ Аяужан есіме түсіп кетсе, лепірген көңіл су сепкендей басылады, ол жалғыз қалды ғой деп, Үмітті тастай сала, үйге жөнелем. Аяужан мені көргенде, жас балаша қуанып қалады. Сүйген жарға не жетсін. Үміттің пәк бейнесінен «Жолбарыс талаған сұлуымды» бітіру үшін, о да менің арманым емес пе, ертеңіне манекеншаның үйіне қайтып келем.

Әйткенмен, үйіңде ауру адамың жатқанда, жұмыс оңа ма, осылай әуре-сарсаң боп, ұзақ жүрдім...

Көркемөнердің шын туындысы не қайғыдан, не қуаныштан жаралады. Мен оған осы «Жолбарыс талаған сұлу» мүсінін жасаудың үстінде көзім әбден жетті.

Қайғыдан қуаныш тууы мүмкін бе? Егер адам өзінің сәтті еңбегін қуанышқа балар болса, ол мүмкін екен. Аяужанның қасіретті жағдайынан туған қайғы, мені «Жолбарыс талаған сұлу» композициясын жасауға апарып соққан жоқ па? Еңбек, көркемөнер қуаныш болса, менің мұным қайғыдан қашып, қуаныш іздеу еді. Өйткені менің әр өнер табысымнан сүйген жардың шын жүректен насаттанатынын білемін. Менің қуанышым — оның қуанышы. Аяужан менің қайғылы жүргенімнен, жарқын жүргенімді жақсы көреді. Үнемі жарқын жүрсе екен дейді. Ал ол менің қолымнан келер ме? Аяужанның тілегін орындау үшін бөтен жол іздеуім керек. Ол — тек менің көркемөнерім. Сондықтан өзімнің «Жолбарыс талаған сұлуымды» әлсін-әлсін қолға алуға мәжбүр болдым. Бірте-бірте жұмысқа да беріле бастадым. Кейде, шабыт билеген күндері, Үміттің үйінде ұзақ отырып қалуды шығардым. Бірақ менің бұл қылығым басқа жағдайға апарып соғатынын білмедім.

Үйде кейде бүйтіп ұзақ болмауым, онсыз да қам көңілді Аяужанды тіпті жүдете бастағанын мен соңынан аңғардым. Аяужанның бұл халін дер кезінде сезбей қалуыма, мүсін жасауға берілуден бөтен, тағы бір себеп бар-ды. Ол себеп: Аяужанға деген серіктерінің үлкен адамгершілік қасиеті. Жолдастарының мені жоқтатпай мәпелеп күткені.

Алтынай, Кәріпжан, Асылхан күндіз үнемі Аяужанның жанында. Олар жұмысқа бұрынғыдай үшеуі бірдей шықпайды. Бірі кетсе, бірі қалады, жаралы жанға мені еш уақытта жоқтатпайды. Дос болсаң, осылардай бол! Адам адамға дос, бауыр деп осылар жайында айтылған тәрізді, өйткені бұлардың қылығы жаңа дүние адамдарының қылығы, достығы, жан аямас бауырмалдығы. Олардың сондай екеніне менің шегім жоқ.

Мен осы Алтынай, Кәріпжандардың Аяужанға деген жанашырлығын көргенде, егер біздің заманымыздың жастары тек осылардай болса, коммунизмнің бүгін таңда орнайтынына күмән келтірмес едім. Ал сол сенім мені сондай шабыттандырады, тіпті кейде уақыттың қалай өткенін білмеймін, Үміттің сұлу пішінінен көзімді алмай, оның мүсінін жасай түсемін. Тек бір қатем — серіктері қанша болғанменен, Аяужанға менің орнымның басқа екенін еске алмаппын!

Егер Аяужанның жанында өзінің серіктері болмаса, төсек тартқан жарымды көрші Зүлфияның баласы Еркежан қарайды. Ол сондай бауырмал, тіпті біздің үйден шықпайды. Қашан келсем де, екеуі қайдағы жоқ ойынды тауып алып, шексіздері қата күлісіп, ойнайды да жатады...

Мен Аяужанның соншалық қаннен-қаперсіз ойнағысы келетініне сенбесем де, оның сол бір минуттердегі жайдары жүзін көріп, өзім де мәз боламын.

Бүгін де бұлар осындай ойын үстінде екен. Коридорда тұрып, Еркежанның «таба алмадың, таба алмадың!» деген шаттана күлген даусын естіп, екеуінің «жасырынбақ» ойнап жатқандарын білдім. Есікті ақырын ашып үйге кірдім. Олар мені аңғарған жоқ. Аяужан төсегінде шалқасынан жатыр, Еркежан үстелдің

астында отыр. Басы ғана болмаса, жалаңаш аяғы дізесіне дейін Аяужанға да, маған да көрініп тұр, бірақ Аяужан оны шын таба алмаған боп, сылқылдай күледі!

— Сен шкафтың ішінде отырсың! — деді ол. Бала мәз-мейрам.

— Жоқ, мен онда емеспін.

— Онда айнаның артындасың!

Бала бұрынғысынан да мәз.

— Таба алмадың! Таба алмадың!

— Япырмай, қайда тығылды екен, ә!? — Аяужан кәлімгідей абыржи сөйлейді, — дәу де болса, Еркежан, сен шамаданның ішінде отырсың!

Бала шек-сілесі қата күледі.

— Жоқ, жоқ! Ізде, Аяужан апа, ізде! Әйтпесе өзім шығам. Менде үш ұпай болады.

Баланың қуанышты күлкісі сондай тамаша, шыдай алмай мен де күліп жібердім. Аяужан менің даусымды естіп, есік жаққа қарады. Көзінде бір сағынғандық, қуаныш сәулесі жарқ етіп тұтанды да, заматта өз қуанышынан өзі ұялғандай, кенет сөне қалды.

— Жантассың ба?

Осы кезде күн сәулесі сөніп, әлемді ымырт басып, үй іші қаракөлеңкелене бастағаннан ба, әлде бөтен себептен бе, әйтеуір маған Аяужанның үні көңілсіз шыққандай болды. Мен барып шамды жақтым. Еркежан күлкісін тез тыйып, ыңқылдай еңбектеп, стол астынан шықты. «Ойынымызды бекер бұздың-ау» дегендей, маған көз астымен ренжи бір қарады да, есікке қарай аяңдады.

— Жайлы жатып, жақсы тұрыңыз, Аяужан апай, — деді ол менің ойеліммен қоштасып, маған тіл қатпай.

— Өзің де сау бол, Еркетай...

Бала шығып кетті.

— Жайлы жатып, жақсы тұр... Қандай әдемі тілек! — деді Аяужан ақырын күрсініп.

Мен оны аяп кеттім, жанына бардым.

— Қамықпашы, жаным... Тағдыр жазса, көп кешікпей, төсегіңнен тұрарсың.

— Тағдыр жазса?.. Ал тағдыр жазбаса ше? Өмір бойы осылай төсекте жатқаным ба?

Мен не дерімді білмей, ашық тұрған терезені жабуды сылтау етіп, орнымнан түрегелдім. Аяужан сәл қабағын шытты.

— Отыра тұршы. Сөйлесейік...

Мен қайта отырдым. Оқыс сөздің аузымнан қалай шыққанын білмей қалдым.

— Не жайында?

«Абайламай сөйлеген ауырмай өледі» деген осы да. Алқымына жас келгендей, Аяужанның дауысы енді сәл булыға, дірілдей шықты.

— Сөйлесетін сөз аз ба? Көктем жайында... Махаббат жайында... Арабстанда болып жатқан уақиғаны да әңгіме етуге құштармын... Вьетнам жастарының ерлігін де сөз еткім келеді... Не болмаса... — Ол сөзін аяқтай алмай тоқтады.

Мен өзімнің аңғырт кеткенімді жасыра алмай ақырын күбірледім...

— Кешір... Мен сені ренжітейін деген жоқ едім...

Екеумізде де үн-түн жоқ. Әлден уақытта барып Аяужан:

— Ал шынымды айтсам... Мен сенімен бүгін махаббат жайында сөйлескім келіп еді, — деді сәл езу тартып күлімсіреген болып. Мен «Махаббат жайында ма?» деп, таңданғанымды жасыра алмай, аузымды аша бердім де, өзімді өзім әзер тоқтаттым.

Аяужан менің бұл халімді сезгендей, тағы езу тартты. Енді оның үнінен сәл мысқылдай күлген кекесін естілді.

— Менің махаббат жөнінде сөз қозғамақ болғанымды ерсі көрдің бе, неге күмілжидің? Олай көрме... Махаббат деген ұлы заң, оған кәрі де, жас та, ауру да, сау да бағынады. Ал маған махаббат жанымнан да қымбат...

— Маған да. Әсіресе, саған деген махаббатым үшін жанымды қиюға бармын.

Бұл сөзді шын жүрегімнен айтсам да, неге екенін білмеймін, дәл осы сәтте өз құлағыма да бір түрлі жат естілді. Аяужан бұл жағдайымды тағы да сезді білем, қабағын сәл шытты.

— Ондай қымбатты сөзді орынсыз айтып не қыласың.

— Жаным, бұл менің адал сырым. Аяужан менің қолымды қысты.

— Оған мен сенемін, — деді жылы үнмен дірілдей сөйлей, — әйтпесе сенің үйіңе өзімді әкелдірмеген болар едім... Бірақ...

— Не бірақ?

— Дүниеде қуаныштан артық не бар?

— Қайғының да бітетін кезі болар.

— Сен соған сенесің бе? — Аяужанның көзінде тағы да бір ерекше сәуле пайда болды! — Сол қайғының аяқталуына дейін шыдауға күшің жете ме?

— Жетеді.

— Қайғы ұзаққа созылса да ма?

— Ұзаққа созылса да.

— Ал ол қайғы менен өмір-бақи айрылмайтын болса ше?

— Онда да.

Аяужан ұзақ уақыт үндемей жатты.

— Рақмет, — деді ол біраздан кейін. — Өзім де сенің сондай үлкен жүректі жан екеніңе сенетін едім. Бірақ мезгілі жеткенде, дүлей күшті жанартау да сөнеді. Ет, сүйектен жаралған адам одан күшті емес, оның жүрегіндегі жалынның да бәсеңдейтін, бітуге айналатын кезі болады... Мен саған өкпелемеймін... Мені өзімнің бұрынғы жатақханама, жолдас серіктерімнің жанына апарып таста...

Мен шошып кеттім.

— Неге? — деп айқайлап жіберіппін.

— Сенің бақытсыз күйіңді көре тұра, мен қалай бақытты боламын? — деді ол сұрағыма тікелей жауап бермей, — жоқ, Жантас, сен бақытты болмай, мен де бақытты болмаймын.

— Мені бақытсыз деп кім айтты?

— Сүйген жарыңның түрі мынау болғанда, сені бақытты дегенге кім сенеді? Өзіңді-өзің алдаудың қажеті не? Сенің бақытсыз екеніңді мен күнде көріп жүрген жоқпын ба? Дертімнен бір қиналсам, сенің бақытсыздығыңнан екі қиналам... Шын бақытсыз мен емеспін бе? Бір ғана сені күні бой күтуімнің өзі, менің қандай бақытсыз екенімді аңғартпай ма...

Аяужан менің көңілімді қалдырар ештеңе айтқан жоқ. Өкпелі екенін де, оны үнемі жалғыз тастап кетуімнің қасіретті екенін де бетіме салық етпеді. Бірақ әр үнінен мен өзімнің осы уақытқа дейін құр көркемөнерді қуып, жаралы жарыма жүрегімнің жылылығын тегіс бере алмаған күнәмді сездім. Мүмкін, Аяужанға менің «Жолбарыс талаған сұлуымнан», күні-түні жан-тәнімді салып ізденуімнен, жанында бір сағат отырғаным қымбат шығар? Маңдайынан сипап, бір мезет сырласқаным артық болар? Әрине солай. Менің данышпан болғанымнан, ғажайып мүсін салғанымнан Аяужанға не пайда, егер оған дер кезінде жүрегімнің жылылығын бере алмасам? Алтынай, Кәріпжан, Асылхандардың менің орнымды баса алмайтынын қалай ойланбағанмын? Менің бағамның өзгеше екенін неге есіме алмағанмын? Енді, міне, өз айыбымды өзім мойныма алып, өкіне бастадым. Не істеп жүргенімді осы уақытқа дейін Аяужанға неге айтпағаныма жаман қиналдым. Мен оған не істеп жүргенімді тегіс айттым. Ол менің ақтарыла төккен сырымнан адал екенімді, үлкен ізденуде жүргенімді енді ғана білді. Бағанағыдай емес, қабағы жайдарылана ашылып, жаны жай тапқан тәрізді. Тек бар әңгімем біткен кезде ғана, ауыр күрсінді де, маған қинала қарады.

— Мен бәрін де түсіндім, — деді Аяужан сәл күмілжіп, — өзім де сені жамандыққа қимайтын едім, ойлаған жерімнен шықтың. Саған сенемін, сен мені өмірде жылатпайсың, қор етпейсің... Сол үшін сені бұрынғыдан да жақсы көремін... Ал сол жақсы көргенім үшін... Қолымнан бөтен келері жоқ... тек... Өз махаббатымды өзім құрбан етпекпін... Жантас, сен мені кеш, қате түсінбе. Маған қанша қиын болса, саған сондай қиын тиер, бірақ амал жоқ, екеуміз айырылуымыз керек. Ол сенің келешегің үшін керек. Сен көркемөнердің, қиялдың, дарынның адамысың. Ал сенің өнерің қайғыдан қанаттана алмайды. Мен сенің дарынынды суалтқым келмейді. Күнәсіз қосылып едік, күнәсіз айырылысайық... Сенің бақытты болғаныңды көрсем, менде де арман болмайды. Ертең мені қыздар жатақханасына апарып сал...

Аяужан мұндай шешімге неге келді? — Мен әлі түсінгем жоқ, айтқан өтініші менің жаныма соншалық ауыр тиді, тіпті тілім күрмеліп, ақылымнан адасуға таяу секілдімін. Тек осы минутте ғана мен оны қаншалық жақсы көретінімді ұқтым. Одан айырылсам, маған қалған өмірдің еш құны болмайтынына шек келтірмедім. Басымнан аздаған бозбалашылық күндер өткенмен де, менің бар тілегім, бар арманым Аяужан екеніне көзім анық жетті. Өйткені дәл осы мезетте маған деген дүние, тіршілік, қуаныш, қайғы — тек Аяужанда ғана еді. Өйткені мен оған шын ғашық едім. Ал шын ғашықтық екінің бірінің қолынан келетін қасиет емес. Ол қасиетті бағалай білу керек.

Біз ұзақ уақыт үндемей қалдық. Әркім өз ойына беріліп кеткен. Әлден уақытта екеуміздің үн-түнсіз отырған осы бір ауыр тыныштығымызды кенет шаттана салған ән әуені бұзып кетті.

Өлең айтып тұрған — көршіміз Зүлфия жеңгей. Ол күнде осы уақытта бір тамаша ән айтады. Дауысы да әдемі, қоңыр жай алыт. Шүйіркелесе сөйлесе бастап, тынып калған, қайғылы ерлі-зайыпты жандардың айтылмаған сыр-арманын айтқызбайын дегендей, Зүлфия бүгін күндегісін гөрі, әнді нақышына келтіре, дауысын сәндене құбылтады. Амалсыз тыңдауға мәжбүр етеді. Мен де құлағымды салдым. Зүлфия әнді қайта серпіді:

Көңіл құс боп ұшады да,
Жүрек тулай береді.
Шаттық сыймай құшағыма,
Сақ-сақ күлкім келеді.

Қозғап ойды жан сезімі,
Неге сонша болдым шат?
Білсе құрбым, айтсын өзі,
Осы ма екен махаббат?!
А – а ...болдым шат.
А – а... махаббат!

Зүлфия үнінде біреуді табалағандай, махаббат деген қуаныш бар, ол сендер үшін емес, мен секілді қайғысыздар үшін жаралған дегендей, бір шаншу-тиісу бар. «Бәлем, сендерге сол керек!» деп, біздің қасіретімізді елегісі келмей, әнін тіпті шабыттана, шаттана серпи түседі. Ол енді дауысын көтере шырқады.

Соққан самал тынық кеште,
Тербетеді су бетін.
Түсіреді кенет еске
Қиял достың келбетін.

Тағы да ырғала толқыған «А-а... көңіл шат!», тағы да сол қайырма «А-а... махаббат!»

Жайшылықта көңілдің көкжиегін кеңітетін «махаббат» деген сөз бұ жолы менің жүрегіме шаншудай қадалуда... Бұл жағдай менің қайғылы, ал Зүлфияның шаттықта болғандығынан ба? Әлде шат адамның қуанышы, қайғылы жанға ауыр тиетіндігінен бе?

Мүмкін солай шығар. Бөтеннің қуанышын көре алмайтын сонда мен кім болғанмын? Жаман адам болғаным ба?

Ал сонда бөтеннің қайғысын көре алмай, соншама лепіре ән шырқаған Зүлфия кім болғаны? Онда маған, мына қылығына қарағанда, тақа жетіскен жан секілді емес. Зүлфия енді тіпті өршелене түсті.

Шық жамылып жасын төккен,
Көрдім сұлу таң гүлін.
Шықпас сұлу көкіректен
Бірге өткізген сол түнім!

Мен бір ретте терезеден басымды шығарып: «Ау, өшірсеңізші үніңізді!» дегім де келді. Бірақ өзімді-өзім әзер ұстап қалдым. Біреу шаттана ән салды екен деп, ашулануға бола ма? Әрине болмайды. Бірақ «Көңіл шат! Махаббат!» деген сөздер әлсін-әлсін қайталанып, біреу сені дәл төбеңнен тоқпақтап жатқандай, мазамды әкетіп барады. Не дерімді білмей Аяужанға қарап едім, ол жастықпен құлағын басып алып, үн-түнсіз жатыр екен. Екі көзі менде. «Махаббаттың қандай

қуанышты күш екенін естіп тұрсың ба, бұдан кейін не айтасың?» дегендей... Мен Аяужанның үнсіз сұрағына жауап бергенімше болған жоқ, кенет жастығын ызалана жұлып алды да, маған қарап қатты дауыспен:

— Жоқ, мен мәңгі шерменде болып қалуға тиіс емеспін! Қайтсем де жүремін! Жүремін! Жүремін! — деді өршелене, — бүгіннен бастап ауырғанына қарамаймын, Шерубай ағаның айтқан қимылынып бәрін де істеймін!

Алтынай шақырып әкелгелі, Шерубай біздікі не жиі келетін, Аяужанға берген ақылының ең бастысы — біртіндеп дене қимылын — гимнастика істеу болатын, бірақ Аяужан оның айтқан ақылын орындай алмайтын. Қимылдайын десе, гипстен кейін шор болып қалған дене көнбейтін, сәл қозғалса болды, буын-сүйектері опырылып бара жатқандай ауыратын, қолынан келер дәрмені жоқ бишара, амалсыздан, қозғалмай жата беретін.

Шерубай, ауырғанына қарамай, дене қимылын істеу керек екенін ұдайы айтатын. Аяужанның аяншақтық көрсеткеніне ызаланатын. Мұндай кездерінде ол көне заман грек дәрігерлерінің көптеген ауруды дене қимылы арқылы жазғандарын мысалға келтіретін. Грек философтары, дәрігер-оқымыстылары өзі бір ерлік емес пе? Мен Аяужанның қолынан мұндай ерліктің келетініне сенетін едім. Сондықтан оның шын жүректен айтқан сөзіне қуанып қалдым.

Аяужан менің де қуанғанымды сезді білем, кенет үстіндегі көрпесін сыпырып тастап, алғашқы дене қимылын істеуге ыңғайланды: ол сәл қозғалып, сол аяғын көтере түсті. Бірақ сол минутте-ақ, құлындағы дауысы шығып, қоя қойды. Сәл қимылдың жанына қаншалық батқанын, мен оның шырыл қаққан дауысынан бірден сездім, жүгіріп, жанына бардым.

— Жаным, асықпа, әлі саған қозғалуға...

Аяужан тістеніп алған екен, үнін әзер-әзер шығарды.

— Бәрібір бүгіннен бастап мен дене қимылын істеймін! Ауырса да істеймін! Істеуге міндеттімін!

Үлбіреген, нәзік жанды Аяужанның, жаңағы қимыл жанына батқанына қарамастан, қайсарлана айтқан уәдесі мені қатты қуантты. Көзіне көзім түсіп кетіп еді, бұрын ұяла қарайтын ойлы, үлкен көздері бір түрлі ұшқынданып тұр екен. Мен оның бұл түрін көргенде, Аяужанның, жанына қанша батса да, Шерубай айтқан дене қимылдарын істейтініне әбден сендім. Бірақ одан Аяужан жазылып кете ала ма, бұрынғыдай аяғын сәндене басып, қатарға кіре ала ма, күні бұрын сене қоймадым. Серігіңнің үмітіне сенбеу — жаман қасиет, бірақ амалым не, көңілің күпті болса, оны қалай оп-оңай жоя аларсың... Мен Аяужанның басын қайтадан жастыққа салып, жаңағы қимыл кезінде маңдайынан шып-шып шыққан ұсақ терін орамалмен жайлап сүрттім.

— Асықпа, жаным, асықпа. Дене қимылын істейтін кезің де келер, күні бұрын өзінді-өзің қинама...

Ол маған жыламсырай қарады.

— Азырақ су берші...

Стол үстінде тұрған графиннен стаканға құйып, су әкеп бердім.

— Дәрі ішесің бе? Аяужан басын изеді.

Дәрі әкеп беріп, үстіндегі көрпесін дұрыстадым. Маңдайына түсіп тұрған екі-үш тал шашын кейін сырғытып, басындағы жастығын қайтадан жөндеп салдым.

Дәл осы кезде радиодан үнемі әдеби хабар беретін еді, сол есіме түсіп кетіп, Аяужан тындасын деп, радиоқабылдағыштың тетігін бұрадым. Репродуктордан әйелді дауысы: «Енді Александр Сергеевич Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан артист Қанафияның оқуы бойынша үзінді тыңдаңыздар» деді. Сөйткенше болған жоқ, қырылдай шыққан жуан еркек дауысы естілді. Біз тыңдай қалдық. Пушкин романының алғашқы тарауын айта келді де, әлгі дауыс сәл кідірді. Осы бір жерін артист Қанафия, өлең шумағын нақыштай, тақпақтады:

...Тірі өлікті қадағалап,
Тынбай жөндеп жастығын.
Қасіреттен іштен тынып,
Беріп оған дәрі-дәрмек.
Жүру ойлап қандай азап
Құдай қашан алады деп.

Аяужан мырс етіп күліп жіберді. Мен радионың үнін өшіре қойдым. Ол маған, Александр Сергеевич «Ауру адамды бағу қандай қиын екенін қалай тапқан, сен мұны түсінбейсің бе?» дегендей, мысқылдай қарады. Мен үнсіз сұрағына жауап беріп, басымды шайқадым.

— Жоқ, Пушкиннің бұл сөздері маған жатпайды. Сен қандай ерекше жан болсаң, мен де сондай ерекше жанмын... Біздің арамыздағы махаббат та — ерекше жаралған махаббат. Мен ол үшін құрбан болуға бармын... Сені, дүниеден мәңгі бақи тұла кетсем де, жалғыз тастамаймын. Сен, менің мұныма! — дедім, бойымды билеп кеткен ыстық сезімді баса алмай. Бұл менің шын сырым еді. Осы айтқандарым шын сырым екеніне дәл осы минутте анық сенген едім... Аяужан көзінен мөлтілдей шыққан жасын сүртті. Менің сөзіме әбден нанғанын білдіргісі келіп, маған, жылап жатып, күлімсірей қарады. Дүниеде уәде беруден оңай не бар? Мен осы уәдемде тұра аламын ба? Бар гәп осында секілді. Әлде қайғы деген қаратас түскен жеріне ауыр, бір күні болмаса бір күні менің жас жанымды ойып түсе ме? «Жоқ, жоқ, ол мүмкін емес. Аяужанға берген уәдем — уәде! Егер мұндай азапқа шыдай алмасаң, махаббаттың қандай құны бар? Махаббат пен адамгершілік егіз жаратылған перзент. Кіндігі бір. Оны бөлу зор күнә. Кешірілмес күнә!» Өзге уақытта қандай ойда болатынымды қайдан білейін, ал дәл осы сәтте өз уәдеме өзім сендім. Енді мен қайтадан Аяужанға бұрылғанымда, ол басын сәл көтеріп терезеге қарады да, кенет қуана дауыстап жіберді.

— Жантас, қарашы, анау жұлдыздар біздің құрылыстың үстінде жанып тұрған жоқ па?!

Аяужан көрсеткен жаққа мен де қарадым. Расында, жастар құрылыс бөлімінің үстінде үш қызыл жұлдыз жанып тұр екен. Бұл Аяужан достарының күнделік жоспарын жүз елу пайыз орындады деген белгі еді.

— Жарайсың, серіктерім! — деді Аяужан толқи сөйлеп, — қандай тамаша достар едіңдер!...

Аяужанға мен тағы таңдана қарадым. Өзі жарымжан, орнынан қозғала алмай жатқан түрі мынау. Ал сөйте тұра, құрылыста үш жұлдыз жанды деп,

нағыз бір аяғынан тұрып кеткендей қуанады... Бұл не? Жаңа адам сезімі осында ма? Онда, менде бұл сезім неге жоқ? Әлде мен жаңа адам емеспін бе? Не болмаса, Аяужандар мен түсінбейтін басқа адамдар ма? Иә, солай секілді.

Дегенмен Аяужанның бұл қылығында маған үлгі боларлық бір қасиет бар. Ол қасиет — жаңа дүние адамының өз басының бақытынан, қуанышынан халқының бақытын, қуанышын жоғары қою!.. Сондықтан да ол сонау жағылған үш жұлдызға мәз.

Мен ше? Жоқ, мен әлі Аяужандар қатарындағы адам емеспін. Оны бүгін, тіпті қазір жақсы түсіндім.

Маған Аяужандай болу үшін әлі коп мезгіл, көп ой, көп еңбек керек. Менің ойымды Аяужан бөліп жіберді.

— Шіркін-ай, кранымның басына тағы бір көтерілсем!

— Аяужан, бар арманың сол ғана ма?

— Одан артық арман бар ма?

Мен әзілге айналдыра сөйледім.

— Ең үлкен арман екеуміздің бақытты болуымыз емес пе? — Кенет мені бір үлкен сезім билеп кетті, ақындарша легіре түйдім ойымды.

— Меніңше, бұл жалғанның ең қымбаттысы, — екеуміздің махаббатымыз. Оның гүл-бақшасына екеуміздің қайтадан серуендеуіміз. Қайтадан қос қанатымызды қатар қағып, рақат дүниесінің көк аспанына шарықтауымыз...

— Түу, өзің ақын екенсің ғой.

— Бәріміз де аздаған ақын емеспіз бе?

— Жоқ, Жантас, мен биіктікті сүйемін, — деді Аяужан кенет қабағын шытып, әсіресе, адамгершілік биіктігін.

Мені Аяужан тағы таң қалдырды. Махаббат екі жастың бірін-бірі шын сүйі, олардың сондай қуаныш дүниесінде рақаттана өмір сүруінің өзі адамгершілік биіктігі емес пе? Әлде адамгершілік биіктігі сонау домна пешінің үстінде қалықтаған кран будкасында отыру ғана ма? Рас, бұл — биіктік. Бірақ қандай биіктік? Тек өндірістік, мамандық биіктік емес пе? Бұған Аяужан неге адамгершілік биіктігі деген мағына береді? Маған түсініксіз...

Мүмкін Аяужан ұғымында биіктік деген бөтен мағынада болар? Иә, солай секілді. Аяужан ол мағынаға құр махаббат, рақат деген ғана түсінік емес, одан да кең, одан да терең ой беретіндей. Олай болған күнде, адамгершілік биіктігі жайындағы менің ұғымым өз басымның әрекетінен ғана шығатын ұғым ба, қалай?

Мен бұл түні кірпік ілмей шықтым. Сан түрлі ойға кеттім. Ой деген де теңіздің толқыны тәрізді бір ғажайып күш бірін-бірі қуып, бірін-бірі құртып, бірінен-бірі оқтай өтіп жатқан алып, асау толқындар. Алуан сезімдер. Мен де сол бір көкке ата долданған, біресе баяу толықсып, тынышталған толқынды сезім дүниесіне еніп кеттім.

Сол түні менің тағы бір ашқаным: менің Аяужаным — ерекше қыз. Мен мұны бұрын да білетінмін. Бірақ осы түні айрықша сезіндім. Ол өзінің сезім дүниесінен, ләззат, сұлулық деген түсініктерден жоғары жан. Оған енді мен бұрынғымнан да ынтыға түстім. Менің бұл ғашықтығым — жастық жүректен туған ләззат ғашықтығы емес еді. Одан жоғары, одан басқа сезім. Адамды адам тәңір тұтатын

ең биік сезім.

14

Арада бірталай уақыт өтті. Ағаш жапырағын сары алтындай сарғайтып күз де жетті. Жаздың сирек қара бұлты енді ұйысқан сұрғылт мақтадай қоюлана бастады. Мыстаудың күзі жайма-шуақ жылы келеді. Сөйтсе де, анда-санда суық жел тұрып, сіркіреп жаңбыр жауып, жан-жануардан маза кетуге айналды.

Мен де бәлендей маза жоқ. «Жолбарыс талаған сұлу» композициясын бітіруге таяп қалдым. Кеше Үмітпен ақырғы рет кездестім. Оған рақметімді айта-айта, әзер айрылдым. Жаны жақсы адамды оңай қия алмайсың ғой, біраз күннен бері бірге болып, мен оған үйреніп қалыппын, әзер қидым. Үміт те мен секілді сезінген болуы керек, маған жаутаңдай қарай береді. Тек ақырғы минутте ғана қолын беріп: «Бір қалада тұрамыз ғой, әлі кездесерміз. Келіншегің жазылған соң, менімен таныстыр. Жалаңаш бейнемді көріп, сыртымнан бұл неткен ұятсыз адам еді деп жүрмесін», — деп езу тартып, күлімсіреді.

«Жолбарыс талаған сұлу» мүсіні ойлағанымдай шебер шығатын түрі бар. «Әркім теке қояды өз лағын» дегендей, мүмкін өзімнің жасаған еңбегім болған соң, солай көрінетін де болар, сәл мақтанып қояйын, жалпы алғанда жаман шықпайтыны өзіме аян. Жаман шыққан күнде де, автор өз еңбегін өзі қалай жаман шықты дей алады? Қолыңнан істеген жұмысың, о да іштен шыққан шұбар жылан, келіспей жатса да, көңіліңе жылы, ойыңа жақын. Автордың өз жұмысына өзі бұлай қарауы оның жаманды жақсы деуінен тумады. Көбінесе автордың жете алған жері осы болғандықтан, өз тұрғысынан, өз түсінігінен аса алмайды. Мүмкін менің де жеткен жерім осы болар, әйтеуір мүсін өзіме ұнайды. Бірақ одан мен төбем көкке жеткендей қуана қоймадым. Оған себеп: кейінгі кезде мені қайғы баса бастаған. Сондықтан болуы керек, Үміттен айырылуым да, композицияның бітуге айналғаны да бәлендей әсер бермеді.

Пикассо қалай болса, солай тартылған бір-екі сызықпен әйел денесінің бейнесін таң қаларлық етіп бере алады. Ал мүсінші Антокольский мызғымас қара тасқа, не суық болатқа адамның ішкі сезімін, ішкі дүниесін, оны тебірткен, не қобалжытқан ой толқынын түсіре білген. Оның «Қаһарлы Иван», «Бірінші Петр», «Спиноза» «Жан тапсырып бара жатқан Сократы» осы шеберлікті көрсетпей ме?

«Жолбарыс талаған сұлуды» ойғанда, менің де арманым мүсіндегі кейіпкерімнің сырын, бейнесін дұрыс берумен қатар, олардың жан сезімін, ішкі дүниесін көрсету еді. Осы арманымнан шықтым ба, жоқ па, маған әлі белгісіз. Менің жолбарысымда қаһармен бірге жауыздық, зұлымдық бар. Ал таланып жатқан сұлуымның бүкіл қимылында, түр-келбетінде әлсіздік, дәрменсіздікпен қатар қайғы, өкініш, орындалмай қалған арман сазы білінеді. Бұл — менің түсінігімше, өзге жұрт не деп бағалайды? Ал әзірше, өз басым, кейіпкерімнің ішкі сезімдерін бере алғандықтан, композиция дұрыс шешілген деп таптым. Бұ да менің жаралы жанымға медеу...

Алтынайлар да құрылысын бітіруге айналды. Бірақ жұмыстан қолдары

босамайды. Сондықтан Аяужанның жанында, көбінесе, өзім қалуға тура келеді. Сүйген адамың ауру болса, оны бағудың қандай қиын екенін енді түсіндім. Бірдемен ұнамай қалды ма деп, ол қабағын шытса, жерге кірш кеткендей боласың. Аурудың аты ауру ғой, сәл нәрседен көңілі қалуы мүмкін.

Дүниеде сан мінезді адам кездеседі ғой. Бірақ қайсысының жақсы, қайсысының жаман екені бірден білу қиын, Көршім Зүлфияны да көп уақытқа дейін түсіне алмадым. Кіріп-шығып жүріп, коридорда, не есік алдында кездесе қалсақ, үлкен көздерін төңкере, сызыла амандасады, ал кеш болса, сан түрлі әуенді әдемі әндерді тербете шырқайды. Бұл қылықтарымен не айтпақ? Ұғу қиын.

Әйткенмен, жұмбақ сыры ұзаққа бармады. Бір күні, кешке таман, есік алдында кездесіп қалдық. Жұмыстан кеш қайтып едім, анандайдан үй алдында көлбеңдеп жүрген Зүлфияны көрдім. Таяй бергенімде-ақ, ол мені көрмеген адамдай, аяғын бұрала басып, алдымнан өте берді де, жоқ жерден кездескендей, жалт бұрылды.

— Ә, қайнымсың ба, өзің де амансың ба, бір үйде тұрсақ та, сирек көрісеміз ғой, — деп ол әзілдей күлді. — Не ғып кеш қайттың?

Шамасы менің қай уақытта қайтатынымды білетін тәрізді.

— Жұмыс көп болып...

— Ә, бойдақ жігіттердің жұмысы көп болатын әдеті ғой, — ол қалжыңдаса күлді, — қыз-келіншекпен кездесуден де қолдарың тимейтін болар.

— Бойдағыңыз қалай, менің әйелім бар емес пе?

— Ана төсекте жатқаныңды айтасың ба, ол сенің қайда жүргеніңді қайдан біледі? — Әйелдің сөзі жиіркендіріп жіберді, менің қабағымның жабылып кеткенін аңғарды ма, ол кенет сөзін басқа жаққа бұра қойды. — Ойнап айтам, көңіліңе ауыр алма... Сүйген жарға не жетсін... «Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу» дейді ғой, ақсақ болса да, сүйгенің болсын. — Сөйтті де ол маған енді сынағандай пішінмен көз тастады, — қайным, жұбайың жүре алмайтын болған соң, өзіңді жеке шақыра алмай жүр едім, бүгін біздің үйден дәм татып кет.

— Қонаққа шақыруға сіз міндетті емессіз ғой...

— Көрші-қолаңға сый-құрмет көрсете білетін біз де көргенді ауылдың қызы болғанбыз... Сыйласу еліміздің дәстүрі. Оның үстіне, бүгін Еркежанымның жетіге толған күні... Үйіңе барып, жұбайыңның шай-пайын бергеннен кейін біздікіне кел. — Зүлфияның маған ойнақши қарап, көптен бері біте қайнасқан адамдай, өзімсіне, «сен» деп сөйлегені ұнап тұрған жоқ. Бірақ дүниеде баладан қымбатты не бар, жалғыз ұлы Еркежаны жетіге жетіп тұрса, қалай бармаймын дей аламын? Амалсыздан «жақсы» дедім.

— Үйде бейсауыт біреу-міреу болады екен деп қорықпаңыз, — деді ол, менің «жақсы» деген сөзді сұлық айтқанымды аңғарып, — көп кешікпе... күтіп қалып жүрмейін...

— Жарайды...

Үйге келіп, Аяужанның дәрі-дәрмегін, кешкі шайын бердім де, рұқсат сұрадым.

— Әрине, барғаның жөн, — деді Аяужан сөзімді мақұлдай, — бірақ, не апарасың?

Еркежанның жетіге толған қуанышы екені енді есіме түсіп, мен де абыржыдым.

— Бәсе, не апарамын?

— Ана жерде... Бағана Шерубайдың әкелген бір торты мен шокалады тұр. Соны ала бар...

— Шерубай келіп пе еді?

Дәрігер күнде келеді, бірақ үнемі мен жоқта келеді. Мен оны жақсы білемін. Бірақ неге үйтетінін түсінбеймін. Сырын біраз күн өткеннен кейін білдім. Дәл бұл сағатта бәлендей ойға жорығам жоқ. Тек уақыты солай болған шығар дедім де қойдым.

Менің сұрағыма жауап беріп, Аяужан күлімсіреді.

— Иә, бағана түс кезінде. Алтынай да келіп кетті.

Аяужан маған бұрын да бір-екі рет, Шерубай мен Алтынайдың кездесіп қалғаны жайында көмескі бірдеңелерді айтқаны есіме түсті. Бұрын оның сөзіне мән бермейтінмін, ал бұл жолы...

— Алтынай да дейсің бе?

Аяужан тағы күлімсіреді. Жүзінде тек өзіне ғана аян бір сырды білетін тәрізді белгі бар.

— Иә, Алтынай да.

Бала емеспін ғой, өзгені аңғармағанмен, еркек пен әйелдің арасындағы қулық-сұмдықтың қандай болатынын түсінем. Сол жаман ойға балап, оспақтай сұрадым.

— Сонда... Асылхан қайтеді?

— Асылхан дейсің бе?.. Ол жай нәрсе ғой. Алтынайдың онда көңілі болса, осы күнге дейін бір белгі бермес пе еді? Ал Шерубай жайында басқаша секілді.

Шөлмек күнде сынбайды, бір-ақ рет сынады дегендей, қыз жүрегі де бір-ақ рет берілмей ме...

Алтынайдың қылығы мені таң қалдырған жоқ. Әбден піскен алмадай дер кезіне жетіп тұрған қыз, біреуді ұнатқан болса, несі бар, бұл табиғи іс қой. Ал Шерубайдікі не?.. Кеше ғана, Ұлбосыннан айырылғанда, енді бұл дүниеден мүлдем күдер үзгендей еді. Ал бүгін...Тірі тірлігін істейді деген осы ма? Ұлбосын өлді деп, Шерубайдың өлмегені ғой. Әрине өлмегені.

Ұлбосын есіме түскенде, мен Шерубай жөніндегі сөзді тыя қойдым. «Бас жағына барыспалық» деп бір таздың айтқанындай, Ұлбосын жағына барғым келмеді. Тек бұл сөзден менің ұққаным — Шерубай секілді адам өзінің қайғысын ұмыта бастаса, ол өмір қызығының күштілігі.

Мен Еркежанға арналған сыйлығымды алып, Зүлфияның үйіне келгенімде, сағат он болып қалған еді. Зүлфияның кішірек келген екі бөлмесі сән-салтанатты жиһазға сыймайды екен. Есік алдына да ал қызыл түкті кілем жайып тастаған. Қабырғаларында да кілем, сервантта алтын жалатқан ыдыс-аяқ, хрусталь бокал, рюмкалар, бір бөлмеде екі айна...

Артынан барып аңғардым, үй іші мүлікке толғандығы болмаса, қоюында да, жинауында да әдемілік, эстетикалық сәнділік жоқ екен. Құр мешандық қана құмарлықты аңғардым.

Мен үйге кіріп келген сәтте, Зүлфия маған қуана қарсы жүрді. Арақ-шарапқа,

түрлі тәтті, ащы тағамға толған үстелді көрсетіп:

— Жоғары шығыңыз, қадірлі қонағым, — деді.

Дауысы да қоңыраудай сыңғырлайды, электр шамы түсін аша түскен бе, өзі тіпті әдеміленіп кеткен. Кеудесі ашық, тар жібек халаттың белін қынай буып алған. Денесінің ерекше көзге түсер ой-шұқыры, енді тіпті анықтала қалған... Жан-жағыма қарап едім, былқ-сылқ басып, жаныма келген Зүлфиядан басқа ешкім көзіме ілінбеді.

— Өзге қонақтарыңыз қайда?

Зүлфия сылқ-сылқ күлді.

— Сен кеш келетін болған соң, өзге қонақтарымды күндіз шақырып жібергем...

— Мереке иесінің өзі қайда?

— Еркетайды айтасың ба? Сіңілім үйне кетті.

«Сіңіліңіз бар ма еді?» деп сұрағам жоқ. Жападан-жалғыз адамға дастарқан дайындап, сылаңдаған жесір әйелдің үйінде отырғым келмесе де, бір кіріп қалғаннан кейін, амал жоқ, азын-аулақ бөгелуге тура келді. Еркежанға алып келген торт, шоколадымды Зүлфияға беріп, жоғары шықтым.

Көп кешікпей, сырлы үстелдің жанынан орын алып, Еркежанның ұзақ жасауы үшін, рюмкаға толтыра құйылған коньякті іштім. Екінші рюмканы «Еркежанды тапқан анасының құрметі үшін» көтеруге мәжбүр болдым. Арақ айтқан емес пе, «бір рюмкамен жолымды көрсетіп берсе», әрі қарай өзім де жүре берем» деп, жалғыз баласының туған күнін мерекелеп отырған ақжарқын, қылаңдаған жесір әйелмен ананы-мынаны күле сөйлесе отырып, үш-төрт рюмка ішіп қойғанымды өзім де білмей қалдым. Байқаймын, коньякті көптен бері ішпегендіктен, қызып қалғандаймын. Ал қызып алсам, дүние маған бір жұмаққа айналады, адам біткеннің бәрі періште секілденіп көріне бастайды. Сірә, бұл менің жалпы ақ көңілдік мінезімнен ғой деймін. Мұндайда маған дүние де жақсы, өмір де жақсы болып кетеді. Сол жақсы дүниеге мен де жақсы болып көрінсем деген тілек өзінен-өзі туады. Кімнің болса да, көңілін жыққым келмейді, жауым болса да, тату-тәтті айырылуға тырысам...

Ал қазір осы жағдайыма әлі жетпеген тәріздімін. Оған екі себеп бар. Бірі осы әйел маған қанша сылаңдағанмен, ұнап отырған жоқ. Кей жігіт жылқы мінездес болады, лайлы өзеннен су ішпейді. Соның бірі менмін. Екіншісі... көрші бөлмеде жатқан Аяужан... Араққа қанша қыза бастасам да, ол есімнен шығар емес.

Менің мұндай жағдайымды байқап қалған Зүлфия, енді мені өзіне тарта, қызықтыра күледі. Көп кешікпей, ол өзінің дүкенде істейтінін, жесір болса да, ешкімнен кем тұрмайтынын да айтып үлгірді.

Зүлфия кенет рюмкасын тағы жоғары көтеріп:

— Дүниеге келген соң, оның қызығын көріп өту керек, — деді, ішкен коньяғынан екі көзі бірдей тұмандана жасаурап маған тесіле қарады. — Ал сенің сүріп жүрген өмірің...

Кенет бойымды бір суық леп шарпып кеткендей болды.

— Иә, менің сүріп жүрген өмірім?..

— Өмір емес, бишаралық...

— Неге?

— Жас жігітке лайық емес. Жас адам ойнап-күлер болар.
— Сүйген жарың анандай халде жатқанда, қалай ойнап-күле аласың?..
— Жатқан жар жата бермей ме?..
— Обал емес пе? Шын махаббат ондай болмайды.
— Қандай болады?
— Бір-біріне деген уәдесіне берік болады.
— Ал өмір қызығы бар емес пе, ол үшін не істеу керек?
— Махаббатты адал сақтау керек. — Зүлфия сылқ-сылқ күлді.
— Онда сен өмір бойы жаралы жарыңның жанында екі дізеңді құшақтайсың да отырасың ғой. Жоқ, қайным, ол өмір емес. Өмір өзінің қуанышында, қызығында... Ол үшін егер шын махаббат қолыңнан келмесе, жалған махаббатқа ұмтыл... Қазақ: «Ойнасаң, өзің теңдес жаспен ойна, о-дағы сүйген жардан кем болмайды», деп бекер айтқан ба?

Қарсы алдымда барын киіп малынып, кеудесін аша қағынып, сылаң қағып отырған әйел маған кенет иреңдеген жыланға ұқсап кетті, сірә, мен оған ашулана қараған болуым керек,

Зүлфия заматта өзгере қалды. Ол енді мүләйімси күлді.

— Қайным, ренжіме, сынайын деп айтып едім, ар-ұятың мол жігіт екенсің, сүйген жарыңды сүйе бер. Тек екеуің бақытты бол.

«Жылы-жылы сөйлесе, жылан інінен шығады» дегендей, көңілім қайтадан орнына түсті. Енді тіпті қыза бастаған болуым керек, әлгідей емес, маған Зүлфия да жақсы адам секілді. Оның махаббатымды түсінгеніне риза болып қалдым.

Зүлфия енді менің денсаулығым үшін тағы бір рюмка коньяк ішті де, былқ-сылқ басып, анандай диванның үстіне барып, жантая отырды. Халатының шеті сәл сырылып, оқтаудай түзу аппақ балтыры қара санына дейін жарқ етіп, ашылып кетті. Көзіне көзім түсіп кетіп еді, нағыз бір төніп келген қыраннан рақым күткен қояндай, көз қарашықтары тұмандана жаутаң-жаутаң етті. Әккі болған әйелдің жаңағы менің сөзімнен сескеніп, айла-амалын өзгерткенін енді түсіндім. Дүниеде ұятсыз әйелден жек көрерім жоқ, осы сәтте маған Зүлфиядан жексұрын жан жоқ секілді болып кетті. Жүрегім айнып орнымнан тұра бердім. Менің оқыс қимылымнан шошып кетті ме, әлде бұл қимылымды, өзіне келе жатыр екен, деп түсінді ме, Зүлфия мүләйімси, қуана қарады да:

— Маған азырақ су берші, — деді.

Мен кілт тоқтай қалдым. «Азырақ су берші!..» Қиналған сағатында маған Аяужан үнемі осылай дейтін. Ол мұндай минутінде қинала, жалына айтатын. Ал мынау әйел... Біреу жағымнан тартып жібергендей болды. Өзімнің бағанадан бері қалай шыдап отырғанымнан ұялып, екі бетім дуылдай жанып, үйден ата жөнелдім.

Мен сол кештен бастап, Зүлфияны көрсем, өне-бойым дірілдеп, бойымды ашу қысатын әдетке ұшырадым. Зүлфия да маған сондай қаһар көрсетуге тырысты. Екеуіміз енді бір-бірімізге ит пен мысық секілді қарайтын болдық. Жақындасқымыз келмейді, анадайдан жиырылып, іштей ысылдаса, айырылысамыз. Зүлфияның маған істері, менің оған жұмсар қастығым жоқ, бірақ ол Аяужанға көп қиянат етті. Мен үйінен қашып шыққан күннен бастап, Зүлфия біздікіне Еркежанды жібермей қойды. Ал оның орнына, кешке таман,

өзінің әдеттегі әнін үдете түсті. Бұрынғы өнеріне енді шиқылдауды, сықылықтай, күле айтуды қосты. Зүлфияның бұл қылығы Аяужанға жаман бататынын мен, ол айтпай-ақ, сезіп жүрдім. Бірақ айдаладағы біреуге «сен ән салма», деп қалай бұйыра аларсың, амал жоқ, шыдай бердік.

Өзгенің қайғысын түсінбеген — жалғыз осы Зүлфия ғана болар бар әлемде. Мен оған сондықтан күнде ішімнен лағынет айтамын. Оның аңсаған «өмір қызығы» маған жат екеніне қуанам. Махаббатқа деген түсінігім, Зүлфия секілділердің түсінігінен өзгеше болғанына шаттанам.

Демек, жаман әдет те, жұқпалы ауру секілді ғой, оны қанша жек көрсем де, оның сөзінен де, қылығынан да, пәлсапасынан да жиіркенсем де, Зүлфияның «Өмірге келген соң, оның қызығын көріп өту керек», деген сөзі кейде есіме түсе беретін болды. Бұл сөзде, аққан өзендегі үйірім секілді, өзіме арналған қаупі бар екенін сезсем де, қазығына оралған жылқыдай, әлгі сөз мағынасын әлсін-әлсін ойлай бердім. Және ойлаған сайын, көңілімді қайғы торлап, бұрынғыдан жаман жүдей түстім. «Расымен, Аяужан екеуміз өмірден осылай қызық көрмей өтеміз бе? Әлде бізге да жарық күн шығар кезі бола ма?» Осы көкейтесті арман қанша қусам да кетпей-ақ қойды, екі иығымнан қорғасындай басып, ойымды оқтын-оқтын шырмай берді.

Осындай күйде жүріп, бүгін үйге күндегіден кешірек қайттым.

Ой шырмауынан еңсем түсіп, есікті ашып, үйге кіргенімде, әлдекімнің «Тағы! Тағы да!» деген әмірлі даусын естіп, басымды көтердім. Электр шамы жанған кез болатын! Үй іші толған жастар. Іштерінде Алтынай, Асылхан, Кәріпжан да бар. Анандай жерде Шерубай тұр. «Тағы, тағы да!» деп әмір беріп тұрған сол. Бәрлерінің жүзінде қуаныш, таңғажайып шаттық.

Кіріп келген мені көріп Алтынай:

— Сүйінші! Сүйінші, Жантас аға! — деді мені құшақтай алып.

— Не қылған сүйінші? Не үшін?

— Әне, әне, көрмейсің бе, Аяужан жүре бастады.

Мен Алтынай көрсеткен жаққа қарадым. Қуанғанымнан жүрегім жарылып кете жаздады. Қабырғаға сүйеніп, екі беті бордай аппақ болып, Аяужан тұр. Төсегінен бірінші тұруы қанша қиынға түскенін маңдайындағы тамшылай шыққан тері көрсетеді. Бірақ көзінде қуаныш, қаны қашып кеткен сұрғылт еріндерінде шаттықтың тамаша белгісі бар, маған қарап күлімсірегендей болды.

Мен шыдай алмай қасына жүгіріп бардым.

— Жаным, жұлдызым, басқан адымың құтты болсын, — дедім асыға сөйлеп.

— Былай тұр! — деді Шерубай ашулана, — көрмейсің бе, Аяужан әлі де жүруі керек.

Мен кейін шегіндім.

Кенет Аяужан ернін тістей, аяғын сәл көтеріп, ақырын жылжи бастады. Көп айдан бері қозғалмай қатып қалған дізесі оңай бүгілер емес, бірақ оған қарар Аяужан жоқ, аяғын қайсарлана көтеріп, бір қолымен қабырғаға сүйене жүріп келеді. «Бір! Екі! Бір! Екі!» деген Шерубайдың әмірлі үні естілді. Ауырғанына қарамай, екі бетінен қаны қашып, аппақ маңдайынан тер сорғалап, Аяужан аяғын қинала басады. «Тағы! Тағы да! Тағы! Тағы да!» дейді, аяуды білмей, Шерубай. Өзін-өзі аямай, Аяужан да жүре түседі. Әлдекім радиоқабылдағыштың

тетігін бұрады. Салтанатты әуен төгіле жөнелді. «Бір! Екі! Бір! Екі!» Тістеніп алған Аяужан тағы да аяғын қайсарлана көтерді. Үсті-басы малшынған тер, демін әзер-әзер алады. Әуен күшейе түседі. Осы асау әуен ырғағы қанат бергендей, Аяужан аяғын өршелене басады.

— Айналайын ерлігіңнен, бауырым! — деді шыдай алмай Алтынай.

Мен көзімнен тамып кеткен жасты ешкімнен ұялмай, қолымның сыртымен сұрттім.

Аяужан ақырын жүріп отырып, өзінің төсегінің аяқ жағына жеткенде, үйдегілер бір дауыстан:

— Ура! — деп айқайлап жіберді. Бұл айқайға мен де қосылдым. Жанына батқан зардаптан есінен тануға жақын тұрған Аяужанды бәріміз жас баладай көтеріп, төсегіне жатқыздық. Қуаныштан не айтарымды білмей, жан-жағыма қарай бердім. Аяужанның серіктері бүгінгі қуаныштың боларын күні бұрын білген секілді, өздері алып келген шампан бөтелкесінің тығынын көкке атқызып, аша бастады. Ақкөбікті сарғылт шарап, шегінен асқан қуаныш секілді, шыпылдай тасып, жерге де төгіліп жатыр. Үй іші толған шаттық, асқақтай шыққан дауыс, ақ жарқын күлкі-әзіл. Аяғы, белі қанша ауырса да, жұрт қуанышын бұзғысы келмей, күлімсіреген Аяужан... Не істерімді білмей мен тұрмын, қуанғанымнан тек күле беремін.

— Бүгін Аяужан күндегісінен төрт есе көп жүрді! — деді сағатына қарап Шерубай. — Егер күнде осылай жүре берсе, жарты жылдан кейін қран үстінде ор қояндай ойнайтын болады!

Сонда ғана мен Шерубайдың неге мен жоқта келіп жүргенін түсіндім. Аяужан менің көзімше алғашқы рет аяғын қозғап, шыдай алмай айқайлап жібергенінен кейін, өзінің қиналатынын маған көрсеткісі келмей, Шерубай екеуі дене қимылдарын үнемі оңашада істеп келген екен. Бүгінгі ерлік сол көп күннің қортындысы болып шықты. Сол сәтте өз емдеуінің мұншалық нәтиже беруіне жас баладай мәз болып тұрған Шерубайға көзім түсіп кетті де, өзімді-өзім ұстай алмай:

— Көп-көп рақмет сізге, Шерубай, — дедім екі қолын бірдей қысып.

— Сізге де Жантас, рақмет, — деді Алтынай Шерубай үшін жауап беріп. Шамасы, дәрігер үшін сөйлейтін халге жетіп қалған секілді, оны қолтықтай тұрып, күлім-күлім етеді, — күйеу болса, сіздей болсын, Аяужанның мұндай ерлік істеуіне, оның жазылуына сенің сенімің көп көмек болды.

Алтынай мен Шерубайдың қатарласа тұрғанын көріп, Асылхан бұрылып кетті, қызғанған пішінін өзгелерге көрсетпей, серіктеріне қосылып әлденені айтып, күлген болып жатыр.

Оның Алтынайға деген көңілі Аяужан екеуміздің арамыздағы қасіреттен көп жеңіл секілді. Осыны түсінгенімде, жүрегімді бір орасан қуаныш махаббатыма деген әсем сезім билеп кетті. Өзімнің осындай ауыр сынды махаббатқа ие болып, оның ауыртпалығын жеңіп шыққанымға қуандым. Дүниедегі ең бақытты адам екенімді ұқтым.

Үш айдан кейін Аяужан өз бетімен жүре бастады. Осындай өзін-өзі ерлікке баулыған адамнан жаның құрбан болмас па! Көктем шыға, оны Қара теңізге алып кеттім. Екі айдай жүріп қайттық. Ол әбден айықты, қайтадан қранға

жұмысқа шығатын күні де жетті. Бұл күн екеуімізге бірдей мейрам болды. Иін тіресе жиналған жұрт қақ жарып, Аяужан кранының жанына барды. Ол бірінші баспалдаққа аяғын салғанда, үрмелі оркестр ойнап, жұрт «Уралап!» қол шапалақтады.

Аяужан бірте-бірте жоғары көтеріле берді. Аяужанмен бірге өзім де жоғары көтеріліп бара жатқандай сезіндім. Дәл осы сәтте Аяужан аңсаған биіктіктің не екенін енді анық түсіндім. Осы екеуіміз көтерілген биіктіктен енді мәңгі төмен түспеске ант еттім. Антымды орындайтыныма әбден сенемін, өйткені біздер — адал, тілектес достар қоршаған жаңа заманның шын ғашық жандарымыз.

Осы ғашықтықтың құнын менен гөрі Аяужан тереңірек ұққан тәрізді. Сол үшін ол күресті, ақырында, бар қиындықты жеңіп шықты.

Ендігі бар арманым — осы Аяужан секілді бақытымнан мәңгі айырылмасам екен. Ол шыққан сонау еңбек биігіне, мен өзімнің өнеріммен, дарыныммен көтеріле алсам, тілектері орындалған дүниедегі шын ғашықтар біз болар едік.

Біздің алдымызда қалған арман тек осы ғана. Бұл арманға жететінімізге де мен қатты сенем, өйткені біз шын ғашықтар өтетін сыннан өттік. Ал өмірде ғашықтық сынынан қиын сын бар ма?